YESSENOV UNIVERSITY

ISSN 1684-9299
Подписной индекс 76061

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ SCIENCE JOURNAL

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

СПЕЦВЫПУСК

Yessenov Science Journal

№1 (39) 2021

Yessenov Science Journal

Ғылыми журнал 2002 жылдың маусым айынан бастап шығарылады. Жылына 2 рет шығады

Жекеменшік – «Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ

Редакция мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қ., 32 шағын аудан, Есенов университеті, бас ғимарат.

Тел./факс: +7(7292)788-788(259)

Сайт: : www.ysj.yu.edu.kz

Журнал Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде қайта тіркеуден өткен куәлік №17181-Ж 21.06.2018ж.

ISSN 1684-9299

Тираж 300 дана

Есенов университетінің редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты

Редакция кеңесі

Бас редактор: Ахметов Б.Б., т.ғ.к., академик

Бас редактордың орынбасары: Нурмаганбет Е.Т., доктор PhD

Жауапты хатшы: ДжанисеноваА.М.

Чоудхури Д., доктор PhD, Ұлыбритания

Боран-Кешишьян А.Л., т.ғ.к., доцент, Новороссийск қ., Ресей

Mohamed Othman, Dr. PhD, Department of Communication Technology and NetworkFaculty of Computer Science and Information Technology, Universiti Putra, Malaysia

Янковский Г., профессор, Познань қ., Польша

Кошимова Б.А., ф.ғ.к., профессор

Жумаев Ж.Ж., т.ғ.д., профессор

Саймағанбетова Г.А., э.ғ.к., доцент

Кулиманова М.Р., ф-м.ғ.к., доцент

Табылганов М.Т.., т.ғ.к., доцент

Yessenov Science Journal

Научный журнал издается с июня 2002 года. Периодичность 2 номера в год

Собственник –
НАО «Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова»

Адрес редакции:
Республика Казахстан, 130000, г. Актау, 32 мкрн., здание университета Есенова.

Тел./факс: +7(7292)788-788(259)

Сайт: : www.ysj.yu.edu.kz

Журнал перерегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан Свидетельсьво №17181-Ж 21.06.2018 г.

ISSN 1684-9299

Тираж 300 экз.

Отпечатано в редакционно-издательском отделе Университета Есенова

Редакционный совет:

Главный редактор: Ахметов Б.Б., к.т.н., Академик

Заместитель главного редактора: Нұрмаганбет Е.Т., доктор PhD

Ответственный секретарь: ДжанисеноваА.М.

Чоудхури Д., доктор PhD, Великобритания

Боран-Кешишьян А.Л., к.т.н., доцент, г. Новороссийск, Россия

Mohamed Othman, Dr. PhD, Department of Communication Technology and NetworkFaculty of Computer Science and Information Technology, Universiti Putra, Malaysia

Янковский Г., профессор, г.Познань, Польша

Кошимова Б.А., к.ф.н., профессор

Жумаев Ж.Ж., д.т.н, профессор

Саймағанбетова Г.А., к.э.н., доцент

Кулиманова М.Р., к.ф-м.н., доцент

Табылганов М.Т., к.т.н., доцент

Yessenov Science Journal

Scientific Journal published
Since June 2002.
Periodicity: 2 times a year

Proprietary-
NP JSC «Sh.Yessenov Caspian University
Of technologies and engineering »

Editiorial address: Republic of Kazakhstan,
130003, Republic of Kazakhstan,
Mangystau region
☎Aktau city, 32 microdistrict

Web-site: www.ysj.yu.edu.kz

Journal is re-registered in the Ministry of

Culture and Information

Republic of Kazakhstan

Certificate №17181-Ж dated 21.06.2018

ISSN 1684-9299

Circulation: 300 copies

Printed in Yessenov University

Chief Editor: Ahmetov B.B., (Cand.Sci (Eng.), academician)

Deputy Cheief Editor: Nurmaganbet E.T., Dr. PhD

Executive Secretary: Dzhanisenova A.M.

Chowdhury D., Dr. PhD, Great Britain

Boran- Keshishyan A.L., Cand.Sci (tech), Novorosiisk, Russia

Mohamed Othman, Dr. PhD, Department of communication technology and Network faculty of Computer Science and Information Technology, Putra University, Malaysia

Jankowski G., prof., Poznan, Poland

Koshimova B.A., (Cand.Sci. (Phil)),

Zhumaev Zh.Zh. (Dr. Sci. (Eng.) Pprofessor)

Saimaganbetova G.A., (Cand.Sci. (Econ.), associate professor),

Kulimanova M.R. (Cand.Sci. (Phys-Math), associate professor,)

Tabylganov M.T. (Cand.Sci (Eng.), associate professor)

Yessenov Science Journal
БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ХҒТАР 16.01.17

ЖЫРАУЛАР ПОЭТИКАСЫНДАҒЫ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИ ЛЕКСИКА ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ СИМВОЛЫ РЕТІНДЕ

Нұрдәулетова Б.И.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: nurdauletova@mail.ru

Аңдатпа. Біз, көп жағдайда, ұлттық мәдениет сөз болғанда материалдық, заттық байлықты рухани байлығымыздан бөлек алып қарастырамыз. Шын мәнісінде, ұлт тұтынатын заттық материалдар сол ұлттың рухани да қазынасын танытатынын бағалай бермейтін тәріздіміз.

Осы мақалада жыраулар поэтикасындағы зат, бұйым атаулары қазақтың ұлттық ерекшеліктерін сипаттайтын құндылық ретінде талданады.

Түйінді сөздер: Ұлттық құндылық, материалдық лексика, зат атаулары, ұлттық киім, идеалды болмыс, «шай» концептісі, жағымды контекст.

Бұған дейін әдеби мұралар тілінде кездесетін тарихи этнографизмдерге тілдің архетиптік болмысын танытатын тарихи тілдік деректер ретінде қарап, этимологиялық зерттеулер мен поэтикалық талдаулардың нысаны етіп келген біздер (жыраулық поэтиканы зерттеушілер) Ж.Манкееваның зерттеу еңбектерімен танысқаннан кейін материалдық лексикаға ұлттың рухани байлығын ғана емес, тарихи ақыл-ойының, ұлттың идеялды болмысының көрсеткіші ретінде де зер сала бастағандаймыз.

Біздің ойымызша, жыраулар поэтикасында кең қолданыста көрініс беретін материалдық мәдени лексика (Ж.Манкеева) жыраулық дүниетаным арқылы қалыптасқан ұлттық идеяны берудің тілдік тәсілі деуге болады. Ж.Манкеева: «...қолданылған материалдық мәдениетке қатысты атаулар жай аталмайды, олар сол заманда өмір сүрген осы тұлғалардың мәдени әрекеті нәтижесіндегі рухани дүниесінде заттанады. Яғни, бұл – осы тұлғалардың өзіндік санасындағы мәдени ұғымның дискурстық сипаттағы айшықты көрінісі» [1.139], – деп көрсетеді. Олай болса, жыраулар поэтикасындағы материалдық, заттық деректер: тұрмыстың сән-салтанатын, барлығы мен байлығын танытатын бұйымдар, киім-кешектер, сәндік заттар, тағамдар т.б. қазақ ұлтының идеалды болмысын (нағыз қазаққа тән) танытатын мәдени-танымдық атаулар екендігі сөзсіз. Бұндай заттық деректер жыраулар тілінде тек ұлттың бір кезеңге тән тарихи тұрмыс-тіршілігінен мағлұмат беру мақсатында емес, осы материалдық байлықтың ұлттың концептуалдық дүние бейнесінде алатын орнын айқындау, сол арқылы ұлт болмысындағы өзгерістерге баға беру үшін де қажет болғаны анық. Осы мәселеге қатысты Ж.Манкееваның мына пайымдауының маңызы ерекше, зерттеуші мәдениетті тіл арқылы тануда белгілі бір

тұлғаның шығармашылығындағы назар аударылуға тиісті бірнеше ұғымдарды санамалап көрсетеді де, соның қатарында уақыт пен кеңістік контексіне сәйкес рухани және материалдық мәдениетке берілетін баға [1.138] ұғымын атайды. Осы ғылыми байламды жыраулар поэтикасындағы материалдық лексиканың ерекше бір түрі «шай» атауына қатысты алсақ, «шайды» қазақы болмысқа қатысты жеке концепт ретінде жақсы және жаман бағалауыштық контексінде қарастыруға әбден болады.

Бір кезеңде «шай» – қазақтың дүние бейнесінде «қазақы тұрмысқа» басқыншылықпен енгізілген жаман әдеттің белгісі ретінде «жаманшылық» фонында көрініс берді. Мысалы, Шортанбай ақын:

Шайдан басқа асы жоқ,
Жақыннан басқа қасы жоқ,
Ендігінің адамы, - десе, [2. 288] Әбубәкір Кердері:
Сары жез самаурыны тағы шықты,
Машина шүмегі бар бұрамалы,
Төсектен ерте тұрып басы ауырса,

Бөтен ем шайдан басқа сұрамады, - деп, [2. 271] сусынын малдың қасиетті алпыс екі тамырынан шыққан ақпен қандырып үйренген сахара халқы үшін үрдіске енді ене бастаған шай ішуді шаруаны жолынан қалдырып, басын айналдыратын «құмарлық сусынындай» жат көреді. Ал Қашаған:

Тарантас арба туарып,

Нәпсісін шайға суарып, - деген [3. 10] жолдармен «шай ішуді» қазақ деген жұрттың имандылықтан ада болып, нәпсінің жетегінде кеткен «азып-тозу, құрдымға кету» алдындағы бейнесі, ақырзаманның көрінісі ретінде сипаттайды.

Шай ішу үрдісі қазақ тұрмысына әбден сіңісті болғаннан кейінгі

кезеңде енді «шай ішу» әрекеті жағымды контексте көріне бастайды. «Шай концептісінің» жағымды сипаты бірнеше когнитивті құрылым арқылы сипатталады. «Шай – барлық, байлық»: «Тойыңда асау сойып, шәй қайнатып, Оздырдың қатарыңнан салтанатты-ай» (Өмір Қараұлы). Керісінше, шай бере алмау кедейліктің сипаты: «Бұл сұпы берер ет пен майын маған, Жоқ болса қайдан тапсын шәйін маған» (Қашаған). «Шай – қазақтың мамыражай, бейбіт тұрмысы»: «Бауырсақ, секер, жеміспен, Шәйдан басқа ішпеген. Жолаушы түскен суытпен, – Самаурын, шәйі қайнаған. Шай табақты ақ аяқ Құяйын деп сыбанған» (Ақтан). «Шай – мырзалық, сахилық, кісіге қайыр көрсету»: «Қазына шашып той қылдың, Айнала жұртты шақырып. Самаурын, шәйнек қайнатып, Әзіздерге шапағат, Сахауат-қайыр айдатып. Салтанат қонақ түсіріп, Қырмызы-қызыл шәй беріп, Қызбалықты көрініп» (Өмір Қараұлы). «Шай – қазақтың өткенін аңсау»: Қыз-келін шәй құйдырдық ажарында, Болғанда торқалы той, мәжіліс-жыйын, Жақсының жүріп едім қатарында (Қалнияз).

Шайдың жағымсыз контексінде оған қатысты зат атауы – самаурын да жағымсыз етіп көрсетілсе, жағымды контексте самаурын, шайнек, шай табақты ақ аяқ, бауырсақ, секер, жеміс атаулары «шай концептісін» толықтыра түсетін материалдық лексиканың қатарында беріледі. Шайдың өзі «қырмызы қызыл шай» түріндегі талғаулылық сипатымен беріледі (яғни қазақ бір кезде шошына қараған шайды енді таңдап, талғап іше бастаған).

Яғни, XIX ғасырдың өрмегі ауып, XX ғасырға таянған кезеңде «шай» концептісі «жағымдылық» контексінде қазақтың «идеалды болмысын» беруге қызмет ете бастаған.

Жалпы, Ақтан Керейұлының «Қазақтың салты» толғауы «идеалды (нағыз) қазақ» концептісінің концептуалдық дискурсын құрайды. 214 жолдан тұратын осы толғауда қазақтың материалдық зат атаулары нағыз қазақтың «идеалды болмысын» танытатын заттық атрибуттар ретінде көрініс береді. Қазақ үшін идеалды болмыс – оның сән-салтанатты тұрмысы, қазақы мінез, салт-дәстүрі, құтты қонысы болмақ. «Қазақтың салты» толғауындағы концептуалдық құрылымды бейнелейтін «қазақ» концептісі қазақтың

кешегісі мен бүгінгісін жақсы / жаман бағалауыштық контексінде сипаттау арқылы ашылады. Кешегі қазақты аңсаған жырау:

Кешегі бір кең күнде
Біз — қазақ деген ел едік,
Мандала мен мақпалдан
Бешпент-шалбар салдырған.
Термелі жаулық, ақ көйлек,
Сусынын шұбат қандырған.
Мырза жігіт сыпайы
Ағыйма шекпен, жадағай,
Атлас, мақпал түрменің
Талайын киіп қызықтап,
Жүрген де жерін таң қылған,
Мұнара шекпен, қызыл тон—
Ыйығы толған киіммен.
Тең менен сандық толтырған
Кебеже тұрған үйіннен,
Айрылдың жаман күйіннен.
Ұрттаған шай мен бал секер,
Келісап, келі түйілген.
Алты да қанат ақ орда
Ат байлаған бүйірден.
...Қазы-қарта, жал-жая
Қия кесіп шайнаған.
Отыратын төсекте
Мақпал көрпе, кілемнен
Басқа нәрсе жаймаған.
...Туралап келген мейманды
Ақ шұбатпенен суарған.
Қазық өкше, күміс бас
Былғары сәнді етікпен
Шашбауын төгіп шұбалған.
Орамал, мақпал зерлетіп
Шәйі көйлек шығарған.
Сырғалары жылтылдап,
Ақ күмістен бұралған.
Шай табақты ақ аяқ
Құяйын деп сыбанған.
Жаманның қолы жете алмай,
Жақсылар іздеп сұранған, - деп [3.179] толғайды.

Қазақтың идеалды болмысы – оның азаттығының, тәуелсіздігінің, бейбіт, өмірінің кепілі. Олай болса, «кең күн» тіркесінің поэтикалық астарында «еркін, азат кез» семантикасы бар екені түсінікті.

Қазақ тұрмысының сән-салтанат, байлығы оның алдындағы төрт түлік малы жылқы, құлын, нар тайлақ, інген, айыр сөздерінің коннотациясында айқындалса, ащы қымыз, ақ шұбат сөздері – қазақтың ырыс, дәулетінің символы ретінде берілген. Қазақ халқының этнографиялық болмысы – салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, тұтынған материалдық заттары: киімі, әшекей бұйымдары, ыдыс-аяғы, төсеніші, тамақ түрлері – түгелімен қазақтың кешегі «идеалды» өмірін сипаттайтын тарихи-тілдік деректер деуге негіз бар. Олардың қатарын төмендегіше топтап көрсетуге болады:

Қазақтың салтанатты киіміне байланысты атаулар: мақпал, мандаладан тігілген бешпент-шалбар, ағыйма шекпен, жадағай, атлас, мақпал түрме (түрме белбеу болуы керек), мұнара шекпен, термелі жаулық, ақ көйлек,

қызыл тон, қазық өкше, күміс бас былғары сәнді етік, ақ күмістен бұралған сырғалар;

Қазақтың салтанатты тұрмысына қажетті бұйымдар: қалы кілем, мақпал көрпе, түндігі алтын, бауы зер босағасы биік боз орда, алты қанат ақ орда, тең, сандық, кебеже, келісап, келі, шай табақты ақ аяқ;

Қазақтың байлығын, барлығын паш ететін тағамдары: қазы-қарта, жал-жая, шай, бал, секер, ащы қымыз, ақ шұбат т.б.

Осынша байлық пен сән-салтанатты тұрмыстан қол үзген өкініш, мұң-зар «өткенді аңсау» идеясымен тоғысып, «қазіргіні мансұқтау» идеясымен астарласады.

Ақтанның толғауында «Қазақтың бүгінгісі» (жырау өмір сүрген кезең, XIX ғасырдың екінші жартысы) «тар заман» тіркесінің ассоциативті өрісінде анықталады. «Тар заман» - бұл қазақтың бостандығынан айрылып, қазақы сән-салтанатынан қол үзген, қазақы салтпен бірге қазақы мінез, қазақы болмыстың да келмеске кеткен (Салтанат, үлгі тәрбие, Тарқады, адай, ордаңнан) бақытсыз шағы. 1969 жылы Ресей империясының қазақ даласындағы отарлық саясатты тереңдете түсу мақсатында енгізген «Жаңа низамнан» кейінгі қазақ халқының жан-жақты қысымшылыққа ұшырап, кіріптарлыққа түскен кезеңін аңдатады:

Тар заманның шағында
Тебіреніп көңіл, жата алмай
Көкірегім менің шайылған.
Шайылмай жүрек не қылсын—
Айрылды байлар қайырдан,
Айрылды ерлер зайырдан.

«Байлардың қайырдан», «ерлердің зайырдан» (зайыр – «қасиет, кие») айырылуы – ұлттық менталитеттің құлдырауы, ұлтқа тән моралдық белгілердің (қонақжайлылық, әдептілік, сахилық т.б.) кері өзгерістерге ұшырауы. Бұндай ұлттың «идеалды бейнесінің» жойылу қаупіне ұшырауының бірден-бір белгісі материалдық, заттық байлықтың келмеске кетуі немесе ұлт үшін құндылық болудан қалуы. Қалнияз жыраудың «Ер Қармыс» дастанында жау қолына түсіп, басына күн туған қазақтың қызы өткен дәуренін аңсап:

Алтын шашбау тағынып,
Құлпырып шығар күн қайда?
Алтын сандық, алпыс тең –
Төрге жыйнар күн қайда?
Қырғауылдай қызыл нар –
Қатарлап тіркер күн қайда?
Қалы кілем жаптырып,
Шашағын жерге төгілтіп,

Ырғала көшер күн қайда? – деп зар төгеді. Алтын шашпау, алтын сандық, қызыл нар, қалы кілем – заттық байлық қана емес, қазақтың қазақтығының белгісі (қазақы болмыс, қазақы менталитет), қазақ халқының идеалды болмысының көрсеткіші ретінде танылады. Керісінше қыздың:

Аспанымды бұлт басты –
Суыққа неғып шыдармын?
Ыссыға қалай күйермін?
Көк арбаға қайтіп мінермін.
Көн етікті қайтіп киермін?
Көн шарықты шұнақ құл –

Шүлдірлеген түрікпенді

Ер деп қайтіп сүйермін?! - деген жолдарындағы «көк арба», «көн

шарық», «көк етік» - кедейшіліктің, құлдықтың, қорлықтың, бақытсыздықтың белгісі. Ол қазақтың «жауына» ғана тән заттық болмыс.

Ойымызды түйіндей айтсақ, жыраулар поэтикасындағы материалдық зат атаулары қазақтың ұлттық болмысын айқындайтын, сонымен бірге, ұлттық идеологияны танытатын мәдени-тілдік контекст, ұрпақтар арасындағы тарихи-мәдени коммуникацияны жүзеге асырушы тілдік жүйе деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008. -353 б.
2. Ай, заман-ай, заман-ай… Алматы: ҚазССР РББ., 1991. – 384 б.
3. Нұрдәулетова Б.И. Көне күннің жыр күмбезі. Алматы: Жазушы, 2007. – 494 б.

МАТЕРИАЛЬНО КУЛЬТУРНАЯ ЛЕКСИКА В ПОЭТИКЕ ЖЫРАУ КАК СИМВОЛ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ

Нурдаулетова Б.И. - Каспийский университет технологий и инжиниринга им Ш.Есенова, г. Актау, Республика Казахстан (e-mail: nurdauletova@mail.ru).

Аннотация. В большинстве случаев, когда мы говорим о национальной культуре, мы рассматриваем материальное богатство отдельно от своего духовного богатства. Фактически, мы, кажется, не понимаем, что материальные вещи, которые потребляет нация, отражают духовные сокровища данной нации.

В данной статье названия предметов и вещи в поэтике жырау анализируются как ценности, характеризующие казахские национальные особенности.

Ключевые слова: национальные ценности, материальная лексика, вещи, национальные костюмы, идеалы, концепт «шай», позитивный контекст.

MATERIAL CULTURAL VOCABULARY IN ZHYRAU POETICS AS A SYMBOL OF A NATIONAL IDEA

Nurdauletova B.I. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan (e-mail: nurdauletova@mail.ru).

Abstract. In most cases, when we talk about national culture, we consider material wealth separately from our spiritual wealth. In fact, we do not seem to understand that the material things that a nation consumes reflect the spiritual treasures of that nation.

In this article, the names of objects and things in the poetics of zhyrau are analyzed as values that characterize Kazakh national characteristics.

Keywords: national values, material vocabulary, things, national costumes, ideals, the concept of "shai", a positive context.

ӘОЖ 82-135

ТАРИХИ РОМАНДАҒЫ ТҰЛҒА ТАҒЫЛЫМЫ

Отарова А.Н.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: akmaral.otarova@ yu.edu.kz
Көшкінбайқызы Л.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан
МНКЯЛ-19 тобының 2 курс магистранты

Аңдатпа. XYIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Маңғыстауда өте күрделі қоғамдық-саяси жағдай қалыптасты. Бұл кезде Ресей империясының Орта Азияға біртіндеп еніп жатқан, бірақ Маңғыстауға толық билік орната қоймаған уақыты еді.

Өз ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін ойлап ел тағдырын өз тағдырынан жоғары қойған қазақ батырлары тарихтың әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Олар ұлттық тұлға ретінде халықтық мәні бар тарихи оқиғаларға араласып отырды.

Мақалада XYIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басындағы Маңғыстаудағы тарихи жағдайлар,саяси әлеуметтік мәселелер, Маңғыстау үшін Ресей мен Хиуа хандығы арасындағы күрес мәселелері, бас кейіпкер Сүйінқара Үргенішбайұлының тарихи тұлғасының қалыптасуы, жер мен елін қорғаудағы ерлік істері, романның жазылу жайы жан жақты пайымдалады.

Түйінді сөздер: тарихилық, дәуір шындығы, тарихи тұлға, типтік сипат,деректер, азаттық күресі, ұлттық рух, архивтік деректер, халықтық аңыз, этнография.

Тарихи тақырыптың қазақ әдебиетіндегі туып, қалыптасу, орнығу үлгісін танытатын алғашқы туындыларды, яғни Ж.Аймауытов, М.Әуезов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І. Жансүгіров, С. Мұқановтардың тарихи шығармаларынан бастап І.Есенберлиннің “Көшпенділер”, “Алтын Орда”, Ә. Әлімжановтың “Махамбеттің жебесі”, “Жаушы”, Ә.Кекілбаевтың “Аңыздың ақыры”, “Елең-алаң”, М.Мағауиннің “Аласапыран”, С. Сматаевтың “Елім-ай”, Қ.Жұмаділовтің “Дарабоз” т.б. романдарын өткенді айта отырып оны бүгінгі өмірмен байланыстыра көрсеткен, уақыт рухы көрінетін шығармалар ретінде танимыз, бағалаймыз.

“Тарихи дәуір болмысын, тарихи тұлғаның, қайраткердің ойлау, сезіну сырының барша мәнді шындығын, оның еңбегінің, іс-әрекетінің сыртқы көрінісі мен ішкі мәнісін суреттеудегі жазушының эстетикалық нысанасы мен тұрғысы, шығармашылық даралығы қазіргі қазақ романының сыры мен сипатын танытуға алып келетін маңызды творчестволық құбылыстар қатарына жатады” [1, 205 б.], – деп ғалым Ж.Дәдебаев тұжырымдағандай, тарихи шығармаларда бүгінгі рухани тіршілігімізге қатысты көп мәселелердің қамтылуы оның танымдық рөлінің өте зор екендігін айқындайды.

Қазақ халқының XV ғасырдан бергі тарихы жайлы жаңа романдар (“Алмас қылыш”, “Жанталас”) жазған Ілияс Есенберлин кейін “Қаһарды” осы серияның үшінші кітабы етіп қосты. Бәрі бірігіп “Көшпенділер” трилогиясын құрады. Мұхтар Мағауиннің “Аласапыран” (1981-1983) атты екі томдық романы Қазақ-Ресей қарым-қатынастарының басталуы мен күрделі жағдайда өрістеуін суреттейтін үлкен бір көлемді шығарма болды. Роман XVI ғасырдың аяғы, XVII ғасырдың бас кезіндегі қазақ ордасы мен Ресей мемлекеті арасындағы қарым-қатынас тарихын қозғайды. Көрші елдердің

құрметті адамдарын қолға ұстап, сол арқылы қарым-қатынасты жөндеу, біртіндеп бағындыру сол тұстағы Ресей саясаты болғаны да анық көрінеді. Қазақ-орыс қарым-қатынасының кейінгі тарихын (XVIII-XIX ғасырлар) Ә.Кекілбаев жазды. Оның "Үркер" (1981), "Елең-алаң" (1984) романдары Қазақстанның Ресей құрамына кіруі мен содан кейінгі алғашқы дәуірдің күрделі қарым-қатынасын суреттейді. Роман оқиғасында қазақ делегациясының Петербургке баруы, Орынбор экспедициясының құрылуы мен қазақ даласына сапары, Ор өзені бойында бекініс салу, Татищев пен Әбілқайырдың кездесуі, Әбілқайырдың бодандыққа беріктігіне қайтадан ант беруі сияқты жайлар қамтылған.

Қазақ тарихының кейбір мәселелері Ә.Әлімжановтың "Махамбеттің жебесі" (1969ж), "Ұстаздың қайтып оралуы" (1978ж) романдарында да көрініс тапқан. Жазушы "Махамбеттің жебесі" романында қазақтың ғасырлар бойғы арыла алмай келе жатқан рушылдық дертін, алауыздығын талдайды. Махамбеттей ұлы ақынның да қаза болуына себепші болған осы мінез екеніне назар аударады.

"Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының 250 жылдығы" қарсаңында тарихи тақырыпқа қалам тартқан қай жазушы болса да өз шығармасының идеялық түйінін осы мақсатқа ыңғайластыра көрсетуі сол кез үшін өте тиімді әдіс болатын. Дәл осы "250 жылдық қарсаңды" ұтымды пайдалана отырып І.Есенберлин бастаған қазақ жазушылары ұлт тарихының ең бір ащы шындықты айта алмай жүрген кезеңін мәселе етіп көтеріп, көркем өнер тілімен көрсетіп беруге ұмтылды.

Қазақ халқының ұлттық ой-санасының жүдеп бара жатқанын көрген зиялы азаматтар алпысыншы-жетпісінші жылдардан бастап ұлттық сананы оятып, тәрбиелеуге көркем әдебиетті пайдалану мақсатын қойған еді. Ол үшін М.Әуезов негізін салған тарихи роман дәстүрін жалғастыру керек болды. Қазақ тарихының әрқилы беттері жаңаша бедерленіп, көркем бейнелеуге ие бола бастады. Халықтың өткен тарих пен оның негізгі оқиғалары, ел болу дәстүрі, бостандық, азаттық идеяларының таралуы, сол бір кездерде ел басқарған, ел намысын қорғаған батырлар, азамат ерлер жайында білуге құмарлығы арта түсті. Бұл әдебиет зерттеушісі Қ.Әбдезұлының мына пікірінде дәл айтылады: "60-80 жылдар аралығында тарихи тақырыпты арқау еткен прозалық шығармаларымыз басқа жанрларға қарағанда тарихи тұлғалар тағдырын, оның ішінде қазақ батырларының ерлік істерін, қаһармандық жорықтарын, олардың кейіпкер ретіндегі ішкі жан дүниесін, рухани болмысын тереңірек бейнелеуге ден қойды" [2, 196б.].

Ұлттық идеяның ең басты тірегі – тәуелсіздік, еркіндік. Ол тәуелсіздік идеясы қазақ халқының өткен ғасырлардағы азаттық жолындағы күресі – жетпісінші-сексенінші жылдар прозасында қаламгерлеріміздің кең арналы ойларын айтып көркемдік шешімдерге келуіне тың серпін жасады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Өз ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін ойлап ел тағдырын өз тағдырынан жоғары қойған қазақ батырлары тарихтың әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Олар ұлттық тұлға ретінде халықтық мәні бар тарихи оқиғаларға араласып отырды.

"Жетпісінші жылдардың бер жағында қазақ тарихына арналған романдар легі туды... Ел бастаған, оның мүддесін жоғары қойып, жорықтарға өздері бастап шыққан батыр ел билеушілерді, халықтың даналығын бойына жиған шешендер мен көсемдердің неше алуан бейнесін тарих шындығына сүйеніп ашты. Қазақтың тарихи әдебиеті халықтың өзін тануына, оның тарихтағы орнын түсінуіне үлкен көмек жасады" [3, 25 б.], – дейді зерттеуші- ғалым С. Қирабаев.

Белгілі ғалым Ж.Тілепов "Тарих және әдебиет" еңбегінде: Әр дәуір жыршысының өз заманының тарихи кескінін бейнелеуге әрекет еткен шығармасы сол әдебиеттің өзекті мәселе тұрғысынан алғандағы жүріп өткен жолын бағдарлауға да мүмкіндік береді. Өйткені, онан белгілі бір халықтың рухани есею жолын, тағдыры таразыға түскен небір

тарихи тайталастарының мәліметтерін табасыз” [4, 3б.], – деп әдебиеттегі тарихилық мәселелеріне айрықша назар аударады.

Жазушы Маршал Әбдіхалықовтың сексенінші жылдары жазылған “Сүйінғара” [1981ж] романы да өткен ғасырлар тарихи шындығын суреттеп, халқымыздың азаттық жолындағы сан тарапты күрес-тартысының қырларын ашады. “Сүйінғара” романынан үзінділер “Коммунистік жол” газетінің 1978 жылғы 28 қараша, 1 желтоқсандағы санында тұңғыш рет “Қос қыршын” деген атпен жарияланды. Бұдан кейін “Коммунистік жол” газетінің 1980 жылғы 30 мамыр, 3, 4, 12, 13 маусымдағы сандарында “Бітім” деген атпен, “Жаңа өмір” газетінің 1980 жылғы 21, 22, 24 маусымдағы сандарында “Беталыс” деген атаумен жарияланып тұрды. Романның толық нұсқасы “Жұлдыз” журналының 1981 жылғы 8, 9 сандарында “Сүйінғара” деген атпен жарық көрді.

“Сүйінғара” романы – XYIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы еліміздің батыс өңірі Маңғыстаудағы қалыптасқан күрделі қоғамдық-саяси жағдайды сипаттайтын сюжеттік-композициялық өрнегі жымдаса құрылған идеялық мазмұны жоғары, көтерген тақырыбы терең шығарма.

Романның тақырыбы – осы кезеңдегі қазақ батырларының бірінен саналатын тарихи тұлға Сүйінғара Үргенішбайұлының жер мен елін қорғаудағы ерлік істері, Маңғыстау үшін Ресей мен Хиуа хандығы арасындағы күрес мәселелері. Қиянат пен зорлықтардың шектен асуы, салық түрлерінің көбеюі, елдің сол кездегі көсемі, сол тұстағы халықты біріктіре алатын аса абыройлы тұлға Сүйінқара батырдың елі мен жерінің тәуелсіздігі үшін намысын жанып, ызасын туғызады. Сүйінғара Үргенішбайұлы жалпы қазақ даласындағы ұлт азаттығы үшін болып жатқан оқиғаларға ат салысты. Исатай-Махамбет қозғалысын ақырына дейін қолдап, ағалық ақыл-кеңесін беріп отырған тарихи тұлға.

“Адамды заман билейді.

Бұл туралы кім болса да ойланатын шығар. Тіпті ойланбағандар болса да, осы сөзді ара-тұра естігенде ақиқат сипаты мол ұғымды іштей мақұлдайды.

М. Әбдіхалықовтың “Сүйінғара” романын жазу барысында осы ойлардың қамауында болғаны көрініп тұр. Роман тақырыбы өте күрделі. Жері кең болғанмен, адамы сиректеу, аңқаулау көрінетін Маңғыстау түбегіне көз тіккен Ресей, Англия, Хиуа мемлекеттері саясатының шиеленісе бастаған уақыты. Ағылшындар Хиуа ханы арқылы қазақ жеріне, сол арқылы Кавказ елдеріне көз тігіп отырса, орыстар Маңғыстау арқылы Орта Азияға, одан Индия, Қытай байлықтарынан дәмелі. Осы алпауыттар арбасуының аясына айналған қазақ елінің жай-күйі, бостандық, азаттық туралы арман, әрекеттері суреттеледі. Роман жарық көрген жылдар Кеңес үкіметінің ұлт-азаттық идеялардан қатты үрейленетін кезі. Мұның барлығын М. Әбдіхалықов өте жақсы білді. Қаламгер шығармашылығының үлкен бір белесі “Сүйінғара” романы – осындай ахуалды уақыттағы ойларды жазған үкілі еңбегі. Бірақ, жиған-тергеннен тапқан табысын, олжасын шығармашылық толғаныстар үстінде бойын билеген сезімдер мен ой ағыстарын жеткізе алды ма? Тіпті романдық көркем мазмұн астарындағы емеурінді сездірді ме? Біздің ойымызша, автордың шыңдала бастаған шеберлігін аңғартқан тұсы, сірә, осы. Одан басқаға өлшеулі ғұмыр жеткізбеді, амал қайсы” [5, 5б.], – дейді роман жөнінде ой толғаған әдебиет зерттеушісі З.Бисенғали.

Қазақ руларының басым бөлігі Ресей империясының бодандығын мойындап қалса да, Сүйінғара батырдың қол астындағы Маңғыстауды мекендеген рулардың әлі де басыбайлы бодандыққа өте қоймаған кезі. Сүйінғара Үргенішбайұлының сол кездегі іс-әрекетін тарихи жағынан пайымдасақ, ол уақыттың талабына, қоғамдық-саяси жағдайға орай әрекет еткендігіне көзіміз жетеді. Бұл жерді мекендеген елді жау шапқынынан қорғау ғана емес, күнделікті тұрмыс, қоныс, азық-түлік, жер-су жағдайлары сол кездегі өте күрделі мәселелер болатын.

Сүйінғара батыр екі жақтан қыспаққа қалады. Солтүстіктен алып Ресей империясы бүйірлей енуге әрекет етсе, оңтүстігінде көршілес мекендеген Хиуа хандығы қысымшылығынан жергілікті адай рулары қатты зардап шекті. Хиуа хандығы Сыр бойына бекіністерін салуын салғанымен, Маңғыстауға өз билігін жүргізе алмады. Тек көктем, күз айларында Хиуаға мал айдап, өнімдерін саудаға шығарған кезде ғана Хиуа ханы белгілеген алым-салықтарды төлеуге мәжбүр болып отырды.

“Маңғыстауды орыстар иелене бастаған кезде, Адайлар ханға зекет төлеуден бас тартты. Ашуланған Хиуа хандығы Адайлар сатқан малдарға салықты бұрынғыдан да ұлғайтып жіберді. Тіпті адайлардың керуендерін тоқтатып, сауда-саттықты доғарып тастады” [6, 19б.], – дейді тарихшы ғалым М.Тұрсынова. Бұл кезде, яғни XIX ғасырдың жиырмасыншы жылдарында Ресей империясының қазақ руларына толық билігі орнағанымен, Маңғыстауды мекендеген Адай рулары өз дербестігін сақтауға тырысты. Сондықтан патшалық Ресейдің жазалаушы отрядтарының шапқыншылығына жиі ұшырап отырды. Әсіресе, маңғыстаулықтарға патша үкіметінің Орынбордағы үкімдерінің тізесі қатты батты. Басқыншыларға қарсы көтеріліп, қарсы жасақ құрып күреске шыққан елдің сол кездегі көсемдерінің бірі Сүйінғара батыр болатын, сол тұста халықты біріктіре алған аса абыройлы тұлға еді. Қазақ ауылдары билікке таласқан қазақ билеушілерінен, оларды қудалаған орыс жазалаушыларынан және Хиуа ханының жендеттерінен теперіш көрді. “Сүйінғара батырдың атамекенді қорғаған жалынды күрес жолы сол XIX ғасырдың алғашқы жартысы еді. Дәл сол заманға Қайыпқали Есімқұл, Қаратай, Кенесары, Исатай – Махамбет, Есет Көтібаров көтерілістері дәл келеді. Бар өмірін қазақ елін қорғауға арнаған Сүйінғара батыр Маңғыстау жерін Хиуа мен түркмендерден қорғауға арнады” [7], – деген тұжырым жасайды тарихшы – ғалым С. Өтенияз.

Орыс патшасының түбегейлі басқыншылық саясатының астарында не жатқанын Сүйінғара да, ел басшылары да басында түсінбеді. Түсінбегені заңды да еді. Өйткені ол тым жасырын жүрді. Полковник Мансуровтың жазалаушы жасағының Жем, Сағыздың құяр сағасындағы, Каспийдің Үстіртке қараған бетіндегі қазақ ауылдарын талқандауы, полковник Бергтің 1825-1826 жылғы қыстағы Үстірт жорығы ғана ол саясаттың бет пердесін ашып берді. Бас штаб подполковнигі Мейердің әділ айтуындай 1830 жылдарға таман бұл ел солай екі оттың ортасында қалды. Сүйінғара батырдың алдында да екі жол тұрды. Бірі – Хиуа ханына қарсылықты мүлдем доғарып, басыбайлы боданы болу. Олай етсе, Маңғыстау қазағынан біржола бөлініп қалар еді. Екінші жағы – кіші жүздің өзге руларымен ірге ажыратпай, не де болса орыс ыңғайына қарай бет бұру. Алаш жұртымен тағдырдың салғанын бірге көру. Батыр осы жолды таңдады. Бірақ тәкаппар батыр бірден бас ие салмай еруліге қарулы деген сыңай танытты. Ол да әрине оңайға түскен жоқ. Екі теңіз арасындағы қазақ руларының ортақ батырлары Атақозы, Құдабай, Дәуімшар, Құлбарақ, Жапарберді, Сұлтангелді тағы басқалардың аты жат ел басқыншыларына қарсы ұрыста шықты, көбі жау қолынан өлді. Солардың ортақ басшысы ретінде Сүйінғара танылды. Батырдың сол беделі мен абыройынан сескенген орыс басқыншыларының 1826 жылдан соң онымен жаулыққа бармай тіл табысу, мәймөңке саясат ұстанғандығын тарихи құжаттар айғақтайды.

Тарих тағылымы бізге қағазға түскен деректердің ақ-қарасын анықтауды, зерттеушілік пайым жасауды міндеттейді. Ол қанша өр кеуде, өжет болғанымен, өз тұстастарының қайсысының да ел үшін істеймін деген игі істеріне аянбай атсалысқан. Жорықтан да, шайқастан да тайсалмаған.

“Әр әріптің бетіне үрке қарап, дүрбісін оңды-солды салып отырған цензуралы заманда Сүйінғара сынды өмірі өте күрделі болған ердің, жұртының тағдыры талқыға түскенде шауып жүріп жорға салатындай би-шешеннің, бір жарым ғасырдан астам уақыт бойы Хорезм жұртының, Мерв, Балқан бойындағы іргелі елдің құқайына, ағайын қадамын аштыртпаған қол бастаған батырлар ордасының санаулы сырттаны, азуы қатты арыстанының атын атап, атқарған тарихи миссиясын бүркеп, бүркемей роман

жазу оңай емес-ті. Бірақ, Мәкең аталған романын жазды. Бұл Маңғыстау елінің берісі алпыс жылдық өміріндегі аламанды тірлігіне, оның Сүйінғара батырына қойған қаламгер ұрпағының ескерткіші болатын [8], – деген Ж.Тілепов тұжырымына сүйенсек, біз сөз етіп отырған туындыда жазушының ұлт-азаттығы тақырыбын көтеру үшін Сүйінғара тұлғасына арнайы тоқталуы кездейсоқтық емес.

Суреткердің өзіндік қолтаңбасының анықталуына да сол шығарманы жазуға негіз болған тарихи деректерді де зерттеп саралаудың маңыздылығы жоғары болмақ.

М.Әбдіхалықовтың "Сүйінғара" романын жазу үшін жинаған материалдарының бір бөлігін (Н.Халфин. Россия и ханства Средней Азии", "Первые русские научные исследования устюрта", А.Добомыслов, Тургайская область, "Записки ИРГО по общей географий", В.И. Липинский "Флора Средней Азии", "Материалы по истории Казахской ССР т.4, Турсынова М. "XIX ғасырдың екінші жартысындағы Маңғыстау қазақтары" т.б.) зерттеу еңбектері мен ел аузынан жинап алған аңыз-әңгімелер мен жекелеген ақын-жыраулардың шығармалары құрады.

Осы орайда әдебиетші ғалым Р. Нұрғали төмендегідей зерттеушілік пайым жасайды: "Ұлттық тарихымыздың терең қойнауларында қалған көп оқиғалардың елесі, өзгерген, бұрмаланған деректер, әр түрлі тілдерде жазылған, сан алуан қолға түспейтін сирек кітаптарда, архив қазыналарында, оқылуы қиын қолжазбаларда, әр жерде жүйесіз шашылып жатқан материалдарды тауып, оқып, қорытып шығу үшін кеткен уақыт, жұмсалған қайрат, жасалған еңбектің өзі бір адамның ұзақ ғұмырына жетіліп артылар шаруа" [9, 291б.].

Шындығында, архивтік деректер, халықтық аңыз, этнографиялық сипаттар негізі болған тарихи романда автор оларды сол өткен дәуір елесін дәл бейнелеу үшін ғана емес, сонымен қатар түрлі қағида, идеялардың, түрлі психология мен мақсат мүдделерінің қандай заманда болсын сабақтастық алып жататынын көрсету үшін пайдалануды мақсат еткен. Әдебиет – халық өмірінің идеялық-эстетикалық айнасы десек, оның ілгерілеуі, өсуі халықтың өткеніне көркемдік байыптау, қорытындылар жасау арқылы болады. Қазіргі заман мен өткен уақыттың байланысы, сабақтастығы тарихи тақырыпты игеру нәтижесінде ғана мүмкін болады. Қаламгер тарихи болмысқа, ақиқат құбылыстарға жауапкершілік тұрғысында қарап, типтік сипаттағы деректерді саралауға жете мән береді. Сүйінғара бастаған елдің Аллақұл ханға қарсы азаттық күресіне байланысты белгілі тұлғалардың іс-әрекетін тарихқа, мінезге сәйкесті аша білуін романның жетістігіне жатқызамыз. Романда сол дәуірге тән негізгі қоғамдық тенденциялар толғанып алынған.

Олай болса, Маршал Әбдіхалықов халықтың өткен тарихынан өзі өмір сүріп отырған кезеңнің де даму диалектикасын көрді. Алдымен қазақ әдебиетінің, әлемдік әдебиеттің тарихи тақырыпты игерудегі мол тәжірибесін, игі дәстүрлерін жинақтай отырып, ұрпақ бойына ұлттық рухты, патриотизмді, өткенін білу үшін тарих тереңіне бойлауды ойлады. Романның бас кейіпкері Сүйінғара Үргенішбайұлы (1756-1841ж) – Кіші жүздегі түрлі отарлау, басқыншылық саясаттарға қарсы күрескен халық батыры. Қазақтың шекарасын мөлшерсіз кеңейтіп, ырысын өлшеусіз молайтқан жауынгер тайпа – Адай ұлысының ұлттық тарихымыздың парақтарынан ойып орнын ала алмай жүрген өксікті ерлерінің ішінде, шетелдіктердің де, орыс өкіметінің де, Хиуа, одан арғы парсы жұртының да назары ерекше аударған ерен тұлға. Сүйінғараның қимыл-әрекеттері әкесі Үргенішбай батырдан дарыған. Нақты жазба деректер бойынша Сүйінғара Адайдың ұраны – Пірдің соңы Бекет атадан аттай алты жас кіші болған, яғни замандасы.

Әбіш Кекілбайұлы батырдың тарихтағы рөлі жөнінде: "Бір кезде Атағозы мен Шотан өз тұсындағы бүкіл қазақтық мәселелерге қандай белсене араласса, Сүйінғара да өз тұсындағы оқиғаларға дәл солай жан аямай кіріскен еді… Сондықтан да, оның басы ылғи дауда, жаны ылғи шүберекке түюлі өтті" [10] дейді.

Расында да Сүйінғараның өмір сүрген дәуірі дүрбелеңі мол заман еді. Дүние жүзінің алпауыт мемлекеттері әлемді бөліске салып жатты. Әрбір билік иелерінің көздеген мақсаттары – биік мансап, халықтың бағынышты күй кешуі, сонымен қоса билік құратын жерінің кең болуы шығармада өзіндік өрнегін таба білген. Хиуа ханы Аллақұл да қазақтың байтақ жеріне көз сұғын қадаса, қазақтың іргесіндегі Ресейден бастап Ұлыбританияға дейінгі батыстың бірнеше мемлекеті өз сыбағаларын, өз үлестерін түгендеп, шығыс елдеріне үстемдік жүргізудің қаншама жылдардан бермен қарай он ойланып, жүз толғанып келе жатқан жоспарларын жүзеге асыруға жанталаса кіріскен болатын.

Сүйінғараның ел тағдырына қабырғасы қайысып, тереңнен ойланып-толғанып жүрген ер екені Қоңырмолда, Тұрыш қажымен арадағы әңгімелерінде, Жәңгір ханның таққа отырған соң, бар шұрайлы жерлерін сары ала шекпенділерге бөліп жібергеніне торығатынынан, елдің малын пітір, зекет деп талап жеген Хиуа хандығына деген ызасы, малға жайлы шұрайлы жерлерді алып жатқан патша өкіметі іс-әрекеттерінен шошынатынынан байқаймыз.Тұтас бір дәуірдегі халық тағдырын суреттеген көркемдік пен тарихи шындықты шебер үйлестірген, көркем әдебиет талаптарына жауап бере алатын бұл романдағы қаһармандардың көпшілігі тарихи тұлғалар, суреттелетін оқиғалар да тарихи жағдайлар.

Қорытындылай келгенде, М. Әбдіхалықовтың тарихи тақырыпқа жазылған бұл көркем шығармасы өз заманының ащы шындығын, отаршылдықтың қоғам мен санаға жасаған залалдарын көркем шебер бейнелеуімен ерекшеленеді. Қазіргідей жаһандану кезінде тамырымыз терең халқымыздың өткен тарихын бүгінгі ұрпаққа танытуда, сол арқылы ұлттық рух, діліне сақтай білуде тағылымы мол туынды болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. –340 б.

2. Әбдезұлы Қ. Қазақ прозасы және ұлттық идея. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 242 б.

3. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.

4. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 375 б.

5. Бисенғали З.Ғ. // М.Әбдіхалықовтың әдеби мұрасы және рухани-тәрбие мәселелері. М. Әбдіхалықовтың 70 жыл толуына арналған республикалық ғылыми теориялық конференция материалдары. – Ақтау, 2007. – 25 маусым. -4-8 бб.

6. Турсунова М. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века. – Алма-Ата: Наука, 1977. – с 181.

7. Өтенияз С. Сүйінғара // Маңғыстау. – 2006. – 19 мамыр.

8. Тілепов Ж. Алашқа айбын бола білген азамат // Маңғыстау 2006. – 2 қараша.

9. Нұрғалиев Р. Телағыс. Әдеби дәстүр мен әдеби даму. Монография. –Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.

10. Кекілбаев Ә. Сүйінғара. // Маңғыстау. – 2006. – 26 қазан.

ПРИМЕР ЛИЧНОСТИ В ИСТОРИЧЕСКОМ РОМАНЕ

Отарова А.Н. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: akmaral. otarova@ yu.edu.kz.

Көшкінбайқызы Л. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В статье "Пример личности в историческом романе" рассмотрены исторические условия в Мангистау в конце XIII начале XIX века,политические социальные проблемы, вопросы борьбы России и Хивинского ханства за Мангистау. В романе подробно рассказывается о становлении исторической личности главного героя

Суюнкары Ургенишбайулы, о героических подвигах при защите Земли и страны, об исторической личности как народного героя.

Ключевые слова: исторический, реальность эпохи, исторический деятель, типичный персонаж, данные, освободительная борьба, национальный дух, архивные данные, народная легенда, этнография.

PERSONAL LESSONS IN A HISTORICAL NOVEL

Otarova A.N. - Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: akmaral.otarova @ yu.edu.kz.

Koshkinbayevna L. - Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. The article "Personal lessons in a historical novel" deals with the historical situation in Mangystau in the late eighteenth and early nineteenth centuries, political and social issues, the struggle between Russia and the Khiva Khanate for Mangistau. The novel comprehensively reflects the formation of the historical personality of the main character Suyunkara Urgenishbayuly, his heroic deeds in the protection of the land and country, and his historical role as a people's hero.

Keywords: historical, reality of the epoch, historical figure, typical character, data, liberation struggle, national spirit, archival data, folk legend, ethnography.

ХҒТАР 03.20

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘСКЕРИ ҚҰРЫЛЫСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БӨЛІМДЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН РӨЛІ

Ережепова Р.Г.
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: rimma.yerezhepova@yu.edu.kz
Калменова Б.Т.
Астана Медициналық
университеті ҚЕ АҚ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
e-mail: bakhytgul.kalmenova@bk.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстанның Кеңес үкіметі жылдарындағы, соның ішінде 20-30 жылдардағы әскери құрылымының қалыптасу тарихы туралы баяндалып, Қазақстанның әскери құрылысының қалыптасуына большевиктердің саяси демагогиясының әсері мен кезеңдері қарастырылады. Бұл мәселеде қазақ зиялыларының ішіндегі Т.Рысқұловтың, А.Байтұрсыновтың ұлттық әскери құрылымдардың ұлттық әскери концепциясына байланысты пікірлері де ескеріледі.

Сондай-ақ, тоталитарлық режимнің қоғамдық – саяси өмірге әсері одақтас республикалардың орталықтанған Қарулы Күштерінің пайда болуы, тоталитарлық режимнің Түркістан аймағындағы түркі тектес тұрғындарды таптық белгілері бойынша жіктеп, Қызыл Әскердің тұрақты ұлттық әскери бөлімдерін құруы айтылады.

Азамат соғысы жылдарындағы қазақ әкери бөлімдерінің құрылу мақсаттарына, Кеңестік тоталитарлық жүйедегі ұлттық құрамалардың рөлі мен қызметіне шолу жасалынады.

Түйінді сөздер: әскери, азаматтық соғыс, Қызыл Әскер, идеология, тоталитаризм, Кеңес үкіметі.

Кіріспе. Жұмыстың өзектілігі.

Бұрынғы одақтық және автономиялық республикалардың тұрғындарын Қызыл Әскер қатарына Орта Азия мен Қазақстандағы азаматтық соғыс жылдарында қызмет етуге тарту кезеңдерінің ең күрделі кезеңділігіне сәйкес әскери ұлттық бөлімдердің құрылуында 1918-1921 жылдары Қазақ әскери комиссариатының басшылығымен Түркістан Автономиялық Республикасы құрамындағы қазақ ұлттық бөлімдерінің құрылу процесімен сипаталады.

1918 жылдың көктемінде Антанта елдері Кеңес үкіметі орнаған Ресейге қарсы ашық интервенция бастаған болатын. Антанда елдерінің әскерлерінің әрекеті солтүстік пен Қиыр Шығысқа басып кіруден басталған болатын. Ал, мамыр айында Кеңес үкіметі босатқан соғыс тұтқындарынан құрылған Контрреволюциялық топ бүлік ұйымдастырған болатын.

Антантаның көмегіне сүйенген ақ гвардияшылар Орынборды басып алып, Қазақстан мен Түркістанның кеңес үкіметі орнаға аудандарын бөліп тастады.

Осы жағдайға байланысты, 1918 жылы 14 маусым күні В.И. Лениннің Кеңес Қызыл Әскерінің ұлттық бөлімдерін ұйымдастыру туралы «Барлық еңбекші мұсылмандарға» деген үндеуі шықты[1].

Мәселенің тұжырымы: кеңес үкіметі жылдарындағы Қызыл әскер құрамындағы ұлттық бөлімдердің құрылуы, ұлттық бөлімдердің 20-30 жылдардағы қызметі мен рөлі.

Жаңалығы: Кеңес үкіметі жылдарында славян емес топтарға жатпайтын жергілікті түркі тектес халықтар арасынан әскер қатарына XX- ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан территориясында құрылған ұлттық құрамалардың құрылу процесімен сипатталатын кезеңі бар. Азамат соғысы жылдарында аталған құрамалардың Түркістан облысында құрылып, азамат соғысының күрделі оқиғаларына қатыса отырып, 30-шы жылдары орнаған тоталитарлық жүйедегі қызметі мен рөліне назар аудару қажет.

ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ

Аталған тақырыпты зерттеуде және ашу үшін кеңес үкіметі құрылғанға дейінгі оқиғаларды қарастыру қажет.

Патшалық Ресей Қазақ жерін толығымен XIX ғасырдың II жартысында жаулап алып, қазақ жерін үш әкімшілік құрамына бөліп тастаған еді.

Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда бір орталықтан басқарылатын әкімшілік болған жоқ.

Қазақстан азамат соғысы жылдарында біртұтас мемлекет болмағандықтан, шетел интервенциясы жылдарында осында құрылған Қызыл Әскердің ұлттық құрамдарын екі негізгі обылыстарға бөлуге болады. Алғашқысы, Түркістан Автономиялы Кеңестік Республикасы құрамына кіретін обылыстардың-Жетісу, Сырдария, Закаспий бhлімдерінің және Алтай губерниясының қазақтары мен басқа да орыс емес ұлттарын құрады.

Екіншісін, Қазақ әскери комиссариаты құраған Қызыл Әскерді ұлттық қазақ әскері бөлімдері құрады.

Зерттеу нәтижелері.

Тақырыптың нәтижелері XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы оқиғаларымен анықталады. Ол негізінен Кеңес үкіметінің тікелей құрылуымен байланысты. Большевиктер таңдаған жол Кеңес мемлекетіндегі барлық ұлттар мен халықтардың әскери одағын құру арқылы тоталитарлық мемлекет құру, 1918 жылы мамырда Халық комиссариатының құрамында ұлттық әскери комиссариаттарды құруға негізделді.

Большевиктер орыс емес ұлттарды пролетарлық бірлік пен интернационализм ұранымен біріктіріп, жалпыға бірдей теңдік пен бостандыққа уәде берді. Олар бұрынғы патшалық отарлардағы халықтарды Ресейдің барлық шовинизмімен күресуге бағытталған ұрандармен, Ресейдің барлық халықтарының біртұтас мемлекет шеңберінде ұлттық өзін-өзі анықтау құқығын жариялауға тартуға тырысты.

Реакциялық сипаты әсіресе 1920 жылдары, содан кейін 30-шы жылдары көріне бастаған большевиктердің саяси идеологиясы бұрынғы Ресей империясының шетіндегі сауатсыз және езгіге ұшыраған, большевизмнің түпкі саяси мақсаттарын түсінбейтін пролетариатқа бағытталған болатын.

РСФСР үкіметі тәуелсіз кеңестік республикалардың келісімімен сол сәтте бүкілодақтық үкіметтің қызметін атқарды. Кеңес республикаларының әскери күштерін біріктіру тәжірибесі болашақта Орта Азия мен Қазақстан халықтарын азат ету кезінде қолданылды. 1919 жылы қыркүйек айының ортасында Түркістан майданының әскерлері Кеңестік Түркістан әскерлерімен күш біріктірген кезде, оған ұлттық әскери дамуды орнатуда жан-жақты көмек көрсетуден бас тартты [3].

XX ғасырдың 20-жылдарында бірқатар авторлар этникалық шекаралас аймақтардың тұрғындарының Кеңес өкіметі үшін күреске қатысуы мәселелерін зерттеуге тырысқан.

Түркістан Автономиялық Республикасы Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Тұрар Рысқұлов өзінің брошюралары мен мақалаларында нақты фактілерге сәйкес Түркістандағы азамат соғысының негізгі оқиғаларына тоқталды.

Т.Рысқұлов алғашқылардың бірі болып Түркістанның жергілікті ұлт өкілдерінің Кеңес өкіметін нығайту үшін күреске қатысқандығын көрсетті [4].

Т.Рысқұловтың еңбектерінде Басмачидің пайда болу себептері негізінен экономикалық дағдарыстың салдарымен түсіндірілді.

1918 жылы қыркүйекте құрылған Түркістан ұлттық істер жөніндегі комиссариаты армияға жергілікті халықты тартудағы маңызды рөл болды.

Түркістандағы ұлттық-саяси жағдай қиын болды. Жергілікті халық орыс ұлтының өкілі болып табылатын большевиктердің революциялық үндеулеріне белсенді түрде жауап бермеді.

Мысалы, 1920 жылы 1 сәуірде Түркістан майданында 122656 адам болды, оның ішінде 7727 қазақ-қырғыз, 6130 өзбек болды. 1920 жылы 1 мамырдағы жағдай бойынша Түркістан майданында орыстар -69,7 пайыз, ал қазақтар-қырғыздар-6,3 пайыз, өзбектер-5,6 пайыз болды [5].

1919-1920 жылдар аралығында. алғашқы жеке қазақ атты әскерлер бригадасы қазақ территориясында құрылды.

1919 жылы 15 желтоқсанда Қазақ өлкелік әскери комиссариатында, сондай-ақ Қазақ уездік әскери комиссариаттарында: Ақтөбе, Темір, Ырғыз, Торғай, Букеевск облысында және Еділ-Каспийде 3 взвод құрамының жергілікті күзет ротасы құрылды.

Сонымен, 1918-1920 жылдардың аралықтарында шетелдік әскери интервенция және азаматтық соғыстар жылдарында әскери бөлімдерді құру жөніндегі Қазақ бөлімі және әсери істер бойынша Қазақ Комиссариаты Қызыл Әскердің 33 ұлттық бөлімін, оның ішінде кавалериялық бригада – 2 , кавалериялық полк -4, жаяу әскер полкі-1, бекініс полкі-1, атты әскер дивизиялары-1, күзет ротасы-8, пулемет взводы-1.

Қазақстанның қызыл әскерлерінің – қазақтарының жалпы деңгейін атап өте келе, Қазақстан аймақтық әскери комиссариаты 1920 жылы Ресей Республикасының Революциялық Әскери Кеңесіне жазған ескертуінде былай деп жазды: «Қазақтың атты әскер бөлімдерін құру және бақылау тәжірибесін ескере отырып, жеткілікті олардың ішінен кіші командирлер, нағыз атты әскерлер шығуы мүмкін: жылқыларды жақсы білу әдеті, Кеңес өкіметіне деген адалдығы, Қызыл Әскер қатарында қызмет етуге деген ұмтылысы, осының бәрі белгілі дайындықпен РСФСР-ге керемет нәтиже бере алады.

Қазіргі уақытта қазақтың қызыл атты әскерлерін құруға қадамдар жасалды, өйткені Борисоглб атты әскер курсынан келген қызыл командирлер, сондай-ақ қазақстандық Қызыл Армия ерлерінің өзі әскери істерге үлкен қызығушылық таныта бастады, бұл кіші командалық лауазымдарға алға жылжытылады»[6].

1920 жылдары қазақстандық әскери бөлімдерде 3878 Қызыл Армия жауынгері, 196 командалық құрам болды. Барлық құрамалар өте қиын жағдайларда және командалық құрамның, форманың, жабдықтың, көліктің жеткілікті саны болмаған жағдайда өтті. Торғай мен Орал облыстарының уездік қалаларымен байланыстың қиын жағдайында 1919 жылдың аяғында Омбыда Ақмола және Семей облыстарындағы қазақ жастарының арасынан Бірінші Сібір қазақ ерікті полкі құрылды.

Мұндай жағдайда большевиктер орыс емес ұлттардың адамдарды Қызыл Армия қатарына шақыруда еріктілік қағидасынан бас тартуға мәжбүр болды. Осыған байланысты Еңбек және қорғаныс кеңесі 1920 жылы 10 мамырда Сібірдің орыс емес ұлттарын, сонымен қатар Түркістанды және басқа да шеттерін Қызыл Армия қатарына шақыру туралы қаулы қабылдады. Түркі тектес ұлт өкілдерінің белсенділігінің күшеюі нәтижесінде олардың пайызы Қызыл әскери бөлімдері мен құрамаларында едәуір өсті: 1920 жылдың қыркүйегінде 2-ші Түркістан дивизиясының шартты құрамы: 2024 адам-қазақтар мен қырғыздар болды.

1920 жылдың аяғында жергілікті ұлт өкілдері Түркістан майданы жеке құрамының 33 пайызын құрады. 1919 жылдың күзінде алғашқы үлгілі қазақ кеңестік атты полкі құрылды, ол кейін Батыс Қазақстан қазақтары есебінен құрылған жеке атты атты бригадаға, атты әскерлер бригадасына берілді.

Кеңес республикаларының әскери-саяси одағын құру үлкен маңызға ие болды, ол Қызыл Әскерді күшейтіп, азаматтық соғыстағы жеңіске ықпал етті.

Большевиктер Түркістандағы жергілікті түркі халқын таптық жағынан бөліп, Қызыл Армияның тұрақты әскери бөлімдерін құра алды.

1920-1930 жылдары, коммунистік тоталитарлық жүйе КСРО халықтарына геноцид жариялаған кезде, ұлттық бірліктерді құру жоспарлары айқын болды.

Тоталитарлық режим қоғамдық және саяси өмірдің барлық салаларында орнатылды. Оның Қазақстандағы көріністері 1937-1938 жылдардағы күштеп ұжымдастыру және саяси қуғын-сүргін кезеңіндегі қайғылы оқиғалармен қатар жүрді.

Қазақстанға одақтас республика мәртебесін беретін аймақтағы әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар, мәдени құрылыс, халық ағарту және ғылым саласындағы жетістіктер тоталитарлық режимнің қатал идеологиялық қысымымен өтті.

КСРО-ның құрылуы одақтас республикалардың Қарулы Күштерін орталықтандырылған басқаруға алып келді. Алайда республикалардың толық қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету үшін ұлттық бөлімдерді ұйымдастыру мәселесі туындады.

М.В. Фрунзе әзірлеген және РКП (б) XII съезінде бекітілген жаңа қоғамдық формациялар құру жоспары әскери реформаға енгізілді. Ол міндетті түрде әскери қызмет туралы заңды орыс емес ұлт өкілдеріне тарату, оларды Қызыл Әскер қатарына тарту мақсатында жинақталған есеппен салынған.

Қорытынды. Қазақ әскерінің құрылуының негізгі алғышарттарын азамат соғысы жылдарымен байланыстыру керектігіне назар аудару қажет. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін үкімет халықты бейбіт құрылысқа көшіруді қолға алды. Қызыл Әскердің сандық құрамы қысқартылып, ұлттық бөімдер таратылды. 1924 жылдың аяғында Революциялық әскер Кеңестің кеңесі ұлттық бөлімдер мен құрамаларды құрудың жоспарын бекітті, бұл жоспарда Өзбек КСРІ-і, Закавказье Кеңестік Федеративтік Республикасы, Тәжік, Қырғыз, Бурят-Моңғол, Якут, Татар және Башқұрт АКСР-інде және тағы басқа жерлерде ұлттық әскери бөлімдер мен құрамаларды кеңейту мәселесі қаралған еді. Қысқа уақыт ішінде Қызыл Армияның ұлттық бөлімдерін ұйымдастырудың бесжылдық бағдарламасын басшылыққа ала отырып, әртүрлі әскери мектептер құрылды, соның ішінде түрікмендерге, тәжіктерге, қазақтарға және қырғыздарға арналған Ташкент әскери мектебі шамамен саны жағынан бірдей және 48-ші Қазақстан Кавалериялық полк қосымша түрде құрылды.

1925 жылы мамырда болған КСРО Кеңестерінің III съезі Революциялық Әскери Кеңестің Қызыл Әскердің ұлттық құрылымдары саласындағы жұмысын мақұлдап, Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетіне және КСРО Халық комиссарлар Кеңесіне «Социалистік Отанды қорғау ісінде» Кеңес Одағының барлық халықтарының мүдделеріне сәйкес ұлттық құрамалардың белгіленген жоспарын орындауды қамтамасыз етуді тапсырды. Съезд шешімдерінде жаңадан құрылған бөлімдер өзінің жауынгерлік қабілеті жөнінен жұмысшы-шаруа Қызыл әскерінің бұрыннан келе жатқан бөлімдерінен артта қалмауы үшін ұлттық бөлімдерді құру жоспарын бірте-бірте әске асыру қажет екенін басты назарда ұстады. 20-30 жылдары Кеңес өкіметінің ұлттық ұжымдастыру мен репрессияға қарсы көтерілістерге қатысқан қазақ халқына қарсы ұлттық ұлттық әскери бөлімдері белсенді қолданылды, бұл ұлттық бөлімшелер Қызыл Әскер бөлімдерін құрудың шынайы себептерін ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы. А.: «Білім», 1999. - С. 166.

2. Бакаев Л.К. , Национальная безопасность Республики Казахстан(в контексте истории и современности) Политика. [Советской власти по национальным делам за три года 1917-1920. М, 1920. стр 163. ЦГА РФ.] А,: Елорда, 2000. -53 с.

3. Там же. Деятельность ЦК РКП(б) и В.И. Ленина по укреплению военно-политического единства советских республик(1917-1920г.г) Военный политический журнал, №1, 1969. -14с.

4. Там же. Революция и коренное население Туркестана. Сборник важнейших статей, докладов, Ташкент, 1925

5. Бакаев Л.К. , Национальная безопасность Республики Казахстан(в контексте истории и современности) Политика. [Советской власти по национальным делам за три года 1917-1920. М, 1920. стр 163. ЦГА РФ. стр 55. ЦГА ВС РФ, Ф 4. оп 12. л 38.] А,: Елорда, 2000.

6. Бакаев Л.К., Национальная безопасность Республики Казахстан(в контексте истории и современности) [ЦГА ВС РФ, Ф 2908. оп 1. л 43.]

7. История Казахстана с древнейших времен до наших дней(очерк), НАН РК, институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, иститут археологии им. А.Х. Маргулана, фонд развития Казахстан, А.: Дауир, 1993. -324 с.

РОЛЬ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЧАСТЕЙ В ИСТОРИИ ВОЕННОЙ СТРУКТУРЫ КАЗАХСТАНА

Ережепова Р.Г. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: rimma.yerezhepova@yu.edu.kz.

Калменова Б.Т. - НАО Астанинский Медицинский Университет, e-mail: bakhytgul.kalmenova@bk.ru.

Аннотация. В статье рассматриваются национальные структуры, их состав, расположение, обзор боевых действий, документальные сборники по организации национальных частей Красной Армии. В статье описывается история формирования военной структуры Казахстана в годы Советской власти, в том числе 20-30 годы XX века, а также рассматривается влияние и этапы политической демагогии большевиков на формирование военной структуры Казахстана. В этой связи учитываются взгляды казахской интеллигенции Т. Рыскулова, А. Байтурсынова на национальную военную концепцию национальных военных структур.Влияние тоталитарного режима на общественно-политическую жизнь заключается в возникновении централизованных Вооруженных Сил союзных республик, тоталитарный режим классифицирует тюркское население Туркестанской области по классам и создает постоянные национальные воинские части Красной Армии.

Приведен общий обзор к формированию казахстанских воинских частей в годы Гражданской войны, роли и деятельности национальных сборных в советской тоталитарной системе.

Ключевые слова: военные, гражданская война, Красная Армия, идеология, тоталитаризм.

ROLE AND ACTIVITIES OF THE NATIONAL UNITS IN HISTORY IN THE MILITARY STRUCTURE OF KAZAKHSTAN

Yerezhepova R.G. - Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: rimma.yerezhepova@yu.edu.kz.

Kalmenova B.T. - Astana Medical University, NAO, e-mail: bakhytgul.kalmenova@bk.ru.

Abstract. The article examines national structures, their composition, location, review of hostilities, documentary collections on the organization of national units of the Red Army. The article describes the history of the formation of the military structure of Kazakhstan during the years of Soviet power, including the 20-30s of the twentieth century, and also examines the influence and stages of the political demagogy of the Bolsheviks on the formation of the military structure of Kazakhstan.In this regard, the views of the Kazakh intelligentsia of T. Ryskulov and

A. Baitursynov on the national military concept of national military structures are taken into account.

The influence of the totalitarian regime on social and political life lies in the emergence of the centralized Armed Forces of the Union republics, the totalitarian regime classifies the Turkic population of the Turkestan region by classes and creates permanent national military units of the Red Army.

Gives a general overview of the formation of the Kazakh military units in the years of the Civil War, the role and activity of national teams in the Soviet totalitarian system.

Keywords: military, civil war, Red Army, ideology, totalitarianism, Soviet government, military commissariat.

ӘОЖ 94 (574)

КӨШІ-ҚОН ҮРДІСІНІҢ МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ӘСЕРІ

Табылдиева О.Д.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: oryngul.tabyldiyeva@yu.edu.kz

Аңдатпа. Мақалада барлық әлеуметтік орын ауыстырулар, халықтың территориялық жылжуының себептері мен ерекшеліктері, көші-қон процесінің өңірдің ұлттық бейнесінің өзгеруі тигізген әсері, тәуелсіз мемлекетке айналған сәттен сыртта мекендеген қазақтардың Қазақстанға қайта келуі мәселелерінің негізі ашып көрсетілген.

Түйінді сөздер: сыртқы көші-қон, ұлттық құрам, демография, халық санағы.

XX ғасырда Қазақстанның демографиялық дамуындағы басты ерекшелік халықтың сандық және сапалық дамуында табиғи өсім емес, көші-қон ықпалының басты рөл атқаруы. Ғасыр бойы жүрген көші-қон халықтың көп ұлтты құрамын қалыптастырып, республиканың саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуын айқындап, қазақ ұлтының дәстүрлі даму бағыттарына күрделі өзгерістер енгізді. Көші-қон процестері XX ғасырдағы Қазақстанның этнодемографиялық дамуында, халықтың көп ұлттануында ерекше, басты рөл атқарды. Халықтың жалпы санының өсуі табиғи қозғалыспен қатар көші-қон процестеріне тікелей байланысты.

Соғыстан кейінгі жылдары республика бойынша да, соның ішінде Маңғыстау бойынша да қазақ емес ұлттардың үлестік мөлшерінің өсуіне әсер еткен тағы бір көші-қон шарасы Бүкілодақтық екпінді құрылыстар ретінде жарияланып, одақ көлеміндегі халықтардың едәуір бөлігін қозғалысқа келтірген ірі өнеркәсіп орындарының құрылысына байланысты. Қазақстанның табиғи ресурстарын шаруашылық айналымға тарту үшін соғыстан кейінгі жылдары республикада индустрияландыру процесі жалғастырылды. Барлық облыстарда дерлік ірі өнеркәсіп нысандары салына бастады.

Кеңес үкіметінің Қазақстандағы осындай көші-қон саясатының нәтижесінде 1955-1970 жылдары республикадағы ауыл халқы 4915 мыңнан 6503 мыңға өсті. Соған қарамастан, ауыл халқының үлесі төмендеді. Мысалы, 1968-1969 жж. Маңғыстаудағы ауыл халқы үлесі 3,9%-ға кеміді [1]. Ауыл халқы құрамының өзгеруіне республиканың өз ішіндегі көші-қон да әсер етті. 1968-69 жж. республикадағы қоныстанушылардың 295,6 мыңы (45,7%) ауылдық жерлерден келгендер болды. Ауыл жастарының ішінде мектеп бітірген соң қалаларға, жоғарғы оқу орындарына кетуі, сол жақта жұмысқа қалуы, әскер қатарына шақырылып, кейін туған ауылға қайтып оралмауы жиі кездесті. Кейбір кезде олардың қалаға орналасуға мүмкіндігі болмады. Мысалы, Маңғыстау мұнай кәсіпкерліктерін игеру кезінде үкімет ауыл адамдарын ұжымшар-кеңшарларды тастап кетпесін деген сылтаумен қала кәсіпорындарына жұмысқа алуға тыйым салды. Өңірге вахталық әдіспен жұмыс істейтін өзге ұлт өкілдері келді. Тұрғылықты халықтың саны мен үлесі көшіп келген басқа ұлт өкілдері неғұрлым көбейген сайын азайып, төмендей түсті.

1962 жылы 20 қаңтардағы СОКП ОК-ң БЛКЖО ОК-не жолдаған хаттамасында «Қазақстанда жұмыс қолының қажеттігіне байланысты 54 мың жастарды (30 мыңын ауыл шаруашылығына, 2400 адамды ірі құрылыстарға) жіберуін өтініп, объектілер ішінде Маңғыстау мұнай өнеркәсібін игеруді де Бүкілодақтық «Екпінді жастар құрылысы» - деп жариялауды тапсырды [2].

1962 жылы республикадағы өзге де объектілермен бірге Маңғышлақ мұнай өнеркәсібін игеру үшін, аймақты Бүкілодақтық Екпінді жастар құрылысы ретінде жариялады. Маңғыстауды игеруге 12 одақтық, 11 автономиясы республикалар мен 4 автономиялы облыстың өкілдері қатысты.

1965-1975 жылдары арнаулы қабылдау бөлімдері арқылы өнеркәсіп орындарына Украина, Беларус, Өзбекстан, Литва, Молдавия, Қырғыз, Тәжікстаннан 115 мың адам қоныстандырылды [3].

Қазақстан бойынша 1960 жылдың екінші жартысынан бастап халық өсіміндегі көші-қон процестерінің үлесі төмендей бастады: 1960 ж.- 36,4% болса, 1961-65 жж. 19,6%, 1966-1970 жж. 13,2%. Ал, Маңғыстау өңірінің интенсивті дами бастауы арқасында жаңа өнеркәсіпті өңірге көші-қон белсендірілді. 1960-70 жылдары Маңғыстауда мұнай өнеркәсібінің орталығы қалыптасуына орай халық саны 70%-тен аса өсті [4]. КСРО-ның басқа республикаларынан келгендер көші-қоны арқасында 1979 ж. өз облысындағы қала халқының үлесі жағынан 1-орынға республика бойынша Маңғыстау облысы шықты (87%).

1970-1973 жылдар ішінде Маңғыстау түбегіндегі тұрғындар өсімі көші-қон есебінен 19,1 мың адамды құрады. Бұл Маңғыстаудағы байлықтарды игеру үшін республика облыстарымен бірге одақтас республикалардан келген көші-қоншылар есебінен облысты жұмыс күшімен қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылды. Жаңа Өзен қаласында халық саны осы жылдары 5,1 мың, Маңғыстау поселкесінде 2,1 мың, Бейнеу поселкесінде 1,4 мың, Шетпе поселкесінде 0,8 мың, Сай-Өтес поселкесінде 408 адам болды. Ал, экономикасының даму дәрежесі төмен аудандарда әлеуметтік-тұрмыс дәрежесі де төмен болды. Бұл, өз кезегінде, халықтың көші-қонын белсендіріп, бұл жерден екінші жерге көшіп-қонып қоныстануын жиілетті. Қозғалысқа көп түсетін ер адамдар. Келушілер арасында ерлер үлесі көп болды.

1960-шы, 1970 жылдардағы Маңғыстау мұнайын игеру, урбанизация, балық шаруашылығын дамытуға байланысты сырттан көші-қонның белсендірілуі 1970 ж. санақта 20 жастан жоғары жастағылардың, ерекше ер адамдардың үлесінің өсуіне әкелді. 1959-1989 жж. Маңғыстау халқы 288459 адамға (8,1 есе 35,7 мың адамнан 324,2 мың адамға өсті). 1970 ж. санақта Маңғыстаудағы қала халқының саны 88,5%-ға өсі (1959 ж.- 41,6%). Халық санының күрт өсуі мұнай-газ өнеркәсібінің дамуына байланысты сырттан мамандар мен жұмысшылардың келуіне байланысты.

1959-1989 жылдар аралығында Маңғыстау облысындағы қала халқы 15,2 мыңнан 287,2 мың адамға өсіп, 19 есе көбейді. Жылдық өсім 9 мыңды құрады. Бұл ішкі факторлар есебінен деу мүмкін емес. Сол жылдары ауыл халқы Маңғыстауда 20,5 мыңнан 37,0 мыңға өскен, бұл өсу қарқыны шындықпен үйлеседі. Сонда, облыс халқы көпшілігін сырттан келгендер құрайтын қала халқының өсімі есебінен өскен.

Этникалық құрылым көпұлттық сипат алып, ұлттық бейнесінің өзгеруі Маңғыстаудағы халықтың қалыптасуы мен жоғарғы өсімді көрсетудегі көші-қон процестерінің нәтижесі болып табылады. Маңғыстау облысы халқының 1959-1989 жылдардағы өсімінің механикалық қозғалыс есебінен жүруі осы аймақтағы ерекшелік болып табылады. Себебі, басқа жерлердегі халық өсімі – табиғи қозғалыс есебінен болған. 1959-1970 жж. облыс халқы 4,4 есе өсті. 1970-1979 жж. орыс халқының өсу қарқыны қазақтардан артық болды, тиісінше 39 мың және 36 мың адамға өсті. 1979 ж. бастап жағдай өзгере бастады. Облыс халқы қазақтар санының өсіміне байланысты көбейді. Осы кезеңде олар 108,2 мыңнан 165,0 мың адамға өсті. Ал, орыс ұлты 7 мың адамға ғана өскен. Басқа ұлт өкілдерінің де өсу қарқыны баяулады. Бұдан Маңғыстаудағы көші-қон процестерінің сипаты туралы қорытынды шығарайық: 1979 ж. дейін халық Маңғыстаудан және Қазақстаннан тыс жерлерден келген көші-қоншылар есебінен өссе, кейінгі онжылдықтарда аймақ аралық қозғалыстағы қазақ ұлты өкілдерінің көші-қоны есебінен өсті. 1959-1970 жылдары жылдық халық өсімі 11222 адам болса, 1970-79 жылдары 9956,

1979-1989 жылдары 7540 адамды құрады. Бұның өзі Маңғыстаудағы көші-қон процестерінің мөлшерінен хабардар етеді. Маңғыстауда қалыптасқан этникалық құрылым ұзаққа созылған көші-қон процестерінің нәтижесі.

1989 жылы Украина, Өзбекстан, Тәжікстан, Армения, Түрікмен, Эстон қалаларынан Қазақстан қалаларына қазақтар көші-қоны жүрді: 16642 қазақ келсе, 10130 қазақ кеткен. Өсім-6512 адам. Жергілікті жерлерде көші-қоншылармен тұрғылықты халық арасында себептері әлеуметтік және экономикалық даму ерекшеліктеріне қатысты болғанымен ұлтаралық араздықтың көрінісі ретінде қарауға болатын кикілжің жағдайлар да кездесіп отырды. Мысалы, 1989 жылы май айындағы Жаңа Өзен оқиғасы бүкіл Маңғыстау түбегін қамтыды. Жергілікті тұрғындар мен Солтүстік Кавказдан шыққан тау халықтарының (лезгиндер, шешендер, ингуштар, әзірбайжандар) арасындағы кикілжің 9 мың таухалықтарының кетуіне себеп болды және бірқатар жұмыс орындары бос қалды. Нәтижесінде Маңғыстау облысындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды қалпына келтіре бастаған соң, Түрікменстан мен Қарақалпақ жерлеріндегі қазақтар туған жеріне қайта бастады.

Көші-қон процестерінің түсініктемелерін нақтылап кетейік. Көші-қон (миграция) деп барлық әлеуметтік мәнді орын ауыстырулар, халықтың территориялық жылжуын айтады. Халықтың қолайлы көші-қоны экономикалық және әлеуметтік жылжудың міндетті шарты болып табылады. Көші-қонды мәніне қарай төмендегіше бөлуге болады: иммиграция (елге тұрақты және уақытша тұруға келу), эмиграция (елден тұрақты қоныс аударып кетуі), сондай-ақ республика ішілік көші-қон. Оның өзі облысаралық және ауданаралық болып бөлінеді. Біздің ерекше назар аударатынымыз иммиграция мен эмиграция, сондай-ақ ішкі миграциялар. Иммиграция мен эмиграция тұрақты тұру, орнын ауыстырумен байланысты. Қазақстан үшін бұл екі процесс қолайсыз саяси жағдайлармен байланысты емес, өйткені республикада діни сенімі, этникалық, әлеуметтік және өзге де сипаты жағынан қудалау байқалған жоқ. Алайда, сөзсіз, эмигрантқа да адам құқығынан тыс әр түрлі себептерге байланысты этникалық, тілдік, кәсіптік, әлеуметтік-тұрмыстық, экономикалық қолайсыздықтар тууы мүмкін. Бұл әсіресе, қазақтардың Қытайдан, Моңғолиядан, Ресейден, Өзбекстаннан, Түркменстаннан елге қайтуына байланысты.

Республикааралық және халықаралық көші-қон динамикасы қазақ этносын Қазақстан Республикасында жинау мен өзге этностарды шығу орнына қайтару бағытын ұстанды.

Қазақстандағы көші-қон ағымының XX ғасырдағы ерекшелігі 1970-жылдарға дейін келушілер белсенділік көрсетсе, 1970-жылдан бастап Қазақстанға иммиграциялық (келу) ағынының әлсіреп, кету үрдісінің күшейгендігі байқалды. Нәтижесінде механикалық қозғалыста айтарлықтай теріс айырма (сальдо) қалыптасты, яғни республикадан кету көлемі артты. Сөйтіп, 1970-1995 жылдары Қазақстаннан кету-келуден асып кетуі есебінен 2,6 миллион адамынан айрылды. Көрсетілген 25 жылдың ішінде теріс айырма шыңы 1994 жылға келді. Мұнда көші-қон шығыны 410,4 мың адамға жетті.

Маңғыстау облысының халқының құрамындағы XX ғ. соңында жүрген өзгерістерге себеп болған көші-қон процестеріне тоқталайық.

1989-1998 жылдар аралығында Маңғыстау облысына барлығы 53287 адам көшіп келіп қоныстанды. Олардың 83,5% немесе 44475 адамы-шетелдер мен Қазақстанның өзге облыстарынан қоныс аударған қазақтар. Соның ішінде 28,2% ғана (12552 адам) Қазақстанның басқа облысынан келгендер. 30690 адам ТМД және Балтық жағалауы елдерінен келгендер, 1233 адам алыс шетелдерден келгендер. Осы екі санақ аралығындағы механикалық қозға-лыстағы өзгерістерге келсек, 10 жылда елге шетелдерден 1145,8 мың адам келсе, 3108,4 мың адам кеткен. Көші-қон процесі он жыл ішінде 1962,6 мың адамдық кері айырымды көрсетті. Екі санақ арасындағы республика халқының мәнді өзгерісі-кемуі-сыртқа көші-қондағы теріс сальдоның көрсеткіші болып табылады. Қазақстаннан

сыртқа көші-қонның ерекше белсенді түрде жүрген жылдары 1992-1995 жылдары. 10 жылда сыртқа кеткендердің 48% осы жылдары кеткен.

Қазақстан егеменді, тәуелсіз мемлекетке айналған сәттен сыртта мекендеген қазақтардың Қазақстанға қайта келуі оларға оралман статусын бергізді. Маңғыстауға 1989-1998 жылдар аралығында 31923 оралман келген екен. Маңғыстау жерінің географиялық орналасу ерекшелігіне сәйкес көрші мемлекетпен қатысына байланысты, сондай-ақ, XIX ғасырдан бергі тарихи экономикалық арақатынасының даму ерекшелігіне сай оралмандардың көпшілік дені Түркменстаннан қайтқан қазақтар болды-22746 адам. Бұлар Маңғыстау облысына көшіп келген қазақтардың 51,1%, ал ТМД елдерінен келген қазақтардың 74,1% болып табылады. Атап айта кету керек, Маңғыстау облысына осы жылдары Қазақстанға келген орамандардың 20%-ы орналасқан. Бұл ресми ақпарат бойынша берілген мәлімет.

Еліміздегі көші-қон және демография агенттігінің мәліметтері бойынша, 1991-2000 жылдың аралығында тәуелсіз Қазақстан жеріне 42387 қазақ отбасы немесе 183652 адам көшіп келген. Осы қоныс аударып келгендердің 60%-ТМД елдерінен: Өзбекстаннан-62737, Түрікменстаннан-22055, Тәжікстаннан-10476, Ресейден-8490 болса, алыс шетелдерден: Монғолиядан-65202, Ираннан-5030, Түркиядан-3780, Ауғанстаннан-1719, Қытайдан-2214, Пәкіс-таннан-1102 және т.б. 1989-1998 жылдар аралығында Маңғыстау облысына шетелдерден келген-38777 адамның 31923-қазақтар болды (82,3%) [5]. Бұл Қазақстан бойынша, Оңтүстік Қазақстан облысынан кейінгі екінші орындағы көрсеткіш. 2000 жылы республикаға келген көші-қоншылар Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстары мен Алматыға қоныстануда.

XX ғасырдың 1960 жылдарында республикадағы барша халықтың басым көпшілігі ауылдық жерлерде тұрып келсе, кейінгі урбанизация нәтижесінде 70-80-жылдары ауыл халқының үлес салмағы төмендеп, қала халқының саны мен үлесі ауыл тұрғындарына қарағанда өсе бастады. Оның өзіндік себептері де болды. Атап айтқанда: XX ғасырдың 70-80-жылдарында қала тұрғындарының тұрмысының жақсара түсуі; техникалық білім алу қажеттігінің артып, қала кәсіпорындарына арнайы мамандықтары бар ауыл жастарының орналаса бастауы; жалпы мүмкіншілігі бар республика ауыл тұрғындарының қалаларға көшіп келу көрсеткіштерінің арта түсуі. Нәтижесінде Қазақстандағы қала тұрғындарының саны ауыл тұрғындарынан басым бола бастады. 1989 жылы Қазақстан қалаларында республика халқының 56,7%-ы немесе 918,2 мың адам тұрды. Ал, ауылдық жерлерде 7 016,5 мың адам немесе ел халқының 43,3 %-ы мекендеді [6]. 1989 жылдың 1 қаңтарына Қазақстандағы 16 жасқа дейінгі жас тұрғындардың да басым көпшілігі қалаларда тұрған. Осы кезеңдегі қала халқының басымдылығы республика облыстарының көпшілігінде болды.

Елбасымыз 2010 жығы халыққа Жолдауында 2020 жылға қарай республика халқының саны 10 пайызға өсуі үшін мемлекет барлық мүмкіндіктерді жасайды [7] деп қазіргі кезеңдегі еліміздің дамуының басым бағытына ерекше көңіл бөлді. Мемлекеттілігіміздің, тәуелсіздігіміздің негізін қалап, қуатты нарықтық экономика құрған соң алдымызға өмір сапасы жоғары, бәсекеге барынша қабілетті ең дамыған 50 елдің қатарына қосылу міндеті қойылғаны белгілі. Осы міндетті жүзеге асыру халық санын өсіру мақсатымен тығыз байланысты. Себебі, еліміздің экономикалық дамуы мен ұлттық біртұтастығымызды, еркіндігімізді сақтар негіз халық болып табылады. Табиғи өсіммен бірге көші-қон мәселесінің сабырлы саясаттың, тұрақты экономиканың, құқықтық қатынастардың, ұлтаралық достық пен келісімнің негізгі тіректерінің бірі ретіндегі рөлі көтерілуде. Еліміздегі демографиялық ахуалда оң өзгерістерге қол жеткізу үшін көші-қон мәселесіне басымдылық беріп, табиғи өсімді ынталандыру мемлекетіміздің демографиялық саясатындағы басты бағыттарының бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚРОМА. 585-қ., 5-тізбе, 30-іс, 105-п.
2. Респ.партия мұрағаты. 708-қ., 35-т., 105-к., № 7 хаттама, 33-бөлім, 145-б.
3. Асылбеков М.Х., Нұрмұхамедов С.Б., Пан Н.Г. Рост индустриальных кадров рабочего класса в Казахстане. -Алматы: 1968.- 84с.
4. Москвина Г., Мельдеханова М. Территориальная подвижность населения и процессы урбанизации в Казахстане. В кн.: Население и трудовые ресурсы Казахстана (тенденции и прогнозы). -Алма-Ата: 1979. -С.90.
5. Итоги переписи населения 1999 г. по Мангистауской области. Т.1... -С.57.
6. Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2000. С. 8-13.
7. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа онжылдық – жаңа тарихи белестер: жетістіктер, мәселелер және стратегиясы» ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. // Егеменді Қазақстан. – 2010, ақпан – 28.

ВЛИЯНИЕ МИГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ НА ДЕМОГРАФИЧЕСКУЮ СИТУАЦИЮ В МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Табылдиева О.Д. - Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш.Есенова, г.Актау, Казахстан, e-mail: oryngul.tabyldiyeva@yu.edu.kz.

Аннотация. В статье раскрывается сущность миграционных процессов, причины их возникновения и особенности. Основная часть статьи отражает влияние миграции на этнический состав населения и проблемы возвращения казахской диаспоры на историческую Родину после приобретения независимости.

Ключевые слова: внешняя миграция, этнический состав, демография, перепись населения

IMPACT OF MIGRATION PROCESSES ON DEMOGRAPHIC SITUATION IN MANGISTAU REGION

Tabyldieva O. - S.Yessenov Caspian University of Ttechnology and Eengineering., Aktau, Kazakhstan, e-mail: oryngul.tabyldiyeva@yu.edu.kz.

Abstract. The article reveals the essence of migration processes, the reasons for their occurrence and features. The main part of the income item is from the ethnic composition of the population and the problems of the return of the Kazakh diaspora to their historical homeland after gaining independence.

Key words: external migration, ethnic composition, demography, population census

ӘОЖ 82-151

ТАРИХИ ТҰЛҒА- ТОБАНИЯЗ ӘЛНИЯЗҰЛЫНЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ

Отарова А.Н.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: akmaral. otarova@ yu.edu.kz

Аңдатпа. Ғылыми мақалада белгілі жазушы Маршал Әбдіхалықовтың әңгімелеріне шолу жасай отырып, ондағы негізгі рух ұлттық сипаттың басымдылығымен байланысты екендігі пайымдалған. Қаламгер шығармаларындағы азаматтық ұстаным, ұлттық рух сияқты халықтық мәселелер талданып, олардың маңыздылығын туындылары арқылы негіздеген. Сонымен қоса М.Әбдіхалықов әңгімелеріндегі адамгершілік аясы, ұлттық ерекшеліктермен бейнеленген қоғам қайраткері Тобанияз Әлниязұлы бейнесі арқылы жан -жақты талдау жасалынған. Әңгімелерінің басты кейіпкерлерін прототиптік негізде ала отырып, өзіндік көркемдік қиял, ойдан шығару шешімін де үйлестіре қолданатындығы сарапталған.

Түйінді сөздер: Философиялық проза, көркемдік ерекшелік, стиль, поэзия, ұлттық үрдіс, эпитет, метафора, эстетикалық көзқарас.

Ел-жұртының тағдырын өз тағдырынан жоғары қойған, халқының амандығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ тарихының тұлғалары ұлт тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Халқымыздың тарихында тотолитарлық жүйенің әсерінен тарихи маңызы жоғары оқиғалар мен халқымыздың талайлы тағдыры тудырған көтерілістер, оның басшылары туралы деректер шындықтан мүлдем алшақ жазылды. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында ғана тарихи мәселелердің шынайылығына көз жеткізу жүзеге аса бастады. Жетпісінші жылдардың өзінде М.Әбдіхалықовтың туған жерінің, өлкенің тарихи тұлғалары “халық жауы” ретінде жазықсыз жапа шеккен, кейін ақталған көрнекті қоғам қайраткерлері Тобанияз Әлниязов, Оразмағамбет Тұрмағамбет, Төлесін Әлиев, Нұрсұлтан Оңалбаев, Жалау Мыңбаев, Сыдиық Жұбаев т.б. туралы очерктер жазуы – оның тарих, қоғам алдындағы үлкен еңбегі, ерлік ісі деуге болады [1].

Маршал Әбдіхалықовтың “Жұлдыз” журналында жетпісінші жылдары “Қаратөбе келісімі” очеркі жарияланды. Очеркте 1918 ж. тұңғыш Адай ревкомының төрағасы болып сайланған кеңес өкіметін ақгвардияшылардан қорғау, елді сауаттандыру, елшілік, шаруашылық істерімен айналысқан қоғам қайраткері, шешен, би 30-жылдардағы қуғын-сүргіннің құрбаны болып “халық жауы” ретінде атылған Тобанияз Әлниязұлы туралы баяндалады. Тобаниязның бейнесін тұңғыш рет әдебиетте бейнелеген – халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылов еді. Сәттіғұл ақын Тобаниязды көзі көрген, оның халқына істеген қызметін, Адай ревкомының тұңғыш төрағасы болып сайланғанын, артынан қатал тағдыр шырмауында темір тордан босана алмай, “солақай саясат құрбанына айналғанына куә болған. Осы жайларға байланысты Тобанияз Әлниязұлына арнап “Тобанияз туралы толғаулар” атты екі үлкен жыр-толғау шығарған. (“Тобанияз хан тұрғанда” (1918), “Тобанияз ұсталғанда” (1929). Ал Тобаниязның тарихи тұлғасын көркем әдебиетте екінші рет сомдаған Қ.Бекхожин. Бұған ақынның өзі айтқандай, Әлібидің үлкен ықпалы тигені сөзсіз. Әйтпесе ақын оны білмеуші еді. Ол кезде Тобанияз Әлниязов “жабық тақырып” болғандықтан, комиссар Маңғыстау сапары, Тобаниязбен кездесулерін жасырын түрде айтқан. Сол себепті поэмада Тобанияз есімі “Атанияз” деп өзгертілген

болатын.“Тобанияз есіміне кесір кезеңі салған тозаңды тазалауға тұңғыш талпынған марқұм Маршал Әбдіхалықов. Компартия айға азуын білеп тұрған уақыттың өзінде ол осы тақырыпқа қалам тартты… – Жалпы Тобекең жайлы бір сүбелі шығарма жазу жоспарымда бар, – деп жүретін еді қайран Маршекең. Амал не, сұм ажал ол арманына жеткізбеді ғой” – деген Ә. Спан дерегіне сүйенсек Тобанияз Әлниязовтың тарихи бейнесін баспасөз бетінде алғаш рет танытқан Маршал Әбдіхалықов екендігіне шүбәсіз көз жеткіземіз.[2] Очерктен “Тобанияз Әлниязұлы кім болған?” деген сауалға жауап ала аламыз. Ол 1918 жылы қазақ даласының төтенше комиссары Ә. Жангелдин Қаратөбеде өткізген 12 болыс өкілдері съезінде сайланған Адай төңкеріс комитетінің төрағасы. Әрине, бұл орынға ел мүддесін қорғай алатын, түбек халқын етене білетін, тиісті орындарда қажетті сөзін айта алатын би, өткір, әділ, шешен ұйымдастырушылық қабілеті зор, Тобанияз сияқты үлкен жүректі Адай елінің бетке ұстар азаматының ғана қолынан келетінін ел ақсақалдары ұсынысымен ұйғарып, ұсынған. Шағын очерктің өзінен көптеген тарихи жайттарға қанығуға болады. Бұдан М. Әбдіхалықовтың сол жетпісінші жылдардың өзінде Тобанияз Әлниязұлы туралы тиісті мәліметтерді білгендігін, оны толықтай жариялауға заманы мүмкіндік бермегенін аңғарамыз.

Қаламгер Тобанияз бейнесіне бұдан әрі дендей түсіп “Жау мен жау”, “Алданияз” әңгімесінде (“Екі әңгіме”) “Ынтызар жүрек лүпілі”, “Ленин тапсырмасы” повестерінде оралып отырады. “Қаратөбе келісімі” очеркі зерттеу негізінде жазылғандығымен құнды. Себебі, автор осы тақырыпты жазу үшін мұрағат деректері, әскери құжаттармен жұмыс жасаған, кәріқұлақ шежіреші қариялардан Тобаниядың көзін көрген Жазмағанбет Қызылбаев, туысқаны Бүркітов Айтуар, ғұлама ғалым Әлкей Марғұландардың естеліктері негізінде баяндау әдісімен деректерді келтіре отырып жазады. Очеркте Қазақстан тарихына “Қаратөбе жиыны” деген атпен енген оқиға Маңғыстау түбегінде 1918 жылдың 22-25 сентябрь (қыркүйек) күндерінде өтеді. Оқиғаның болуына Әліби Жанкелдиннің интернационалдық отрядының Маңғыстау сапарында Маңғыстауда кеңес өкіметін жариялауы негіз болды. Ә.Жангелдин отрядына Тобанияз елден күш-көмек жинап беруді өз мойнына алады. 3 күнге созылған екі жақты даулы мәжілістің соңы Маңғыстауда Совет өкіметін жариялаумен шешіледі. Оны басқаратын революциялық комитет құрылып, төрағасы болып Тобанияз Әлниязов сайланады. 1919 жылғы Советтердің бүкіл қазақстандық бірінші мәжілісінде Маңғыстау еңбекшілерінің өкілдерін Т.Әлниязовтың бастап алып баруы, 1920 жылы Ақтөбе облысына қарасты Қопа жерінде Адай, Табын, т.б. рулардың съезінде де Ленин атына телеграмма жібергендігі әңгімеленеді. “Қаратөбе келісімі” очеркінің қолжазба нұсқасындағы Тобанияз бен Мәтжан бидің арасындағы ақылдасқан мәселелері баспадағы нұсқасында шықпаған. Ендеше, олардың ара өзара сөйлескен әңгімелері не туралы еді? Қолжазба нұсқасының айырмашылығы мынадай деректер болатын. – 1834 жылдан Новопетровск қорғанын патша өкіметі әскери бекініс ретінде салғаннан бастап Маңғыстау жұртшылығы 2 жақтан – бірі – Хиуа ханы Аллақұл, екіншісі – патша өкіметінің шексіз алым-салығы, қанды шабуылдарынан көз ашпаған. 1870-1873 жылдардағы Иса – Досан көтерілісінен кейін патша өкіметі Маңғыстауды басқа қазақ елінен бөлек алып, біресе Кавказ, біресе Түркменстанға бағындырды. Осы көтерілістен кейін қазақ руларын біріне-бірін қарсы қойып, Маңғыстаудың өзін бөлшектеу саясатын ұсынып, ел ішіндегі жай әлі сол қалыпта екендігі жөнінде кеңескендігі мұрағат деректері, тарихи фактілермен баяндалады. Осындай ел басынан өткен жағдайларға байланысты Тобанияз келген өкіметтің халық үшін қызмет жасайтынына сенімін нықтау ойы болған. “Мен күнге сенемін” атты жазушының жеке мұрағатынан табылған очеркте Тобанияз туралы мұрағаттардан деректер келтіре отырып, оның өміріне, қоғамдық қызметтеріне тоқталады. 1918 жылы Маңғыстау түбегінен Ақтөбеге бағыт алған Ә.Жангелдин отрядына көмек ұйымдастырғаны үшін ел билеуші атаман Толстовтың Тобаниязға, ол құрған ревкомға деген ашу-ызасы адайлардан ақшалай, малдай салық төлетуге мәжбүрлейді. Олардың бұл

құқайынан Тобанияз айлакерлікпен “той” жасап құтылып кетеді. Бұл жөнінде сол кезде “Яиицкая” газетіне мақала жазылды. Осылайша, Тобанияздың совет өкіметіне деген өшпенділігі болмаса да 1930 жылы “Ш.Ералиев деген кісіні кемеден суға лақтырып жіберген” деген жалған жаламен Маңғыстаудан қамалған 31 адамның бірі ретінде ұсталып, 1933 жылы жазықсыз, айыбын мойындамаған күйде “атылғаны” турасында айтылады. Очерк соңы: “қазір біздің қолымызда ол кісі ақталды. Ешқандай кінәсі жоқ” деген бір жапырақ қағаз бар” деп аяқталады. Тобанияздың ақталғандығы туралы қағаздың ең алғаш Маршалдың қолға түсіргені туралы М.Дүйсенов естелігінде де айтылады:“…Тобанияз Әлниязұлының тағдыры Маршал ағаны қатты толғандырып жүргені есімде: “Т.Әлниязұлының ақталғандығы жөнінде анықтама қағазды қолға түсірдім” деп балаша қуанғанының да куәсі болуыма тура келді. Подольск архивінен тауыпты…”.[3]. Тобанияз туралы деректерді, тарихи танымдық мәні зор ел тарихына қатысты ресми материалдарды жинақтаған І.Сариев: “Бұл деректерді жазушы Маршал Әбдіхалықовтың да айтқанын естіп едім. Марқұм Маршал тірі кезінде Тобанияз жөнінде бірқатар материалдар жинаған деп естіп едік, олардың қазір қайда, кімнің қолында екенін білмейміз” , – деген өкінішін де білдіреді.[4,87б].

Расында, Тобанияз Әлниязұлы, Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы туралы мол мәлімет, дерек көздерін жинақтаған М.Әбдіхалықовтың ауызекі әңгімелерден естігеніміз бойынша көркем туынды жазу ойында болған. Әйтсе де, өкінерлігі сол, ол материалдардың жазушының жеке мұрағатында сақталмауы, қолымызға түспеуі. “Қаратөбеде келісімі” очеркі жазылған тұста Тобанияз туралы жазбақ түгілі, айтуға тиіс емес болатын. Ол туралы деректер жабулы жатқан кез. Дейтұрғанмен, жазушы осындай заманның қатал кезінде әдебиетті пайдаланып Тобанияздың көркем бейнесін жасады. Бұл жазушының ұлттық рухының күштілігінен дер едік.Тобанияз туралы кейіннен “Алданияз” (“Қызыл жұлдыз”, “Жау мен жау”) әңгімелері жазылды. “Қызыл жұлдыз” атты бірінші әңгімеде қазақ ауылына біртіндеп ене бастаған кеңес өкіметінің өзгерістерін сипаттайды. Әңгіме шағын көлемді болғанмен көтерген жүгі салмақты, көркемдік қуаты мен идеялық мақсаты тұрғысынан да көңіл аудартады.[5,49б]. Кедей өмірі мен ауыр тұрмыстары шындық сипатында бейнеленеді. Шығармада Қармыс жылқышының өмірі – түзде, мал бағумен өтсе, бас кейіпкер Мұраттың әкесі де осы Кенжебайдың жылқысын бағып жүріп, байдың әділетсіз ісіне қарсыласамын деп дау үстінде қатты сойыл тиіп өледі. Шығарма оқиғасы Мұраттың он бір-он екілер шамасындағы апасы Аққүмісті Кенжебаймен келіскен біреудің әйел үстіне зорлықпен тоқалдыққа алып кетуінен бастап өрбиді. Байда есесі кеткен бала да болса намысшыл Мұрат: “Жарлы жетім адамның күні осы емес пе, не істей аласың бейшара бала” деп мүсіркеген өздері сияқты бай есігінде жүрген Қармыстың әйелінің тоқтау салған сөздеріне қарамай, еріксіз әлдекімнің жетегінде кеткен апасын құтқарудың әрекетіне шындап кіріседі. “Саған көмектессе бір-ақ адам көмектеседі, ол – Алдакең–Алданияз” дегенді естігесін Алданиязға барады. Алданияз – Маңғыстау өлкесінің тұңғыш ревком төрағасы Тобанияз Әлниязұлының прототипі. Мұрат Алданиязды тауып, оған көрген жапасын айтқасын, қасына жаңа үкіметтің үш адамын ертіп жібереді. Жаңа заман өкілі ретінде олардың “Аққүмісті қайда, кімге жібердің?” деген сауалдарына ескіліктің содырлы сарынын көксеген, халықты, ауыл адамдарын өз уысында ұстап, ескі жолмен жүруді аңсаған, сол арқылы ұпайын түгендеп, дүние жинап, бедел алғысы келетін Кенжебай тіпті айтқандарына құлақ аспай, мойын ұсынбайды. Аққүміс өзінің сүймейтін адамына еріксіз барғанына іштей наразылық танытып, қаламаса да, жеме-жемге келгенде, ескі дәстүрдің ауыр жүгін иығынан сілкіп тастай алмай, көнбістік көрсетеді. Үлкендер билігіне бой ұсынады. Еркіндік таңының кедейлер өмірі үшін қымбатқа түсіп жатқанын Алданияз, Мұрат бейнесінен көрсетеді. Бұл бейнелер әділдік үшін ғана емес, еркін өмір, теңдік заман жолында қашан да күреске дайын екендіктерімен, болашаққа деген сенімдерінің жоғарылығымен нанымды әрі әлеуметтік теңсіздікке, үстемдік атаулыға жан-тәнімен

қарсы кедей тобының өкілдері. Әңгіменің соңында Алданияздың “Әнеукүні кеткен Әліби бір нәрсе айтты ғой. Қалаға бар. Шәрлі жерде оқу бар. Қызылдардың адамын тап, соларға ер. Тілегім, берер батам сол”, – деп Мұраттың келешегі оқып-білім алуда екенін, жаңа заманның беталысын, өзгерісін көріп-танысын деген оймен тұжырымдайды. Балалық шағы қашанда қытымыр жандар еншісіндегі Мұрат тағдырында балалықтың өткінші шаттығымен қоса, айықпас мұң, нала, ішкі ыза-кек бар. Автор осы бір кезеңнің ауыр зардаптарын жас бала Мұраттың көңіл-күйімен сабақтастырып, байланыстырады. Мұрат басындағы жай арқылы бір жанұяның, сол арқылы белгілі бір тарихи кезеңнің, әлеуметтік ортаның келбетін көз алдымызға әкеледі. “Жау мен жау” атты екінші әңгімесінің оқиғасына бейқам отырған Алданияз ауылына мылтық асынған бес-алты аттының келуі себеп болады. Алданияз бұл кезде суы тапшы өлкеде мал суарудың қиындығын шешпек болып бұрынғы ата-кәсіптің бірі – құдықшылықты кәсіп етсе де қасына бес-алты жігіт алып жер астымен шыңырау құдық қазып жатырған болатын. Ол ауылға келгесін тілмаш та, қасындағылар да оны сұрақтың астына алып, өздерінің ақтардың адамдары екенін білдіреді. “Олардың талабы – бүкіл Маңғыстау елінен салық жинау екен. Үй басынан жүз сом. Ақшалай не малдай жинау. Генерал Толстов өзін “Осы түбектің қожасы” деп жариялаған. Олардың туралап келіп Алданияз ауылына ат тірегені оның өткен жылы бұлардың жауына істеген қызметтерін білетін көрінді. Енді, генералға сондай қызмет көрсетсе, кінәсі кешіріледі. Әйтпесе, мұны қол-аяғын байлап, Гурьевке алып келу тапсырылған”. Алданияз қарулы кісілердің Үйшіктен ат сабылтып жүруінің берсе қолынан, бермесе жолынан” деп неге де болса тайынбайтынын, шын жаулық ниетпен келгенін түсінгеннен кейін ел ақсақалдарымен ақылдасады. Ақылдаса келіп, бұлардан құтылудың бір айла-амалын ойластырудың жолы – “той, сүндет тойын” өткізуге рұқсат алу деп шешеді. Олар балаларды сүндеттеуге арналған тойға оншалықты мән бермей, рұқсат береді. Әрі-бері ойланып, сенімді деген адамдармен ақылдасқан Алданияз оқыс қимылға бел байлайды. Қолға түскен жауларды бірі “өлтіру керек” дегенмен Алданияз бір шешімге келіп: “Бұларды өлтіргенде бізге не түседі? Сонау қияннан қайбір еркімен келді дейсің? Анау генерал жұмсаған соң амалдары бар ма? Пәле сол генералда ғой. Бүлік шығарып жүрген де өзі. Ендеше сол адамдарының кейпін өзі көрсін. Әйтпесе, қапиясын тауып тасадан өлтіріп тастады дер. Содан кейін бұл елге қайта қоқыраңдамасын деп те жеткізетін кісілер керек қой” деген тоқтаммен, оларды адамдарына Құлсарыға дейін апарып тастауға тапсырма береді. Кейін осы оқиға жөнінде 1919 жылдың 31 қазанындағы “Яицкая газетінің” № 47-санында “Реті келмеген алым” деген мақала жарияланады: “Толстов бандасының жолы болмай қайтты. Біздің қолымызға түскен анық мәлімет бойынша ол октябрь айының ортасында адайлардың үй басынан 100 сом салық жинауға отряд жіберген. Олардың келген мақсатын түсінгеннен кейін адайлар шығыс халқының қулығын жасаған. Олар ақылдасуға уақыт сұрап алып, үлкен той ұйымдастырған. “Той” үстінде тойған отрядтың бар қаруын сыпырып алып, Толстовқа бізді мазаламай аулақ жүр, әйтпесе бүкіл отрядыңды қырып тастаймыз деп талап қойған. Қоқаңдаған ұлы мәртебелі мырзаның адайлар талабына көнбеске амалы қалмаған”. Генерал Толстов әскерінің елге тұтқиылдан келіп салық салмақ болған жәбір-жапасына, қанды қырғынның болуының алдын алуда Алданияздың терең ақылы мен пайымы, көпті көргендігі, айлалығы себепті болды. Алданияздың бұл іс-әрекеті оның нағыз халық үшін туған, қайраткерлік, күрескерлік дәрежесін танытады. “Жау мен жау”, “Қызыл жұлдыз” әңгімелерінде тартыс сипаты Алданияз бен ақтардың офицерлері, қанаушы тап өкілдерінің арасынан байқалады. Тарихи тұлға, қайраткер туралы жазғанда жазуға өткенді біліп қана қою жеткіліксіз. Ол өткеннің өнегесі мен өкінерлік жерлерін де жетік білуі қажет. М. Әбдіхалықов әңгімелерінде Тобаниядың өмірінің жекелеген кезеңінен ғана арқау ете отырып, сол арқылы қоғамдық-әлеуметтік тартысты тереңірек көрсетуді мақсат етеді. Шағын екі әңгімеден Маңғыстауда кеңес өкіметінің орнауы, сол жылдардың қиын-қыстау, дүрбелең кезеңінің ақиқаты айтылған. Шығармасының

кейіпкері – Алданиязды ел басына қиындық түскен, сын кезеңде көреміз. Оның салмақты, салқын қанды, қысталаң шақтарда жол тапқыш, халқын шын сүйген, ер мінезді, өжет, батыл тұлғасынан, небір қауіп-қатерге де елі үшін басын тіге алатын ел басшысының образын танимыз. Толстов әскерлерін ыңшыңсыз қолға түсіру әрекетінде Алданияз тапқырлықтың, ақылдылық, парасаттылықтың, тосын әрекеттің ерекше бір үлгісін танытады. Күші басым "ажал оғын себуге" келген аяусыз дұшпанның өрекпіген астамшыл кеудесін басу, айла-тәсілмен ұтқырлық таныту, құрылған ажал құрығынан бүкіл ауыл-аймақ, жеке қара басын алып шығу үшін тиімді де төте жолды тани алуы оның өр тұлғасына лайық жайттар. Тобанияз ертеңін ойлайтын өте әділ, дұшпанына да қажет жерінде өзін қай қырынан да мойындатып, бағалата алатын жан. Қолға түсіп, ойламаған жерден мүсәпір күйге түскен ата жауына да мәрт мінез көрсетеді. Маңғыстаудағы революциялық комитеттің тұңғыш төрағасы қызметін атқарған қоғам қайраткері Алданияздың саяси-идеялық қалыптасу, өсу кезеңдерін көрсететін бұл әңгімелерде оған кеңес, ақыл беруші, ой салушы, революциялық күрес жолында оны қанағаттандырып, баулыған өзіндік ортасы, қауымы болғаны ақиқат. Негізгі оқиғаларды ғана баяндап отырып, кейіпкерлер психологиясын, мінез-құлық ерекшеліктерін көрсетуге, көбінесе революциялық комитет төрағасы, ел басшысы Алданияз образын жан-жақты ашуға баса назар аударады. Ол кейіпкер мінезін ашу, жағымды қасиеттерін бейнелеуде сөз арқылы дәлме-дәл сипаттамай, Алданияздың іс-әрекеті, қимыл-қозғалысы, сөз саптауымен де оқырманға әсерлі түрде ұқтырып отырады. Алданияз Маңғыстауда жаңадан орныға бастаған қоғамдық-саяси жүйе кеңес үкіметінің өкілі ретінде халықпен тілдеседі, жүрегіне жол табады. Жаңа заманның мәнін, ертеңгі болашағын, ел ішіне орнаған жаңа үкіметтің түпкі мақсатын түсінеді. Осы түбекке ревкомның төрағасы етіп сайлап кеткен комиссар Жанкелдиннің өзіне тапсырған қоғамдық үлкен жүкті, елдің ертеңгі тағдырының жауапкершілігін сезінеді, соған сәйкес әрекет жасайды.

Қорытындылай келгенде, қаламгер аталған туындыларында бас кейіпкерлер тағдыры арқылы қазақ тарихының белесінде осындай орасан зор халықтық мәні бар тарихи оқиғаларға араласып, басқарған, ұйымдастырушы болған Тобанияз Әлниязұлының тарихи тұлғасын тарихи оқиғалар арнасында елдік идеямен сабақтастыра бейнелеген. Ар-намысты қолдан бермей,елдік мәселелерді терең білімі, көрегендігімен көркейте білген бұл ұлы тұлғалар ұлтын сүйген ұлы жүрегімен халқының, келер ұрпағының жадында мәңгі қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оспан С. Ет жүрегі елім деп елжіреген. //Қазақ әдебиеті 1996 , 24 желтоқсан
2. Әбдіхалықов М. Қаратөбе келісімі. // Жұлдыз. – 1973, №1
3. Дүйсенов М. "Менің Маршалым". // Маңғыстау. – 1986, 10 тамыз
4. Сариев І. Қанды ойран. Алматы: Жазушы 2001. – 208 б.

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ОБРАЗ ИСТОРИЧЕСКОГО ДЕЯТЕЛЯ ТОБАНИЯЗА АЛНИЯЗУЛЫ

Отарова А.Н. - Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: akmaral. otarova@ yu.edu.kz.

Аннотация. В данной научной статье рассказывается о произведениях известного писателя Маршала Абдыхалыкова, дается обзор всей истории того периода, показывается национальный приоритетный характер духа народа. В произведениях писателя затрагиваются такие проблемы людей, как гражданская позиция, национальный дух и их значение в жизни. Гражданская позиция, национальные особенности в произведениях Абдыхалыкова были всесторонне раскрыты через образ общественного деятеля Тобанияза Алниязулы. Было заключено, что основные герои его произведений были созданы на

прототипной основе, что доказывает совпадение художественного воображения с действительностью.

Ключевые слова: Проза, художественные особенности, стиль, поэзия, национальная традиция, эпитет, метафора, эстетическое мировоззрение.

IMAGE OF THE HISTORICAL
THE ARTISTIC FIGHTER TOBANIYAZ ALNIYAZULU

Otarova A.N. - Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: akmaral.otarova @ yu.edu.kz.

Abstract. This article describes the works of the famous writer Marshal Abdyhalykov, gives a review of the whole history of that period, shows the national priority character of the spirit of the people. In the writings of the writer, such problems of people as civil status, national spirit and their significance in life are touched upon. The civil position, national peculiarities in the works of Abdyhalykov were comprehensively revealed through the image of the public figure of the Tale of Alniyazuly. It was concluded that the main characters of his works were created on a prototype basis, which proves the coincidence of the artistic imagination with the effectiveness.

Keywords: Prose artistic features style poetry, national tradition, philosophical thought, aesthetic outlook.

ХҒТАР 16.01.17

ҰЛТТЫҚ ТАНЫМДАҒЫ «ЖАН» СУБСТАНЦИЯСЫ

Нұрдәулетова Б.И.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: nurdauletova@mail.ru

Аңдатпа. Осы мақаланың мақсаты – қазақ халқының когнитивті құрылымындағы «жан» ұғымына талдау жасау, «жан» ұғымын тұтас субстанция ретінде қарастыру. Когнитивті лингвистикада ұлттың, халықтың танымында құндылық ретінде танылған сөздер концепт бола алады. Жан сөзі де – адамзат танымында концептілік деңгейдегі ұғым.

Жан қандай халықта да, қандай мәдениет түрінде де өте күрделі құбылыс. Көне дәуір философиясында жан – от, ауа, су негізді, кейде от, ауа, су, топырақтың қосындысы түрінде сипатталады. Жанның орны да түрліше болып келеді: адамның кеудесінде, өкпесінде, құрсағында, көзінде т.б. жерінде орналасады. Жанның сипатына сәйкес әр халықта мифологиялық түсінік қалыптасқан, ол фольклорда, мақал-мәтелдерде, фразеологизмдерде сақталған. Жан ұғымы «өлім» концептісін толықтыратын микроконцепті де бола алады. Жан ұғымын философия, теология, психология, этнография, когнитивті лингвистика түрлі қырынан алып зерттейді. Жан кейде жеке адамның орнына да жүре алады, себебі «адам, кісі» сөзінің орнына «жан» сөзін қолданамыз.

Мақалада жан туралы бірнеше халықтың танымындағы ұғым-түсінік салыстырылды. Жанның болмысы тіліміздегі сөздер мен салт-дәстүр, ырым-нанымдағы атаулардың семантикасы арқылы түсіндірілді. Нәтижесінде жан ұғымының когнитивті модель құрайтыны анықталды.

Түйінді сөздер: Жан, миф, субстанция, рух, өлім, мифологема, когнитивті модель.

Кіріспе. Жанға байланысты мифтік ұғым-түсінік, діни-философиялық таным барлық халықтарға тән деуге болады. Жан –христиан діниндегі халықтардың түсінігінде душа—дух (жан, рух) ұғымдардарымен байланысты сипатталып, «өлген адамның жаны өлілер рухына айналады» деген түсінікке бағышталады.

Ю.В.Ионова «Представление корейцев о душе» деген еңбегінде: «Представление о душе у корейцев связаны со сложной проблемой жизни и смерти, бытия и небытия... Для них душа, дух скорее были оживотворенными свойствами человека. Отражение древних представлении мы находим в корейском языке где слово «сум» означает дух и дыхание, а «маым»—способность человека чувствовать, мыслить, быть в том или ином настроении. Смерть наступает, когда сум покидает человеческое тело» (1.175).

Л.П.Потаповтың зерттеуі бойынша, алтайлық шамандарда жан егіз (двойник) ұғымымен барабар. (2.28). Адамның жарық дүниеге келіп алғашқы алған демімен («тын») оның жерлік өмірі басталады. Осы сәттен өмірінің ақырына дейін, яғни тыны үзілгенше онымен бірге егізі (двойник) өмір сүреді. Тыны үзілу—демі үзілу, өлу. Тіліміздегі тыным алды, тынысы үзілді қолданыстарына семантикалық өзек болып тұрған осы тын мифоархетипі. Адам өлгеннен соң оның егізі жер астындағы өлілер еліне аттанады. Жанға балама бола алатын мифтік ұғымдарға «тыннан» өзге құт, үле, сүне,сүр атаулары да жатады. Қазақ тілінде құты қашу, құтынан айрылу, құтсыз қолданыстары «жаманшылық» ұғымын береді.

Көптеген түркі халықтарында адамның жеті жаны бар, кейде әрбір он екі мүшенің дербес жаны бар деген ұғым болған.

Корейлердің ежелгі танымы бойынша адамда үш жан бар-мыс. Адам өлгеннен кейін жанның біреуі—аспанға, екіншісі молаға (жер астына), үшіншісі ата-бабалар есімі жазылған «туыстық тақтасына» көшеді. Аспанға кеткен жан көк әміршісінің сынынан өтуіне қарай не пейіште қалдырылады, не жерге, иесіне қайтып келеді. Сондықтан корейлер өлген адамды жерлеуге асықпаған, жаны қайтадан еніп тіріледі деп, үш, бес, жеті күн күткен.

Екінші жан жер астындағы тозақ әміршісінің сотына түседі.

Үшінші жан ата-бабалар тізіміне сіңіп, жер бетіндегі адамдардан үнемі құрбандық, сый-сияпат күтеді.

Мәселенің қойылуы. Көпжандылық туралы мифологиялық идеяның кейбір қалдықтары қазақ тіліндегі қыздың қырық жаны бар, әйел қырық шырақты (шырақ—нұр—жан) қолданыстарырда, қырық жаны бар дәулер туралы аңыз, ертегілерде сақталған.

Жан – көзге көрінбейтін, қолға ұсталынбайтын дерексіз ұғым. Соған қарамастан адам баласының танымы арқылы қалыптасқан ғалам бейнесінде жанның өзіндік орны бар.

Алдымен жан белгілі бр мекенге ие. В.Маслова түрлі халықта жанның мекені түрліше сипатталатынын айтады: кеуде, жүрек, бүйрек, көз, кейде өкше де жанға мекен болады. Жанның түрліше болмысы халықтық фольклор, миф мазмұндарында сақталған. Қазақ халқы жанды тәнмен, кеудемен байланыстырады. Жанның кеудеден шығуын жүрегі тоқтады тіркесі арқылы берілуінен жанның жүрекке де қатыстылығын аңғарамыз. Жан – өкпе мифологемасы қазақ ертегілеріндегі жын-шайтан , албасты, перілердің өшіккен адамының (көбінесе жас босанған әйел) өкпесін суырып алып, суға тастауы туралы сюжеттерден танылады. Ал ерекше адамдардың (батыр, ерекше күш иесі т.б.) жаны тәнінен бөлек те сақталатын (киіктің ішінде, балапандарда) мифтік сюжеттер бар.

Ағылшын этнографы Дж.Фрейзер бұндай сенімнің көптеген халықтарда кең таралғандығын айта келіп, оны «сыртқы жан» идеясымен түсіндіреді. Этнографтың пікірінше бір кездегі белгілі бір жануар түрінде сақталған жан туралы сенімнен тотемизм туып қалыптасқан. (4.414)

Жаңалығы. Кез келген тілдік таңба тілдік қатынаста, тілде белгілі бір концептінің белгісі болады, бірақ сол концептіні толық бере алмайды. Сөз өзінің мағынасы арқылы айтушы жеткізуге тиіс хабарға қажетті релеванттар мен концептуалдық белгілерді бере алады. Тұтастай концепт өзінің бай мазмұнымен тек тілдік құралдардың үйлесімділігі, бірлігі жағдайында, концептінің барлық атауыштық ауқымы іске қосылған жағдайда ғана көріне алады. Сөз – концептуалды білімге қол жеткізудің құралы, осы құрал арқылы сөз жүзінде айтылмаған, аталмаған басқа да концептуалды белгілер мен ойлау қызметіне жол ашылады. Тілдік аталымдар арқылы адам ойлау қызметінің бірлігі ретіндегі концептіні қолдана алады, Концепт пен сөз мағынасының арақатынасын айқындау семантикалық талдау мен концептуалдық талдаудың ерекшеліктері арқылы да көрінеді. Себебі жеке сөздің семантикасын түсіндіру концептуалдық талдаумен іргелес, бірақ екі талдаудың нәтижелері екі түрлі: «егер біріншісі сөздің семантикалық құрылымын жасауға, сөздің денотативтік, сигникативтік, коннотативтік мағыналарын нақтылауға арналса, концептуалдық талдау белгілі бір тілдік таңбада жинақталған жалпылама концептілерді көрсетеді, таңбаның табиғатын белгілі когнитивтік құрылымда айқындайды. Семантикалық талдау сөзді түсіндіріп, анықтауға қызмет етсе, концептуалдық талдау дүниені тануға бағытталады [5].

Зерттеу әдісі. Қазақ халқының когнитивті танымындағы «жан» ұғымына талдау жасау үшін категориалды және дискреттік, компонентті талдау әдістері қолданылды. Контексуалды және тарихи-салыстырмалы әдісті қолдана отырып, тілдік деректердің семантикалық өрісі айқындалды.

Зерттеу нәтижесі. Біздің негізгі зерттеу объектіміз—жыраулар поэтикасындағы «жаның қонақ кеудеңе», «кеудеңдегі шыбын жан», «жан кеткен соң кеудеңнен» дискурсивті қолданыстардан жыраулық танымда жанның бірден- бір мекені – кеуде (кейде тән деп те айтылады) екенін танимыз. Бірақ тән (кеуде) жанға мәңгілік мекен бола алмайды. Себебі тән – уақытша өзгермелі болмыс. Оның тіршілігі жанмен бірге болғанда ғана. Жаннан айрылған күні тән өледі, шіриді. Бірақ жоғалмайды, өзге формаға өтеді. Сондықтан жырауларда:

Сүйекте өлсең, тұрмас ет пенен май,
Шіриді тәнің, қаның, ал жан қайда? –деп философиялық

сауал қойылады. Оның астарында адами болмыс, оның құрамдас бөлігі, тән мәңгілік пе, жан мәңігілік пе, —деген пікірталасқа меңзейтін діни философиялық тұжырым жатыр. Ол дүниенің материалдық не идеялық негізі туралы идеяға бағытталады.

Жанның тәнге мәңгілік серік бола алмайтындығы:

Жаның қонақ денеңе
Құрметтеп қалай бағасың,—деген жолдардағы «қонақ»

сөзінің денотативті мағынасы арқылы айқындалады. Осындағы «өзгермелілік, тұрақсыздық» коннотациясынан жалпы дүниенің баянсыздығы, опасыздығы, өтпелілігі туралы философиялық түйін таратылады:

Баянсыз фәни шыбын жан
Айрылған күні теңдегі,
Қалынған күні тар жерде ,
Қайратың болмас кеңдегі.

«Жанның теңінен айырылуы» (жанның теңі— тән, яғни тәннен айырылуы), «тар жерде қалу» (тар жер—көр, яғни көрде қалу, өлу), «кеңдегі қайраты болмау» (кең—кең дүние, яғни осы, фәни дүние) тіркестерінде жан сөзі түрліше қырынан метафораланып, әрі аталған құрылымдар «өлім» концептісінің өзара желілес фреймдерін түзеді.

Тілдік прагматикада жан адаммен бара-бар. Адамға тән сезімдік күйлер жанға да тән: жан күйінеді, жылайды, қайғырады, жабырқайды, қуанады, жадырайды, семіреді, жайланады, ашиды т.с.с. (Тіліміздегі – жаны жылады, жаны жабырқау тартты, жаны күйді, жаны қалмады (қуану), жаны жай тапты, жаны жадырап қоя берді, жан семіртер т.б. тіркестері жанның осындай метафоралық-мифтік болмысын бейнелейді). Ал жыраулар қолданысында:

Кеудедегі шыбын жан
Шырқыраумен ол шығар...
Бір шыбындай жан қорқар
Ажалдың көріп айбатын (Ізбас)

Ажал — «өлім» концептісіндегі атрибут ұғым. Жанның кеудеден кетуі мифопоэтикалық кеңістікте «ажалдан қорку, үрейлену», «еріксіз қиналып, шырқырап шығу» әрекеттерімен сипатталады. Тіліміздегі жанталасты, жанын қарманды, жаны шырқырады тіркестері жанның осындай тылсым табиғатын концептуалдық бейнелеуден туса керек.

Жанға адами сапа тән: жаны сұлу, таза, жайсаң т.б. Жанның тазалығы метафоризмі діни- философиялық аспектіде айқындалады.

Жанныңның тазалығы—дінің үшін...
Жаныңда өлген күні қалмас кірі...
Қылығы бұл дүниеде жаққандардың
Жаны да о дүниеде иманға бай (Абыл).

Жанның сыртқы болмысы өте жеңіл, ұшатын зат ретінде суреттеліп, көбінесе: Көбелек, шыбын тәрізді жәндіктерге баламаланып беріледі:

Кеудеден көбелек жан кеткен күні (Сүгір)
Айрылсаң шыбын-шыраңнан (Ұзақбай)

Кеудедегі шыбын жан... (Ізбас)
Шыбының тастап сені кеткен шақта,
Қалмайды ара тұрып жинаған мал...(Абыл)
Жан сөзі «адам», «кісі» ұғымдарының орнына жүре береді:
Үйде оншақты жанбыз, жан басына шаққанда, мал-жан аман ба? Жыраулар поэтиконындағы жан:
Жүрегі адал жанға ар алдында
Болады махшар күні Алласы жақ. (Абыл)
Бұл дүниеге келген жан
Бір құдайдың мүлкі-ді.(Нұрым)
Кейде жанның өзі «толық(кәміл) адам» субстанциясын түгел бере алмайды. Оған тіліміздегі құр жан, әйтеуір бір жан, тек шықпаған жан тіркестері мысал бола алады.
Жан сөзі жырауларда кейде жаһан түрінде қолданылады:
Тіршілікте жаһан жоқ,
Бұл пәниде қалынған.
Жанды азалап қайғырудан жаназа сөзі қалыптасқан.
Қорытынды. Қорыта айтқанда, жан субстанциясы жыраулар дүниетанымында белгілі бір концептуалдық моделге ие. Жанға қатысты мифологиялық, символдық, метафоралық тілдік құрылымдар жан сөзінің адамзатқа ортақ ежелгі, алғашқы балаң (санадан тыс) түсініктерге негіз болып тұрған архетиптік сипатын танытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ионова Ю.В. Представление корейцев о душе // Мифология и верования народов восточной и южной Азии. Москва: Наука, 1973 -617
2. Потапов Л.Г. Алтайский шаманизм. Ленинград: Наука, 1991 -317
3. Маслова В. Когнитивная лингвистика. Москва: Наука, 2001 -472
4. Дж.Фрейзер. Мифы народов мира. I том. Москва, 1998 -671
5. Нұрдәулетова Б.И. Когнитивті лингвистика. Алматы: Дәуір, 2011. -344 б.

СУБСТАНЦИЯ "ДУША" В НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ

Нурдаулетова Б.И. - Каспийский университет технологий и инжиниринга им Ш.Есенова, г. Актау, Республика Казахстан, e-mail: nurdauletova@mail.ru.

Аннотация. Цель данной статьи - проанализировать понятие «душа» в когнитивной структуре казахского народа, рассмотреть понятие «душа» в целом. В когнитивной лингвистике слова, которые признаны ценностями в знаниях нации, могут быть понятием людей. Слово душа также является концептуальным понятием в человеческом познании.

Душа - очень сложное явление для любого народа и любой культуры. В античной философии душа описывается как огонь, воздух, на водной основе, иногда в виде сочетания огня, воздуха, воды, почвы. Положение души тоже разное: в груди, легких, животе, глазах и т. Д. расположен на земле. По характеру души у каждого народа есть мифологическое понятие, которое сохранилось в фольклоре, пословицах и идиомах.

Понятие души также может быть микроконцептом, дополняющим понятие «смерть». Он изучает понятие души с разных сторон: в философии, теологии, психологии, этнографии, когнитивной лингвистике. Иногда душа может занять место человека, потому что мы используем слово «душа» вместо слова «человек, личность».

В статье сравниваются представления о душе в знаниях нескольких народов. Сущность души объясняется семантикой слов и обычаев нашего языка, названиями ритуалов. В результате выяснилось, что понятие души - это когнитивная модель.

Ключевые слова: душа, миф, субстанция, дух, смерть, мифологема, когнитивная модель.

SUBSTANCE "SOUL" IN NATIONAL IDENTITY

Nurdauletova B.I. - Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: nurdauletova@mail.ru.

Abstract. The purpose of this article is to analyze the concept of "soul" in the cognitive structure of the Kazakh people, to consider the concept of "soul" as a whole. In cognitive linguistics, words that are recognized as values in the knowledge of a nation can be the concept of people. The word soul is also a conceptual concept in human cognition.

The soul is a very complex phenomenon for any nation and any culture. In ancient philosophy, the soul is described as fire, air, water-based, sometimes in the form of a combination of fire, air, water, soil. The position of the soul is also different: in the chest, lungs, stomach, eyes, etc., is located on the ground. By the nature of the soul, each nation has a mythological concept that has been preserved in folklore, proverbs and idioms.

The concept of the soul can also be a micro-concept that complements the concept of "death". He studies the concept of the soul from different angles: philosophy, theology, psychology, ethnography, cognitive linguistics. Sometimes the soul can take the place of a person, because we use the word “soul” instead of the word “human, person”.

The article compares the concept of the soul in the knowledge of several nations. The essence of the soul is explained by the semantics of words and customs of our language, the names of rituals. As a result, it turned out that the concept of the soul is a cognitive model.

Keywords: Soul, myth, substance, spirit, death, mythologeme, cognitive model.

Yessenov Science Journal
МҰНАЙ ӨНДІРУ, МҰНАЙГАЗ ЖОБАЛАУ, КӨМІРСУТЕКТЕРДІ ҚАЙТА ӨҢДЕУ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
НЕФТЕДОБЫЧА, НЕФТЕГАЗОВОЕ МАШИНОСТРОЕНИЕ, ПЕРЕРАБОТКА УГЛЕВОДОРОДНОГО СЫРЬЯ, ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ И ОХРАНА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

МРНТИ 38.53.21

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ТЕХНИЧЕСКИЕ СРЕДСТВА ОЧИСТКИ БУРОВЫХ РАСТВОРОВ

Каражанова М.К.
Таласов Б.Б.
Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова,
г. Актау, Казахстан
maral.karazhanova@yu.edu.kz

Аннотация. Рассматривается система очистки буровых растворов на примере месторождения Жетыбай. Приведены проблемы и пути их решения при бурении скважин, характеристики буровых растворов и его параметры.

Ключевые слова: система очистки; буровые растворы; трехступенчатая система очистки.

К важнейшим условиям повышения технико-экономических показателей бурения относится совершенствование буровых растворов и систем их очистки. Проектирование современной системы очистки буровых растворов должно включать, наряду с разработкой реологических свойств и технологии промывки, мероприятия по способам очистки буровых растворов таким образом, чтобы обеспечивалась высокая скорость бурения без дополнительных затрат на средства очистки.

Система приготовления и циркуляции бурового раствора исключает загрязнение почвы буровым раствором и химическими реагентами, используемыми для обработки бурового раствора, и обеспечивает высокую очистку бурового раствора от выбуренной породы, что позволяет повторно использовать буровой раствор на других скважинах.

Особые требования предъявляются к системе контроля за содержанием твердой фазы в буровом растворе и ее регулированию, для чего циркуляционная система буровой установки должна быть оснащена самым современным оборудованием для очистки и регулирования содержания твердой фазы (вибрационные сита, оснащенные сетками с ячейками для грубой очистки и для тонкой очистки, гидроциклонные пескоотделитель и илоотделитель). Все эти механические устройства, которые входят в состав циркуляционной системы, устанавливаются в строгой последовательности. При этом схема прохождения промывочной жидкости должна соответствовать следующей технологической цепочке: скважина – газовый сепаратор – блок грубой очистки от шлама (вибросито) – дегазатор – блок тонкой очистки от шлама (песко- и илоотделители,

сепаратор) – блок регулирования содержания и состава твердой фазы (центрифуга, гидроциклонный глиноотделитель) – буровые насосы – скважина [1].

В зависимости от требований, предъявляемых к очистке, система включает несколько стадий очистки регенерируемого бурового раствора, обеспечивая необходимый результат. На месторождении Жетыбай с целью сохранения и регулирования технологических показателей бурового раствора (особенно по поддержанию твердой фазы и плотности бурового раствора), предусматривается трехступенчатая очистка его от выбуренной породы: вибросита, песко– и илоотделители, центрифуги. На первой стадии при помощи вибросит и отстойников происходит грубая очистка бурового раствора, поступающего из скважины. На этой стадии из раствора удаляются крупные куски породы, камни, песок. Осветлённый буровой раствор из отстойника подаётся шламовым насосом в дегазатор, после чего поступает в пескоотделитель. На второй стадии происходит очистка от мелких, трудно осаждающихся частиц породы. Затем раствор поступает на третью стадию очистки в илоотделитель, там происходит выделение совсем мелких частиц породы, размером до 0,025 мм. Выделенный на разных стадиях очистки раствора шлам породы (песок + глина + ил) поступают в сборник, откуда подаётся на центрифугу для обезвоживания. Очищенный на третьей стадии раствор поступает в приёмные ёмкости или смеситель для добавления реагентов, после чего направляется в сборник готового раствора, из которого буровыми насосами закачивается в скважину. Обезвоженный буровой шлам, состоящий из частиц породы, выгружается с установки. Выделенный на центрифуге очищенный буровой раствор поступает в сборник очищенного раствора.

Эффективное использование системы очистки позволит обеспечить поддержание запроектированных параметров бурового раствора, сократить затраты на его обработку (избежать максимального разбавления) и обеспечить сохранение коллекторских свойств продуктивных пластов.

Периодически в процессе бурения и при подготовке ствола скважины к спуску обсадных колонн, прокачивать специально приготовленную вязкую пачку раствора той же плотности (в количестве 2-3 $м^3$), с целью дополнительной очистки ствола скважины, особенно в кавернозной части его [2].

Основными проблемами при бурении скважин на данном месторождении являются:

- газоводонефтепроявления;
- прихваты бурильного инструмента из-за осыпей стенок скважины;
- поглощение бурового раствора в процессе бурения;
- осыпи и обвалы стенок скважины.

С целью максимального сохранения коллекторских свойств продуктивного пласта и предупреждения всех вышеперечисленных осложнений, которые могут возникнуть при первичном вскрытии, бурение продуктивного пласта необходимо принимать следующие решения:

- для предупреждения осложнений, связанных с целостностью ствола скважины, предусмотрен ингибированный KCI буровой раствор;
- для недопущения нефтегазопроявлений требуется непрерывное слежение за технологическими показателями бурового раствора и уровнем бурового раствора в рабочих емкостях с использованием специальных приборов;
- так как в пластовых флюидах присутствует CO_2, обязательно использовать стационарные или переносные газоанализаторы и иметь в наличиии индивидуальные средства защиты (автономные дыхательные аппараты);
- в буровой раствор регулярно должны вводиться реагенты поглотители или нейтрализаторы CO_2;
- для предупреждения прихватов, в буровой раствор вводить смазывающие и противоприхватные реагенты;

- при температуре бурового раствора, обработанного химическими реагентами, на устье и в отстойниках выше 40 ^{0}С необходимо принимать специальные меры защиты: охлаждение бурового раствора путем перемешивания его; закрытие люков отстойников крышками; проведение работающим специального инструктажа [2].

Обоснование параметров буровых растворов. Плотность бурового раствора по интервалам бурения определяется исходя из горно-геологических условий бурения скважины и опыта бурения ранее пробуренных скважин:

$$\rho_{б.р.}=(10 \text{ x } k_{п.д.} \text{x } k_{пр.ср}) \quad (1)$$

где $k_{п.д}$ – наибольший градиент пластового давления в интервале (таблица – давление и температура по разрезу скважины)

$k_{пр.ср}$ – коэффициент превышения гидростатического давления столба бурового раствора над пластовым.

Наиболее благоприятными для качественного вскрытия проектного разреза рекомендуется применить следующие значения плотности бурового раствора:

0-560 м – плотность бурового раствора 1,15 г/см^3.

560-1200 м – плотность 1,13-1,18 г/см^3

1200-2420 м – плотность 1,08-1,13 г/см^3

Для бурения последнего интервала допускается применение раствора плотностью 1,13 ÷ 1,18 г/см^3, с учетом максимального превышения гидростатического давления в скважине над пластовым, для расчета принимаем плотность бурового раствора 1,18 г/см^3.

В случае возникновения осложнений, связанных с устойчивостью стенок скважины ступенчато увеличить плотность бурового раствора до прекращения осложнения, при этом не вызывая поглощений. В случае возникновения осыпей увеличить содержание KCl до 10 %. Если при этом, сыпи не прекратятся, то рассмотреть вопрос о ступенчатом увеличении плотности бурового раствора [2].

В случае возникновения проявлений, ступенчато увеличить плотность бурового раствора до прекращения осложнений, при этом не вызывая осложнений. В случае возникновения поглощений в надпродуктивной толще, использовать в необходимом количестве наполнитель пластиковая резиновая крошка КР-03 или волокнистые и чешуйчатые наполнители типа Safe-Carb F/M/C, в случае возникновения поглощения бурового раствора в продуктивных пластах использовать кислоторастворимые легкий и тяжелый кальций.

Геологическая характеристика продуктивных пластов и опыт работы по заканчиванию скважин показывают, что в условиях избыточного давления, перфорация и последующие работы по заканчиванию скважин в среде утяжеленного бурового раствора на водной основе с повышенным содержанием твердой фазы, особенно глинистой, приводят к значительному загрязнению коллектора, вплоть до полной кольматации призабойной зоны пласта [2].

Во избежание загрязнения коллектора, необходимо использовать наиболее эффективные жидкости для заканчивания скважин, которыми являются очищенные от механических примесей водные растворы солей, необходимой для безопасного вскрытия пластов величиной плотности рассола, в данном случае $\rho_{б.р.}=(10 \text{ x } k_{п.д.} \text{ x } k_{пр.ср})$.

$$\rho_{б.р.}=10 \text{ x}0{,}103\text{x } (1{,}05 \div 1{,}10) = 1{,}08 \div 1{,}13 \text{ г/см}^3$$

Для предупреждения значительного поступления рассола в пласт, в результате высокой его фильтрации, рассол необходимо загущать специальными загущающими полимерами типа Safe-Vis E. Для снижения поверхностного натяжения на границе сред необходимо вводить неионогенные Safe-Break CBF.

ЛИТЕРАТУРА

1. А.Я. Третьяк, Ю.М. Рыбальченко, А.И. Безбородов. Двухступенчатая система очистки буровых растворов. - Известия вузов. Северо-Кавказский регион. Технические науки. 2014. № 1

2. Технологическая схема разработки месторождения Жетыбай. – «КазНИПИмунайгаз». Актау. 2019

ҚАЗІРГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЗАЛАУШЫЛАР СҰЙЫҚТАРДЫ БҰРУ

Қаражанова М.Қ. - Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан, e-mail: maral.karazhanova@yu.edu.kz.

Таласов Б.Б. - Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан.

Аңдатпа. Бұрғылау сұйықтықтарын тазарту жүйесі Жетібай кен орны мысалында қарастырылған. Ұңғымаларды бұрғылау кезіндегі мәселелер мен оларды шешу жолдары, бұрғылау сұйықтықтарының сипаттамалары және оның параметрлері келтірілген.

Түйінді сөздер: тазалау жүйесі, бүрғылау ерітіндісі, үшсатылы тазалау жүйесі.

MODERN TECHNOLOGIES AND TECHNICAL CLEANERS DRILLING FLUIDS

Karazhanova M.K. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: maral.karazhanova@yu.edu.kz.

Talasov B.B. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. Drilling mud cleaning is considered on the example of the Zhetybai field. The problems and ways of their solution when drilling wells, characteristics of drilling fluids and its parameters are presented.

Key words: cleaning system; drilling mud; three-stage cleaning system

ӘОЖ 622.276.75

ҚАРАЖАНБАС КЕН ОРНЫНДА БУ-ЖЫЛУ ӘСЕРІН ЕНГІЗУ ТӘЖІРИБЕСІ

Закенов С.Т.
Нуршаханова Л.К.
Шындагулов Б.Е.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
e-mail: senbek@rambler.ru

Андатпа. Мақалада Қаражанбас кен орнын пайдалану тәжірибесі мысалында бу-жылу әдісін енгізудің кейбір ерекшеліктері, артықшылықтары мен кемшіліктері келтірілген.

Түйінді сөздер: игеру, пайдалану, ұңғы, мұнай, бу-жылу әсері, талдау, асқынулар, сулану.

Кіріспе. Қабатқа әсер етудің термиялық әдістерін енгізудің тиімділігі көбінесе мұнай кен орындарының физика - геологиялық жағдайларының – орналасу тереңдігіне, коллектордың түріне, қабаттың мұнаймен, сумен және газбен қанығу сипатына, мұнайдың физика-химиялық қасиеттеріне және өнімді коллекторлардың физикалық қасиеттеріне байланысты.

Термиялық әдістерді енгізудің отандық және шетелдік тәжірибесін талдау негізінде бірқатар параметрлер бойынша осы әдістерді қолдану шекарасын айқындау міселесі тұр. Атап айтқанда, термиялық әсер ету әдістерін қолдану қажеттілігі негізінен процестің тиімділігіне әсер ететін қабаттың физикалық қасиеттері мен қабат сұйықтығының параметрлері бойынша бағаланады.

Қабаттағы температураның жоғарылауы нәтижесінде сүзу сипаттамалары жақсарады, яғни қозғалыс коэффициентінің мәні артады. Бұл параметрдің сүзу жылдамдығы мен дебитке әсерін Дарси теңдеуімен бағалауға болады. Жүйенің ағымы, ұзындығы мен өткізгіштігі пайда болатын көлденең қимасы жылу әсерінен іс жүзінде өзгермейтін сипаттамалар ретінде қарастырылады, дегенмен өткізгіштігі, әсіресе ұңғы түп аймағында айтарлықтай өзгеруі мүмкін.

Қаражанбас кен орнында мұнай өндіру 1980 жылғы қазаннан басталды. Өткен кезең кейбір кезеңдерде мұнай өндірудің және жұмыс агенттерін айдаудың тұрақты өсуімен сипатталғанымен, қол жеткізілген технологиялық көрсеткіштердің өндірудің, айдаудың және өндіруші ұңғымалар санының жобалық деңгейлеріне сәйкес келмеуі байқалады [1-7].

Қаражанбас кен орнына жылу әдістерін енгізу тәжірибесі бірқатар технологиялық және әсіресе техникалық проблемаларды анықтады:

- өнімді кесіндініңе біркелкілігі салдарынан қабаттың қалыңдығы бойынша әсерімен қамтудың төмен (50% - ға дейін) мәні және өндіру ұңғымаларын суландыру өте жылдам (әсіресе бу-жылу әдісін қолдану учәскесінде).
- қабатынан құмның қарқынды шығарулуы.

Жылу әдістерін қолдану ауқымын оңтайландыру арқылы одан әрі кеңейту, жүйені жетілдіру, кеніштi игеру барысында шешімін табу керек мәселе болды.

Әдіснама. Жылу әсерінің объектісі қабатты қанықтыратын мұнай болғандықтан, оны қыздырған кезде қалдық суды да, жыныстың өзін де жылыту керек. Сондықтан қабаттағы мұнайды белгіленген температураға дейін қыздыру үшін қажет жылу мөлшері

мұнайдың, судың және жыныстың салыстырмалы көлемінің және олардың жылу сыйымдылығының арақатынасының функциясы болып табылады [8-12].

Термиялық әдістерді іске қоспас бұрын қабатты егжей-тегжейлі зерттеудің маңыздылығын асыра бағалау қиын. Жердегі ең жақсы технологиялық қондырғы болса да, егер қабат тиісті сипаттамаларға ие болмаса (қабаттың үзілуін немесе оның қабатты құрылымын айтпағанда), жобаны жүзеге асыру сәтсіз болуы мүмкін.

Термиялық әдістер 12-ден 2400 м-ге дейінгі тереңдікте жатқан қабаттарда сыналды. Нысандар терең болған кезде, шектеулі факторлар - бұл жобаны жүзеге асыру шығындары және таза техникалық проблемалар, мысалы, буды айдау кезінде кездеседі. Тереңдіктің жоғарылауымен ішкі жану кезінде компрессорлық жабдыққа шығындар едәуір артады, ал бу-жылу әсерінен (БЖӘ) бу ұңғы бойымен қозғалғанда жылу шығыны айтарлықтай байқалады.

Терең ұңғыманың бағанында көп мөлшерде жылу жоғалады. Бұл жылу шығынын сорғы-компрессорлық құбырларға пакерлерді орнату, оларды жұмыс бағанынан оқшаулау арқылы азайтуға болады.

Құбырлардың айдау бағанын оқшаулауды қолдануға болады. Алайда, жылу шығынын азайтуға арналған бұл шаралар өте қымбат, сондықтан процестің тиімділігі айтарлықтай төмендейді. Бұл жағдайда шектеу факторы айдау қысымы болып табылады. Терең қабаттар үшін әдетте жоғары қысымды қысым қажет, бұл өз кезегінде жоғары қысымға арналған жабдыққа қажеттілікті анықтайды.

Мұндай жабдық қымбат және қосымша энергия шығындарын талап етеді. Сондықтан, қазіргі уақытта 60 – 900 м тереңдікте орналасқан объектілер жылу әдістерін қолдану үшін ең қолайлы деп саналады. Алайда, болашақта терең қабаттар термиялық әдістер үшін таңдалуы мүмкін.

Технологиялық тұрғыдан алғанда, ыстық сумен салыстырғанда бу әрдайым тиімді болғанымен, кейбір жағдайларда ауыр мұнай кен орындарын игеру ыстық суды пайдалану арқылы үнемді бола алады, өйткені бу өндірісінің құны әдетте жоғары болады. Жоғары қабат қысымы бар терең жатқан объектілер үшін суды айдау да тиімдірек болуы мүмкін.

Нәтижелері. Жылу әсеріне ұшыраған қабаттың кеуектілігі 10-30% аралығында болуы керек. Кеуектілік неғұрлым жоғары болса, инертті массаны – кеуекті ортаны жылытуға жылу энергиясы соғұрлым аз жұмсалады, әсер ету процесі соғұрлым тиімді болады.

Буды айдау қалың қабаттарда жақсы жүзеге асырылады, өйткені жылу өтетін салыстырмалы бет азаяды. 1- суретте, жоғарыда және төменде жатқан қабаттар сазбен қамтылған жағдайда (мұнайға қанығу 35%, кеуектілік 15%) көрсетілген графикалық тәуелділіктен көрінеді.



Сурет 1 - Қабат қалыңдығының уақытқа байланысты жалпы жылу шығыны: 1,5 (1), 3,0 (2), 9,0 (3), 15(4), 30 (5), 150 (6) метр

Термиялық әдістерді қолдану критерийлеріне және ерекшеліктеріне келетін болсақ, сандық және сапалық көрсеткіштер көбінесе қолданылатын технологияға байланысты [13-15].

Егер өнімді қабат жеткілікті қалың болса және біркелкі тор бойынша бұрғыланса, бу немесе ыстық суды алаңдық айдау арқылы жүргізіледі. Бұл жағдайда шатыр мен табандағы жылу шығыны басты шектеу емес.

Жылу әдістерінің кез-келген нұсқасын қолдану жоспарланған өнімді қабаттың мұнайға қанығуы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым әсер жоғары болады.

Алайда, көп қабатты кен орындарында, бір қабаттан жылу шығыны көрші қабаттарды игеру үшін тиімді пайдаланылуы мүмкін, аз қалың қабат жылу әсеріне ұшырауы мүмкін. Бұл кейбір басқа өлшемдерге де қатысты.

Егер тұтқырлығы төмен мұнай құрамында парафин көп болса және қабат температурасының төмендеуіне жол берілмесе, термиялық әдістерді қолдану орынды болады.

Қабаттарға жылу тасығыштарды айдаудың отандық және шетелдік тәжірибесіне сүйене отырып, мұнай кен орнының оны термиялық әдістермен игеруге жарамдылығын бағалаудың негізгі талаптарын тұжырымдауға болады.

1. Тығыздығы 0,934 – 1,0 г/см^3 тұтқырлы мұнайлардың болуы, оларды қыздыру кезінде тұтқырлықтың төмендетуге сезімтал. Тығыздығы төмен жеңіл буланатын мұнайды бумен ығыстыру үшін қолайлы деп санауға болады, өйткені бумен айдау және еріткішпен экстракциялау қосымша мұнай өндіруге ықпал етеді.

2. Өнімді қабаттың тереңдігі 900 м-ден аспауы керек, өйткені жылу шығыны аз. Сонымен қатар, буланудың нақты жылуы төмен қысымда ең жоғары. 1 кг айдалған буы бар төмен қысымды таяз қабаттарға жоғары қысымды терең қабаттарға қарағанда көбірек жылу түсуі мүмкін.

3. Коллектордың өткізгіштігі өте маңызды параметр болып табылады, өйткені қабаттың буды айдау реакциясы айдау жылдамдығына байланысты. БЖӘ өткізгіштігі 500•10^{-3} мкм^2 және одан жоғары болған кезде қолайлы болып саналады, бұл тұтқырлы мұнайдың ағуына мүмкіндік береді.

4. Егер қабаттардың мұнайға қанығуы 1550 м3/га•м және одан жоғары болса, БЖӘ процесі экономикалық тиімді болуы мүмкін.

5. Жылу шығынын азайту үшін қабаттың қалыңдығы 6 м-ден кем болмауы керек.

Қабатқа бу-жылу әдісі әсерінің артықшылықтары мен кемшіліктері.

Бу жылуымен әсер ету әдісі тұтқырлы мұнайлармен және жоғары тығыздықпен қабаттарды игеру кезінде жақсы сыналған. Көптеген жағдайларда мұнай өндірудің толықтығын арттыру үшін басқа әдіс қолдануға болмайды. Ішкі жанумен салыстырғанда бұл әдіс ұңғыманың зақымдану ықтималдығымен байланысты артықшылыққа ие.

Қабатқа бу айдаған кезде бу кез-келген басқа жылу әдістеріне қарағанда қабатқа жылу енгізудің жоғары жылдамдығымен қамтамасыз етіледі.

Мұнайды бумен ығыстырған кезде бу аймағының артындағы мұнайдың қанығуы 5% - ға дейін төмендеуі мүмкін.

Буды айдау терең жатқан және қалыңдығы төмен және өткізгіштігі төмен қабаттарда жүзеге асырылмайды. Қалыпты түрде аяқталған ұңғымаларда БЖӘ кезінде корпустың зақымдануы жиі кездеседі, сондықтан айдау ұңғымалары жоғары температурада жұмыс істеуді ескере отырып, аяқталуы және жабдықталуы керек.

БЖӘ кемшіліктеріне қабаттың қаңқасын бұзу және ұңғымаға көп мөлшерде құм шығару, сондай-ақ мұнайдың кейбір түрлерімен тұрақты эмульсиялардың пайда болуы жатады.

Гравитациялық әсерлер будың тек жоғарғы бөлігін жабуына әкелуі мүмкін. Буды айдаудың төмен қарқыны экономикалық тұрғыдан тиімсіз. Жылу шығыны температура мен уақыт айырмашылығына пропорционалды.

Бу арқылы ұңғымаға салыстырмалы түрде қысқа мерзімде энергияның едәуір мөлшерін енгізуге болады. Мұнайды бумен ығыстыру кезінде қабатта үш сипаттамалық аймақ пайда болатыны белгілі:

- мұнайды бумен ығыстыру аймағы;
- ыстық конденсат аймағы, изотермиялық емес жағдайларда мұнайды сумен ығыстыру тетігі іске асырылуда;
- мұнайды суық сумен ығыстыру орын алатын, жылу әдісін қолданғанға дейін қабат жағдайында жылу әсерімен сіңірілмеген аймақ, температура.

Осы аймақтардың әрқайсысында болып жатқан процестер өзара әсер етеді. Уақыт өте келе қыздырылған аймақтардың мөлшері артады.

Әр түрлі мұнайдың тұтқырлығының температураға тәуелділігін талдау кезінде екі негізгі жағдайға назар аударады.

1. Тұтқырлықты төмендетудің ең жоғары жылдамдығы температураның бастапқы жоғарылауымен байқалады; тұтқырлықты төмендету процесі белгілі бір температураға жеткенде баяулайды.

2. Айтарлықтай тығыздықтағы тұтқырлығы жоғары мұнайлар тұтқырлық пен тығыздыққа қарағанда тұтқырлықтың төмендеу қарқынына ие.

Буды айдау процесінде құрамына қарай мұнай 10-20% - ға кеңейе алады. Ыстық су құйылған кезде, яғни төмен температурада мұнай аз дәрежеде кеңейеді.

Мұнайдың кеңеюіне байланысты қыздыру кезінде қабаттағы сұйықтықты ығыстыру үшін қосымша энергия босатылады.

Термиялық әсер ету кезінде мұнай бергіштіктің жоғарылауына және басқа факторлар ықпал етуі мүмкін, мысалы, мұндай әсерлер газ қысымының әсері, сондай-ақ салыстырмалы өткізгіштігі мен қозғалғыштығының өзгеруі мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Технологическая схема разработки месторождения Каражанбас с применением термических методов. Союзтермнефть. Краснодар – Москва, 1984 г.
2. Комплексный анализ месторождения Каражанбас. Технологический анализ разработки месторождения Каражанбас. Книга – I, том – I,II,III,VI. г. Краснодар – 1993 г.
3. Гарушев А.Р., Иванов В.А., Фоненко И. Е. Технологическая схема разработки опытно - промышленных участков месторождения Каражанбас термическими методами. ВНИПИтермнефть – 1978 г.
4. Храмова В.Г. «Физическая характеристика продуктивных отложений Каражанбасского и Бозачинского месторождения». Вопросы разработки нефтяных месторождении термическими методами. ВНИИОЭНГ. Москва – 1980 г.
5. Воцалевский Э.С., Куандыков Б.М., Булекбаев З.Е. и др./ Месторождение нефти и газа Казахстана. Справочник. // Под редакцией Абдуллина А.А., Воцалевского З.С., Куандыкова Б.М. - М.: Недра, 1993. - 247 с.
6. Надиров Н.К., Вахитов Г.Г. и др. «Новые нефти Казахстана и их использование. Технология повышения нефтеизвлечения» – Алма-Ата: Наука, 1982. – 276 с.
7. Жолтаев Г. Ж., Парагульгов Т. Х. Геология нефтегазоносных областей Казахстана. Алматы, КазНТУ, 1998. – 250 с.
8. Щелкачев В.Н. Основные проблемы нефтеразработки. Ижевск, 2004. -598 с.
9. Закенов С.Т., Нуршаханова Л.К. Анализ влияния изменения фильтрационно-емкостных свойств призабойной зоны на продуктивность скважины. Журнал «Нефтегазовые технологии и аналитика», Москва, № 3, 2018 г. стр. 23-25.
10. Айткулов А.У. Повышения эффективности процесса регулирования разработки нефтяных месторождении. Москва – 2000 г., 272 с.

11. Киинов Л.К. «Разработка месторождений парафинистих и вязких нефти в Западном Казахстане». Москва – 1998 г.

12. Анализ применяемых технологи и их модификации при разработке месторождения Каражанбас тепловыми методами. Москва – 1992 г.

13. Байбаков Н. К. Термические методы добычи нефти в России и за рубежом // Н. К. Байбаков, А. Р. Гарушев, Д. Г. Антониади, В. Г. Ишханов. - М.: ВНИИОЭНГ, 1995. - 181 с.

14. Батманов К. Б. Исследование асфальтосмолопарафиновых отложений (АСПО) месторождения Каражанбас / К. Б. Батманов // электр. науч. жур. «Физико-химический анализ свойств многокомпонентных систем». - 2008. Вып. 6. стр. 1–8. – (http://fh.kubstu.ru/fams/issues/issue06/st0614.pdf).

15. Кабдушев А. А. О применении технологии «холодной» добычи нефти с выносом песка на месторождении тяжёлой нефти «Каражанбас» / А. А. Кабдушев // Научная мысль информационного века. Технические науки: сб. материалов международной науч.-практ. конф. — Publishing house «Education and Science», 2013. — (http://www.rusnauka.com).

ОПЫТ ВНЕДРЕНИЯ ПАРОТЕПЛОВОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ НА МЕСТОРОЖДЕНИИ КАРАЖАНБАС

Закенов С.Т. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: senbek@rambler.ru.

Нуршаханова Л.К. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: lazzat.nurshakhanova@yu.edu.kz.

Шындагулов Б.Е. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В статье приведены некоторые особенности внедрения паротеплового воздествия, представлены преимущества и недостатки на примере опыта эксплуатации месторождения Каражанбас.

Ключевые слова: разработка, эксплуатация, скважина, нефть, паротепловое воздействие, анализ, осложнения, обводненность.

EXPERIENCE IN THE IMPLEMENTATION OF STEAM-THERMAL IMPACT AT THE KARAZHANBAS FIELD

S. Zakenov - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: senbek@rambler.ru.

L. Nurshakhanova - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: lazzat.nurshakhanova@yu.edu.kz.

B. Shyndagulov - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. The article presents some features of the introduction of steam-thermal expansion, presents the advantages and disadvantages on the example of the experience of operating the Karazhanbas field.

Keywords: development, operation, well, oil, steam-thermal impact, analysis, complications, water cut.

Yessenov Science Journal
ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ГУМАНИТАРНЫЕ И ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

ӘОЖ 821.512.1.0.

ЖҰМБАҚ ПЕН ЕРТЕГІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Қамарова Н.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Қазақстан, Ақтау қ.
e-mail: nagbdu@mail.ru
Исамадин Н.А.
магистрант
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Қазақстан, Ақтау қ.
e-mail: nazgul97@icloud.com

Аңдатпа. Бұл мақалада фольклорлық жанрлардың, оның ішінде жұмбақ пен ертегінің үндестігі, байланысы бір-біріне кірігіуі сөз болады. Екі жанрдың өзіндік сипаттары айтылады. Зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалады. Әр кезде ертегілердегі қиын сын, жұмбақ, шарттар туралы М.Дикарев, Я де Фризе, А.Жолле, В.Я.Пропп, Е.М.Мелетинский. С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов т.б. пікір білдіргендері зерделенеді. Ертегі кейіпкерлерінің көп жағдайларда, қиын сәттерде жұмбақтап сөйлейтіні айтылады. Жұмбақтың ертегіге кірігуі, жұмбақтың сюжеттік арқауында қандай мән бар, көркемдік қызметі қай дәрежеде деген мәселелер туралы байыпталады.

Ертегілерге жұмбақтың кірігуі тек қазақ фольклорына тән емес. Екі жанрдың үндестігі әлем халықтары фольклорына тән. Тектес, түбірлес құбылыстың түп тамыры барлық халық фольклорына ортақ екені айтылады.

Қазақ жұмбағының ертегігіе кірігіп, көркемдік айшық түзетіндігі нақты мысалдармен дәлелденеді.

Түйінді сөздер: фольклор, қазақ жұмбағы, жұмбақ пен ертегі, өзара үндестік, жанрлар байланысы, көркемдік айшық

Ертегі – фольклорлық ескіден келе жатқан, қилы-қилы даму белестерін басып өткен жанр. В.Я.Пропптың айтуынша, ертегілерде алғашқы қауымдық құрылымның жаңғырықтары, бағзы әдет-ғұрыптардың ізі жойылмай келген, сол себепті оның сарындарының қайнар көзінің көне жоралғыларымен үндесіп жатқанына таңдануға болмайды, қайта олардың тегін салыстырмалы материалдарға табан тірей отырып, аршып алу дұрыс болмақ [1, 23]. Ертегі сарындарының тасасынан өткендегі тарихи шындықты, ықылым замандардағы өмір көріністерін, қадими әлеуметтік құрылымдар мен ырым-кәделердің елесін шаш етек жолықтыруға болатындығы ғылыми тұрғыдан мойындалып, дәлелденген.

Сонымен жұмбақтың ертегіге кірігуі қай уақытта басталған, оның сюжеттік арқауында қандай мәні бар, көркемдік қызметі қай дәрежеде?!

Әр кезде ертегілердегі қиын сын, жұмбақ, шарттар туралы М.Дикарев, Я де Фризе, А.Жолле, В.Я.Пропп, Е.М.Мелетинский. С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов т.б. пікір білдірген, сөйтіп ертек зерттеушілерінің қай-қайсысы да жұмбақтың ертегіге кірігуі әріректе деген тоқтам жасайды. Осы мәселе қатысты байыпты зерттеу жүргізген И.М.Колесницкая ертегілердегі жұмбақтарға үңілу жұмбақтың тегін, байырғы даму сатыларынан хабар береді дей келе, бұған тарихи материалдарға иек арту абзал деп түйеді [2, 98-100].

Ертегі кейіпкері қиын сәтте жұмбақтай сөйлеп, тұспалмен тілдеседі. Осылайша қиындықтан жол табады. «Шал мен келін» дейтін ертегіге үңілейік.

Қайыр дейтін қарт жолға шығып, ұрыға тап болады. «Сендерге мал керек пе?» - дегенде, олар «мал керек» деген соң, екі ұрыны ауылына жұмсап: 60 ақ бас, 70 қара бас атаным бар, соны берсін, бірі кілтті, бірі кілтсіз сандығым бар, соның кілттісін берсін, есіктің алдына екі бәйтерек бар, біреуін жықсын, біреуін бүксін» дейді. Мұны келіні табады. 60 ақ бас атаны – 60 жастағы қария, 70 қара бас атаны – 70 жігіт, кілтті сандығы – ақылды келіні, кілтсіз сандығы – баласы, екі терегі – екі ұры, соның біреуін өлтіріп, бірін алып кел деген екен [3, 119-120].

Ертегінің келіннің ақылдылығын, тапқырлығын насихаттау, уағыздау мақсатында шыққандығы байқалады. Шал сөзіндегі атан ауыстыруы қазақ поэзиясында, жұмбақтарында жиі қолданылатын образ, ақ бас, қара бас, айқындаулары көмегімен шаштың түсін, рның қара екендігін меңзеп, ақ қырау шалғандығымен – жасамыс тартқандығын тұмшалап отыр, сандық та кәдімгі ауыстыру, кілтті сандық – ақылдылық, кілтсіз сандық – ақылсыздықтың тұспалы, екі ұры - терекке телінеді, адамды ағашқа, терекке теңеу бұрыннан жұмбақта кездесетін нақыш. Ертегіде тұспалды жұмбақ дұшпанға сыр алдырмай, өзара ұғынысып, жол табуға септесетін құрал ретінде бағаланған, ескі наным-сенім, ғұрып жұқаналары сезілмейді.

«Қаракөз сұлу» атты ертегіде хан баласы кездескен хан қызы-на «кімсің?» дегенде қолында бір алтын тарақ бар екен, сонымен қыз шашын тарайды, онан соң шашын сипайды, бала тағы сұраса, қыз көзін сипайды. Жігіт оны түсінбейді. Уәзір оның тұспалын «Ол қыз Қаракөз сұлу екен. Басын сипаса, жоғары шаһардың қызы екен» деп шешеді. Жігіт қызбен жасырын кездесуге келгенде қасындағы уәзір бір кемпірге былай деп жұмсайды: «Біздікінде бір саудашы жатыр, бүгін саудасын қылып, ертең қайтады» - деп айт. Бұл жұмбақты түсінген қыз келісімін: «Енекемді ұста, аяғын жерге тигізбе, қанын жерге тамызба», - деп ишаралады.

Кейін қыз бен жігіт кездесіп жүргенде солдаттың қолына түседі. Солдат екеуін зынданға салып тастайды. Сондай сәтте қыз солдатқа: «Құлағымдағы сырғамды берейін, «өгіз иесі, өгізің шарбаққа түсіп қалды», - деп айтып осы жерді айналып келе ғой» дейді. Солдат жарайды деп уәзір түскен үйдің тұсына келіп «өгіз иесі, өгізің шарбаққа түсіп қалды, шарбақ иесі өлтіремін деп жатыр,» - деп өзі аңдамай қыз бен жігіт жайында хабар беріп қояды [4, 79-82].

Ертегідегі тұспал қыздың жігітпен кездесу уақытында көрінеді, қыз қимыл арқылы өзінің есімін емеуріндейді. Жігіт қызбен кездесуге келгенде, қыз бен жігіт қолға түскенде де астарлы сөзбен хабар береді, қиындықтан жұмбақ сөздермен жол табады. Ертегінің басты тақырыбы – үйлену, соған жету барысындағы кедергілер, осы бөгеттерді жеңудегі тапқырлықтың, ақылдылықтың көмегі мен дәріптеу. Жұмбақты тілдесу ертегінің көркемдік, бейнелілігіне де әсерін тигізіп тұр.

Және бір ертегіде құдаласқан қызды алып келуге жұмсаған әкесі ұлына:

Бәлен қала бар, онда бір көл бар, ол көлге мен балық ұстайтын

қармақ салып қойған едім. Қармаққа үйрек түскен болса, алып кел, егер дәнеме түспеген болса, қармақты алып кел? – депті.

Қыз үйі басқа жаққа қоныс аударып кеткен. Он сегіз жыл өтіп қыз әкесі бұрынғы құдаласқан адамдардан хабар болмаған соң қызын басқа адамға ұзатпақшы. Жолда бұрынғы жігіт пен оған күйеу жігіт кездеседі. Жөн сұрасқанда бұрынғы жігіт әкесінің

тұспал сөзінен білген қыз қызметкеріне бір шелек сүт ұстатып, домалақ нан беріп, кішкене аяққа жұмыртқа салып:

Сүттен біраз іш, наннан біраз же, жұмыртқадан біреуін жеп

байдың баласын тауып, бұл нәрселерді бер және «су жардың жиегінен азайған ба, ай толып тұр ма, кішірейген бе, аспанда жұлдыздардың бәрі тұр мажәне батқаны бар ма?» деп сұра, - дейді.

Әлгі қызметкер берген нәрселерді байдың баласына алып

барып беріп:

Су жиектен азайды ма? – деп сұрағанда байдың баласы:

Азайды, - депті.

Ай толып тұр ма, кішірейген бе? – дегенде:

Кішірейген, - депті.

Аспандағы жұлдыздың бәрі тұр ма? – дегенде:

Жоқ, бәрі батқан екен, - депті.

Бұл сөзден соң қызметкер үйіне қайтып, бай баласының

айтқан сөзін айтып берген соң байдың қызы:

Мен бұл күйеуге тимеймін, менің құдай қосқан ескі жарым

бар, - деп айтқан соң, әлгі байдың баласын алдырып, жұрт жиып, ат шаптырып, той қылып, байдың баласы байдың қызын алып, өз үйіне қайтып кетіпті.

Су шетінен азайды дегені – сүттің біраз кемігені. Ай толып тұр ма, кішірейген бе дегені – нанның бір шеті біраз желінгені. Аспанда жұлдыздардың батқаны бар ма дегені – жұмыртқаның біреуін жегені екен [5, 124-125].

Ертегіде жұмбақтау үш тұста бой көрсетеді. Біріншісі – әкесі баласына өзінің бір қызды атастырып қойғанын айтуы. Екіншісі – жігіттің қайда түсетіндігін бүкпелеп жеткізуі. Бірақ қызды әкесі уәдеден тайып, басқа жігітке ұзатпақшы. Қыз бұрынғы атастырылған жігітті жұмбақпен сынайды, бұл – үшінші түс. Қыз жұмбағын нақты заттарды жіберу арқылы білдіреді.

Сүттен біраз іш дегені – судың жар жиегінен азайғаны. Сүтті – су деп алу халық жұмбақтарында бұрыннан кездесетін. Халық жұмбағында құдықтан қауғамен су алуды – мал сауға теңестіреді. Нанның шетінен біраз жеп – кішірейеді деуі де халық жұмбақтарының негізінде шыққан. Айды күлше, қалаш, нанға балау үлгілерін қазақ, орыс, мордова, қалмақ, т.б. халықтар жұмбақтарынан жолықтырамыз.

Фактіге жүгінелік: Жабықта жарты нан;

Жабық астында жарты күлше.

Жұлдызды халық жұмбақтарында дөңгелек нәрселерге, ұсақ тас, сөк, бауырсақ, моншақ ұқсатқан. Ал жоғары ертегіде жұмбақтарға телу сыртқы порымына сәйкес алынған осындай ауыстыру.

Ертегідегі қыз жұмбағы өзбектердің «Аяз» ертегісінде қайталанады, осыған ұқсас жұмбақты орыс халық ертегілер жинағынан да оқи аламыз [6, 16]. Бұл жерде жігіттің ақыл-ойы, зердесі таразыланып отыр. Қыз жігітке көңілі толған соң ғана әкесінің басқа біреуге ұзатпақшы ниетіне көнбейді, сөйтіп өз ықтиярымен жұмбағын шешкен жігітке тиеді, жұмбақ ертегі сюжетінің басты желісін құрайды.

Кейде ертегілер сюжетінде жұмбақ қиын сынақтың түрі ретінде көрінеді. Жұмбақты шешу арқылы кейіпкер зеректігі, даналығы, тапқырлығы аңғарылады, осылайша кейіпкерді мінездеуге септігін тигізеді деп айта аламыз.

Ертегілерге жұмбақтың кірігуін тар ұлттық аяда ғана қарастырмай, әлем халықтары фольклоры мысалдарымен салыстыра қарау арқылы тектес, түбірлес құбылыстың түп тамырына терең бойламақпыз. Сонау Африка құрлығындағы тайпа – Хауса арасынан жазылып алынған «Кім адамдарға дөрекі болса, сол жеңіледі» деген ертегіде де бозбала патша қызының қолын ұстауы үшін жұмбақ сауалдарға дұрыс жауап беру шартын орындайды [7, 334]. Әлем халықтары ертегілерінде тұрақты қайталанатын сюжет – патша

қызының жар салып, жұмбақ шарт қоюы, осы шарты орындалса, жұмбақты шешкен адамға тұрмысқа шығады. Қызды сын үстінде жеңген жігіт қыз әкесінің орнына тақ-қа отырып, патшалық құрады, екінші бір сарындарда еліне аман-есен қайта оралады.

Енді осы сюжеттің қазақ фольклорындағы көрінуіне назар салайық.

«Жұмбақшыл патша қызды жеңген құл» атты ертегіде патша қыз бір бағлан семіз бағып тұрған қозым бар. Сол қозымның майы көп пе, еті көп пе» деген жұмбақ жасырады, осыны шешкен адамға күйеуге тимекші болады. Кейін оның шешуін тапқан қара құлдың алдына ыдыс қойып, үстіне бір қарбыз бірге қояды. Сонда қара құл пышақты қарбызға шаншып үйден шығып кетеді. Кейін шынын айтпағаны үшін қара құлды патша дарға асып өлтірмекші болғанда патша қызы баяғы пышақ пен қарбызды қолына ұстап алып келіп, қақ бөліп тастайды. Сонда ғана құл жұмбақтардың шешуін айтады.

Бағлан қолы дегеніңіз – сіздің өзіңіз, майы дегенің – бұқара

Халыққа қылған жақсылығыңыз деп. Әрине, патша бұқара халыққа қылған жақсылығы болар деп ойлаймын дедім. Сонан соң қыз пат-ша маған бір бүтін қарбызды әкеліп берді. Оның мәнісі – осы қар-

быз жарылмай расыңды айтпа деген сөзі еді. Мен қарбызға пышақты шаншып беріп кеттім. Үйдегенім – осы пышақпен бауыздаса да айтпаймын дегенім еді. Сондықтан бұл сөзді сіздерге айтпадым. Өлсем де де айтпас едім, егер де қыз патша бүгін қарбызды дардың түбіне әкеліп жармаса» [8].

Қыз жұмбағындағы бағлан қозы – қыздың тұспалы, қозы ауыстыруы жұмбақтардың дағдылы, тұрақты ауыстыруы, бағлан деп қыздың жастығын, уылжып, пісіп тұрғандығын меңзеген, майы – жақсылықтың азды-көптігін ишаралайды, бағлан қозы мен оның семіздігі қатарласа алынуы, ой жалғастығынан туған.

Бұл ертек сюжеті «Аязби» ертегісімен үндеседі. «Аязби» ертегісінде бай қызы Меңдінің: «Өзімнен ақылы артық кісіге тиемін», - деген сөзін естіп келген жігіттердің бәріне пышақ, қайрақ, шыны, гауһар тас жібереді екен. Айттыра келген бай балалары: «Менің үйімде пышағым жоқ па, болмаса қазынамда гауһар тасым жоқ па, я тіпті, қайрақ таба алмай жүрмін бе?» - деп ашуланып қайтып кете береді.

Меңді қыз Аязға да осы нәрселерді жеңгесінен беріп жібереді. Аяз: «Мұның құралын әкел!» - дейді. Қыз жеңгесінен балға мен төс береді. Аяз балға мен төсті алған соң, қайрақты төске қойып балғамен ортасынан бөледі, шыны табықты уатады, пышақты жете-сінен сындырады, гауһар тасты қақ жарады да: «Мә, бикешке алып бар!» деп жеңгесінің қолына береді. Осымен жұмбақ шешіледі. Бірақ оның не екенін былайғы жұрт түсінбейді. Қыз жұмбағының шешімін ханға Аяз былай баян етеді:

-Қайрақтай болып езілгенше, шыны табақтай болып уатылғанша, пышақтай болып басы кесілгенше сыр айтпайтын кісі мына гауһар тастай жарып мені алады.

Екі ертегіде де қыз елге жұмбақ айтып, соны шешкен адамға күйеуге шықпақшы болады. Ешкім таппаған жұмбақтарды адамның ең жаманы деп әкелгендер шешеді. Бұл тұста жұмбақ ертектердегі дәстүрлі сарын – қиын сынның бір түрі есебінде жұмсалған.

«Аязби» ертегісіндегі кейіпкерлер жұмбақты сөздермен түсінеседі:

«Мадан хан өзінің қырық уәзірімен бірге аі аулап келе жатып, таудың етегінде қой жайып жүрген бір шалға ұшырайды. «Уа, ата, мына таудың басына қырау шалғалы неше жыл болды?!» - деп сұрайды. Мадан хан:

Бір жиырма жыл болған шығар, - дейді шал.

Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?

Он бес жыл болады.

Бұл таудан бұлақ аққалы қанша жыл болды?

Оған да бір он жыл болған шығар.

Хан ойланып тұрып тағы да:

Ата, өзіңіз нешеусіз? – дейді.

Ой, шырағым-ай, жатқанда екеуміз, тұрғанда төртеуміз.

Баба, менің қырық асыранды қазым бар, соны білдірмей

жұлып, күйдірмей пісіріп, қан шығармай сойып беретін кісі бар ма? – деп сұрайды хан.

Сонда шал:

Адамына тап болсаң, айтқаныңнан да артық етер, - депті. Хан үйіне келген соң уәзірлеріне:

Мен не дедім, шал не деді? Соны айрыңдар, айыра алма

сандар, қырқың да өлесіңдер», - дейді.

Бұл жұмбақты Аяз би шешеді. Ханның: «Бұл таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды?» дегені – «Шашыңа ақ кіргелі қанша болды?» дегені еді. Шал: «Шашыма ақ кіргелі жиырма жыл болды», - деді. Ханның: «Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды? дегені – «Сақалыңа ақ кіргелі неше жыл болды» дегені еді. Шал: «Оған да он бес жыл болды,» - деді. Ханның: «Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды?» дегені – Көзіңнен сора аққалы қанша жыл болды?» дегені еді. Шал: «Оған да он бір жыл болды,» - деді. Ханның: «Ата, өзің нешеусің?» дегені - «Үйіңде неше жаның бар дегені?» Шалдың: «Жатқанда екеуміз, тұрғанда, тұрғанда төртеуміз» дегені – «Менің бұрынғы әйелім өліп еді, қазіргі әйелімнің байы өлген, түнде жатқанда екеу болғанмен, күндіз, қойда жүргенде мен өлген әйелімді сағынам, қазір әйелім үйде отырып өлген ерін ойлайды» дегені еді. Ханның: «Қырық асыранды қазым бар, соны қан шығармай сойып, білдірмей жұлып, күйдірмей пісіріп беретін кісі бар ма?» - дегені – «Менің ақылсыз қырық уәзірім бар, соларды ұрмай – соқпай жөнге салып беретін кісі бар ма?» дегені еді. Шалдың: «Адамына тап болсаң, айтқаныңнан асырар» дегені – оның шешуін маған жолдағаны еді. Сендер мені іздеп келген соң үстеріндегі киімдеріңді алып отқа жаққаным – білдірмей жұлғаным, аттарыңды сойғаным – күйдірмей пісіргенім, сендерді алдыма салып жалаңаш, жаяу-жалпы айдап, ханға әкелгенім – қан шығармай сойғаным еді», - дейді.

Қарақалпақтың «Агар-магар», өзбектің «Баланың жауабы», қырғыз ертектері мен «Аяз бидің» сәйкес тұстары байқалады [9, 124-145; 10, 294-295]. Ертектердің бәрінде патша қарапайым адаммен астарлы тілде түсініседі, уәзірлер жұмбақ шешуін таппайды.

Ертектерде кездесетін жұмбақ тұспал мен жұмбақ шарттардың ара-жігін ажырату абзал. Жұмбақ тұспал сөз астарын түсінуді керек қылса, жұмбақ шарттар орындаушылық әрекетті талап етеді. Мәселен, ханның «Қырық асыранды қызым бар, соны қан шығармай сойып, білдірмей жұлып, күйдірмей пісіріп беретін кісі бар ма?» дегені жұмбақ шартқа жатады.

Ертегідегі адам басын – тау, шаштың ағаруын –қырау шалды, көзден аққан сораны – бұлақ ақты деп алуы дәстүрлі халық жұмбағын еске салады, тек бұл мысалдар ертегі кейіпкерлерінің аузымен жасырылып, шешіліп отыр.

«Менің ақылсыз қырық уәзірімді ұрмай-соқпай жөнге салып бер» деген тұспалымен ауыстырылған. Бұндай тәсіл, машық қазақ жқмбақтарында бұрыннан кездесетін. Алты ай жаз, үш ай тоқсанды арқау еткен:

«Алты арыстан үш бөрі сорған,

Жілігін соқпай майын сорған,

Терісін теспей қанын сорған» - деген жұмбақ логикалық қалып жағынан осы шартпен бір ыңғайда. Ертегіде: қан шығармай сою, білдірмей жұлу, күйдірмей пісіру, ал жұмбақта жілігін шақпай, терісін темпей майынн, қанын сору. Ертегілерде жұмбақтардың ең ескі тәсілдері мен машықтарының қолданылатындығын И.М.Колесницкая мен В.В.Митрофанова баса көрсеткен еді [2, 118-119]. Ертегілерде қиын шарттың болымсыз әдепкі теңеу тәсілімен жасалуы да назар аударарлықтай.

Қазақ жұмбағы басқа жанрлардың ішіне кірігіп, мәселен ертегіге кірігіп көркемдік айшық түзеді. Ертегілердің жұмбақпен ұштасып жатуынан ерте заманнан желі тартатын бірлік, жанрлар үндестігі байқалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Български народни гатанки. София, 1970.
2. Загадкі / Беларуская народная творчасць/. Мінск, 1972.
3. Загадки / Українська народна творчість/. Киев, 1962. Стойкова Стефана.
4. Turk bilmegeleri6 #-## t, Ankara, 1993.
5. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. А., 1974, 320.
6. История казахской литературы. В 3-хт., 1968, т.I. Фольклор 452.
7. Аникин В.П. Русские народные пословицы, поговорки и детский фольклор. М., 1957, 240.

СВЯЗЬ ЗАГАДКИ И СКАЗКИ

Камарова Н.С. - к.ф.н., профессор, Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Казахстан, г.Актау, e-mail:nagbdu@mail.ru.

Исамадин Н.А. – магистрант, Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, e-mail: nazgul97@icloud.com.

Аннотация. В этой статье речь пойдет о созвучии, связях фольклорных жанров, в том числе загадочных и сказочных. Оба жанра имеют свои характерные черты. Дается обзор работ ученых-исследователей. В разное время о сложной критике, загадочности, условности в сказках говорили М. Дикарев, Я де Фризе, А. Жолле, В. Я. Пропп, Е. М. Мелетинский, С. Каскабасова, Е. Турсынова и др. Изучаются их мнения. Рассказывается, что герои сказки в большинстве случаев, в трудные моменты, загадочно разговаривают. Речь идет о интеграции загадки в сказку, о том, какое значение имеет сюжетная основа загадки, в какой степени выражена художественная деятельность.

Интеграция загадок в сказки характерна не только для казахского фольклора. Созвучие двух жанров характерно для фольклора народов мира. Как известно, корни этого явления общие для всего народного фольклора. На конкретных примерах доказывается, что казахская загадочная сказка интегрируется и создает художественную иллюстрацию.

Ключевые слова: Фольклор, казахская загадка, загадка и сказка, созвучие, связь жанров, художественный вымысел.

RELATIONSHIP RIDDLES AND FAIRY TALES

Kamarova N.S. – Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: nagbdu@mail.ru.

Isamadin N.A. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: nazgul97@icloud.com.

Abstract. This article will focus on the consonance, connections of folklore genres, including mysterious and fabulous. Both genres have their own characteristics. An overview of the work of research scientists is given. At different times, M. Dikarev, I de Vries, A. Jollet, V. Ya. Propp, EM Meletinsky, S. Kaskabasova, E. Tursynova and others spoke about complex criticism, mysteriousness, conventions in fairy tales. Their opinions are being studied ... It is said that the heroes of the fairy tale in most cases, in difficult moments, speak mysteriously. We are talking about the integration of the riddle into a fairy tale, about the importance of the plot basis of the riddle, to what extent artistic activity is expressed.

Integration of riddles into fairy tales is characteristic not only of Kazakh folklore. The consonance of the two genres is characteristic of the folklore of the peoples of the world. As you know, the roots of this phenomenon are common to all folklore. Based on specific examples, it is proved that the Kazakh mysterious tale integrates and creates an artistic illustration.

Key words: Folklore, Kazakh riddle, riddle and fairy tale, consonance, connection of genres, fiction

ХҒТАР 15.21.41

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

ЕгенисоваА.Қ.
Шәудірбаева А.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: almazhai66@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілеттерін қалыптастыру проблемаларын зерттеген ғалымдардың еңбектері талданып, осы саладағы педагогикалық-психологиялық әдебиеттерге шолу жасалынды. Танымның жоғары баспалдағы ойлау процесіне, ойлау қабілеттерін дамыту жолдары баяндалады.

Сонымен қатар, балалардың ойлауын дамытатын әдістемелер түрлеріне сипаттама беріліп, пайдалану жолдары да айтылады.

Түйінді сөздер: ойлау, ойлау процесі, ойлау операциялары, анализ, синтез, әдістеме, логикалық ойлау.

Қазіргі кезеңде білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар мектеп оқушыларының дербестігін, ізденімпаздығын, белсенділігі мен ойлау қабілетін дамытуды талап етеді. Сондықтан, оқушылардың мектепте оқып жүрген кезінде олардың ойлау белсенділігін, шығармашылық қабілетін дамытып, білімі мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге үйрету қажеттілігін туындайды. Бұл міндеттердің жүзеге асуы оқушылардың ойлауын оңтайлы ұйымдастыруға тікелей байланысты.

Оқушылардың логикалық ойлауы мен танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру мәселесі бойынша зерттеу жұмыстарын ғалымдар Н.Хмель, Т.Сабыров т.б. жүргізгені белгілі [1-2].

Көптеген зертеулерді талдау нәтижесінде логикалық ойлау қабілеті нәтижелері оқушының жеке тұлғасына, біліктерінің жетілуіне, психологиялық механизімдер арқылы оның әсерлері бар рефлексия нәтижесінде өз әрекетіне және сол әрекеттің бірлескен іс-әрекет мазмұны мен формасына сәйкес көзқарастары қалыптасатыны анықталып отыр.

Бұл жөнінде әлемдік психологиялық - педагогикалық әдебиеттерде адамның ойлауын дамыту мәселесін П.Я.Гальперин, Ж.Пиаже, В.В.Давыдов, Қ.Жарықбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы т.б. атақты ғалымдар теориялық тұрғыда зерттеген [3-8].

Балалардың жас ерекшелігіне сай ақыл-ойын, логикалық ойлауын дамыту проблемаларын кеңес психолог-ғалымдары А.А. Люблинская, Д.Б.Эльконин, Л.И. Божович, Е.Е.Кравцова және т.б. жұмыстарында қарастырған [9-13].

Оқушылардың санасында белгілі бір білім қоры болмайтын болса, онда олар ойлай да алмайды. Оқушыны жеткілікті білім қорымен қаруландыру және өз бетінше ойлауға үйрету, оқушының білім алуға ынта – жігері, құмарлығы, қызығушылығы, білімдерді меңгеру, оның саналы ақыл – ой дамуының маңызды жолы болады [12].

Ойлаудың негізгі принциптері мен амалдарын пайымдай білу тек логикалық ойлауды ғана емес, сондай-ақ басқа да ойлау дағдыларын дамытып, жетілдіруге көмектеседі. Ойлау – құпиясы мол дүниені әр қырынан тануға, мәселені тереңнен түсінуге мүмкіндік беретін аса күрделі жан қуаты. Сөйлеумен тығыз байланысқан ойлау ми қызметінің нәтижесі. Ойлау – сұраққа жауап қайтарудан, мәселені шешуден, оның мәнісіне түсіне білуден жақсы байқалады. Ақыл – ойлау процесіндегі ұғымдылық пен

тапқырлыққа байланысты қасиет. Ойлану үшін білім керек. Бірақ білім бардың бәрі бірдей ақылды боп келе бермейді. Ақылдылық білімді тәжірибе жүзінде дұрыс пайдалана, қорыта білумен байланысты [3].

Халық ұғымында ақылдылық – ерен еңбектің жемісі. Ақылды болу үшін көп үйреніп, көп оқып, оны миға тоқып, көп білу қажет. Білім мен ақыл – егіз, ақылдылық қымбат қасиет, оны ерекше қадір тұтқан абзал. Ақылдың жақсы қасиетінің бірі – оның ұшқырлығы. Бұл мәселені тез шеше алу, ойға сергектік, белсенділік әкеледі.

Адамның ойы әрқашан да сөз арқылы білдіріледі. Біреу екінші біреуге пікірін білдіргенде, өзін естісін деп дауыстап сөйлейді. Ой толық сөз күйінде білдірілгенде ғана айқындалып, дәйектеліп, дәлелдене түседі. Ойлау мен сөйлеуді бірдей деп, бұлардың арасына теңдік белгісін қою дұрыс емес. Ой сыртқы дүниені бейнелеудің ең жоғарғы формасы болса, ал сөз ойды басқа адамдарға жеткізетін құрал болып табылады.

Бала тілі шықпай тұрған кезде де ойлай алады. Нәресте айналасындағы дүниені 1-сигнал жүйесінің қызметі арқылы танып біледі. Ойлаудың бұл түрі оның танымын онша кеңіте алмайды. Баланың тілі шығып, сөз арқылы үлкендермен қарым-қатынасқа түскенде ғана оның ойлау шеңбері кеңейетін болады.

Ойлау адамның сыртқы дүниемен қарым-қатынас жасау процесінде туындап отырады. Ойлау танымдық теориялық іс-әрекет ретінде әрекетпен тығыз байланысты. Адам әсер ету арқылы ақиқатты таниды, дүниені өзгерту арқылы оны түсінеді. Әрекет ойлаудың жүзеге асуының бірінші ретті формасы болып табылады. Ойлау операцияларының барлығы (анализ, синтез және т.б) ең алғашында практикалық операциялар түрінде пайда болып, содан соң барып теориялық ойлаудың операцияларына айналды. Яғни ойлау еңбек іс-әрекеті барысында практикалық операция ретінде немесе практикалық іс-әрекеттің бір компоненті ретінде туындап, содан кейін барып дербес теориялық іс-әрекетке айналады. Бірақ тәжірибе әрқашан да ойлау ақиқаттығының негізі, мәнді критериі болып табылады [4].

Психологиялық – педагогикалық әдебиеттерге талдау оқытудағы ойлау қызметінің тәсілдері, ғылыми танудың әдіс-амалдары мен логикалық әдістер ұғымдарының мазмұны, көлемі туралы бір мәнді пікірдің қалыптаспағанын көрсетеді. Анализ және синтез, абстракциялау мен жалпылау, салыстыру т.б. ойлау операциялары немесе ақыл – ой қызметінің тәсілдері түрінде көрініс табатын болса, екінші жағынан олар ғылыми танымының әдістері мен амалдары, логикалық білімдер құрамына да енеді.

Бастауыш сыныпта, математика сабағында оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту оқу материалының мазмұны арқылы, оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру құралы мен тәсілдері арқылы жүзеге асырылады. Мектеп практикасында математикалық есептермен жұмыс істеу процесінде негізінен оны шешу жолдары көзделеді, шешуді іздестіру оқушылардың тиісті есеп шығару іскерліктерін қалыптастыру мәселесіне жеткіліксіз көңіл бөлінетін жағдайлар да кездеседі [5]. 1-4 сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамытуда мазмұнды есептермен жұмыс істеудің жалпы тәсілдерін үйрету негізгі орын алады.

Баланың ойлау қабілеті оның қиялын, сөйлеу мәнерінің дамып, есте сақтау мүмкіндігін арттырады. Ол үшін мұғалім сабақтарда тек жалаң түсіндіруден гөрі ертегі кейіпкерлерінің сөздерін, іс-қимылдарын ойланып, мәтініне келтіріп қайталауға машықтануы қажет.

Бастауыш сынып оқушысының ойлау процесін дамытуда ойын әрекетінің зор рөл атқаратын интелектуалдық дағдыларының маңызы ерекше. Біздің, әсіресе ойын түрлерінің, соның ішінде ұлттық ойындардың дамыту- тәрбиелеу мүмкіндіктері мол екеніне көзіміз жетіп отыр. Аға ұрпақ өз білгенін, өз көкейіне тоқыған кейінгі ұрпаққа мирас етіп кеткен. Солардың бірі - ұлттық ойындар. Ойын баланың көңілін өсіріп, ойын сергітіп қана қоймай, оның таным-түсінігін де арттырады. Ойнай білген бала сол халықтың мінез құлқынан, ой санасынан, тұрмыс-салтынан хабар алады.

Ойлаудың іс-әрекеттік теориясы балаларды оқыту және ақыл-ой дамуымен байланысты көптеген практикалық міндеттерді шешуге көмектесті. Оның негізінде оқытудың әртүрлі теориялары қалыптасты, атап айтқанда П.Я.Гальпериннің, Л.В.Занковтың, В.В.Давыдовтың теориялары [3,5]. Олардың бәрін ойлауды дамыту теориялары деп қарастыруға болады. Біздің елімізде оқыту процесінде практикалық түрде кеңінен енгізілген теориялардың бірі – П.Я.Гальпериннің «Ақыл-ой процесін кезеңмен қалыптастыру» теориясы Л.С.Выготскийдің белгілі қағидаларына [13] және А.Н.Леонтьевтің ақыл-ой процесін қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері туралы зерттеулеріне негізделеді.

Бұл теориялардың мәні мынада: ішкі материалдық әрекеттер бірте-бірте ішкі ақыл-ой процесіне айналады (интериоризацияланады). П.Я.Гальперин бала интеллектісін қалыптастыру теориясын талдады [3], ол теория оқыту психологиясының ғылыми тұрғыдан негізделген практикалық теориялардың бірі ретінде практикалық жағынан кеңінен қолдау тапты. Оқыту және дамыту проблемасын талдауға Л.С.Выготский ерекше үлес қосты. Л.С.Выготскийдің және оның ғылыми мектебі қызметкерлерінің жалпы теориялық қағидалары мен зерттеулері оқыту, дамуда жаңаның қалыптасуының қайнар көзі бола отырып, дамумен бірлікте оқыту дамудан озып отыруы қажет деген қорытындыға келеді [13].

Л.С.Выготский баланың ақыл-ой дамуының екі деңгейін – актуалды даму деңгейі және жақын арадағы даму аймағын атап көрсетті [13]. Ескі көзқарастан айырмашылығы, жақын арадағы даму аймағы туралы ілім қарама-қарсы қағиданы ұсынуға мүмкіншілік береді, тек ол дамудан ілгерілеп, алға озып отырса сондай оқыту жақсы болады. Оқытудың маңызды белгісі болып табылатын оқыту дамудың таяу арадағы аймағын жасайды, демек, баланы өмірге шақырады, дамудың көптеген ішкі үрдістерін талпындырады және қозғалысқа келтіреді.

Ойлау – өте күрделі және жан-жақты психикалық іс-әрекет, оны сипаттау оңай емес. Адамдардың ойлау іс-процесінің айырмашылығы ойлаудың әртүрлі сапаларында анқарылады. Олардың ішінде бірден бір маңыздыларына жататындар – ойлаудың мазмұндылығы, тереңдігі, тездігі, икемділігі, белсенділігі, сын тұрғысынан кеңдігі және т.б.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаев былай деген: Ойлауды өркендету жолдары: Ойлау-жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр [7]. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен басқыштап істеу керек. Өркендету жолдары мынадай:

Суреттерге қарап өз ойын ашық айтуы, яғни, бала пікірді суреттердің өзінен шығарып алу керек.

Бала заттарды, көріністерді топ-топқа бөліп үйреткенде, жеңілдеп ауырға көшуді естен шығармау керек.

Көріністердің, ойлардың араларындағы байламды, ойлардың қатынасының себептері екенін тауып үйренсін.

Бұл балаға мысалдардан ерекше заң шығартқызып үйрету сықылды әсер болады. Аталған үзінділерден көрнекті педагогитың таным процесінің жоғары сатысы ойлауды қалыптастыруда ой операцияларын өркендетуге ерекше мән бергенін байқаймыз.

Қазақ халқының біртуар азаматы Ж.Аймауытұлы былай дейді: «Бала тілі шықпас бұрын ойлайды, ойлағаны олай емес пе, өз үйінің кісілеріне жымияды, бөтен кісі көрсе, қорқып, жылайды; ендеше, балада ілестілік, жаңғырту, есіне түсіру бар болу керек, тілі жоқ болсада ойлау болу керек [8].

3-сынып оқушыларының әр қилы ойлау әрекеттері мен ақыл-ойын өрістету жолында классификациялау мен жүйелеу және жалпылау сияқты әрекет - тәсілдердің атқаратын қызметі мен маңызы ерекше. Сонымен, классификациялау дегеніміз ұғымдарды белгілі бір негізге сүйене отырып, жүйелі түрде бөлудің ерекше түрі.

Ұғымдарды белгілі негізге сүйеніп, ой арқылы бөлу нәтижесінде жаңа ұғымдар жасалады. Қазақ тілінде классификациялауды ойша топтастыру тәсілі деп те атайды. Осы тәсіл бойынша нәрселердің өзара ұқсастығын негізге ала отырып, оларды топ-топқа бөлу белгілі жүйемен жүргізіледі.

Бастауыш сынып балаларының ойлаулары нақты-бейнеліден абстрактылы-логикалық ойлауға қарай дамиды. Мектептің алғашқы сатысының міндеті - бала интеллектісін себеп-салдарлы байланыстарды түсіну деңгейіне дейін дамыту. Бастауыш сынып оқушысы өз дамуының алғашқы кезеңдерінде оқу материалын заттарды қабылдауға және олармен қимыл-қозғалыстарды орындауға сүйене отырып меңгереді. Бұдан әрі осы жас кезеңнің соңында заттармен әрекеттестік пен оларды қабыл-дауға сүйену қажеттілігі төмендеп, оқушы күрделі ұғымдарды үйренуге көшкен жағдайда ғана керек болады. Бастауыш мектепте оқушылардың нақты және абстрактылы ойлаулары дамудың бастапқы сатысында болады, ал оқыту оларға екі бағытта да мәнді түрде алға жылжуға мүмкіндік береді.

Мұғалім балаларға білім беру, оқушылардың ой-орісін кеңейту, тілін жетілдіру арқылы ойлауын да дамытады. Бірақ әзірше жасы төменгі сыныптан бастап-ақ балаларды, оқу материалын түсініп және игеріп қана қоймай, қызық-тыратын мәселелеріне өздері жауап табуға үйрету керек. Бұны балалар алғаш мұғалімнің көмегімен, содан кейін өз бетімен істейтін болады. Мұғалім алғашқы күннен бастап балаларды ойлай білуге үйретіп, сабақты түсіндіруге асықпай, оқушының өзінің ойлауына мүмкіндік берген жөн. Ал бірақ баланың өзі түсіне алмаған, басы ашылмаған бірде-бір сұраң қалмауы қажет. Материалдың бірте-бірте қиындай түсуін сақтай білудің маңызы орасан зор.

Бастауыш сыныптың өзінде-ақ балалар мұғалімге ғана сұрақ қоймай, өзіне де сұрақ қоюға үйреніп, оған өздігінен жауап беруге тырысып содан соң өз ойының дұрыстығын іс жүзінде не мұғаліммен әңгімелескенде тексере білудің мәні зор.

Балалардың ойлауын дамытуда мектептегі оқу-тәрбие процесі шешуші рөль атқарады. Бала ойлауын дамыту үшін мұғалім тиісті жұмыстар жүргізіп отыруы тиіс. Осындай ойлау тәрбиесіне қатысты шаралардың кейбірі мына төмендегілер:

1.Балаларды белгілі ережелер (грамматикалық, математикалық) жөнінде өз беттерінше қорытынды жасай алуға үйрету үшін мұғалім сабақта мүмкіндігінше эвристикалық әдісті жиі пайдаланып отыруы қажет. Оқу материалдарын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас өзгешеліктерін ескере отырып ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндіктер туады.

2. Балалардың сөйлеу қабілетін дамытып отыру олардың ойлауын дамытуға үлкен әсерін тигізеді.

3. Ойлау қабылдаулар мен елестердің негізінде жасалады. Сондықтан оқушының сабақты мүмкіндігінше жақсы қабылдай алуына, елестердің тиянақты қалыптасуына мұғалім айрықша қамқорлық жасамаса болмайды.

4. Мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс. Бұған оқу процесін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады.

5. Оқушылардың өз беттерінше жасаған ой операцияларының дұрыс-бұрыстығын тексерткізу, оларды бір мәселенің өзін түрлі жолдармен шешуге үнемі бағыттап отыру (тапқыштық пен зеректік) ойлауды қажет ететін мысалдар құрастыру, есептер шығару, шығармалар жаздыру — бала ойлауын тәрбиелеудің тиімді жолдары.

6. Ойлауды тәрбиелеу бала психологиясын жан-жақты дамытумен тығыз ұштасып жатады. Бұл оның білуге құмарлығын, тану қызығуларын, көзқарасы мен сенімін тәрбиелеумен қоса жүргізілуі тиіс. Мәселен, қораш сөз, солғын сезім ойдың айқын болуына бөгет жасайды, ал ақылға қонымды жақсы сөз жанға жылы тиіп, адамды небір тамаша сезімдерге жетелейді, қысқасы, ой тәрбиесі адамның психологиясын жан-жақты етіп тәрбиелеумен ұштасып жатады деген пікірді жақсы дәлелдейді.

Осы жастағы балалар өз пікірлерін жап-жақсы дәлелдей алады; түрлі нәрсенің себебін тауып қана қоймай, оған тиісті жауапты өзініше бере алатын болады. Математика сабағында мәселе есептерді шығару, грамматикада сөйлемдердің күрделі түрлерін меңгеру – олардың пікірлерін дамытады. Әрине, төменгі сынып оқушыларының пікірлері шындықтағы заттардың объективтік байланыстарын жан-жакты көрсете алмайтыны белгілі. Мәселен, одардың «жылқы – жануар», «гүл – өсімдік» деген пікірлері негізінде дұрыс болғанмен, осы ұғымдардын мәнін жеткілікті көрсете алмайды.

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін көптеген әдістемелермен дамытуға болады.

1)Қысқа мерзім ішінде оқушылардың логикалық ойлауын анықтау;

Нұсқау. «Оқушылар, 30 сөз жазылған бланк беріледі. 5 минуттың ішінде сол сөздердің антонимін тауып жазу қажет»

Құрал – жабдық: әдістеме бланкі.

Қысқа мерзім ішінде оқушылардың логикалық ойлауын анықтау әдістемесі.

1.Қастандық –

2. Бай –

3. Қара –

4.Жұмсақ –

5. Ер –

6. Қайғы –

7. Жек көру – т.б.

2)Бастауыш сынып оқушылардың логикалық ойлауын анықтау;

Нұсқау: Берілген 4 сөздің ішінен 3 сөз ортақ белгілеріне байланысты бір ұғымға біріктіріледі, ал бір сөз бұларға қосылмайды, сол артық сөзді алып тастау керек. Тапсырманы тез әрі қатесіз орындау керек.

Оқушылардың логикалық ойлау әдістемесінің мәтіні.

Кітап, сөмке, чемодан, әмиян

Пеш, шам, шырақ, электр плиткасы

Сағат, көзілдірік, таразы, термометр

Қайық, қол арба, мотоцикл, велосипед

Ұшақ, шеге, ара, желдеткіш, т.б.

3)Оқушылардың ойлау тәсілдерін анықтау;

«Түсінікті салыстыру» әдістемесінің мақсаты оқушылардың ойлау операцияларын, соның ішінде салыстыру мен талдау операцияларын анықтау. Әдістеме барысында оқушылардың ойлау қабілеті, ұқсастықтық пен салыстыру қабілетін анықтау көзделеді.

Нұсқау: Оқушы бір сөзді тыңдайды, сосын әрбір сөздің ұқсастығын кейін айырмашылығын тауып жазады.

Қолданылатын сөздер: таң-кеш, сиыр-жылқы, ұшқыш-танкист, шаңғы-шана, трамвай-автобус, өзен-көл, ит-мысық, торғай-балық, сурет-портрет, мысық-алма.

Бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетінің қалыптастыруда төмендегідей әр түрлі әдістемелерді қолдануға болады:

- ойлау тәсілдерін дамытуға арналған әдістемелер;
- логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу;
- ойша есептер шығару;
- ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру;
- суретке қарап әңгіме жазу;
- ойлаудың түрлерін дамытуға арналған жаттығулар;
- ойлау қабілеттілігін дамытуға арналған жаттығулар;
- ойлау формаларын дамытуға арналған жаттығулар;
- көрнекі-логикалық ойлауын дамытатын жаттығулар орындау.

Ал, сабақтан тыс уақытта бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін дамытудағы жүргізілетін жұмыс түрлері:

- мұражайға апару;
- әртүрлі кездесулер өткізу;
- әртүрлі тақырыпта пікірталастар, сайыс өткізіп;
- балаларға арналған журналдарды сабақ кезінде үнемі пайдалану.

Мұғалім жұмыстарға ерекше көңіл аударып оқушыларға логикалық жаттығуларды жиі беріп отырса, оқушылардың логикалық ойлауы нәтижелі дамиды. Оқушыларға білім беру, өз тәжірибелерімен байланыстыру, сабақ процесін өнімді жүргізу мәселелер бүгінгі - таңдағы мектептің алдына қойып отырған күрделі проблемалары.

Жалпы мұғалім өз сабағында оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастырып, ретін жақсы меңгерсе, жаңа педагогикалық технологияларды қолдана білсе бұл жұмысты үнемі, сабақтың әр кезеңінде ескеріп, жетілдірсе, қосымша жұмыстар үйірме жүргізілсе, жұмыстың нәтижелі болатындығын дәлелдейді. Нағыз шынайы ұстаз баланы үйрете отырып, өзі де үнемі үйрену, іздену үстінде болуы керек. Оқушылардың ішкі жан дүниесін жақсы біліп, терең сезінген мұғалім ғана оқушы жүрегіне жол табары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Хмель Н.Д. Педагогический процесс в общеобразовательной школе. –Алматы: Мектеп, 2009.
2. Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық процесін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімді даярлаудың теориялық негіздері. Пед. ғыл. докт. дисс… - Алматы, 1996. – 78б.
3. Гальперин П.Я. Развитие исследований по формированию умственных действий // психологическая наука В СССР 2т. м., 1998, т.1.
4. Пиаже Ж. Избранные психологические труды. – М., 2005. – 551 с.
5. Давыдов В В. Психическое развитие в младшем школьном возрасте. Возрастная и педагогическая психология: ред. А.В. Петровского. - М.: Просвещ. 2010. - 23 с.
6. Жарықбаев. Қ., Психология негіздері, Алматы 2005, 110-113б.
7. АймауытұлыЖ. Психология: Алматы-Рауан 1995ж-190-195б.
8. Жұмабаев М. Педагогика: Алматы - Ана тілі, 1992ж.
9. Мухина В.С., Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы,-Алматы: Мектеп, 1986, 145с.
10. Эльконин Д.Б. Введение в детскую психологию//Избр. Психол. Тр. М., 1989, 320с.
11. Божович. Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. - М.: Просвещение, 1198. -464 с.
12. Кравцова Е. Е, Шестилетний ребенок. М., 2013.
13. Выготский Л.С. Собр. соч. в 6-ти т. – Т.3. – 1983. – 560 с.

РАЗВИТИЕ МЫШЛЕНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Егенисова А.Қ. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Шаудирбаева А. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В данной статье проанализированы труды ученых, изучавших проблемы формирования мышления младших школьников, проведен обзор психолого-педагогической литературы в данной области. Излагаются пути развития мыслительных способностей к высокому этапному процессу познания.

Кроме того, дается характеристика видов методик, развивающих мышление детей, а также излагаются способы их использования.

Ключевые слова: мышление, мыслительный процесс, мыслительные операции, анализ, синтез, методика, логическое мышление.

DEVELOPING THE THINKING OF PRIMARY SCHOOL CHILDREN

Yegenissova A.K. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: e-mail: almazhai66@mail.ru.

Shaudirbayeva A. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. This article analyzes the works of scientists who have studied the problems of forming the thinking of younger schoolchildren, and reviews the psychological and pedagogical literature in this field. The ways of developing thinking abilities to a high-stage process of cognition are described.

In addition, it describes the types of techniques that develop children's thinking, as well as describes how to use them. Prevention of deviant behavior and elimination of its socio-psychological and pedagogical causes allowed us to identify the main areas of activity for the education of adolescents.

Key words: thinking, thought process, thought operations, analysis, synthesis, methodology, logical thinking.

ХҒТАР 17.07.41

С.АДАМБЕКОВ САТИРАСЫНДАҒЫ ИРОНИЯ

Қабылов Ә.Д.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
e-mail: adlet_kabylov@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақтың көрнекті сықақшы қаламгері Садықбек Адамбековтің «Атылған қыз туралы аңыз» атты тұңғыш сатиралық романы мен сықақ әңгімелеріндегі ирониянның қолданысы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – сатиралық шығармалардағы ирониянның қызметін саралау болып табылады. Осы мақсатта жазушының прозалық шығармалары – романы мен әңгімелеріндегі сатира мен ирониянның арақатынаста қолданылуындағы ирониянның қызметі пайымдалды. Зерттеу барысында сатиралық шығармаларда ирониянның мәтіндегі сын нысанына ерекше назар аудартып, ирониялануышы объектіге күмәнмен қараушылық, баға берушілік, терістеушілік мән үстейтіні анықталды. Зерттеу нәтижелері көркем әдебиеттегі сатира, юмор, ирония секілді күлкі элементтерінің көркем мәтіндегі қазметін айқындау арқылы прозаның поэтикалық компоненттерін зерделеуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерін әдебиет теориясы саласында қолдануға болады.

Түйінді сөздер: сатиралық роман, сатиралық әңгіме, сатира, юмор, ирония, авторлық көзқарас, әңгіме, фельетон, ассоциативтік ирония, аллюзия.

Кіріспе

Көптеген зерттеушілердің сатира, юмор мен ирониянның арақатынасын анықтау, ара жігін ашып көрсету бағытында жүргізген зерттеулері белгілі. Сатира мен юморды күлкінің екі полюсі деп санаса, олардың аралығында күлкі әлемінің көптеген реңктері бар. Сатира мен юмордың негізінде шындыққа эстетикалық қатынастың ерекше формасы – комедиялық қатынас жатады. Объектінің эстетикалық қасиеттері мен субъектінің мақсатына байланысты шындыққа комедиялық қатынас екі түрлі болады: сатиралық және юморлық. Ю.Борьев сатира мен юмор ұғымдарына мынадай анықтама береді: «Юмор» сөзі, біріншіден, «комедиялық сезім» мағынасында қолданылады. Бұл мағынада сатирик юморға сүйенбей тұра алмайды. Бұл сөздің тағы бір мағынасы – «риясыз күлкі»; бұл мағынасында юмор – күлкі реңктерінің бірі және сатира, ирония мен сарказмнан ерекшеленеді. «Сатира» сөзінің де, юмор секілді екі мағынасы бар. Бір жағдайда «сатира» ұғымы көркем шығарманың белгілі бір тегін білдіреді, ал екіншісінде – күлкінің ерекше түрі, оның реңкі, эмоционалды, зілді күлкілі қатынастің ерекше түрі (сатиралық шенеу, әшкерелеу т.б.) [1,80].

Көркем әдебиеттегі күлкі политрасындағы сатира мен юмордың қатарында ирониянның нақты қызметін пайымдау, оның өзге күлкі элементтеріне қосатын поэтикалық өрнегін айқындау – мәселенің өзектілігін көрсетеді. Яғни сатирада – шенеуші, әшкерелеуші күлкі, юморда – жанашырлық, достық рәуішті күлкі басымдық алатын болса, ирониянның күлкіге қандай қатысы бар, бар болса, ондағы күлкінің ерекшелігі неде, сипаты қандай деген мәселе ирониянның сатиралық шығармалардағы орнын айқындауды қажет етеді. Сондықтан, белгілі сатирик қаламгер С.Адамбеков шығармаларындағы ирониянның қолданысын қарастырмақпыз.

Зерттеу әдістері

«Әдеби энциклопедиялық сөздіктегі» мақаласында В.М.Кожевникаов пен П.А.Николаев синкреттік күлкі политрасында күлкіліліктің бірнеше түрі болатынын айта келе, ирония, юмор мен сатираның арақатынасын былайша анықтайды: «Бұл, бәрінен бұрын, «ойын ережесі» мен сипаттық жағынан қайшылықта болатын ирония мен юмор; иронияда күлкілі нәрсе байыптылықтың пердесімен, нәрсеге жағымсыз (күлкілі) қатынас басымдығымен жасырынып жатады; юморда – байыпты нәрсе күлкіліліктің пердесімен, әдетте жағымды (күлуші) қатынас басымдығымен бүркенеді. Күлкіліліктің барлық түрінің арасында юмор өміршеңдік сипатымен және дүниені бағалаудағы реңінің күрделілігімен ерекшеленеді. Ал керісінше, сын нысаны кемшіліктер болып келетін сатираның әшкерелеуші күлкісі анық – терістеуші, әшкерелеуші реңкімен ерекшеленеді» [2,67].

Кейбір зерттеушілер (Тимофеев, А.Ф.Артемова т.б.) ирониянны сатира мен юмордың ортасындағы аралық форма ретінде қарастырады. Мысалы, А.Ф.Артемова ирониянның юмор мен сатираның аралығында болатынын айта келе, ирония юморға қарағанда агрессивті, ал сатираға қарағанда белсенділігі мен әлеуметтік бояуы солғын көрінетінін айтады [3,45].

Әрине, ирониянның сатира мен юморға жақындығы сөзсіз, бұлардың бәрі де – әдебиеттегі күлкі элементтері, әйтсе де олардың арасында принципті ерекшеліктер бар, сондықтан олардың ара жігін ажырата білуіміз керек. Жалпы, күлкі тудырудың негізі – жағымды және жағымсыз жәйттердің кенеттен түйісуі, күтпеген жерден қайшылыққа ұшырауы. Бұл орайда сатирадан гөрі юморда күлкіліліктің бейнесі айқын болатындықтан, оның ирониягa жақындығын айтуға болады. Ал сатирада сын нысанын терістеушілік, әшкерелеушілік ызалы, кекті күлкі ету мақсаты жатқанмен, айқын күлкі тудырмауы мүмкін. Сондай-ақ ирония тек күлкі етуді мақсат етпейді, онда объектіні күлкі қылудан гөрі сыни баға беру, күмәнмен қарау, теріске шығару мотиві болады. «Иронияда юмордың көлеңкесі де болмауы мүмкін; ол әзілдеуде ауылы алыс жататын реніш, қарсылық, ашу-ыза, қастық және басқа да сезімдерді білдіруі мүмкін» [4,22]. Дей тұрғанмен, күлкі сипаты жағынан ирониянның сатирадан гөрі юморға жақын екенін айтуымыз керек. Зерттеуші Т.Ф.Лимарева да юмордағы күлкі мен сатирадағы күлкі бағыттылығы жағынан екі полюсте жататын болса, ал ирониядағы күлкі осы екі нүктенің арасында орналасып, сатиралық күлкіден гөрі юморлық күлкіге мейлінше көбірек бейімделетінін айтады [5,16-17].

Сатираның сын мен терістеудің жоғары және шекті формасы екендігі – басы ашық мәселе. Сатира сынайтын объектісін қашан да өткірлеп көрсетеді, кейде өзгертіп, деформациялап, жеккөрінішті бейнеге айналдырып бейнелейді. Осы сатираның ауқымында немесе сабақтастықта ирония қандай қызмет атқаратынын қарастырмақпыз.

Зерттеу нәтижелері

Қазақтың белгілі сатирик жазушысы Садықбек Адамбековтің «Атылған қыз туралы аңыз» романы – қазақ әдебиетіндегі тұңғыш сатиралық роман болып табылады. Осыдан елу жыл бұрын жазылған бұл шығарма алғашқы басылымынан бастап оқырман қауымның жылы бағасын алып, әлі күнге дейін әдебиетіміздегі өз орнын жоғалтпай келеді.

Шығарма сатиралық деп аталғанмен, мұндағы баяндау өрнегі мен көркем тіл кестесінде сатиралық құралдар онша көп ұшыраспайды. Сатираға тән әсірелеу, тілдік алогизм, өткірлеу құралдары мен шарттылық элементтері жоққа жақын. Жалпы, С.Адамбековтің шығармашылығына тән байыпты баяндау бұл шығармаға тән. Екі кітаптан тұратын романда алпысыншы жылдардың оқиғасы, сол кездегі қоғамда етек алған келеңсіз құбылыстар, атап айтқанда дүмше молдалықпен елдің сеніміне кіріп, жұртты алдап, жеке басының қамын ойлаған, арам байлықты көздеген Сыбан молда мен Жаманқара секілді әкімшілік жолымен өз мүддесі үшін шаруашылық басқарып, көзбояушылықпен «табысқа» жетіп үйренген шолақ белсенділердің астыртын әрекеттерін ішкерелейді.

Романда бастан-аяқ желісі үзілмей отыратын бер желілі сюжет болғанмен, шығарма арқауында бір-бірімен жалғасып жататын екі негізгі оқиға – сотталып кеткен Жаманқараның сол жақта жүрін «асылып өліпті» деген хабарына байланысты елде орын алатын оқиғалар мен одан кейінгісі – Айнаш қыздың «атылып қалатын» оқиғасы. Мұны жалғаспалы-жарыспалы сюжет деуге болады. Шынында да, мұның екеуі де болмаған, бірақ болған делініп, жұртты біршама әбігерге салатын оқиғалар. Біріншісі – Жаманқараның өзі ойдан шығарып, елге таратып жіберген жалған хабары болса, екіншісі – Айбалта, Кәрім, Анялардың әдейі ұйымдастырған «инсцинировкасы». Екі жағдайдың да уәждемесі бар: Жаманқаранікі – елді әбігерге салып, кімнің кім екенін байқап, жаназаға келген малдан дәулет құрап алғысы келген пендешілігі болса, екіншісі – Айнаштың «өлімін» қылмысты ашуға пайдалану.

Ирония көбінесе кейіпкер сөздерінде кездесіп отырады. Айбалта алғаш ауылға Аня деген орыс қызын алып келіп таныстырғанда Жаманқараның мысқылдайтын сөзін ел ағасы Сайрамбайдың оған қарсы уәж айтатын жөн сөзімен қатар беріп, ирониялаушы кейіпкердің пікірін терістеуге пайдаланады: «Сол кезде совхоздың орталық складын өткізіп, өзі тергеу астында жүрген Жаманқара: «Мықты жерден соққан екенсің, енді торай майына мұртымыз майланатын болыпты» деп бүлк-бүлк күлгенде, «Ұлттан ұлттың артығы да жоқ, кемі де жоқ, тек жақсы адамға жолықтырсын құдайым» деген Сайрамбай» [6,73].

Шығарма кейіпкерлерінің болмысын ишаралайтын аңдар мен жәндіктерге теңеу арқылы кейіптеу тәсілі де шығармадағы сатиралық сипатын айқындай түседі: «Айшықты мола қасында Сыбан молда мен Жаманқарадан басқа бір жан қалған жоқ. Бағана Айбалтаның машинасы ін аузында басып кеткен саршұнақ ташқанның жаны оңайлықпен шықпай, тыпырлап жатыр. Мола басындағы екі адамнан сескеніп, тышқанды іліп ап кете алмай азаптанған бөктергі төмен сүзіліп қайта көтеріліп, аспанда салбақтап жүр» [6,151], немесе: «Кілем үстінде бүк түсіп, уыстаған ақшаны бауырына басып жатқан Жаманқара, дәл қасында дөңгелеткен қиға таласып, бір-бірін тұмсықпен лақтырып тастап, қайта айқаса түскен екі қара қоңызға жалғыз көзін қадады. Мастығы тарай бастаған адам, таласып жатқан екі қоңызға езу тарта қарап, «дүниеқоңыз» деген осы екен-ау деп күрсініп салды» [6,151]; «Бір індегі екі түлкідей, бір індегі екі жыландай жандары қас, бір-бірін өлтіруге әзір молда мен Жаманқараны тағдыр осылай уақытша татуластырды» [6,197].

Жаманқараның айдауда жүріп, асылып өлді деп елге телеграмм салдырып, өзі мылқау кісінің кейпінде бақылап жүруінің сыры да ашылады, ондағы мақсаты мас кезінде айтатын: «Осынша мал жинап бергендеріңе көп рақмет, ағайын!» деген сөзінен анық көрінеді.

Романда Жаманқара мен Сыбан молда секілді ішкі есептің адамдары, жеке бастың мүддесі – баю мен жоғары лауазым үшін неден де болса тайынбайтын, қарсыласын, бәсекелесін өлтіруге жүзі жанбайтын адамдардың бейнесі сомдалған. Олардың характерлерін ашуда автор көбінесе кейіпкер сөздері мен авторлық баяндауды ұтымды пайдаланады: «Бір аптадан бері «бүкір, мылқау» болып жүріп, өзі айдауға кеткелі бұл кішкентай селода ақ ешкіден туған қара лақтың құлағына салған еніне дейін біліп алған Жаманқара, жаңа ғана өзін өлтіруге әрекет жасаған молдаға іштей өшіге отырып, алыстан айла іздеді», – деп суреттейді. Шығармадағы кейіпкерлердің әрбір ірі әрекеттерінің сыртқы дәлелі мен ішкі мотивациясы мығым.

Романда сатиралық кейіпкерлердің болмысын іс-әрекет үстінде көрсететін сәтті эпизодтар жеткілікті. Оларды автор жағдаяттық баяндауларда әсерлі шолып өтеді. Мысалы мына бір үзіндіден Жаманқара мен молданың арасындағы қатынастың сыры ашылады. Мұнда сатиралық бейнелеу арқылы кейіпкер табиғатын ашуға қол жеткізген: «– Ә, бәрекелла, міне, шын мұсылман, бәсе, сол баяғы мұсылмандығың қалмапты ғой, – деп молда да қарсы ұмтылды. Бір жеті үстіне құрым жамылып, осы ыссы күнде терге малынып жүрген Жаманқара молда құшақтағанда, қоламса иіс оның мұрнын жарып,

тұмсығын желге тоса берді. Төсіне төс тигізгенде, Жаманқараның қойнына тыққан ақшалары «біз мұндамыз!» дегендей сықыр-сықыр судырап қоя берді. Молданың құлағы елең етіп, Жаманқараны бауырына басқан күйі кілт, қимылсыз тоқтап қалды [6,153].

Шығармадағы негізгі әрі ең жағымсыз кейіпкер – Сыбан молда. РОман кеңестік замандағы атеизмнің қылышынан қаны тамып тұрған кезінде жазылды дегенімізбен, мұнда қатты әшкереленіп отырғаны – малданың молдалығы, дін мен діншілдік емес, қайта молданың атының затына сай болмауы, дінді қор қылып, оған лайық емес әрекет жасап жүргін жағымсыз қылықтары. Атап айтқанда, елді алдап, баюды ойлайтын алаяқтығы, жүрген жерінде қылмыс жасап, ізін жасыру үшін адам өлтіруден де тайынба йтын қаныпезерлігі жан-жақты ашылған.

Екінші бір жағымсыз кейіпкер – Жаманқара. Шығармада оның айдауда жүріп, асылып өлгені туралы хабардан кейінгі оқиғалар суреттелсе, шегіністер арқылы оның өткен өміріне де шолу жасалады. Жаманқараның бейнесі ашылатын тұстарда автор сөзінен де, кейіпкер сөзінен де сатира мен ирониянның тынысын байқаймыз:

– Тақсыр, бұл да менің жаназама жинаған бата оқырдың бір түрі. Қайнағам байғұс, совхоздан, ауданнан менің көзімді көрген өкімет адамдары келсе, ас алдында тәбет ашсын деп алып келген ғой. – Жаманқара шөлмекке қарап қойып, ауыр күрсінді.

Не болса, ол болсын, небір кеуіп қалған көндерді жібітіп, небір тамыры қурап қалған көздерден жас шығардыңыз. Баяғыда май завод салып, даңқыңыз бір шығып еді, өліп-тіріліп дүниені бір шуылдаттыңыз. Адыра қалғыр Шынтас, – деп сөзінің арғы жағын айтпай Майлыбастың кесесіне шай құйды Тасбике [6,56].

Шығармадағы ирониялық екпін автор баяндауының кейіпкер ойымен сабақтасып жататын қосүнділік иірімдерінен де көрінеді. Мына ішкі монологтағы Кәрімнің ойында ирониядан сарказмға ауысқан ащы кекесін, мысқал жатыр: «Кеше Тасбике соңынан қуып кеп, Майлыбасты тоғайға жетелеп кеткен жоқ па? Сонда кім, кім қалды оңаша? Молда, Тасбике, Жаманқара, Майлыбас? «Оho, жазған баланы үш жылан ортаға алған екен ғой. Молда жылан, Жаманқара жылан, арақ жылан. Ойпыр-ай, қалай арбады. Ой, жыландар-ай!» деп ой торыған Кәрім қасындағы серіктеріне тіс жарған жоқ» [6,193].

Романдағы психологиялық талдаулар арнасында ой мен сөздің арасындағы көңілдегі кеп пен ауыздағы лебіздің арасындағы қайшылықтар, кереғар шығып жататын айтылым төркінінен көрініп, кейіпкердің мінез-болмысын, жағдаяттардағы сәттік құбылыстарды танытуға да қызмет етеді. Мысалы, «Осы елдегі кемпір-шал көмусіз қалса да көш, тақсыр. Аманыңда еліңді тап. «Той-думанның арасын боза бұзар, екі ауылдың арасын қожа бұзар» деген рас екен. «Тайраңдап ел бұзуға айналдың» деген сөзді айтуға шақырған Сайрекең:

Киеке, молданың қолына су құй, бәріміз де жүз шаяйық, – деп жайылып түсті де, мүсәпірсіп қалды. Молдамен төбелесіп қалған кетік шал да «Ақша құмар араны ашылған, болмаса ғұлама адам», – деп жүріп, жез құман, жез шылапшынды молданың алдына тоса берді [6,202].

Шығармадағы сатиралық сарын баяндау машығы мен күлкілілік кеп, комедиялық көріністердің суреттелуінен гөрі, негізінен, оқиға мазмұны мен сюжеттік түзілімнен көрінеді. Автор сатирасында ара-тұра ирониялық айтылымдар мен мысқыл-кекесіндер ұшырасып отырады. Оларды қажет тұсында автор кейіпкер аузына да салып отарыды: «Күнде арақ ішіп, сигарет тартып, бензин сасып жүретін жастардың бірінің жары болғанша, бес рет жуынып, бес рет намаз оқып, таза киініп, дәмді тамақ жеп, бетінің нұры тамған молда құщағында жатқанын қыз қызық көреді, арман етеді деп соқты Тасбике [6,205]; «О, жазған қазақ, басына сәлде орағанды молда деп, қолына папка ұстағанды ұлық деп бас ие бересің, тегі» [6,292].

Сатиралық романда жаны таза, ойы ізгі адамдардың ескіліктің қалдықтары мен озбырлық, әділетсіздікке қарсы күресі жақсылықтың жеңісімен аяқталады. «Бұл ауылда Жаманқара атам тұрғанда шатақ таусылмайды», – дейтін Майлыбастың сөзінде шындық

бар. Бәрібір романның соңында молда сотталып, Жаманқара мүмкіндіктерінен айырылып, енді қайта бас көтере алмайтындай халге түседі. Осындай ауылдағы оң өзгерістер қарсаңындағы табиғаттың бояуын да автор: «Ел ерте тарады, көңілсіз ауыл ерте жатты. Түнде бір керемет жаңбыр жауып, даланың кір-қоңын шайып кетті. Жаңбырдан соңғы таза ауа – таңғы ауаны құмарта жұтқан ел ерте оянды» [6,306], – деп жақсылыққа меңзей бейнелейді.

С.Адамбековтың сатиралық әңгімелері де байсалды ырғақ, байыпты баяндауларымен ерекшеленеді. Бұларды сатиралық шығармалар дегенімізбен, сатира мен юмордың айшықты құралдары белсенді емес. Неігінен сол кездегі қоғамдағы жөнсіздіктер сыналатындықтан, автордың әңгімелері жанры жағынан фельетонға жақын, өмірдің жалпы мәселелерін қамтудан гөрі, жекелеген нақты жайларды сынауға құрылады.

Автордың шығармаларындағы ирония тұрмыс пен шаруашылықтағы кемшіліктер мен кесір құбылыстарды сатирамен бейнелеу ыңғайында сын нысанасының қайсыбір сипаттарын анықтауға бағалаушылық, күмәнданушылық, сыншылдық назарды күшейту мақсатында жұмсалатынын байқаймыз. Мысалы, "Тұтқиылдан тексеру» әңгімесінің басында көшенің о басы мен бұл басына соқтығысып, шайқалып келе жатқан мас адамды бейнелейді. Жас балалар оны мазақтайды. Бұл кім десеңіз, ол – «су атасы Сүлеймен» атанып кеткен паромның бастығы Суатбай екен. Автор оны ары қарай былайша мінездеп, сипаттама береді: «Ертіс суына параход қалай жүзсе, «қырық градус қызуға» ол да солай жүзіп, екі қолын ескек етіп жүре береді. Анау паромға екі күнде бір барып, «тұтқиылдан тексеру жасайды да», қайтадан өз әніне баса береді. Суатбайдың осындай бір «қырағылығы күшейіп» шабуылға шыққан күніне кез бола көрмеңіздер» [7,34]. Суатбайға «әй» дейтін әже, «қой» дейтін қожа жоқ, Суатбай осылайша еркін жүріп, тек аптаның белгілі бір күні ғана тұтқиылдан тексеру жүргізіп, жолаушыларға ыңғайсыздық тудыратыны сыналады. Осындай әпербақан маманның жұмысына тексеру жүргізілмейтіні, бетімен кеткен Суатбай секілділердің қызметі әшкереленген.

С.Адамбеков әңгімелерінің бер ерекшелігі, бұларда халықтық күлкілі кейіпкерлердің бейнесі осы заманға лайықталып пайдаланылады. Олар кейде бас кейіпкерлер ретінде, енді бірде бас кейіпкерлегне ілесіп, соларға серік ретінде еліміздің әр ауыл-аудандарын аралап, кемшіліктерді көрсетіп, әшкерелеп отрады. Мысалы, «Қожанасыр қақпасы», «Қожанасыр жар салды», «Қожанасырдың қойын дәптерінен», «Қожекеңнің қуырдағы», «Қожекеңнің тойлары», сондай-ақ «Алдар көсе есік алдында», «Көсенің көзі», тағы да басқа әңгімелерінде Қожанасыр мен Алдар көсенің образдары кездесіп отырады.

Мысалы, «Қожанасыр қақпасы» әңгімесін Қожанасыр туралы белгілі аңыз әңгімеден бастап, оны осы күнгі жағымсыз көріністермен байланыстырады. «Қожанасыр әпенденің ауласының екі жағы құлап, үлкен әшекейлі қақпасы ғана қаңқиып тұрады екен. Әпенденің өзі де сол қақпадан еніп, сол қақпадан шығып, кеткен-келгенде есігін құлыптап қойып жүретін болса керек. Қожекеңе қонаққа келген адам, қақпадан енбесе: «Ей, бәтшағар, көзің жоқ па? Дарбазаны қақпайсың ба? Мен барып ашпаймын ба? Құлап жатқан дуалдан өткенің қалай, ешкі болдың ба? Деп ашуланып қалатын көрінеді...». Осылай басталған әңгіме аналогия арқылы кейбір аудандардағы бес-алты түп жас ағаштарды қоршап қойған, бәрінің дуалы құлап, қақпасы қалған, ішіне мал кіріп серуен салып жүр деп, демалыс орны, парк секілді көпшілік баратын жерлерге көңіл бөлмейтін шаруашылық басшыларын сынайды.

Қорытынды

Жазушы ирониясы сатирамен сабақтаса жүріп, тіршіліктің түрлі түйткілдеріне жарық түсіреді. Мысалы, табиғаттың бейнеленуі: «Тал жапырақтарынан, үй бұғаттарынан күнге қарап тырс-тырс тамшылап, момақансып тұрған қыс аязы күн бтқан соң қызара бөртіп, құтырып шыға келді. Тондының жағасынан сипап өтіп, шляпалы жігіттің құлағын шымшып, қыздардың балтырын қыттықтап, пайпақтыға бата алмай, етіктіні паналап

келіп, туфлилі адамды қуа жөнелді [7,38]; қонақтардың суреттелуі: «Аттан аударыла түсіп жатқан сыйлы қонақтардың аяғы әлі сиреген жоқ. Бірақ әзір қора ішінде отырғандардың «денсаулығы» онша емес. Домбыра, гарьмон ұстаған жігіттердің саусағына әлі қызу жете қоймаған сияқты. Астыңғы шек жетімсіреп, анда-санда дың-дың етсе, гарьмон тілі күрмеліп тізеге асылып жатыр» [7,41]; тойдың суреттелуі: «...Той болғанда қандай той десеңізші! Төменгі елді шақырып, төбел бие сойғызып, жоғары елді шақырып, жорға бие сойғызып, ауыл-аймақты майға бөлеген той...» [7,44]. «Осылай, жолдастар, қыстауда да, жайлауда да бұрынғы ата-бабаның дәстүрін сақтап, қауға тартып тұрмыз» [7,86]

Мұндай ирониянның мысалдары жазушы диалогтерінде де кездеседі:

«– Мынау таразыдан жеген тасбақа қайдан молда болған? – деп күліп жіберді Ордабай.

Түрмеде жатып Медресе бітірген, – деп Көшек пұшық оның бүйірінен түртіп қойды» [7,60]

Автордың шығарма қорытындысында ирониянны жеңіл әзілдің ыңғайымен пайдаланатыны бар: «Шынында да, жаман шығарма жазғаннан жақсы түс көрген артық қой» [7,23]; «Сонымен біреуге әзілқой, біреуге мас, біреуге есерсоқ көрініп жүріп, маскүнем ағай қызметтен қуылды. Қазір қобызсыз қалған бақсыдай әркімге бір бас иіп, аудан орталығында жүр» [7,33].

Қорыта айтқанда, ирония сатиралық шығармалардағы әшкерелеуші күлкіге ирониялық реңк – сыни баға берушілік, нысанның маңызына күдік келтірушілік, терістеушілік өң дарытып отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Борев Ю. Б. О комическом. – М.: Искусство, 1957.
2. Литературный энциклопедический словарь под ред. В. М. Кожевникова и П. А. Николаева. – М., Советская энциклопедия, 1987.
3. Артемова А. Ф. Механизм создания комического в английской фразеологии. – Автореф. дис... канд. филол. наук. – М., 1976.
4. Чугунекова Г. Н. Ирония и сатира как типы поэтического смысла (на материале современной англоязычной поэзии). Автореф. дис... канд. филол. наук. – Санкт-Петербург, 2007.
5. Лимарева Т. Ф. Функционально-семантическая сущность иронии. Автореф. дис... канд. филол. наук. – Краснодар, 1997. – 19 с.
6. Адамбеков С. Атылған қыз туралы аңыз. Роман. – Алматы. Жазушы, 1980.
7. Адамбеков С. Қожанасар қақпасы. Әңгімелер. Пъесалар. – Алматы. Жазушы, 1989.

ИРОНИЯ В САТИРЕ С.АДАМБЕКОВА

Кабылов А.Д. - Каспийский университет технологии и инжиниринга имени Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан, e-mail: adlet_kabylov@mail.ru.

Аннотация. В статье рассматривается применение иронии в первом сатирическом романе «Легенда о расстрелянной девушке» и сатирических рассказах видного казахского писателя-сатирика Садыкбека Адамбекова. Целью исследования является дифференциация функции иронии в сатирических произведениях. С этой целью была осмыслена функции иронии в применении в соотношении сатиры и иронии в прозаических произведениях писателя – романах и рассказах. В ходе исследования было установлено, что в сатирических произведениях ирония придает особое значение критической форме в тексте, придает ироничному объекту скептическое отношение, оценочность, отрицательность. Результаты исследования позволяют изучить поэтические компоненты прозы путем выявления в художественном тексте таких элементов смеха, как

сатира, юмор, ирония в художественной литературе. Результаты исследования могут быть использованы в области теории литературы.

Ключевые слова: сатирический роман, сатирический рассказ, сатира, юмор, ирония, авторское мировозрение, рассказ, фельетон, ассоциативная ирония, аллюзия.

IRONY IN S. ADAMBEKOV'S SATIRE

Kabylov A. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: adlet_kabylov@mail.ru.

Abstract. The article examines the use of irony in the first satirical novel "The Legend of the Shot Girl" and satirical stories of the prominent Kazakh satirist Sadykbek Adambekov. The aim of the study is to differentiate the function of irony in satirical works. To this end, the functions of irony in the application of the ratio of satire and irony in the prose works of the writer – novels and short stories-were comprehended. In the course of the study, it was found that in satirical works, irony attaches special importance to the critical form in the text, gives the ironic object a skeptical attitude, evaluativeness, negativity. The results of the study allow us to study the poetic components of prose by identifying in the literary text such elements of laughter as satire, humor, and irony in fiction. The results of the research can be used in the field of literary theory.

Keywords: satirical novel, satirical story, satire, humor, irony, author's worldview, story, feuilleton, associative irony, allusion

ӘОЖ 821.512.122

ЖАЗУШЫ ДУМАН РАМАЗАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Атшыбаева Ф.Қ.
Магистрант
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
Қамарова Н.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: nagbdu@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада постмодернист жазушы Думан Рамазанның өзіне тән қолтаңбасы сөз болады. Жазушы ешкімге ұқсамайтын стиль қалыптастырған қаламгер екендігі шығармашылығы арқылы дәделденеді.

Думан Рамазан шығармаларында ақиқат пен жалған, өмір мен өлім, өткен мен бүгін және қуаныш пен қайғыны бір-бірімен ұштастырып та, жеке дара да қолданылғаны айтылады. Жазушы шығармаларының әрқайсысы жеке талдауларды қажет етеді. жазушының қуаныш пен қайғыны бір-бірімен ұштастырып та, жеке дара да қолданғаны дәлелденеді.

Думан Рамазан шығармаларындағы кейпкерлердің есімі өздерінің атқаратын рөлдеріне және өмір сүру заманына сай таңдалатындығы, сондай-ақ постмодернист жазушы қатарына қосылған Думан Рамазанның еңбегінің көпшілік арасында тез таралатындығы, жазушының жазу стилінің жаңашылдығы және әр әңгімесінің түрлі сюжетке құрылуы жан-жақты сөз болады.

Түйінді сөздер: қазіргі қазақ прозасы, Думан Рамазан, шеберлік, постмодернизм, жаңашылдық.

Жаңашыл да жанашыр, шындықты жасқанбай жазып, шағын шығармалар жинағымен заман талабына сай қалам тербеп жүрген постмодернист жазушы Думан Рамазанның шығармашылығының қазіргі қазақ әдебиетінде алар орны ерекше. Қазақ әдебиеті тарихында өз шығармаларын халық өмірінің айнасы ете білген ақын-жазушылар жетерлік, алайда бүгінгі күнгі халық тағдырын әдебиет арнасында суреттеп жүрген жазушылар көпшілік назарынан тыс қалуда. Осы орайда қазіргі әдебиет өкілдерінің шығармаларын зерттей отырып, жаһандану үрдісінен әсер алып жатқан халыққа құнарлы, рухани құнды шығармаларды ұсынып отыру үлкен қажеттілік. Думан Рамазанның шығармашылығын әдебиеттанушы Әбіл-Серік Әліәкбар «Д.Рамазанның көркемдік әлемі романтизм мен реализм, натурализм мен сентиментализм, модернизм мен сюреализмнің өте күрделі бірін-бірі жоққа шығарып, әрі толықтырып, әрі өзгеріске ұшыратып отыратын эстетикалық тенденцияларының синтезінен тұратын постмодернизмнің прозадағы ұлттық эталоны» [1, 12-б], - деп бағалайды. Сұхбаттарында жазушы Думан Рамазан өзінің постмодернист жазушы екенін жоққа шығармайтынын айтып өтеді.

Думан Рамазан шығармаларында ақиқат пен жалған, өмір мен өлім, өткен мен бүгін және қуаныш пен қайғыны бір-бірімен ұштастырып та, жеке дара да қолданған. Сондықтан жазушы шығармаларының әрқайсысы жеке талдауды қажет етеді. «Көш» шығармасы заман ағымымен жылжып бара жатқан қоғамды көшпен теңестіріп, әділетсіз

басшылар, жағымпаз қызметшілер мен сорлы халықтың өмірін әсірелеп жеткізеді. Бұл шығарма қай заманда болмасын ақиқатты ашық сипаттауымен оқырман қолынан шеткері қалмайды. Көш ішіндегі шындықты айтып шырылдаған Нағыз ақын мен жалғанның құлына айналған Дәлдүріш ақын да әр қоғамда табылары рас. «Қос ішек» әңгімесі хандық кезең жойылмаған дәуірдегі шағын оқиғаны сипаттайды. Хан қызын алып қашып, кейін ұсталып қалған жігіт соңғы сөзін айтар сәтте өз махаббатын қос ішекті домбыраның үнімен жеткізеді. Хан өлім жазасына кесер болса қыздың сыңарынан айрылған аққудай бақытсыз боларын домбыраның әсем үнімен сездірген жігіт өз арманына жетіп, хан қызына үйленеді. «Алланың әмірі» шығармасында Нұх пайғамбар қиссасын баяндаса, «Құса» шығармасында Абай атамыздың соңғы күндерін суреттейді. «Көкжал» әңгімесінде бөлтіріктерінен айрылған қасқырлардың кекшіл келетінін өткір түрде көрсетеді. «Жылап аққан тамшылар» туындысы тіпті бөлек сюжетте құрылып, өзі ғашық болса да басқа жігіттің жанұясын ойран етпес үшін сүйгенінен қол үзуге бел буған қыз туралы айтылады. Жазушының қай әңгімесі болса да оқиға желісі соны ой салатын жолмен жазылған. «Жатбауыр» туындысына келер болсақ автор ауылдағы ата-әже мен қалада өскен немере арасындағы суықтықты шағын оқиға желісімен сездіреді. Қазақша білмейтін қазақ қызына үйленіп, қалада қызмет істейтін ұлдары өз немересі Даниялды он жасқа келгенде ғана және амалсыздан ауылдағы ата-әжесіне табыстап кетеді. Ата-анасы Дубайға кеткен немерелері Даниялға бас-көз болып қарауды ата мен әже қуаныштары қойндарына сыймай қабылдайды. Алайда немерелерінің қазақша бір ауыз сөз білмеуі, ұялы телефонын шұқылап ешкімге көңіл бөлмеуі және қытырлаған дүкен тағамы мен тәтті сусыннан басқа нәрсе ішпеуі немересінен көп үміт күткен ата қуанышын су сепкендей басады. Астына қара джип мінген бай бала мен ауылда мал соңында жүрген ата-ананың арасындағы қарым-қатынастың нашарлығын бірден байқауға болады. Ата-ана қадірін білмей өскен жігіттің өз баласының да қиянатшыл болып өсіп келе жатуы ата-анаға істелген жамандықтың өз ұрпағынан қайтып келерін көрсетеді. Әрине, айтпай кетуге болмас тағы бір үлкен мәселе ана тілді білмеген баланың тәрбиеден де ұзақтап кетуі. Жаһанданып жатқан қала өмірі баланың ойлаған ойы, істеген ісі, сөйлеген сөзі, ішкен асына дейін әсер етуі бұл шығарманы оқыған ата-ананың бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарауына итермелейді. Әжесі қанша жақсы көріп айналсоқтағанымен, атасы Ығыбай немересінің жат қылықтарынан, әсіресе қора артында тығылып темекі тартқанынан тіпті шошынып қалады. Сол темекінің қалдығы өртке ұласып, қорасы өртенсе де атасы баланың кінәлі екенін айтып әйелінің жүрегін ауыртуды қаламайды... Соңында атасы немересін қалада тұратын құдасы мен құдағиының қолына апарып табыстайды. Табыстап шығып келе жатқан Ығыбай ақсақал ұзаққа бармай шалқасынан құлап «жеті қат жердің астына құлдилап бара жатты» деп шығарманың соңғы нүктесі қойылады. Жылы үй, жұмсақ тамақ, асты-үстіне түсіп еркелеткен нағашы атасы мен әжесінің қылығы Ығыбай ақсақалға жиіркенішті болып көрінді. Киімі көк, тамағы тоқ болғанымен ішкі жан дүниесі кірлеген немересін не жақсы көрерін, не жек көрерін білмеген қарт көңілі оқырманды жас ұрпақтың рухани жағдайын ойлауға сүйрейді. «Жүрек қалауы» әңгімесі диалогтармен өрбиді. Бай қала тұрғындарының өздерінің жалғыз қыздарының ауыл жігітіне тұрмысқа шығамын деген сөзіне көзқарастары шынайы көрсетіледі. Анасы Бақыткүл «болашақ жарын дүниеге бай болса, бәрі де болады» деген қағиданы дұрыс санап, ауыл жігітін қор көреді. Әкесі Саятбек болса ең бастысы адамгершілік екенін айтып, қызына рұқсат береді. Қыздары Индира өзі қазақшаны дұрыс білмесе де қазақ пен қазақтың орысша шүйіркелескеніне қарсы қойшы баласы Сержанды сүйеді. Сержан да Индираның түсінігін жоғары бағалап, қазақшаға талпынғанынына сүйсінеді. Әңгіме Бақытгүл Сержанды өз көзімен көргенде ойға қалғандығын айтып бітеді.

Осы шығармада да урбандалудың кері әсерін байқаймыз. Адам дәрежесін қолдың кірі болған дүниемен өлшеген Бақытгүлдің ауыл адамдарын менсінбеуі қызына айтқан сөздерінен ашық байқалады. Тәкәппарлықпен қатар қорқақтықты да есепке алу керек.

Басқа адамдардың сөзінен қорқып, дұрыс шешімнен бас тарту көптеген адамның дұрыс шешім қабылдап, жақсылыққа жетуне тежеу болды десек артық айтпаған болармыз. Бірақ Сержанның бойында бұл рухани дерттің, яғни рияшылдықтың болмауы оның айтқан сөздерінен және өзінен әлденеше есе бай болған қыздың үйіне келіп сыйлық беруінен байқалады. Қойшы баласы Сержанда басшы әрі бай Саябектің қызына өзін лайықсызбын деа санамауы оның білімділігін көрсетеді. Индираның анасы Бақытгүлді ойландырып тастаған да Сержанның білімі мен мәдениеттілігі еді. «Күйік» шығармасы ұлынан айырылса да, артында тұяғы қалған қарттың өлім аузында жатқан кезін сипаттаумен басталады. Ең үлкен немересі Нұрманжанға жауапкершілікті табыстап, бұл өмірден өтеді. Сол күндері Нұрманжан кішкентайлы болады. Жұбайы екеуі де түстерінде аталарын көріп, балалары сол кісіге ұқсайтын болар деп жақсыға жорып, есімін да сол кісіге аттас етіп Ернар қояды. Ернар шынымен де жүріс-тұрысы, түр-тұлғасы атасына қатты ұқсайтын болып өседі. Бес жасқа келген шағында әкесі Нұрымжан екеуі аталарының басына барғанда ғана Нұрымжан ол кісілердің қайтыс болғанын біледі. «Осылай өмір өтіп, ғұмыр жалғасып жатыр» деген сөздермен шығарма аяқталады. «Жатбауыр» шығармасын оқыған адам бір суықтықты сезіп, ол әңгімені екінші қайтара оқығысы келемеуі мүмкін. Ал, «Күйік» әңгімесі керісінше жанұядағы бірлік пен жылулықты сездіреді. Баласы қайтыс болса да атасының немересімен арасындағы жақындығы үлгі аларлық. Нұрманжанның да әкесі мен атасына Құран бағыштап тұруы ол кісілердің берген діни тәрбиесінің жемісі болса керек. Нұрманжанның әке зиратына жиі барып, Құран бағыштап, жаны жәннәттә болуын тілеуі өткен ұрпақ пен жас ұрпақ арасындағы байланыстың үзілмеуіне себеп болғандай. Қазақтың адамды өлді демей, о дүнигеге қайтты, қайтыс болды деуінің өзінде үлкен мән жатқанын байқатады. «Жан» әңгімесі де түс жорумен байланыстырылған. Ата-ана түсінде көптен күткен сәбилеріне жазушы таныстарының өз жұлдызың бергенін көреді. Сол себепті балаларының атын Жұлдызжан деп қойып, сол жазушыға еліктеп өсуіне себеп болады. Бала Жұлдызжан да өз есімінің сырын білетіндіктен аталмыш жазушының мұражайына барады. Мұражайда көзіне елестер көрініп, жазушы заманындағы суреттер қайта жаңғырғандай болады... Мұражай ауласында отырғанда көгершін ұшып келіп Жұлдызжанның көзінше жылайды. Бұл құбылыстардың мәнісін түісіне алмаған Жұлдызжан автобуспен үйіне қайтуды жөн көреді. Көгершін Жұлдызжанның соңынан қалмай ұшып, автобустың артқы терезесін қанатымен сабалайды. Жұлдызжан автобустың тоқтағанын күткенше болмай көгершін көліктің дөңгелек астына түсіп өледі.

Думан Рамазан шығармаларының тақырыбы қысқа әрі шығарма идеясын бірден еске түсіретін қарапайым болып келеді. Автор шығармалары қысқа болғандықтан қосымша тақырыптар қолданбайды. «Көш» шығармасы көш, «Жатбауыр» шығармасы ата-әжеге жатбауыр болған немере, «Көкжал» әңгімесі көкжал туралы дегендей әр шығарма өз тақырыбына толық сыйып тұрғандай. Бұл алдында айтып өткендей жазушының өзгешеленіп, атақ-абыройға ие болсам деген ойдан аулақ екенін дәлелдей түседі.

Думан Рамазан шығармаларындағы кейіпкерлердің есімі өздерінің атқаратын рөлдеріне және өмір сүру заманына сай таңдалған. Кейіпкерлердің есімдері олардың образдарын да аша түскендей. «Көш» шығармасында шыншыл ақынның аты Нағыз болса, өтірікші ақын Дәлдүріш; «Жатбауыр» шығармасында қала баласы Даниял да, оның атасы Ығыбай; «Жүрек қалауы» әңгімесінде қазақша аз білетін қала қызы Индира, оның әке-шешесі ауылдық өмірді көріп өскен Саятбек пен Бақытгүл, қойшының тәрбиелі баласы Сержан; «Күйік» әңгімесінде атасы үміт артқан немересі, үміті Нұрманжан, елге елеулі қызмет еткен қария Ернар; «Жан» туындысында жазушының жұлдызына түс әлемінде ие болған Жұлдызжан т.с.с.

Думан Рамазан шығармалары шағын көлемді болғандықтан жоғарыда атап өткеніміздей басты идея, оқиғалар желісі, образдар тақырыпқа толық сәйкес келеді және тақырып төңірегінен ауытқымайды. Кейіпкерлер күнделікті өмірде кездесетін адамдарды

еске түсіргендіктен олардың диалогтар арқылы жанама мінезделуі жеткілікті болып көрінеді.

Автор портрет пен пейзажды өте сирек қолданып, сюжетті монологтар мен диалогтар арқылы өрнектейді. Оқиғалар көбіне хронологиялық негізде баяндала отырып, шығарма мұңды ойға батыратын жолмен аяқталады. Автордың бұлай жазуы оқуға және түсінуге жеңіл болғанымен терең ойға сүйрейді. Жазушы өз шығармаларында прологты сирек қолданады, ал эпилогтың шағын шығарма үшін қажеті де болмасы анық.

Жазушының диалогқа негізделген шығармаларында , яғни шағын пьеса деп те атауға болатын әңгімелерінің басында кейіпкерлерді қысқаша ғана атап өтеді. Мысалы «Жүрек қалауы» еңбегі былай басталады:

«Қатысушылар:

Индира – жас қыз

Бақытгүл – қыздың шешесі

Саятбек – қыздың әкесі

Сержан – жас жігіт» [2, 3].

Автор кейіпкерлердің мінез-құлқын және наным-сенімін көбіне диалогтарда өз сөздері арқылы көрсетеді. «Жүрек қалауы» шығармасында Индираның қазақ тіліне шорқақтыын мына сөздерінен байқауға болады:

- Мам... Папам ылгида болашақ куйейдин байлыгына, басқасына кызыкпа, ең бастысы адамгершилиги жогары адам болсын деп айтып отырады ғой!..

«Жатбауыр» туындысында Бибіжамал әженің:

- Әнеугүні телебезерден айтты ғой!.. – деп айтқанынан-ақ ауыл тұрғынына тән сөйлеу мәнерін байқауға болады.

Ығыбай атаның немересі Даниялды «Дәниәл» деп атауы, «Сен не істеп жүрсің?» дегенді орысшалағанда «Әй, шо!», - деуі әңгімеге шынайылық бере түседі.

Бірінші жақтан жазылған шығармаларда кейіпкердің образы монологтар арқылы да ашыла түседі, бірақ Думан Рамазан ішкі ойды да артық сөзден аулақ болып, тек саңызды ойды жеткізуге тырысқаны айқалады. «Күйік» әңгімесінде Нұрманжанның жағдайы өзінен де қиын қойшы шалға қарап жанашырлық білдіруін мына ойынан байқай аламыз:

«Қу тіршілік-ай! Сексенге келсе де қой соңында селкілдеп жүргенін қарашы. Нағыз мүсәпір жан осы ғой... «Не үшін өмір сүргенімді өзім де білмеймін» дей ме?! Ғұмыр бойы тауқымет пен тақсіреттің азабын арқалап, қайғы-қасіреттің уын ішіп келе жатса қайтсін енді... Бірақ өзінің жаны сірі екен, соның бәріне шыдап келе жатқан...»

Жазушы шығармаларының көп бөлігі диалогтардан құрылғандықтан кейіпкерледі жанама мінездеу басым келеді. Яғни, автор олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып жатпай, оқиға желісі, сөйлеген сөздері арқылы мінездеп шығады.

Думан Рамазан шығармаларындағы кейіпкерлерді шынайы өмірде де кездестіруге болады. Сондықтан көпшілік арасынан таңдап алынған кейіпкерлер оқырманға өз кем-кетігін тауып одан арылуға және жақсы қасиеттерді бойға сіңіруге септігін тигізеді.

Жазушы шығармаларында толықтыру үшін кіргізілген эпизод немесе эпизодтық қаһармандар болмағанымен, метафизикалық әлеммен байланыс, өлім тақырыбы өте жиі кездеседі. Думан Рамазанның діни тақыпты да жиі қодануы атеистік саясат құрсауынан шыққан халықтың рухани жетіліуіне үлес қосуды мақсат еткенінен туындаса керек.

Думан Рамазанның қай шығармасын алсақ та өз ойын өткір жеткізуге тырысқанын байқай аламыз. Осы себептен жазушының сөз саптауында да өткірлік байқалады. Жазушы айтар ойын тік, батырып айтатын тұстары жиі кездеседі. Мысалы «Көш» шығармасында апатқа ұшыраған халық былай сипатталады:

«Әр-әр жерде шашылған дүние-мүлік, бастары жарылып, аяқ-қолдары сынып, домалап жатқан жаралылар. Талай адамды тас басып қалған. Анадай жерде жүк-мүгімен аударылып түскен кәрі атан ыңырана ыңырсып, әлсіз тыпыршиды. Оныңжанында быт-шыты шыққан ағаш бесік жатыр. Сәл әріректе қара қазан төңкеріліп қалған» [3]. Бұл

әділетсіздікке ұшыраған халық бейнесін, ащы шындықты көрсету үшін қолданылған стиль.

«Көкжал» шығармасын оқып отырған оқырман мына жолдарға келгенде тіксініп қалары анық:

«Бойын жиып тұра бергені сол еді, ырылдап келіп сол жақ иықтан ала түскен ашулы арлан ақсиған азу тістерін батырып жіберіп күтір-күтір еткізді де, жұлқылай тартып қалды...» [4].

Жазушының шығармаларындағы суреттерді, іс-қимылдарды қанықты ету үшін қос сөздер мен сөз тіркестеріне жүгінгенін байқаймыз. Мысалы «Жан» әңгімесінің тек бірінші бетінің өзінде мына қос сөздер кездеседі: Жата-жастана, ырыздық-несібе, дәм-тұз, ақ-адал [4]. «Көкжал» еңбегінде мына сөз тіркестері кездеседі: жүрек жұтқан, қаны басына шапты, қаны сұйық, шақшадай басын шарадай еткен, жүрегі аузына тығылды [4]. Жазушы шығармаларында сұр жылан, қара құлып, суық тер, қара тер секілді тұрақты эпитеттер де көп қолданылған.

Постмодернист жазушы қатарына қосылған Думан Рамазанның еңбегінің көпшілік арасында тез таралуы ол кісінің жазу стилінің жаңашылдығы және әр әңгімесінің түрлі сюжетке құрылуынан болса керек. Сонымен қатар шығармалардың ықшам болуы уақыт тауып оқуға жеңілдік туғызады. Тақырыптар қарапайым болғанымен негізгі ойды толық қамтуы қайталап оқуға уақыт тапшы қазіргі заманның талабына сай. Думан Рамазан шығармалары шағын болғанымен тілдік қорға бай екені осы жобада жасалған ғылыми зерттеуден бірден байқалады. Осындай шағын шығармаларда троптың барлық түрі кездесуі қазіргі қазақ әдебиетінде қазақ тілінің байлығы сақталып келе жатқанын көрсетеді. Зерттеуші О. Берггольцтің айтуынша, проза дегеніміздің өзі «ішкі дүниені, ішкі жан әлемді ашу» [5, 281]. Демек, адамның ішкі әлемі, дара психологиясы арқылы Д.Рамазан прозасында әлеуметтік атмосфераның да психологиясы көрініс табады.

Думан Рамазан секілді өзіндік жаңашыл жолмен бүгінгі қоғам жайлы жазып жүрген жас жазушылар да көп. Біздің қазіргі қазақ әдебиетіндегі ақын-жазушыларға деген қолдауымыз олардың шығармаларын оқып, талдап, таратып, жақсы тұстарын мақтағанымызбен қатар кемшіліктерін де сыпайы сынмен ескертуіміз қажет.

Әдебиет – маңызды тәрбие құралы. Жастарымызды тәрбиелеуіміз үшін Д.Рамазан сияқты жазушылар шығармаларын оқығанды жөн деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбіл-Серік Әліәкбар. Думан Рамазан және постмодернизм. Ақиқат. 19.07.2017. http://akikat.kazgazeta.kz/?p=8444
2. http://www.ikitap.kz/reader/jurek_kalaui#
3. http://www.ikitap.kz/reader/kosh_angime_kura#
4. http://www.ikitap.kz/reader/kokjal_kura#
5. Верггольц О.Ф. Против ликвидации лирики. В кн: Разговор перед съездом. – М.: Сов. писатель. 1954. – 340 с.

ОСОБЕННОСТИ ТВОРЧЕСТВА ПИСАТЕЛЯ ДУМАНА РАМАЗАНА

Атшыбаева Ф.К. – магистрант, Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, e-mail: Fatshybayeva@mail.ru.

Камарова Н.С. - Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Казахстан, г.Актау, e-mail: nagbdu@mail.ru.

Аннотация. В статье речь пойдет о характерном почерке писателя-постмодерниста Думана Рамазана. Новатор – это писатель, который создал стиль, который не похож ни на кого. В произведениях Думана Рамазана говорится, что истина и ложь, жизнь и смерть, прошлое и настоящее и радость, и печаль используются как в единстве, так и в единстве.

Каждое из произведений писателя требует отдельного анализа. доказано, что писатель использовал радость и печаль как в сочетании друг с другом, так и индивидуально.

В произведениях Думан Рамазан подробно рассказывается о том, как имена каперов выбираются в соответствии с их ролями и временем жизни, а также о том, как труд Думана Рамазана, вошедшего в число писателей-постмодернистов, быстро распространяется среди публики, новизна стиля письма писателя и построение каждого рассказа на разные сюжеты.

Ключевые слова: современная казахская проза, Думан Рамазан, мастерство, постмодернизм, новаторство.

FEATURES OF CREATIVITY OF THE WRITER DUMAN RAMAZAN

Atchybaeva F.K. – Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: Fatshybayeva@mail.ru.

Kamarova N.S. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: nagbdu@mail.ru.

Abstract. The article will focus on the characteristic handwriting of the postmodernist writer Duman Ramazan. An innovator is a writer who has created a style that is unlike anyone else. In the works of Duman Ramadan, it is said that truth and lies, life and death, past and present, and joy and sorrow are used both in unity and in oneness. Each of the writer's works requires a separate analysis. it has been proven that the writer used joy and sadness both in combination with each other and individually.

The works of Duman Ramazan detail how the names of privateers are chosen according to their roles and lifetimes, as well as how the work of Duman Ramazan, who became one of the postmodern writers, quickly spreads among the public, the novelty of the writer's writing style and construction each story on different plots.

Key words: modern Kazakh prose, Duman Ramazan, mastery, postmodernism, innovation.

ХҒТАР 15.41.59

ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЕгенисоваА.Қ.
Қожабергенова Н.Г.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада девиантты мінез-құлықты жеткіншектер психологиясын және оларды түзету проблемасымен айналысқан ғалымдардың еңбектері талданып, девиацияны зерттеушілердің девиантты мінез-құлықтың пайда болу факторлары мен типтерін: девиантты, делинквентті және қылмысты мінез-құлыққа сипаттама беріледі.

Сонымен қатар, девиантты мінез –құлықты балаларға сипаттама беріліп, баланың бойындағы асоциалды мінез-құлықты қалыптастыратын отбасы қатынасының бірнеше жағымсыз стилдері де баяндалады.

Девиантты мінез-құлықтың алдын алу және оны тудыратын әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық себептерді жою, жасөспірімдерді тәрбиелеу қызметін негізгі бағыттарды бөлуге мүмкіндік берді.

Түйінді сөздер: девиация, девиантты мінез-құлық, делинквентті, дезадаптация, ауытқушылық, агрессия, әлеуметтену.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз ел болып қазіргі уақыттағы даму кезеңі, қоғамның барлық саласындағы өзгерістермен яғни, экономикалық және әлеуметтік қарым-қатынастардың ерекшеліктерімен сипатталады. Қазіргі кезеңдегі балалардың әлеуметтік жағдайға бейімделуіне, жағымды мінез-құлықтарының қалыптасуына, тұлға ретінде дамуына әсерін тигізетін дұрыс әдіс-тәсілдерін көрсету, айқындау да ең басты мәселелердің бірі болып отыр.

Қазіргі кезде мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар жасөспірімдердің тұлғасының ерекшеліктері, яғни өзін -өзі бағалауы, қарым – қатынас, мінез-құлық туралы мәселелер зерттеушілердің назарын аудартуда.

ҚР білім беру мекемелерінде кәмелетке толмағандардың девиантты мінез-құлқының алдын алу, білім беру ұйымдарында балалардың құқықтық мәдениет және мінез-құлық нормаларын тәрбиелеуді; девиантты мінез-құлықты әрбір оқушының тұлғалық әлеуетін өзіндік іске асыруын; жағымсыз мінез-құлық реакциясын туындататын келеңсіз факторларды жоюды, тұлғаның осы факторлар әсеріне тұрақтылығын дамытуды; рухани-адамгершілік құндылықтарға қатыстыру, спортпен шұғылдану негізіндегі салауатты өмір салтын болжайды. Девиантты мінез-құлықтың қандай да түрлі формасы болсын, олар бір-бірімен тығыз байланысты. Атап айтқанда, маскүнемдік, есірткіні пайдалану, агрессивтілік, жалпы алғанда заңға қарсы мінез-құлықтың барлығы бір блокты бейнелейді.

Өскелең ұрпақтардың девиантты мінез-құлықтары бойынша көптеген еліміздің ғалымдары мен педагогтары зерттеу жұмыстарын жүргізген: Акажанова А.Т., Джаманбалаева Ш.Е., Керимов Л.К., Казымбетова Д.К., Шерьязданова Х.Т., Хухлаева О.В. т.б.[1-6]. Бұл зерттеушілер қиын балалардың қиқарлық, қыңыр, жағымсыз қасиеттерінің қалыптасуына әлеуметтік педагогикалық факторлардың әсер ететіндігін зерттеді.

Әлеуметтенудегі девиантты мінез-құлық тұжырымдамасын қалыптастырған француз әлеументтанушысы Эмиль Дюркгейм. Ол әлеуметтік девиацияны түсіндіру үшін

аномия тұжырымдамасын ұсынды. «Аномия» термині француз тілінен аударғанда ұжымның, заңның болмауы [7].

Ал, Роберт Мертон мінез-құлық ауытқушылығының себебін қоғамның мәдени мақсаттары мен оған жетудің әлеуметтік мақұлданған жолдарының арасындағы үйлеспеушілік деп түсіндіреді [8].

Тұлғаның жағымсыз, девиантты мінез-құлық сапаларының қалыптасу ерекшеліктері, оны түзету жолдары М.С.Каган, А.В.Петоровский, қазақ халқының мінезінің кейбір жағымсыз тұстары, тәрбиелеу жолдары С.Қ.Қалиев, Қ.Б. Жарықбаев т.б. ғалымдар еңбектерінде қарастырылған [9-12].

Девиантты мінез-құлықтың сыртқы физикалық жағдайларына климаттық, геофизикалық, экологиялық факторларды енгіземіз. Мысалы, шу, геомагниттік, өзгеріс, таршылық, т.б жағдайлар үрей туғызып агрессивті және басқа да қажетсіз мінез-құлықтың көрінуінің бір себебі болады. Сонымен бірге әлеуметтік орта әсерлері де өз ықпалын тигізеді:

– қоғамдық үрдістер (әлеуметтік-экономикалық жағдай, мемлекеттік саясат, салт дәстүр, бұқаралық ақпарат құралдары, т.б.);

– тұлға бар әлеуметтік топ мінездемесі (этикалық құрылым, әлеуметтік мәртебе, референтті топ,);

– микроәлеуметтік орта (отбасының өмір стилі және деңгейлері, отбасындағы өзарақарым-қатынас типі, отбасындағы тәрбие стилі, достар, т.б.маңызды адамдар) [4].

Девиация бірнеше типтен тұрады: девиантты, делинквентті және криминалды мінез-құлық. Девиантты мінез-құлық – әлеуметтік нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін мінез-құлықты айтады. Ол ауытқыған мінез-құлықтың бір түрі. Кейбір әдебиеттерде бұл типті «антидисциплиналық» деп те атайды [1].

Девиантты мінез-құлықтың көрсеткіштеріне: агрессия, демонстрация, оқудан, еңбектен бет бұру, үйден кету, алкоголизм, наркомания, қоғамға жат қылықтар, жыныстық жат мінез-құлық, суицид т.б. жатады.

Девиацияның екінші түрі – делинквентті мінез-құлық. Ол заң бұзушылықпен ерекшелінеді. Оның мынадай типтері бар:

1. Агрессивті-зорлаушылық мінез-құлық. Бұл жеке тұлғаға көрсетілетін дөрекілік, төбелес, күйдіріп-жандыру сияқты жағымсыз іс-әрекеттерде көрініс береді.

2. Ашкөздік мінез-құлық (корыстное поведение): майда ұрлықтар, қорқытып-үркіту, автокөлік ұрлау т.б. жалпы материалдық пайдакүнемдікке байланысты жат мінез-құлық.

3. Наша сату және тарату.

Криминалды мінез-құлық заң бұзушылық болып табылады. Балалар сот үкімі арқылы жасаған қылмысының ауырлығына байланысты жазаланады.

Девиацияның негативті формалары әлеуметтік патология болып табылады: алкоголизм, токсикомания, нашақорлық, жезөкшелік, суицид, заң бұзушылық және қылмыскерлік. Олар жалпы қоғамға, айналадағы адамдарға және ең бірінші өздеріне үлкен зиян келтіреді [1].

Девиацияны зерттеуші көптеген ғалымдар девиантты мінез-құлықтың пайда болу факторларын түрліше түсіндіреді. Біріншілері оларды екі үлкен топқа ішкі және сыртқы факторлар деп бөлсе, екіншілері оларды бөлмей:

- жанұяда берекенің болмауы;
- ата-ананың «ерекше» қамқорлығы;
- тәрбие берудегі кемшіліктер;
- өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау;
- өмірлік дағдының болмауы, айналысындағы адамдармен, құрбыларымен жарасымды қатынасқа түсе алмауы;

- сырттан келген қысымға төтеп бере алмау, өз бетінше шешім қабылдай алмау, сынаушылық ойды дамыта алмау;
- психоактивті заттарды жиі пайдалануы;
- агрессиялық жарнаманың ықпалды болуы;
- мектептерде психологиялық көмек көрсету қызметінің нашар дамуы;
- балалар мен жасөспірімдердің бос уақытының проблемалары, - деп көрсетсе,
- үшіншілері оларды негізгі бес факторға бөліп қарастырады [3].

Оларды жекеше қарастыратын болсақ:

1. Биологиялық факторлар – баланың әлеуметтік бейімделуіне кедергі жасайтын физиологиялық және анатомиялық жағымсыз ерекшеліктер. Оларға мыналар жатады:

– ұрпақтан-ұрпаққа берілетін немесе ананың жүкті болғанда дұрыс тамақтанбауы, арақ-шарап, нашақорлы заттарды пайдалануы, темекі тартуы, ананың физикалық, психикалық т.б. сырқаттары себеп болатын генетикалық факторлар: ақыл-ой дамуының бұзылуы, есту, көру кемшіліктері, жүйке жүйесінің зақымдауынан пайда болған денедегі кемшіліктер.

– психофизиологиялық факторлар: психофизиологиялық күш, дау-жанжал, келіспеушілік жағдайлар, адам организмдеріне кері әсер ететін, қоршаған ортаның химиялық құрамы, соматикалық, аллергиялық, токсикалық ауруларға душар ететін энергетикалық технологияның жаңа түрлері;

– физиологиялық факторлар: сөйлеу дефекттері, адам бойындағы соматикалық кемшіліктер.

Бұлардың бәрі адамның қоршаған ортаға, жеке адамдарға деген жағымсыз қарым-қатынасын тудырады, ал балалар болса, өзіндік сезім мен танымдық деңгейіне байланысты, құрбы-құрдастары арасында, ұжымда еркін сезіне алмайды, қатынасы бұзылады.

2. Психологиялық факторлар. Бұған баладағы психопатологиялар мен мінездегі кейбір қасиеттердің басым болуы т.б. жатады. Бұл ауытқушылықтар жүйелік-психикалық ауруларда, психопатияда, неврастенияда т.б. көрінеді. Акцентуациялық сипаттағы мінезді балалар өте ашушаң, дөрекі болады. Оларға міндетті түрде әлеуметтік-медициналық реабилитация, сонымен қоса, арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жұмыстар жүргізу керек.

Баланың әрбір даму сатысында, олардың психикалық қасиеттері, тұлғалық және мінездегі ерекшеліктері қалыптасып, дамып отырады. Бала даму барысында әлеуметтік ортаға бейімделуі немесе керісінше бейімделмей, жатсынып кетуі мүмкін.

Егер, балаға ата-ананың жылуы, махаббаты, ықыласы жетіспесе, онда, ол ата-анасынан шеттеніп кетеді. Шеттену - невротикалық реакциялар, қоршаған ортамен қатынастың бұзылуы, сезімдік (эмоциалық) тепе-теңсіздік және суықтық, ашуланшақтық, психикалық аурулар және психологиялық патологиялар сияқты жағымсыз мінез-құлықтың пайда болуына жол ашады. Егер, балада адамгершілік құндылықтар қалыптаспаса, онда, ол пайдакүнемдік, қанағатсыздық, зорлаушылық, дөрекілік т.б. сияқты жағымсыз қасиеттерге бейім тұрады.

3. Әлеуметтік-педагогикалық факторлар. Олар мектептік, отбасылық, қоғамдық тәрбиедегі кемшіліктердің нәтижесінде, баланың оқудағы үлгермеушілігіне байланысты. Мұндай балалар көбінесе мектепке дайындығы жоқ, үйге берілген оқу тапсырмаларына және бағаларға парықсыз қарайтындар. Бұның бәрі баланың оқудағы бейімсіздігін көрсетеді. Оқушының оқудағы бейімсіздігінің (дезадаптация) қалыптасуы мынадай сатылардан өтеді:

– оқудағы декомпенсация – баланың жалпы мектепке деген қызығушылығы жоғары, бірақ бір немесе бірнеше пәнді оқуда қиыншылықтарға тап болуынан;

– мектептік бейімсіздік (дезадаптация) – бала сабаққа үлгермеуімен қатар, оның мінез-құлқы өзгеріп, мұғалімдермен, сыныптастарымен қарым-қатынасы бұзылып, сабақтан қалуы көбейеді немесе мектептен біртіндеп қол үзе бастайды;

– әлеуметтік бейімсіздік – баланың оқуға, мектепке, ұжымға деген қызығушылығы жойылады, асоциалдық топтармен араласып, алкогольге, нашақорлыққа қызыға бастайды;

– криминалдылық – кейбір отбасындағы әлеуметтік жағдайдың өте төмен болуы, балаларды да өз ортасындағы әлеуметтік теңсіздікке әкеледі, ал мектеп оқушысы, жасы жетпегендіктен жұмыс істей алмайды, содан барып олар қылмысты іс-әрекеттрмен айналыса бастайды [6].

Баланың психоәлеуметтік дамуындағы ауытқушылықтардың негізгі факторы - ата-ана. Баланың бойындағы асоциалды мінез-құлықты қалыптастыратын отбасы қатынасының бірнеше жағымсыз стилдері бар:

– дисгармонды стиль – бір жағынан ата-ана баланың барлық тілектерін орындайды, үлкен қамқорлық жасайды, екінші жағынан конфликті жағдайларға баланы итермелейді;

– тұрақсыз, конфликті стиль – толық емес отбасындағы, ажырасу кезіндегі, ата-ана мен балалар бөлек тұрған жағдайдағы тәлім-тәрбиелік кемшіліктерден туындайды;

– асоциалды стиль – ата-ананың арақ ішуі, нашақор заттарды пайдалануы, криминалды іс-әрекет, аморальді өмір сүру жағдайы, отбасылық қаттыгездік, зорлаушылық жатады.

Балаға көрсетілген қатыгездік қатынасқа жататындар: қинаушылық, физикалық, эмоционалды, жыныстық зорлық-зомбылық. Қатыгездік үйде, далада, мектепте, балалар үйлерінде, ауруханада көрсетілуі мүмкін. Мұндай іс-әрекетке душар болған балалар қалыпты түрде даму көрмей, қоршаған ортаға бейімделе алмай қалады. Соның әсерінен, бала өзін жаман, керексізбін деп сезінеді. Баланың қаттыгездікке жауап беру түрі баланың жасына, тұлғалық ерекшелігіне, әлеуметтік тәжірибесіне байланысты. Психикалық реакциялардан басқа (қорқыныш, үрей, ұйқының бұзылуы, тәбеттің болмауы т.б.) балалардың мінез-құлқы да өзгереді: агрессия жоғарылайды, төбелескіш, өзіне сенімсіз, ұялшақ, өзіне деген бағасы өте төмен болады. Зерттеулерге қарағанда, зорлық-зомбылықты көп көрген балалар өскенде зорлаушы рөлінде болуды қалайды.

4. Әлеуметтік-экономикалық факторлар. Әлеуметтің теңсіздігі, қоғамның кедей және бай болып бөлінуі, жұрттың кедейленуі, жұмыссыздық, инфляция, әлеуметтік кернеу, т.б.

5. Моралді-этикалық факторлар. Қазіргі қоғамның адамгершілік қасиеттерінің деңгейі төмен болуы, рухани құндылықтардың бұзылуы.

Девиантты мінез-құлықты балаларды түзету күрделі әрі қиын әрі ұзақ процесс. Оны іске асыруда көп шыдамдылық пен белсенділік қажет. Қазіргі, осы саладағы әлеуметтік, педагогикалық талаптар мен жүзеге асырылып жатқан тәжірибелер негізінде, бұл саладағы тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда мынадай шарттарды орындау қажеттігі туады:

- балаға ілтипатпен, ізгі тілектестікпен қарау;
- оның жағымды қасиеттеріне сүйену;
- оның адамгершілік күшіне, потенциалды мүмкіндіктеріне сену;
- салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қауіпсіз тіршілік етуге бағытталған тәрбиелік бағдарламаларды ұштастыра пайдалану;
- девиантты мінезге ие балалардың білім алуы мен бос уақытын пайдалы іс-әрекеттермен өткізу жолдарын қарастыратын жаңа кешенді бағдарламалар құру [4].

Девиантты мінез-құлықты балалармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізуде римдік философ Сенеканың: «әрбір адам өмірінің тек кейбір жақтарын ойлап талдайды, бірақ ешкім жалпы өмір туралы ойланбайды» деген ой-пікіріне сүйене отырып, девиацияға коррекция жасаушы әрбір маман ұстаз, баланың тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды, қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас

жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптаса дамуына, әлеуметтенуіне көмектесуі қажет. Бұл педагогикалық іс-әрекеттер мазмұны, қоғам өмірінде бекіген адамгершілік қадір-қасиеттер мәнімен, талаптарымен тікелей байланыстыра, адамдар арасындағы қарым-қатынастар (достық, жолдастық, туыстық, сүйіспеншілік, махаббат т.б.) нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылғанда, балалар бойында девиантты мінез-құлықтың өріс алмауына және оларды мектеп қабырғасынан бастап әлеуметтендіруге мүмкідік жасалады.

Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда кеткен кемшіліктер: жекелеген оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктерін, ынта-ықыласын, қызығушылығы мен талап-тілегін ескермеу. Сонымен девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді әлеуметтік педагогикалық мінездемелері жағынан төрт топқа бөлеміз.

Бірінші топқа жататын девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің мінез-құлқында дөрекілік, қатігездік, мейірімсіздік, үлкен-кішіні сыйламау сияқты әдет-дағдылар толық қалыптаспағанымен, олар іштей өз жүріс-тұрыстары мен іс-әрекеттеріне баға бере алмайды. Бірақ өз мінез-құлқын өзгертуге талаптанады.

Екінші топқа жататындар адамгершілік қадірқасиеттерді төмендей бастаған, әлеуметтік байдарлары қоғамға жат сыңаймен сипатталады. Бұлар қатігездік қылықтарымен қатар, ұрлық, тонау, зорлық-зомбылық жасау, темекі мен наша тарту, уытты сұйық заттарды иіскеу сияқты әдеттерге икемдене бастаған.

Бұл топқа тәртібі нашарлаған, құқық тәртібін бұзушы жасөспірімдер жатады, бірақ бұл балалар әлі бұзыла қоймаған, өз мінез -құлықтарын түзетуге мүмкүндік қабілеті бар, тек педагог тарапынан басқаруды талап етеді.

Үшінші топқа өз мінез-құлықтарын басқара алмай, өзін-өзі тәрбиелеуге бейімділіктері жоқ жасөспірімдердің шағын тобы жатады. Қоғамға жат мінез-құлықтары қалыптаспағаны сонша, олар өздерінің теріс қылықтарына талдау бере алмайтын кәмелетке жасы толмаған қылмыскерлер. Бұл топқа қатігездік, зорлық-зомбылық көрсетумен қатар ұрлық, тонау, ішімдік және наша тарту істеріне әбден машықтанған жасөспірімдер енеді.

Төртінші топқа жүйке ауруларына (невроз, неврастения, кісіні мезі қылатын әдет) шалдыға бастаған балаларды жатқызамыз. Мұндай жасөспірімдерге педагогтар мен дәрігерлер тарапынан дербес қарым-қатынас, ілтипат, сый–құрмет, жылы лебіз қажет. Енді девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің пайда болуына себепші объективті және субъективті факторларға назар аударайық. Ғалымдар жасөспірімдердің қалыптасуына әлеуметтік орта мен күнделікті жағдай себеп болады деп дәлелдеген.

Девиантты мінез-құлқының алдын алу және оны тудыратын әлеуметтік-педагогикалық себептерді жою жасөспірімдерді тәрбиелеу қызметін төмендегідей негізгі бағыттарды бөлуге мүмкіндік берді:

а) отбасы институтымен тығыз байланысты жүзеге асыру;

ә) жеткіншектер бос уақытындағы мазмұнды түрлі қызметтердің бағдарламалықәдістемелік жанамалануы;

б) жеткіншектердің бос және сабақ уақыты аясындағы педагогикалық өзара әрекеттесудің тиімді формаларын, әдістерін, әдістемелерін, техноголияларын пайдалану;

в) жасөспірімдердің класстан және мектептен тыс уақытында концерттер, байқаулар, жарыстар, мерекелер өткізу;

г) оқу жылы мен демалыс уақытында спорттық-сауықтыру қызметін жүзеге асыру [5]. Қорытындылай келе жасөспірімдерде девиантты мінез-құлықтың пайда болуына әлеуметтік факторлардың тигізетін әсерлері зор. Қазіргі таңда девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді тәрбиелеуде атааналарға психолог, әлеуметтік педагог және т.б. кәсіби мамандардың тарапынан көмек қажет екенін зерттеулер көрсетіп отыр. Жоғарыда аталып өтілген факторлардың мәселелерді шешуді жетекші рөл атқарады. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді алдын алу мен қайта тәрбиелеуде аталған жұмыстар тәжірибеде дұрыс, тиімді қолдануға тікелей байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Акажанова А.Т. К вопросу о некоторых психологических аспектах субъективной стороны преступления //Материалы МНК, 10 лет независимости Казахстана: итоги и перспективы развития. – Алматы, 2011. – С. 405–409.
2. Джаманбалаева Ш.Е. Социология девиантного поведения. – Алматы: КазГУ, 2008.
3. Керимов Л.К. Қиын балалар болады неге ? / Алматы: Қазақ елі. – 10 қараша, 2010.
4. Казымбетова Д.К. Девиантное поведение молодежи как объект социологического исследования: автореф. ... канд.социол. наук. Алматы, 2009.
5. Шерьязданова Х.Т.Психология деструктивных факторов процесса социализации старших подростков. – Алматы, 2013.
6. Хухлаева О.В. Психология подростка. – М., 2016. - 55 с.
7. Дюркгейм Э. Социология и теория познания //Новые идеи в социологии. Вып. 2, СПб. 1994.
8. Мертон Р. К. Социальная структура и аномия // Социология преступности (Современные буржуазные теории). – М.: Прогресс, 2011. – С. 299-3
9. Каган В.Е. Аутизм у детей. – Л.,2009.
10. Петровский А.В. Педагогикалық және жас ерекшелік психологиясы., –Алматы, Мектеп,1987. 122б.
11. Қалиев С.Қ., Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы, – Алматы, 1998.128 б.
12. Жарықбаев Қ., Жантану негіздері, –Алматы, 2009. 403 б.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ДЕТЕЙ С ДЕВИАНТНЫМ ПОВЕДЕНИЕМ

Егенисова А.Қ. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Кожабергенова Н.Г. - - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В данной статье проанализированы работы ученых, занимавшихся психологией подростков с девиантным поведением и проблемой их коррекции, дана характеристика факторов возникновения и типов девиантного поведения исследователей девиации: девиантного, делинквентного и криминального поведения.

Кроме того, дается характеристика детей с девиантным поведением, а также излагаются несколько негативных стилей семейных отношений, формирующих асоциальное поведение у подростка.

Профилактика девиантного поведения и устранение вызывающих его социально-психолого-педагогических причин позволили выделить основные направления деятельности по воспитанию подростков.

Ключевые слова: девиация, девиантное поведение, делинквентность, дезадаптация, девиация, агрессия, социализация.

PSYCHOLOGICAL CHARACTERISTICS OF CHILDREN WITH DEVIANT BEHAVIOR

Yegenissova A.K. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: e-mail: almazhai66@mail.ru.

Kozhabergenova.N.G. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. This article analyzes the work of scientists involved in the psychology of adolescents with deviant behavior and the problem of their correction, describes the factors of

occurrence and types of deviant behavior of researchers of deviation: deviant, delinquent and criminal behavior.

In addition, the article describes children with deviant behavior, as well as several negative styles of family relationships that form antisocial behavior in adolescents.

Prevention of deviant behavior and elimination of its socio-psychological and pedagogical causes allowed us to identify the main areas of activity for the education of adolescents.

Key words: deviation, deviant behavior, delinquency, maladaptation, deviation, aggression, socialization.

ӘОЖ 81.255

МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Өтегенова А.Ғ.
Магистрант
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Қазақстан, Ақтау қ.
e-mail: altingul_97@bk.ru
Қамарова Н.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Қазақстан, Ақтау қ.
e-mail: nagbdu@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада баспасөз тілін зерттеуге арналған қазақ тіліндегі еңбектерге шолу жасалады. Бұл – тың тақырып. Әрине, баспасөз тіліне арналған ғылыми еңбектер жазылып келеді. Бірақ оларды сипаттау, зерделеу аздық етеді. Осы орайда бұл шағын мақалада газет лексикасын, яғни, баспасөз тілін зерттеген алғашқы ғылыми еңбектер зерделенеді, таразыланып, сараланады. Осы еңбекте ғалымдар Н.Қарашева, С.Исаев, А.Алдашева, Б.Әбілқасымов, Б.Момынова, Ш.Мажитаева, Г.Жұмашева және т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектеріндегі баспасөз тілі қалай зерттелгені талданады.

Баспасөз тілі жазба тіл екендігі сөз болып, тілімізге енген жаңа сөздер сөздік құрамға баспасөз арқылы еніп отырғандығы айтылады. Осы күні өзіміз қолданып жүрген, әдеби тіліміздің берік орын алған тілдік құбылыстардың біршамасы мерзімді баспасөз тілінде қолданылып, уақыт өте келе тілімізде қалыптасып, нормаланып, әдеби тілге енгені ғылыми түрде дәлелденеді.

Қазақ халқының барлық сөз байлығы газеттер арқылы сақталып бізге жетіп отырғаны байыпталады. Мәселен, XX ғасыр басындағы «Қазақ» газетінің беттерінен бүгінгі әдеби тіліміздің даму деңгейін танып-таразылай алатындығымыздың өзі көп нәрсені аңғартады. Әсіресе әдеби тіліміздің даму жүйесіндегі лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерді бүгінгі әдеби тілдегі ерекшеліктермен салыстыра отырып қарауға болатыны сипатталады. Осы арқылы бүгінгі әдеби тіліміздің дамуында қандай өзгерістердің болғанын да анық байқаймыз.

Түйінді сөздер: Қазақ баспасөзі, мерзімді баспасөз, баспасөз тілі, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктер, әдеби тіл.

Мәдениеттің ең маңызды жансерігі жазу арқылы өркениет жеңісі саналатын газет – халықтың рухани мәдени өмірінің айнымас бөлшегі. Газеттің жалпы адамзат тарихы мен жекелеген халықтар мәдениетінде алатын орны айрықша маңызды. Сондықтан, қазақ тіл білімінде газет лексикасы назардан тыс қалған емес. Лингвист ғалымдар арасында қазақ баспасөзінің тілі жөнінде ашып арнайы зерттеу еңбек жазған Н.Қарашева болды. Ол өз зерттеу жұмысында «Айқап» журналы тілінің грамматикалық ерекшеліктерін жан-жақты қарастырған.

Баспасөз тілін зерттеуге арналған екінші еңбек – Б.Әбілқасымовтың кандидаттық диссертациясы. Әдеби тілді зерттеуге байланысты жазылған ғылыми ізденістер қатарына қосылған бұл сүбелі еңбекте газет тілінің фонетикалық-орфографиялық және лексикалық, грамматикалық ерекшеліктері барынша жан-жақты қамтылып талданған. Кейінгі аталған диссертациялық еңбек жеке кітап болып жарық көрді.

Газет тілі С.Исаев зерттеулерінің де нысаны болды. Көрнекті тіл ғалымың зерттеулерінде ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы мерзімді баспасөз тілі грамматикалық тұрғыдан және жанрлық-стилистикалық ерекшеліктері ашыла отырып талданады, сонымен қатар тіл мәдениеті мәселелері қамтылды.

Сонымен қатар, А.Алдашева «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» атты кандидаттық диссертациясында 1970-1990 жылдар аралығындағы мерзімді басылымдар тіліндегі жаңа қолданыстарға шолу жасайды. Жекелеген газет тілі бойынша «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексиканы жүйеге келтірген Б.Момынованың зерттеу еңбегі бар. Ал О.Бүркіттің «Қазақ әдеби тілінің публицистикасы» атты кандидаттық диссертациясы осы ізденістердің қатарын толықтыра түсті. Әрине, аталған еңбектерден өзге көптеген ғылыми мақалалар арқауы да газет тілі болғанын ескере кеткен жөн.

Ғалым-зерттеуші Б.Әбілқасымов алғашқы қазақ газеттерінің шығуы жөнінде әңгіме қозғай келіп: «Жоғарғы орталықтардың қазақ даласына арасына елдің табиғаты, тұрмысы, ауылшаруашылық жайы (мал шаруашылығы, егіншілік, айырбас сауда т.б.) туралы хабарларды таратуға» [1, 15] міндетті болғанын айтып кетеді. Шын мәнінде олардың көздегені – үкімет жарлықтарын ана тілінде тарату арқылы сөзсіз орындауларды қамтамасыз ету, қазақтың артта қалған патриархалды шаруашылығын біраз ілгері көтеріп, оны патша үкіметінің шикізат жөніндегі қажетін өтейтін дәрежеге жеткізу, сондай-ақ қазақтың өз тілін дамыта отырып сол кездің өзінде патша үкіметінің орындастыру саясатына зиянын тигізе бастаған шағатай, түрік, татар тілдерінің ықпалына қарсы күресу болды. Сөйтіп өзінің отаршылдық саясатын оңай әрі көркейте беру мақсатын ұстады. Мысалы, «Дала уәлаятінің газеті» екі бөлімнен (ресми және ресми емес) тұрды. «Бұйрықтар жазылатын бөлігінде» патша үкіметінің жергілікті қазақтарға қатысты бұйрық-жарлықтары аударылып басылып отырды, ал «Бұйрықтан басқа сөздер жазылатын бөлігінде»: ел басқару, егіншілікті өркендету, отырықшылыққа көшу, мал тұқымын асылдандыру, сауда хабары, мәдениетке баулу (мектеп ашу, дәрігерлік жәрдемді кеңейту, әдебиетті, қазақтың ана тілін дамыту) мәселелері көтерілді».

Қазақтың мерзімді баспасөз тілі бірден дүнеге келіп, қалыптаса салған жоқ. Мерзімді басылымдар тілінің пайда болуы қазақ тілінде газет, журналдардың алғаш жарық көруімен байланысты болса да, одан бұрынғы және сол уақыттағы жазба тіл, жалпыхалықтық тілдің нормаларынан ауытқып кете қоймайды. XIX ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы мерзімді баспасөз тілінде заманауи тұрғыдан қарағанда жалпы әдеби нормаға жатпайтын кітаби тіл элементтері мен ауызекі сөйлеу тіліне тән болып келетін элизиялық құбылыстардың белгілі дәрежеде орын алып келуі кездейсоқ емес (мысалы, бара алмады – баралмады).

Баспасөз тілі – жазба тіл, тілімізге енген жаңа сөздер сөздік құрамға баспасөз арқылы еніп отырады. Осы күні өзіміз қолданып жүрген, әдеби тіліміздің берік орын алған тілдік құбылыстардың біршамасы мерзімді баспасөз тілінде қолданылып, уақыт өте келе тілімізде қалыптасып, нормаланып, әдеби тілге енді [2, 24]. Қазақ халқының барлық сөз байлығы газеттер арқылы сақталып бізге жетіп отырды. Ендеше ХХ ғасыр басындағы «Қазақ» газетінің беттерінен бүгінгі әдеби тіліміздің даму деңгейін танып-таразылай аламыз. Әсіресе әдеби тіліміздің даму жүйесіндегі лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерді бүгінгі әдеби тілдегі ерекшеліктермен салыстыра отырып, әдеби тіліміздің дамуында қандай өзгерістердің болғанын білеміз. Профессор С.Исаев: «Демек, мерзімді баспасөз тілінің әдеби тілмен байланысын сөз еткенде, алғашқысының дайын құрылыс материалдарын ғана пайдаланып отыратын енжар құбылыс емес екендігін, сонымен қатар берері де бар, әдеби тілге түрліше әсер етіп отыратын құбылыс екенін ескерусіз қалдыруға болмайды. Тілдегі өзгерістер, сөздік құрамға жаңа сөздердің енуі күнделікті сөз қолданудан туып отырады. Бірақ ол жаңалықтар жеке бір адамның қолдануынан бірден әдеби тілге сіңісіп кете бермейді. Ол сөз әдеби тілге сіңіп кету үшін белгілі бір уақыт тілдік қолданыста болып, одан тұрақты орын алуы керек. Осындай сыннан өткеннен кейін

ғана ол адамдар арасындағы қарым-қатынаста күнделікті пайдаланыла жүріп, біртіндеп жаңалық болудан қалады. Бұл процесс қоғам дамуының барлық сатыларында жүріп жатады. Өйткені қоғам дамуымен бірге тіл де дамып отырады» [3, 439], - деп белгілі бір сөздердің әдеби тіл қатарынан орын алу жайын сөз етеді.

Жалпы тілімізде баспасөздің қазақ әдеби тілінің даму деңгейін саралауға байланысты Б.Әбілқасымов, С.Исаев, Н.Қарашева, Б.Момынова, Ш.Мажитаева, Г.Жұмашева т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектері жарияланды.

Жалпы қазақ газеттерінде жарияланған материалдардың маңызы мен мәнін ескере отырып, газеттің қоғамдық өмірде алатын орны мен қызметін үш бағытта топтастыруға болады:

- қазақ газеттерінің халық санасын ояту үшін атқарған ағартушылық қызметі;
- ақпарат жеткізу мен үгіт-насихат жүргізу бағытындағы қызметі;
- әдеби тілді, сөздік қорды сан және сапалық жағынан толықтырудағы, байытудағы қызметі; [4, 39].

Газеттің ағартушылық бағыттағы қызметінің басты алар тұсы – алғашқы гаезеттерінің ашыққан тұсы – «Қазақ» газетінің уақытымен тұстас келеді. «Газет – халыққа білім таратушы. Олай детініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетікпекші» [5], - дейді И.П.Лысакова «Тип газеты и стиль публицистики» атты еңбегінде. Ағартушылық бағыттағы қызметке 1913 жылдардан бастап жариялана бастаған Ахмет Байтұрсынұлының оқу жайындағы мақалаларын жатқызуға болады. Тек Ахаң емес, жалпы сол тұстағы ағартушылық қызмет атқару сол кездегі әрбір оқыған азаматтың парызы, әрбір жарық көріп жатқан кітап пен мерзімді басылымдардың қай-қайсысының болмасын төл міндеті сынды еді. Газет арқылы бұл қызметті мыңдаған адамға, қалың бұқара қауымға көрсету мүмкіндігі туды. Қазақтағы оқу-білім, халық ағарту саласына қатысты атаулардың басты ерекшелігі – тілімізге ертеден еніп, әбден қалыптасып кеткен арабизмдер мен қатар орысша атаулардың да жарыса қолданылуы. Бұлай болуы заңды да. Өйткені, сол кезде қазақ даласында оқудың, оқытудың екі түрі бар еді. Бірі – діни, ескіше, екіншісі – қазақша оқу, мектеп, гимназия жүйесі еді. Осы екі саланың бір ізге түсіп қалған терминдеріне қоса газет тұтқасын ұстаған А.Байтұрсынұлы сынды ағартушылар қазақтың төл сөздерін көптеп енгізіп отырған. А. Байтұрсынұлының ағартушылық қызметінің нәтижесі М.Дулатов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев сынды ұлт зиялыларының тәрбиеленуі арқылы анық көрінеді.

Газет тек ақпарат жеткізудің көзі ғана емес, ол өзі жеткізіп отырған ақпаратына қалың оқырманды, көпшіліктің көзін жеткізу мен сол алға қойған мақсаты бағытында тәрбиелеу жүгін де қоса ала жүреді. Осыған байланысты баспасөз ұйымдастырушы, насихатшы, ұжымдық үгітші қызметтерін атқара алады. Газеттің сан қырлы қызметін дөп басып, дәл таныған. А.Байтұрсынұлы кезінде «газета – халықтың көзі, құлағы, һәм үні» екенін мерзімді басылымдар қызметінің сан қырын танып барып айтқаны ақиқат. Б.Әбілқасымов өз еңбегінде «...Осы газеттерде бәрі жұртқа мәлім болмақ үшін генерал губернатордың әр түрлі бұйрығы жазылар және Ташкентте уа өзге шаһарларда болған әр түрлі сөздер уа хабарлар жазылар» [1, 28], - деп газеттің қызметі жайлы атап өтеді.

Газеттің ақпарат жеткізуші, үгіт-насихат саласындағы қызметі тағы да А.Байтұрсынұлы есімімен байланысты. «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газета сондай керек. Газеті жоқ жұрт, басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылдың», - деуі газеттің әлеуметтік-қоғамдық өмір саласындағы алатын орнын, қызметін нақты бағалаудан туындаған.

Жалпы газет атаулыға тән төл ерекшелік осы үгіт-насихат қызметін атқару барысында салмақтанады. Сондықтан да болар әр жылдары жарық көрген басылымдар – еліміз тарихының әр күні, айы мен жылының жылнамасы іспетті. Сонымен қатар, газеттер

үгіт-насихат жүргізу арқылы, яғни төл функциясын іске асыру барысында тілдің әр кездегі күй-қалынан да хабардар етеді. Сондықтан да газет насихаттаушы, үгіт жүргізуші, ақпарат жеткізуші ғана емес, тілдің диахрондық күйінен де хабар беретін құрал. «Белгілі бір кезеңде белгілі бір тілдегі жеке сөздердің, мейлі олар белгілі бір сөз табына жатсын, даму бағыты сол тілді жалпы алғандағы түгел сөздік құрамының даму бағытын айқындай алады» [6, 68], - деген Р.А.Будагов сөзі әр жылдары, жылдардағы мерзімді басылымдар тілінің сөздік құрамы тілдің диалектикалық дамуының бір көрінісі бола алатындығын байқатса керек. Қорыта айтқанда, газет – халықтың рухани, мәдени-саяси өмірінен ақпарат беретін, сол ақпаратты өз бойында жинақтаушы, сақтаушы ғана емес, тіл дамуынан, оның диалектикасынан нақты хабардар ететін де аса қуатты құрал болып табылады.

Әлеуметтік-мәдени даму процесін ғалымдар тікелей ақпарат алмасу құралдарының өзгеруімен байланыстырады. Мұндағы ақпарат құралдары дегеніміз – ғылым, тіл, компьютер, теледидар, баспасөз т.б. Канадалық ғалым М.Маклюэннің «Мәселенің бәрі – ақпарат құралдарында!» деген тезисін мысалға келтіруге болады. Ол адамзаттың дамуындағы қарым-қатынасты үшке бөледі: біріншісі - тас дәуіріндегі жабайылық кезеңі. Мұнда адамдардың қарым-қатынас құралы – ауызекі сөз, тіл болған. Екіншісі - жазу-сызудың пайда болуы, яғни баспа ісінің дүниеге келуі. Ал, үшіншісі аудио-визуальды кеңістік кезеңі – телефонды, телеграфты, компьютерді, радионы және басқа ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің пайда болуы. Бұл кезеңде ғалым адамдар ойланудан қалады дейді. Ал, тілдің коммуникация құралына айналған кезеңі адамдардың бір-бірімен қатынаста болуы, үнемі байланыста болатын кезеңі жоғарыда ата өткен екінші кезеңге сай келеді. Тіл – сананың, ойдың құралы ғана емес, тіл – адам болмысының ең негізгі тәсілі. Сондықтан да тілдің мәніне көзқарас XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап өзгере бастады. Тіл – тек денотативті (белгілі, сигналдық) коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге коннотативті (әлеуметтік-мәдени, идеологиялық мәні бар) құрал екендігі анықталды. Демек, тілдің астарында сол тілде сөйлейтін халықтың тарихы, өмір тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениеті жатыр.

Мәдениет, ғылым, қоғам қайраткерлері қазақтың ұлттық әдеби тілінің жетіліп, дамуына зор үлес қосты. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев сияқты ғалымдардың еңбектерінен қазақ сөз мәдениетінің қалыптасу және дамуы жайлы ақпараттарды аламыз.

Қоғам өміріндегі әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрінің қызметінің өрістей түсуі «сөз мәдениеті» деген ғылыми-теориялық пәнді өмірге әкелді. Қазақ әдеби тіліндегі сөз мәдениеті мәселесін көтерген М.Томанов, Е.Жанпейісов, М.Балақаев, Р.Сыздықова, т.б. болды. Бұл ғалымдардың еңбектері әдеби тілдің дәстүрлі нормалары жайлы бұрынғы қалыптасқан пікірлерге жаңа ғылыми тұжырымдар қосты.

А. Байтұрсынұлының «көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып отырады» деп баға берген баспасөз тілі қазіргі кезде «газет лексикасы» деп аталады. Бұл мәселе тіл білімінде ғылым ретінде өз орнын ала білді.

Газет лексикасын, яғни, баспсөзін тілін зерттеген алғашқы ғылыми еңбектердің біріне Н.Қарашеваның зерттеу жұмысын жатқызуға болды. Бұл зерттеуінде ғалым «Айқап» журналының тіліне талдау жасап, ондағы грамматикалық ерекшеліктерге тоқталып өтеді. Ал Б. Әбілқасымов болса, газет тіліне әдеби тіл нормасы тұрғысынан алғаш рет зерттеу жұмысын жүргізеді.

Ғалым С.Исаев газет тілін жанрлық-стилистикалық тұрғысынан зерттесе, ал А.Алдашева, Қ.Қадырқұловтар баспасөз тіліндегі жаңа қолданыстарға зерттеу жұмысын жүргізді. Газет лексикасын жүйеге түсіріп, оның әдеби тілді дамытудағы рөлі Б.Момынованың еңбектерінде талданып өтті. Ал, О.Бүркітов өзінің зерттеу жұмысында қазақ әдеби тілі стильдерінің бірі – публицистикалық стильге тоқталды.

Публицистикалық жанрда дүниеге келген шығармалар қарым-қатынас түрінде көп таралған және ол атқаратын міндеттердің әркелкілігіне орай, күрделі құбылыстардың бірі болып саналады. Сонымен қатар, газет тілінде журналистің ойы көркем түрде жеткізіледі де, осы тұста газеттің өзіндік стандарты мен штампы экспрессиямен тоғысады. Зерттеуші ғалымдар мұндай тоғысуды газетте «ойды нақты жеткізудің стильдік принципі» дейді (Б.Г.Костомаров). Тағы бір айта кететін нәрсе, публицистикалық стильде жазылған шығармаларға императивтік (үстемдік) тән, өйткені ол көпшіліктің назарын аудару мақсатында жазылады [7, 94].

А.Алдашева, Б.Момынова, О.Бүркітов, Г.Смағұлова сияқты ғалымдар газеттегі көркемдеулерді, яғни экспрессивті функцияны «Бағалауыш лексика» деп атайды. Б.Момынова бағалаушы субъектінің (коннотациялық объект) танымдық, баға берушілік және прагматикалық іс-әрекетпен байланысты квалификативті үш түрлі қызмет атқаратынын көрсетеді.

Газет күнделікті өмірдегі оқиғаларды баяндап, оларға пікір білдіретін болғандықтан, оның лексикасы сол оқиғаны айқын әрі әсерлі етіп жеткізетіндей болу керек. Газет тілінің оқырманды тәнті ететін көркемдігі мен ой-тұжырымының нақтылығы оны басқа стильдегі жанрлардан ерекшелендіреді. Әрбір журналист сондықтан әлеуметтік шындықты терең түсіне отырып, шұғыл ойлауға, ой-тұжырымын да жылдам жасап, халыққа әсерлі жеткізуге міндетті.

Газет лексикасында тағы бір көңіл аударатын мәселе – журналисттік еркіндіктің болуы. Газет тілін қаншалықты стандартты болса да, газет бетінде жарық көрген материалдар тартымды әрі әсерлі болуы тиіс. Осы пікірге қосыла отыра журналисттерге өте қарапайым және ауызекі тілде мақала жазуға болады деген сөз емес, керісінше, қарапайым күнделікті қолданатын сөздерді пайдаланса да, баспасөз тілінің талабынан (деректілік, ақпараттық сипат) алыстамауы керек. Қандай жағдай болмасын қоғамда орын алып жатқан жағдайларды немесе мәселелерді қозғап, сол мәселелердің шешілуәне ат салысу әрбір журналисттің басты мақсаты [8, 9].

Баспасөз тілі – жазба тіл, тілімізге енген жаңа сөздер сөздік құрамға баспасөз арқылы еніп отырады. Осы күні өзіміз қолданып жүрген, әдеби тілімізден берік орын алған тілдік құбылыстардың біршамасы мерзімді баспасөз тілінде қолданылып, уақыт өте келе тілімізде қалыптасып, нормаланып, әдеби тілге енді [2, 24]. Қазақ халқының барлық сөз байлығы газеттер арқылы сақталып бізге жетіп отырды. Ендеше ХХ ғасыр басындағы «Қазақ» газетінің беттерінен бүгінгі әдеби тіліміздің даму деңгейін танып-таразылай аламыз. Әсіресе әдеби тіліміздің даму жүйесіндегі лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерді бүгінгі әдеби тілдегі ерекшеліктермен салыстыра отырып, әдеби тіліміздің дамуында қандай өзгерістердің болғанын білеміз. Профессор С.Исаев: «Демек, мерзімді баспасөз тілінің әдеби тілмен байланысын сөз еткенде, алғашқысының дайын құрылыс материалдарын ғана пайдаланып отыратын енжар құбылыс емес екендігін, сонымен қатар берері де бар, әдеби тілге түрліше әсер етіп отыратын құбылыс екенін ескерусіз қалдыруға болмайды. Тілдегі өзгерістер, сөздік құрамға жаңа сөздердің енуі күнделікті сөз қолданудан туып отырады. Бірақ ол жаңалықтар жеке бір адамның қолдануынан бірден әдеби тілге сіңісіп кете бермейді. Ол сөз әдеби тілге сіңіп кету үшін белгілі бір уақыт тілдік қолданыста болып, одан тұрақты орын алуы керек. Осындай сыннан өткеннен кейін ғана ол адамдар арасындағы қарым-қатынаста күнделікті пайдаланыла жүріп, біртіндеп жаңалық болудан қалады. Бұл процесс қоғам дамуының барлық сатыларында жүріп жатады. Өйткені қоғам дамуымен бірге тіл де дамып отырады» [3, 439] - деп белгілі бір сөздердің әдеби тіл қатарынан орын алу жайын сөз етеді.

Баспасөз тілі – жазба тіл, тілімізге енген жаңа сөздер сөздік құрамға баспасөз арқылы еніп отырады. Осы күні өзіміз қолданып жүрген, әдеби тілімізден берік орын алған тілдік құбылыстардың біршамасы мерзімді баспасөз тілінде қолданылып, уақыт өте келе тілімізде қалыптасып, нормаланып, әдеби тілге енді [2, 24]. Қазақ халқының барлық

сөз байлығы газеттер арқылы сақталып бізге жетіп отырды. Ендеше ХХ ғасыр басындағы «Қазақ» газетінің беттерінен бүгінгі әдеби тіліміздің даму деңгейін танып-таразылай аламыз. Қазақтың мерзімді баспасөзі өткен ғасырдың 50-жылдарынан бері зерттеліп келеді. Мерзімді баспасөз халыққа ақпарат тарату, үгіт-насихат жүргізу сияқты қызметтер атқарады. Алғашқы жарық көрген қазақ газеті «Түркістан уалаяты». Одан кейін ресми және бейресми түрде көптеген газеттер шыға бастады. Қазіргі таңда жүзден аса газеттер бар. Уақыт өте келе баспасөз тілі өзгерістерге ұшырап отырған.

Қорыта айтқанда әдеби тіліміздің даму жүйесіндегі лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерді бүгінгі әдеби тілдегі ерекшеліктермен салыстыра отырып, әдеби тіліміздің дамуында қандай өзгерістердің болғанын таразылай аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі.– Алматы:Ғылым, 1971.–184 б.
2. Исаев С. Қазақтың мерзімді баспасөз тілі. – Алматы, 2002. – 234 б.
3. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ.Әнес және проф. Алматы, 2010. – 234 б.
4. Момынова Б. Газет лексикасы жүйесі мен құрылымы. – Алматы: «Арыс», 2003. – 228 б.
5. Лысакова И.П. Тип газеты и стиль публицистики. Ленинград, 1989. – 234 б.
6. Будагов А.Р. Проблемы развития языка. – Москва, 1934. – 234 б.
7. Мажитаева Ш. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі: Оқу құралы. – 2-бас., өзгертілген. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2007. – 234 б.
8. Бүркітов О. Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі. – Алматы: 1996. – 25 б.

ИЗУЧЕНИЕ ЯЗЫКА ПЕРИОДИЧЕСКОЙ ПЕЧАТИ

Утегенова А.Г. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: altingul_97@bk.ru.

Камарова Н.С. - Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Казахстан, г.Актау, e-mail: nagbdu@mail.ru.

Аннотация. В данной статье представлен обзор трудов на казахском языке, посвященных изучению языка прессы. Это-новая тема. Конечно, научные труды, посвященные языку прессы, уже написаны. Но их описания, изучения мало. В этой небольшой статье изучаются и взвешиваются первые научные труды, изучавшие газетную лексику, то есть язык печати.

В этом труде ученые Н. Карашевой, С.Исаева, А.Алдашевой, Б.Абылкасымова, Б.Момыновой, Ш.Мажитаевой, Г.Жумашевой и др. .в исследовательских работах анализируется, как изучался язык печати.

Речь идет о том, что язык прессы является письменным языком, а новые слова, вошедшие в наш язык, проникают в словарный состав через прессу. Научно доказано, что некоторые из языковых явлений, которые мы употребляем в этот день, прочно закрепились в нашем литературном языке, были использованы в периодической печати, со временем сформировались, нормировались и вошли в литературный язык.

Важно, что все богатство казахского народа сохраняется через газеты и доходит до нас. Так, на страницах газеты «Қазақ» начала ХХ века многое говорит о том, что мы можем оценить уровень развития современного литературного языка.

Особенно характерно, что лексико-грамматические особенности в системе развития нашего литературного языка можно рассматривать, сравнивая их со спецификой современного литературного языка. Тем самым мы наглядно видим, какие изменения произошли в развитии нашего литературного языка сегодня.

Ключевые слова: Казахская пресса, периодика, язык печати, лексические и грамматические особенности, литературный язык

LEARNING THE LANGUAGE OF PERIODICALS

Utegenova A.G. Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: altingul_97@bk.ru.

Kamarova N.S. – Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: nagbdu@mail.ru.

Abstract. This article presents an overview of works in the Kazakh language devoted to the study of the language of the press. This is a new topic. Of course, scientific works on the language of the press have already been written. But their descriptions and studies are not enough. This short article examines and weighs the first scientific works that studied the newspaper vocabulary, that is, the language of the press.

In this work, scientists N. Karasheva, S. Isaev, A. Aldasheva, B. Abylkasymov, B. Momynova, Sh. Mazhitaeva, G. Zhumasheva, etc. .the research papers analyze how the print language was studied. We are talking about the fact that the language of the press is a written language, and new words that have entered our language enter the vocabulary through the press. It is scientifically proven that some of the linguistic phenomena that we use on this day are firmly entrenched in our literary language, were used in the periodical press, over time formed, normalized and entered the literary language.

It is important that all the wealth of the Kazakh people is preserved through newspapers and reaches us. So, on the pages of the newspaper "Kazakh" of the beginning of the XX century, much says that we can assess the level of development of the modern literary language.

It is especially characteristic that lexical and grammatical features in the system of development of our literary language can be considered by comparing them with the specifics of the modern literary language. Thus, we can clearly see what changes have taken place in the development of our literary language today.

Keywords: Kazakh press, periodicals, language of the press, lexical and grammatical features, literary language

ХҒТАР 15.21.45

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ КӘСІБИ ДЕФОРМАЦИЯНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЕгенисоваА.Қ.
Бегейбай Д.М.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: almazhai66@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада ЖОО мамандардың кәсіби іс-әрекетіндегі кәсіби деформация проблемаларын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынады. Кәсіби деструкциялар, кәсіби деформацияларға, кәсіби дамудың теріс өзгерістері туралы баяндалады.

Кәсіби күйзеліс және оның кезеңдеріне, күйзелістің алдын алу стратегиялары мен ережелеріне, эмоциялық күйіну, кәсіби күйіну синдромына, стресс түрлері: ақпараттық стресс, эмоциялық стресс, комуникативті стресс үрлеріне сипаттама беріледі.

Түйінді сөздер: кәсіби іс-әрекет, деструкция, деформация, стресс, эмоциялық күйіну, ақпараттық стресс, эмоциялық стресс, комуникативтік стресс.

Психология ғылымының теориясы мен практикасында кәсіби іс- әрекеттің маман тұлғасына кері әсерін тигізетіні де анықталған. Бұл жағдайда болатын негативті психологиялық құбылыс кәсіби деструкциялар, кәсіби деформациялар ретінде анықталады. Кәсіби деструкция - еңбек өнімділігі мен қарым-қатынасқа теріс әсерін тигізетін іс-әрекет пен тұлға құрылымындағы өзгерістер.

А.К. Маркова кәсіби дамудағы теріс өзгерістердің жалпыламасы негізінде кәсіби деструкцияның келесі беталысын ажыратады[1]:

- жас ерекшелік пен әлеуметтік нормалармен салыстырғанда кәсіби даму процесінің баяулауы, кейін қалуы;
- кәсіби дамудағы дезинтеграция; кәсіби сананың құлдырауы, соның салдарынан қызмет жағдайына сәйкес келмейтін мақсат қою; еңбектің маңызын бұрыс бағалау; кәсіби қақтығыстарға жол беру;
- кәсіби ұтқырлықтың төмендігі; еңбектің жаңа жағдайларына бейімделе алмау және дезадаптация;
- кәсіби дамудың жеке тұстарының арасында байланыстың болмауы (мысалы, оқытушыда кәсіби дамуға мотивация болғанмен, онда кәсіби сана деңгейінің төмен болуы ықтимал);
- кезіндегі кәсіби қабілеттің, кәсіби ақыл-ойдың енді әлсіреуі;
- кәсіби дамудың бүрмалануы; тұлға құрылымында бұрын байқалмаған жағымсыз қасиеттердің орын алуы; тұлға тұрпатын өзгертетін кәсіби дамудың әлеуметтік және жеке-дара нормасындағы ауытқу;
- тұлға деформациясының байқалуы, эмоциялық қажу, кәсіби титықтау, кәсіби ұстанымның іс-әрекетке сәйкес келмеуі;
- денсаулықтың төмендеуіне байланысты кәсіби дамудың тежелуі.

Олай болса, кәсіби деформация оқытушы тұлғасының толымдылығына нұқсан келтіріп, іс-әрекеттің өнімділігіне теріс әсерін тигізеді.

Кәсіптің тұлғаға әсер ету мәселесі зерттеушілер көкейінде жүргенімен, қазіргі таңда өзекті және әлі де ары қарай қарастыруды қажет ететін мәселелердің бірі болып

отыр. Қарқыны өте жылдамдықпен болып жатқан қоршаған ортаның түрлі жағдайларына адам баласының бейімделуі қиынға соғады, әрі адам бейімделе отырып эмоциялық тұрақтылықты сақтауы қажет болады. Адам ағзасы бойындағы күш-қуатты қайта-қайта қалпына келтіруге үлгере алмайтындықтан, мұндай жағдай жүйке жүйесінің әлсіреуі мен қажуына жеткізеді және психосоматикалық аурулардың пайда болуының алғышарты болады. Соның бірі кәсіби күйзеліс, яғни әр түрлі маман иелерінің жұмыс барысындағы қажуы.

Қазіргі таңда, даму қарқыны өте жылдам болып жатқан қоршаған ортаның түрлі жағдайларына адам баласының бейімделуі қиынға соғады, әрі адам бейімделе отырып эмоциялық тұрақтылықты сақтауы қажет болады. Адам ағзасы бойындағы күш-қуатты қайта қалпына келтіруге үлгере алмайды. Әрине, мұндай жағдай жүйке жүйесінің әлсіреуі мен қажуына жеткізеді және психосоматикалық аурулардың пайда болуының алғышарты болады.

Нағыз өз ісінің кәсіби маманы еңбек әрекеттерінде көрінуі керек. Кәсібіне бейімделгеннен, қажетті білім мен білікті меңгергеннен кейін көптеген қызметкерлер өздерінің жеткен деңгейлеріне қанағаттанып, өздерінің кәсіби өмірін, өзін-өзі жетілдіру жұмысымен ары қарай айналыспайды.

Кәсіптің тұлғаға әсер ету мәселесі зерттеушілер көкейінде жүргенімен, қазіргі таңда өзекті және әлі де ары қарай қарастыруды қажет ететін мәселелердің брі болып отыр. Адамның кәсібі санасына және өмір барысына өз әсерін тигізетіндігі жайлы аксиоманы ешкім жоққа шығармайды. Адам іс-әрекетінің барлық түрі таңдамалы және ол тұлғаның үйлесімді дамуына әсер етеді. Бірақ, белгілі бір жағдайларда кәсіби іс-әрекет тұлға құрылымында негативті құбылыстардың дамуына әкеліп, оны деформациялайды. С.П Безносовтың айтуынша кәсіби деформацияға бейімділік, билік өкілеттігімен айналысатын адамдарда, өмірде маңызды шешімдерді талап ететін мамандық иелерінде жиі кездеседі.

Деформацияның аспектілерін қарастырғандар: А.К Маркова, С.П Безносов, Г.А. А.В.Ребров, Г.С.Никифорова, Ю.М.Губачев, Э.Ф Зеер, Э.Э.Сыманюк, А.Р. Ерментаева және т.б. [1-7].

Кәсіби деформация дегеніміз не? Оның жұмыс нәтижелігіне әсер етуі қандай? Кәсіби деформация – белгілі бір іс-әрекет түрімен айналысу және меңгерудің психологиялық феноменімен өзара байланысқан, үздіксіз үрдіс болып табылады.

А.К.Маркованың айтуы бойынша, «деформация» – кәсіби маманның бір тұтастылығын бұзады, бейімділігін, тұрақтылығын төмендетіп, іс-әрекетінің өнімділігіне теріс әсер етеді. Сондықтан қазіргі таңда қызметкерлердің деформацияларын анықтап, оны жеңудің психотехнологиялық жолдарын қарастырып, кәсіби деформацияның алдын алып коррекция жасау өзекті мәселелердің бірі болып отыр [1].

Кәсіби деформацияның пайда болу механизмі аса күрделі. Алғашында еңбектің жағымсыз шарттары кәсіби іс-әрекетте, жүріс-тұрысында негативті өзгерістер тудырады. Содан кейін, қиын жағдайлардың қайталануына байланысты теріс өзгерістер жиналып қарым-қатынаста, күнделікті өмір барысында көріне бастайды. Алдын ала, уақытша негативті психикалық жағдай мен бағдар пайда болса, одан кейін жағымды қасиеттер жоғала бастайды. Кейін, жағымды қасиеттер орнына жұмысшының жеке бас профилін өзгеріске әкелетін негативті психикалық қасиеттер пайда болады [3].

Кәсіби деформация адамның еңбек іс-әрекетінде туындауы өте күрделі және психиканың түрлі қырларына (мотивациялық, когнитивті, тұлғалық), қасиеттеріне әсер етеді. Кәсіби деформация себептерінің бірі қоршаған ортаның ерекшелігі, себебі қоршаған ортамен адам да, атқаратын жұмысы да тікелей байланысқа түседі. Кейбір кәсіптер мысалы, басқару деңгейіндегі түрлі менеджерлер, дәрігерлер, мемлекеттік қызметкерлер, әскери қызметкерлерде кәсіби деформация болуының ықтималдылығы жоғары болса, екінші біреулерінде төмен деңгейді көрсетеді.

Психологтар күйзеліс немесе стресс тақырыбын ұзақ уақыт бойы зерттеп, оның себебін түсінуге және одан шығу үшін адамдарға жол ашуға тырысты. XXғ. 30-50 жылдары канадалық ғалым Ганс Селье стресстің биологиялық теориясын жасап: «Стресс – аса кушті сыртқы әсерден жүйкенің жоғарғы деңгейде ширығуы»,- деген анықтама берген [6].

Стресс – адамның ширығуын талап ететін күрделі, күтпеген, аса жауапты, маңызды немесе қауіпті жағдайларда пайда болатын көңіл-күй ахуалы. Ол сондай-ақ, денеге және ақыл-ойға тез және жауапты шешімді талап ететін көп салмақ түскенде, дау-жанжал т.б кезінде туындайды. Стресс кезінде орын алатын денедегі өзгерістер мен уайым диапазоны өте үлкен. Әлсіз стресс немесе оның бастапқы көрінісі кезінде адам жинақылынады, оның психологиялық процесстері жұмылып, деңгейі жоғарылайды. Ұзақ немесе қатты стресс ағза жұмысын қамтамасыз ететін қызметтердің ұйымдасуын бұзады немесе олар азып-тозып, қызмет етуден қалады.

Кәсіби күйзеліс – адамның еңбек қызметіне байланысты теріс уайымдау салдарынан тұлғаның деформациялануының бір түрі. Адамдар эмоционалдық, психикалық және физикалық қажыған сайын күйзеліске ұшырай бастайды. Ал кәсіби күйзеліс - қазіргі қоғамның «кеселі» болып отыр. Алайда химиялық, физикалық немесе биологиялық зиянды әсері емес, эмоционалдық және стресс әсері. Кәсіби стрессогендік факторлар, маманның тікелей жұмысына байланысты болғандықтан, әр түрлі неврологиялық бұзылулардан психосоматикалық бұзылуларға әкелуі мүмкін. Тұлғаның кәсіби деформациясы – бұл кәсіпқой маман иесінің жұмысының әсерінен тұлғаның мінез-құлқының өзгеруі [4].

Осыған байланысты осы сияқты жұмыстар эмоционалды күш-қуаттың артуына ерекше күш қажет етеді. Адамдармен жұмыс жасаушы маманға қарым-қатынастың түрлі аспектілерін үнемі эмоциямен нақтылап отыруы тиіс проблеманы белсенді түрде қою және шешу, зейінді қабылдау, визуалды, дыбыстық және жазбаша ақпаратты тез қорытындылап, күшті есте сақтау баламаларды тез сақтап, шешім қабылдау. Жүйелік жағдай біреулер үшін эмоцияның орынсыз жұмсалуын тудырады, ал тағы біреулер үшін психикалық қорларды үнемдеу тәсілдері іздеуге ұмтылдырады. Жүйкесі мықты сақ байқағыш адам ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір күні эмоционалдық күйіну тәсіліне бой ұсына бастайды: бәрінен және барлық нәрседен бойын аулақ ұстайды, барлығы көңіліне ала бермейді, жүйкесін аялайды.

Н.А.Аминова мен Л.Г.Федоренконың зерттеулері, 20 жылдан кейін педагогтарда эмоционалды «күйіну» басталады, 40 жылға қарай барлық мұғалімдер «күйінеді». Одан бұрын, жүйке жүйесіне шалдыққан пациенттерге қарағанда жас педагогтардың көрсеткіш деңгейлері әлеуметтік бейімделуге төмен болып, іс-әрекеттерінде дөрекілік, сенімсіздік, мазасыздық пайда бола бастайды [1].

Эмоционалдық тасымалдау механизмі бар онда энергетиканың қандай да бір мөлшерде өзіне де басқаға да бағытталуы. Іс -әрекеттің сыртқы факторынан алынған әсерлер тұлғаны үнемі жаралап, кәсіби іс әрекеттің психотравмалық элементтерін бірнеше мәрте бастан кешіруге мәжбүрлейді. Бұл жағдайда эмоционалдық күйінуге ықпал ететін ішкі факторлар маңызды орын алады, олар міндеттердің қарқынды интериоризациясы, рөлдер, іс әрекеттің жағдайлары, жоғары түйсіктілік және жауапкершілік сезімі.

А.В.Ребровтың бойынша кәсіби күйзелістің кезеңдері: [3]

Бірінші кезеңі:

- эмоцияның тұншығуы басталады: маман оны байқаған болады: бәрі дұрыс сияқты,
- бірақ жаны жайсыз және көңілсіз;
- жақсы эмоциялар жоғалады;
- беймазалықтың, қанағаттанбаушылық туындайды
- Екінші кезеңі:

- әріптестермен түсінбеушілік туындайды;
- әріптестерінің арасында араздық ара-қатынас ақырын көріне бастайды, басында жақтыртпаушылық содан кейін тітіркенудің тұтануы болады.

Үшінші кезеңі:

адам өмірдің қымбат екені туралы ойлауда тұйықталып, өмірге, әлемге деген эмоционалдық қарым-қатынастына, тіпті жеке өміріне де, барлығынада селқос, қауіпті болады. Біріншіден психологтың міндеті кәсіби күйінуінің алдын-алу бойынша жұмыс жүргізуді іске асыру болып табылады.

Күйзелістің алдын алудың әр қилы стратегиялары бар:

Біріншісі – эмоцияларды білдіру ептілігі.

Екіншісі – жағдайды қайта бағалау, оқиғаның басқа суретін құрастыру және жағымсыз жағдайдың өзінен өзіңіз үшін көптеген пайдалы нәрсені таба білу.

Үшінші жол – қайта бағалауға келмейтін жағдайды өзгертуге мүмкіндік беретін мақсатты бағытталған әрекеттер.

Жағдай ықтималды қауіпті, күрделі немесе жаңа ретінде қабылдануын доғарғанда, стресс тиылады. Мұнда білуге тиіс жайт, негативтік (теріс) жай-күй тек біздің теріс ойларымызбен ұсталып тұрылады. Нақ солар барлық бәленің көзі болып табылады. Өз ойларыңызбен жұмыс істеуді үйреніп, сіз өз эмоционалдық жай-күйіңізді реттеуді үйренесіз.

Бірінші ереже – өз бойыңыздан теріс ойды қумау, керісінше оған оның басқа ойлар сияқты өмір сүруге өз құқығының бар екеніне түсіністікпен қарау.

Екінші ереже – бұл ойға сыпайы түрде айналып өтуді ұсыныңыз, өйткені әр кезде өзіңізге қызықтырақ, маңыздырақ және пайдалырақ басқа ойлар мен тірліктер бар. Бұл кезде бірден бұл жаңа ойларды, тірліктерді ойлап іске кірісіңіз. Өмірдегі теріс жағдайда жақсы және пайдалы нәрсені таба білуге үйрену әрқайсымызға маңызды. Себебі өмір қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресінен құралған. «Сау дененің рухы да сау!» – деп айтылады. Дұрыс үйлестірілген тағам, спортпен айналысу және зиянды әдеттерден бас тарту стрессті болдырмаудың тағы бір әдісі болып табылады.

Мотивациялық сферадағы кәсіби деформация қандайда бір кәсіпке деген қызығушылық болып, өзгелеріне деген қызығушылығы төмендейді. Мысал ретінде, «еңбекқорлықты» алуға болады, яғни адам уақытының көп бөлігін жұмыста өткізеді де, өмірінің жеке және т.б сферасына аз қызығушылық тудырады. Бұл жерде Л.Н. Толстойдың пікірі бойынша еңбек «өмірдің дұрыс еместігін өзіннен жасыру құралы». Еңбек адамның өмірінде пайда болған мәселелерден құтылудың, қорғанудың жолы болады [5].

Кәсіби деформация қалай көрінеді? Қызметтік деформация басшылық жасау өкілеттігін шектемеген жағдайда, өзгенің пікірін елемеген кезде, өз қателіктерін көрмеген жағдайда, өзінің пікірі ғана дұрыс көріну кезінде көрінеді.

Бұл жерде кәсіби деформация түсінігі «күйіп пісу синдромы» түсінігінен бөліп қарастырылмайды. Бұл, екі жағдайда көптеген қызметкерлерінің жұмысына тән қасиет. «Күйіп пісу синдромы» кәсіби іс-әрекет контексті жайлы сөз қозғаса, кәсіби деформация негізінен оның жұмыстан тыс өмірінде қарастырылады. «Маман адам» оппозициясын шартты түрде қарастырсақ, екі феномен арасындағы ерекшелікті көрнекі түрде көрсетеді. «Мен маман ретінде» – тұлғаның кәсіби міндеттерді орындауға жауаптылығы: яғни қажетті білімі, этикалық бағдары мен принципі болу керек және кәсіби іс-әрекеті өзін жоғары деңгейде көрсетеді. «Мен адам ретінде» тұлғаның орталық бөлігі, өмірі жайлы не ойлайтындығы, өмірлік принциптері мен бағдарын қарастырады. Осы анықтамаға сүйене отырып «Күйіп-пісу синдромы», «Кәсіби мені» бақылаушы рөлін жоғалтып, «мен адам» кәсіби компетенция аймағына енуі қажет.

Жұмыс барысында көптеген мамандар қатты шаршағандықтан олардың клиенттері жағымсыз күй туғызады. Кәсіби деформация, керісінше «кәсіби мені» «мен адам»

аймағына қарай кеңейіп, ұлғайып жайылады. Үйге оралғаннан кейін де ол өзін сол маман ретінде ұстайды.

Кәсіби деформацияның екі компонентін көрсетуге болады: кәсіби деформацияға бейімділік, бұл адамдардың мінезінде және тұлғалық ерекшеліктерінде осы кәсіпке тән қасиеттері болады. Олар оны ашық түрде қолданады немесе жасырып қалады. Кәсіби іс-әрекет тұлғаның ерекшеліктерін дамытады. Кейде кәсіби іс-әрекет оларды ақтап, олардың жүзеге асуына және көрінуіне жағдай жасайды. Бейімділік сәйкесінше кәсіпті таңдауға әсер етеді. Олар өздеріне қолайлы орынды сезінген соң кейін өзінің кәсібінің іс-әрекетін бұрмалайды.

Стресс, шаршау, депрессия және эмоционалды күйіну кәсіби деформацияның ең бастапқы формалары болып түрады. Бұл жерде бір ізділік бар: бастапқы кезең шаршау, стреске әкелуі мүмкін. Ұзаққа созылған стресс депрессияға айналады. Ал бұндай жағдайдағы қызметкер жаман жұмысшы болады. Осыдан барып кәсіби деформацияға ауысады.

Кәсіби деформация түсінігі «эмоционалды күйіну», «стресс», «депрессия» категорияларымен байланысты. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде «burnout», яғни эмоционалды күйіну көптеген кәсіби қызметкерлердің ісәрекетіне тән. Шет елдің ғылыми әдебиеттерінде күйіну синдромы «burnout» терминімен сипатталады. Қазақша нұсқасы «жану», «күю» деген мағынаны береді. Рессейлік авторлар Т.С. Ященко, 1989; Т.В. Форманюк, 1994 жылдары ағылшын тілінен әртүрлі аударып оны «эмоциялық жану» десе, Д.Д.Вид, Е.И.Лозинская 1998 жылы «эмоциялық күйіну» деп алды. Сондай-ақ 2000 жылы Н.Е. Водопьянова «психикалық күйіну» десе, Т.И. Ронгинская 2002 жылы «кәсіби күйіну» деген терминді қолданды [8].

Эмоциялық күйіну дегеніміз адамның психикалық және психологиялық көңіл-күйіне әсер ететін жүріс-тұрыстық және психикалық уайымдардың кешенді жиынтығы. Эмоциялық күйіну синдромы – үздіксіз стрестің жұмыс барысында пайда болатын тұлғаралық қарым-қатынасқа жауап реакциясы болып табылады. Соның салдарынан «кәсіби күйіну синдромы» пайда болған.

Стреске деген тұрақтылық немесе төзімділік термині – бірнеше тұлғалық қасиеттердің жиынтығын қамтиды, яғни кәсіби іс-әрекет негізінде пайда болған эмоциялық, интеллектуалды, еріктік қысым түсуді қоршағандарына және өзінің денсаулығына еш зиянын тигізбей бастан кешіру болып табылады.

Эмоциялық күйіну тұлға мен жұмыс ісінің аралығындағы сәйкестіктің болмауы. Ол ең алдымен қызметкерге қойылатын ұсыныстар мен талаптардың оның мүмкіншіліктеріне сәйкес келмеуі. Басшылықтың оның тұлғасына деген аса жоғары талап қоюы. Егер қызметкер үшін басшының үкімі парыз болса, ал оны іске асыра алмаудың өзі жұмыс сапасын төмендетуіне әкеп, соның салдарынан стресс пайда болады.

Кәсіби күйіну синдромын құрайтын симптомдарды шартты түрде үш негізгі топқа бөлуге болады: психофизикалық, әлеуметтік-психологиялық және жүріс-тұрыстық.

Кәсіби күйінудің психофизикалық симптомына, сонымен қатар, үнемі басылмайтын шаршау сезімінің болуы тек кешке ғана емес, таңертең де болуы (созылмалы шаршау симптомы);

эмоциялық және физикалық азуды сезіну;

жиі себепсіз бастың ауруы, асқазан ішек жолдарының бұзылысы;

жылдам салмақтан арылу немес салмақты жылдам қосып алу;

толық немесе жартылай ұйқысыздық;

үнемі ұйқылы жағдайда жүруі, күндіз жұмыс барысында ұйқысының келуі;

физикалық немесе эмоциялық қысымда демалысының бұзылуы ентігудің пайда болуы;

ішкі және сыртқы сенсорлы сезімталдығының төмендеуі: көру, есту, дәм, иіс сезу, тері сезімдері.

Стрестік проблемаларды ескере отырып Н.В. Самоукина «Кәсіби стресс – бұл кәсіби жұмысты орындаудағы кездесетін эмоциялық және экстремалды факторларды орындаудағы жұмыскердің шаршаған күйі» деп айтқан [9].

Н.В. Самоукина кәсіби стрестің негізгі түрлерін атап көрсеткен. Енді әрқайсысына жеке тоқталатын болсақ [9]:

Ақпараттық стресс – бұл уақыттың қатал шенінде туындайды және жоғарғы жауапты ережелерде де қолданылады. Сонымен қатар ақпараттық стресс жағдайдың белгісіздігімен қатар жүреді. Эмоциялық стресс – дәл немесе болжамдап айтылған қорқыныштан туындайды. Мысалы: орындалмаған жұмыс үшін кінә сезімі, әріптес терімен қарым-қатынаста т.б.

Келесі түрі комуникативті стресс – қатаң қарым-қатынас мәселелерімен байланысты. Ол өзін-өзі ұстай алмайтын жоғарғы кикілжіңмен байланысты, сонымен қатар бір нәрседен бас тарта алмау, манипулятивті әрекеттерден қорғана алмау.

Қателік жасаудан қорқудан туындайтын стресс – қателік қорқынышы екі жағдаймен байланысты: бірінші, жетістікке жету деген ішкі қатты талпыныс; екінші, қателік кеткен жағдайдағы кедергілер. Қорқыныш қателігі көбінесе адамның шығармашылық мүмкіндіктерін бекітеді. Сонымен қатар, адам көп нәрседен бас тарта бастайды. Нәтижесінде адам өмір сүруден қорқа бастайды.

Кәсіби стрестің бәсекелесе көп тараған түрі – бәсекелестік стресі. Адам қоршаған ортада өзінің бәсекелесін көреді. «Өзін бәсекелестік жарысқа беретін адам, өз өмірімен өмір сүрмейді, жұмысын ниет-қалауымен таңдамайды, оның ақшасына қарап таңдайды, сонымен қатар оның айналасында өзіне керек адамдарға, достарына келгенде уақыт жоқ.

Қазіргі заманда стрестен қалай қашу, қалай құтылу туралы кеңестер көп айтылуда. Бірақ Сельенің айтуы бойынша, стрестен қашпаған жөн. Стрестен толық құтылу, бұл – өлім. Стресс жағымды және жағымсыз қобалжулармен байланысты екенін білеміз.

Стрестің тұрақтылығына әсер ететін факторлар: стресс нәтижелері адамның жеке ерек шеліктерінен тұрады. Кейбір адамдар стрестік бұзуларына басқаларға қарағанда жақсы қарсы тұра алады. Неге? Біздің физикалық немесе психологиялық денсаулығымызға әсер ететін стрестің әсерін азайтатын бірнеше факторлар бар. Бұл факторларды қарастырудың өзі тағы бір мәселені тудырады, сондықтан бұл мәселе қызығушылығын жоғалтпайды деген ойдамыз.

Қорыта айтқанда, стресс, кәсіби күйзеліс мамандарға жаһандану заманындағы қалыпты жағдайлардың бірі болып, дені сау тұлғаның денсаулығына қауіпті, жұмысқа қабілеттілігін төмендететіндігі дәлелдеуді қажет етпейді. Дегенмен де, бұл ауқымды мәселе зерттелуі сонау ғасырлардан бастау алса да, әлі де жан-жақты талдауды, тереңінен зерделеуді қажет ететін, толықтай ашылмаған, күн тәртібінен түспейтін тақырып. Әр адам бір немесе бірнеше кәсіби қызметті атқаратынын ескере отырып, бұл тақырыпқа бей-жай қарамай, өзекті мәселелердің қатарына қоса аламыз. Осы себептен де, кәсіпке байланысты стресстің дер кезінде алдын алу шараларын жасау, одан шығуға көмектесу психолог қызметінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маркова А.К. Психология профессионализма, Изд.: Международный гуманитарный фонд «Знание», 2009., С.308

2. Безносов С.П. Профессиональная деформация личности. – СПб.: Речь, 2004. – С.272

3. Ребров А.В. Влияние мотивационной структуры на результативность труда работников \ различных профессий // Социологические исследования, № 5, 2014, 12с.

4. Никифорова Г.С. Психологическое обеспечение профессиональной деятельности. – СПб.: Мир, 1991. – С.355

5. Губачёв Ю.М. Эмоциональный стресс в условиях нормы и патологии человека. Карвасарский и другие – Л.: Книга, – 2002. – С.230

6. Зеер Э. Ф., Сыманюк Э.Э. Психология профессиональных деструкций: Уч. Для вузов. – М.: Академич. проект, 2005. – 240 с.

7. Ерментаева А.Р. Студенттерді субъект–бағдарлы психологиялық дайындау: методология, теория, практика–Өскемен: С.Аманколов ат. ШҚМУ баспасы, 2008. – 410 б.

8. Қалымбетова Э.К. Еңбек психологиясы. –Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 158 б.

9. Самоукина Н. В. Психология профессиональной деятельности, 2004. С.264

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕФОРМАЦИИ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

Егенисова А.Қ. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Бегейбай Д.М. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В данной статье дается анализ трудов ученых, изучавших проблемы профессиональной деформации в профессиональной деятельности специалистов вуза. Рассказывается о профессиональных деструкциях, профессиональных деформациях, негативных изменениях в профессиональном развитии.

Дается характеристика профессионального стресса и его стадий, стратегий и правил профилактики стресса, эмоционального выгорания, синдрома профессионального выгорания, видов стресса: информационного стресса, эмоционального стресса, комуникативного стресса.

Ключевые слова: профессиональная деятельность, деструкция, деформация, стресс, эмоциональное выгорание, информационный стресс, эмоциональный стресс, комуникативный стресс.

PSYCHOLOGICAL FEATURES OF PROFESSIONAL DEFORMATION IN PROFESSIONAL ACTIVITY IN HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS

Yegenissova A.K. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Begaybay D.M. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. This article analyzes the works of scientists who have studied the problems of professional deformation in the professional activities of university specialists. It tells about professional destructions, professional deformations, negative changes in professional development.

The characteristics of professional stress and its stages, strategies and rules for the prevention of stress, emotional burnout, professional burnout syndrome, and types of stress are given: information stress, emotional stress, and communication stress.

Key words: professional activity, destruction, deformation, stress, emotional burnout, information stress, emotional stress, communication stress.

ӘОЖ 81.255

ГАЗЕТ АЙДАРЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қамарова Н.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Қазақстан, Ақтау қ.
e-mail: nagbdu@mail.ru
Өтегенова А.Ғ.
магистрант
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Қазақстан, Ақтау қ.
e-mail: altingul_97@bk.ru.

Аңдатпа. Бұл мақалада газет айдарларының тілдік-құрылымдық ерекшеліктері талданады. Баспасөз тілін зерттеуге арналған қазақ тіліндегі Б.Момынова, З.Ерназарова сияқты ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, газет айдарларын синтаксистік, морфологиялық жағынан таладаулар жасалды. Синтаксистік құрылысы жағынан айдарлар көбіне сөз тіркесі күйінде келетіндігі нақты мысалдармен дәлелденді. Сөздердің байланысу тәсілдерінің барлық түрі қамтылғандығына республикалық «Ана тілі», «Егемен Қазақстан» газеттерінен мысалдар келтірілді. Аяқталған ойды білдіретін сөйлем түріндегі айдарлардың да мол ұшырасатыны сөз болады. Баспасөз беттеріндегі тақырыптық айдарлардың құрылымдық ерекшелігі «Алтын Орда» газеті арқылы талданады.

Антропоценитристік парадигманың «лингвомәденеттану» бағытына газет-журнал, айдарлар тілін жатқызатынымыз сөз болады. Әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруда, ұлттық болмысымыз бен ұлттық танымымызды танытуда, халықтың көкейкесті мәселелері мен ұлттық проблемалар баспа беттерінен жарық көріп, оқырманға жол тауып жатқандығы зерделеленеді. Газет-журнал беттеріндегі тақырыптар мен олардың жазылу стилі көркем әдеби туындылардан құрылымдық ерекшелігі мен лексика-семантикалық сипаты арқылы ерекшеленетіндігі зерделенеді.

Түйінді сөздер: Қазақ баспасөзі, мерзімді баспасөз, баспасөз тілі, синтаксистік және морфологиялық ерекшеліктер, әдеби тіл.

Газет тіліндегі бағалауыштық лексика мен бейтараптанған лексикаға жеке-жеке тоқталып өтсек: қазақ тіл білімінде тілші ғалымдар ААлдашева, О.Бүркіт, Б.Момынова, т.б. газет мәтіні, газет тілінің ерекшеліктері, публицистика стиліне арналған зерттеулері, бірқатар еңбектері бар. Б.Момынова «Газет лексикасы: жүйесі мен құрылымы» [1, 78]. атты еңбегінде газет тілінің әлеуметтік сипатының өзіндік қырларын газет тілінің қоғамдағы жағымды, жағымсыз құбылыс, өмір өзгерістеріне идеологиялық қарсылас ретінде жекелеген адам мен басқа да қоғамдық құрылымға әлеуметтік және саяси тұрғыдан баға беру мүмкіндігіне ие болатындығын атап көрсетеді. Ал ғалым Ф.Жақсыбаева өз зерттеуінде газет мәтініндегі бағалаушы лексиканың қоғам контексіне өте сезімтал болатындығын көрсетіп, газет тілінің лексикасының ерекшеліктерін айқындаған. Қазақ газеттеріндегі бағалауыш лексиканың прагматикалық функция атқаратындығы жөнінде сөз қозғаған.

Зерттеуші З.Ерназарова «Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі» деген зерттеу еңбегінде мынандай тұжырым жасайды: «Бағалау сөйлеу актісі

үстінде дүниеге келеді. Соңдықтан бағалау мәнді сөйлеу актілері бірден-бір прагматикалық мәнге ие болады. Адамзатқа тән құндылықтар тұрғысынан құбылыс – әрекеттерді бағалаушы мақсатта жұмсалатын сөйлесімнің қалыптасуына прагматикалық мәнбірлер ықпал етеді. Бағалау жағымды- жағымсыз тұрғыда берілетін болса, сөйлеу тілінде осы мақсатқа икемделген бірліктер бар» [2, 169].

Синтаксистік құрылысы жағынан айдарлар көбіне сөз тіркесі күйінде келеді де: тәртіптік кеңесте, оймақтай ой, ел аузынан, алтынның сынығы, тілбұзарлар тұғыры, сүйінші дана сияқты тіркестерде байланысу тәсілдерінің барлық түрі қамтылған. Аяқталған ойды білдіретін сөйлем түріндегі айдарлар да біршама: Ұлт болсам десең, ұрпағыңды ойла; Төл әліппе ата жазуымызды үйренейік; Ақылдасайық, ағайын; Айтылмаса сөз өледі; Дін – дәстүр діңгегі; Жүрген аяққа жөргем ілінеді, т.б.

Еліміз егемендік алғалы бері Қазақстан халқының алдында тұрған ең бірінші мәселе мемлекеттің тәуелсіздігін баянды ету және шешуші факторлардың бірі және бастысы – қазақ ұлтының тарихи және мәдени мұраларын сақтау, құрметтеу болып отыр. Оның себебі ұлттың тұтастығын сақтай отырып, оның құдіреттілігін әлемге айғақтайтын осы аталған тарих пен мәдени мұра. Ал осы басты факторларды тану, білу тек ұлттық әдеби тілдің негізінде ғана жүзеге аспақ.

Қазақ тіліне қатысты мемлекет саясатын қалың жұртшылыққа кеңінен түсіндіріп, бұл жолда қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан басылымдардың бірегейі – «Ана тілі» газеті.

Газет өзі өмірге келген күннен ұлт үшін қасиетті саналатын қазақ тілінің жай-күйін жан-жақты қозғап келеді. Тіл тақырыбына байланысты мақалалар «Тіл тұғыры – ұлт ғұмыры», «Тілі мықтының – елі мықты», «Толғауы тоқсан туған тіл», «Тілін білген түбін біледі», «Тіл мен тұлға», «Тілбұзарға – тосқауыл» секілді айдарлармен жарық көріп отыр.

Ономастика мәселесі – өзекті мәселе. Осыған орай «Жеріннің аты – бабаңның хаты» айдарымен мақалалар ұсынып, «Ұлы дала атаулары» айдарымен беріліп жатқан материалдардың маңызы ерекше. Бұл дүниелер арқылы оқырман еліміздегі жер-су атауларының қойылу тарихына, сөз сырына бойлап келеді.

Оқырмандарды көбірек толғандыратын тақырып – термин жайы. Бұл мәселе «Терминология және уақыт» айдарымен берілген мақалаларда көтеріліп жүр. Жұртшылықты халқымыздың бай тілдік мұраларымен танымдық, тағылымдық, этимологиялық, тіл мәдениеті тұрғысынан таныстыру мақсатында «Сөзтаным» беті жыл басынан ай сайын ұсынылып келеді. «Атадан жеткен асыл сөз», «Даналық мәйегі» айдарларымен берілетін жырлардың, қанатты сөздердің де сөз құдіретін тануда көмегі мол.

«Алты Алаштың ардағы», «Тұғырлы тұлға» айдарларымен мақалалар берудегі мақсат – оқырман қауымды елге танымал тұлғалардың ел үшін тындырған жарқын істерімен хабардар ету, олардың тұлғалық қасиеттерін ашу. Білім мен ғылым да газет назарындағы маңызды мәселелер. Бұл тақырыптағы мақалалар «Ұлт болам десең, ұрпағыңды ойла», «Білім көкжиегі», «Талшыбық» айдарлары аясында жарық көреді.

Отбасы өміріне арналып, ай сайын берілетін «Шаңырақ» бетінде отбасылық құндылықтарды дәріптейтін мақалалармен қатар, проблемалық мәселелер де көтеріліп келеді. «Дулығалы дала перзенттері», «Дәуір дауысы», «Ойтолғам», «Махаббат қызық, мол жылдар» айдарларымен беріліп жатқан мақалаларды да оқырман жылы қабылдап жүр.

Әдебиетке қатысты «Өлең – сөздің патшасы», «Жыр жолдарынан», «Проза» айдарлары оқырмандарға кеңінен танымал. Бұл айдарлармен талантты ақын-жазушыларымыздың шығармалары ұсынылады. «Сирек кітаптар сериясы» айдары аясында ескі жырлар, дастандар оқырмандарымен қауышып жатса, «Жыл құсы» арнаулы бетінен жастар шығармашылығымен танысуға мүмкіндік бар.

Қандай басылым болмасын оқырманымен ордалы. «Ана тілі» де жер-жердегі оқырмандарымен тығыз байланыс орнатқан. Мүмкіндігінше олар жолдаған хаттардың дер кезінде газет бетінде жарық көрінуіне күш салынады. Газеттің тұрақты авторларына да ризашылығымызды білдіреміз.

Редакция ұжымы үшін атқарылар міндеттер жақсы белгілі. «Ана тілі» газеті мемлекеттік тілдің тұғырын бекемдеу, ұлт рухын асқақтату мақсатында бұдан былай да лайықты үлес қосатын болады.

Бір айта кетерлігі, «Ана тілі» газетінің жаңа айдары тілді меңгерудің коммуникативтік тәсілін негізге алғандығы қуантады. Тіпті бұл әдістемені мектеп мұғалімдері де негізге алуды ойлап отыр. Алғашқы сабақтан бастап жеке сөздер емес, жағдайлық сөйлемдерден басталған әдіс тиімді болары анық. Себебі жеке атау тұлғалы сөздер де, грамматикалық формалар да өзара бір-бірімен байланысып, сөйлем құрамына енгенде ғана тұтас аяқталған ойды білдіреді. Оқытудағы коммуникативті әдісті Германияның оқу бағдарламасын жасаған неміс ғалымдары Г.Нойнер, Г.Хунфельд қолданып, «коммуникация – тіл және іс-қимыл (күлу, дауыс ырғағы сияқты) әрекеттері арқылы болады. Ол алдын ала жоспарланған, дайындалған немесе жоспарланбаған болуы мүмкін» деп түсіндіреді. Сабақ үстінде әдетте дайындалған, жоспарлы сөйлеу коммуникациясына көп көңіл бөлінеді.

Мектеп оқушыларын түрлі суреттер, жағдайлық сұрақтар, жарыс сабақтар біріншіден, олардың бойындағы қызығушылықты оятса, екіншіден, өз ойларын жеткізе білуге дағдыландырады, белсенділігін, ынтасын арттырады. Күнделікті өмірдегі болып жатқан құбылыстар, қоршаған ортамен байланысты, т.б. да түрлі сұрақтар оқушылардың сөйлеу тілінің дамуына зор ықпал етеді. Сондықтан тілді меңгерудің бұл әдісін толық құптарлық.

Мектептерде коммуникативті тәсіл енді қолданылып келеді. Ал газетте берілген мәлімет қосымша әдістемелік болатыны анық. Бұл айдар бойынша алдағы уақытта қазақтың ұлттық дәстүрлеріне, әдет-ғұрпына, наным-сеніміне байланысты сөздер мен сөйлемдер енсе деген ұсыныс бар. Себебі тілді толыққанды меңгеру үшін оның мәдениетін де, дәстүрін де ұғына білген абзал. Сонымен бірге жағдайлық сұрақтар бірте-бірте күрделеніп тұрақты сөз тіркестерімен, мақал-мәтелдермен толықса нұр үстіне нұр. Ал кейбір сөздердің мағынасын ашу үшін көркем шығармалардан, өлең шумақтарынан үзінді келтіруге де болады. Мұндағы мақсат үйренген сөздерді дұрыс қолдана білуге жаттықтырып, сөздік қорын молайту.

XXI ғасыр антропоцентристік бағыт – зерттеушілердің қызығушылығының адам танымына ауысуын, яғни адамның тілі арқылы өзіне сөйлету, адамның болмысы мен эмоциясын, таным- түйсігін ұрпақтан- ұрпаққа жеткізуші рухани байлық «тілі» арқылы таныту екені белгілі. Антропоценитристік парадигманың «лингвомәденеттану» бағытына газет-журнал, айдарлар тілін жатқызуымызға болады. Әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруда, ұлттық болмысымыз бен ұлттық танымымызды танытуда, халықтың көкейкесті мәселелері мен ұлттық проблемалар баспа беттерінен жарық көріп, оқырманға жол тауып жатады. Газет-журнал беттеріндегі тақырыптар мен олардың жазылу стилі көркем әдеби туындылардан құрылымдық ерекшелігі мен лексика-семантикалық сипаты арқылы ерекшеленеді.

Баспасөз беттеріндегі тақырыптық айдарлардың құрылымдық ерекшелігіне назар аударатын болсақ:

«Алтын Орда» газетінің №42(560) 21-27 қазан 2018 жылғы санындағы тақырыптық айдарларға мән берсек, кейбір айдарлар негізгі сөзден, кейбір айдарлар сөздердің бірігіп не тіркесуі арқылы жасалған, яғни сөздердің жасалу модельдері әр түрлі:

Дара сөз арқылы жасалған айдарлар: Әлем, Саясат, Атырау, Руханият, Ағым, Таным, Аймақ, Қазына,Тағдыр т.б.

Бірігу тәсілі арқылы жасалған тақырыптар: Көкейкесті, Атакүлдік, Ойтүрткі т.б.

Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған сөздер: Елең-алаң, Өмір-өзен, Дүние-жаһан, Ой-Сана, Атамекен-ақпарат, Дүние-дүрмек т.б.

«Алтын орда» газетінің , №41 (559) 14-20 қазан 2017 санында айдарлар атауы ауысып, жасалу модельдерінде де ерекшеліктер кездесіп отырады:

Негіз сөз арқылы жасалған тақырыптар: Мәселе, Ұлт, Рух, Қәусар, Тылсым, Ұлағат, Жарнама т.б;

Сөздердің бірігуі арқылы жасалған тақырыптық айдарлар: Сырқайнар, Шартарап;

«Алтын Орда» газетінің №20 (538) 20-26 мамыр 2016 жылы жарық көрген санында:

Негіз сөз арқылы жасалған тақырыптар: Экономика, Алдаспан, Ғибрат, Жарнама,Спорт, Қазына, Таразы, Бастаңғы (жастарға арналған қосымшасы);

Бірігу тәсілі арқылы жасалған тақыптар: Жансарай, Безбен, Күлтөбе, Жүрекжарды;

№16(534) 22-28 сәуір 2019 санында тақырыптық атаулардың лексика-семантикалық және құрылымдық ерекшеліктеріне назар аударсақ:

Дара сөз арқылы жасалған тақырыптар: Ауыл, Ғылым, Көмбе, Зерде, Сарап, нарық, әпсаналар;

Бірігу арқылы жасалған атаулар: Балдаурен, Жандауа (денсаулық қосымшасы);

– екінші тобына, өз мәселелері ретінде жеке-эмоционалды даму саласын қарастыратын бағдарламаларды жатқызуға болады. Жеке-эмоционалды даму жоспарының қиындықтары: өзін-өзі төмен бағалау, сескену, өз-өзіне сенімсіздік білдіру. Осы қасиеттер баланың шығармашылық қабілеттерінің дамуына кері әсер етеді. Сондықтан өзін-өзі тану қабілетінің дамуына ерекше назар аударылу қажет.

Демек, жеделдете дамыту да, мектеп курсын тереңдету де, тренингтік бағдарламалар да барлық оқыту мәселелерін және дарынды балалар дамуын толық қамтамасыз ете алмайды. Бұл мәселелер тек қана оқыту мен дамыту бағдарламасында ғана шешіледі. Өйткені бұл бағдарламалар балалардың дамуына ықпалын тигізіп, оқытудың барлық тәсілдерін жүзеге асыру мүмкіндіктерін ашады.

Мектеп дарынды балаларды оқыту, дамыту ортасы болу үшін оқыту процесі осындай бағдарламалар талаптары негізінде құрылуы тиіс. Оқу пәндерінің көбеюі, қазіргі кездегі ақпараттық-технологиялық өзгерістердің пайда болуы бізге оқыту мазмұнын кіріктіру керек деген ой салады. Біз жоғарыда көп пәнділіктен және пәнаралық мазмұнның тұтастығы болмауынан қандай қосымша мәселелер пайда болатындығын айтып кеттік. Сондықтан соңғы 7-8 жыл ішінде елімізде кіріктірілген бағдарламалардың саны күрт өсті десек, таңқаларлық жай емес.

Кіріктірілген бағдарламалар – тақырыптарды, бөлімдерді кіріктіру принципімен құрылған оқыту мен дамыту бағдарламалары. Осы анықтама негізінде кіріктірудің екі түрін атап айтуға болады:

1. Пәнішілік, белгілі бір пән ішіндегі тақырыптарды кіріктіру;

2. Пәнаралық, әртүрлі пәндер арасындағы тақырыптарды кіріктіру.

Аталған мазмұндық ортаның ерекшелігіне және тақырыптар арасындағы байланысқа қарай жай және жанама кіріктірулер деп бөліп айтуға айтуға болады.

Ресейде кеңінен танымал дамыта оқытуға бағытталған Эльконин-Давыдов жүйесі пәнішілік талдау арқылы жүзеге асырылады. Осы тәсіл мен жүйе бізге оқыту мәселелерін шешуге және балаларды әрбір жеке пән бойынша дамытуға мүмкіндік береді. Осы беріліп отырған жүйе негізінде білім алып отырған балалар әр пәнді өз мүмкіндігі мен қызығушылығына сай терең меңгереді. Зерттеушілер пікірінше, дарынды балаларды осы жүйемен оқыту тиімді деп саналады.Дегенмен, дарынды балаларды оқыту жөнінде сөз қозғалған кезде бұл жүйенің мүмкіндіктері баланың дүниеге деген тұтас көзқарасын, жаңа мәселелерді қабылдауын дамытуға жеткіліксіз.

Я. Коменский: «Педагог үшін ең бастысы – баланың кішкентай зерттеушілер ретінде дамуына кедергі келтірмеу. Балалар әр нәрсені тасымалдайтын ара деп есептесек, оларға өз істері белгілі бір мөлшерде пайда әкелетіндей көмек беруіміз керек», - дейді.

Зерттеушілер шығармашылық дарындылықты ынталандырудың мынадай тәсілдерін ұсынады:

- ынтымақтастық атмосфераны қамтамасыз ету;
- ерекше идеялар айтуды марапаттау;
- әр ғылым саласында қолданылатын ойлаудың дивергентті типінің сұрақтарын кең қолдану;
- балаларға белсенді сұрақтар қоюға мүмкіндік туғызу.

Шығармашыл оқушыларды дарындылығын анықтаған кезде кешенді көзқарас танытқан маңыздырақ. Сонымен бірге сан алуан әдістердің кең ауқымын қолдануға болады:

– балаларды бақылау әдістерінің сан алуан жолдары (табиғи және лаборатория жағдайларында, мектептен тысқары қызметінде);

– белгілі бір шығармашылық дарындылық жағдайын талдау міндетіне орай, түрлі әдістемелерді қолдана отырып, психодиагностикалық зерттеулер жүргізу;

– баланың отбасылық жағдайы туралы, ерте балалық шағындағы дамуы жөнінде ақпарат жинаудың бірқатар әдістерін пайдалану (ата-аналармен әңгімелесу, сауалнамалар, балалардың шығармалары, күнделіктегі жазбалары және т.т.);

– арнаулы психодиагностикалық тренингтер;

– балалардың тәртібін мұғалімдердің, ата-аналардың, тәрбиешілердің сараптамалық бағалауы;

– арнаулы бағдарламалар бойынша «байқау» сабақтарын өткізу, балаларды арнаулы ойындық және пәндік-бағытталған сабақтарға кірістіру;

– ұжымдық шығармашылық істерді даярлау барысында балалардың рөлдік ойындарға, «ми шабуылына» атсалысуы;

– балалардың шығармашылық қызметінің нақтылы өнімдерін кәсіби шебер мамандардың талдап, бағалауы (суреттер, өлеңдер, техникалық үлгілер т.б.);

– сан алуан зейіндік және пәндік олимпиадаларды, конференцияларды, спорт жарыстарын, шығармашылық бәйгелерін, байқауларды, фестивальдерді, т.т. ұйымдастыру.

Оқушылардың шығармашылық дарындылығын қалыптастырудың негізгі бағыты – жеке тұлғаны қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның интеллектуалдық дамуы, ой-өрісінің, рухани жан – дүниесінің баюына, саяси көзқарасы мен шығармашылық белсенділігінің, іскерлігінің жоғары деңгейде қалыптасуына толық мүмкіндік беру, жағдай жасау.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении – М.:Педагогика, 1992. – 208 с.
2. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. – М., 1977.
3. Омарова Р.С. Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. Пед.ғыл.канд.дис. –Алматы, 2006.–167.
4. Тұрғынбаева Б.А.Ұстаздық информашылық. Монография. – Алматы, 2012.236 б.
5. Юркевич В.С. Одаренный ребенок: иллюзии и реальность. Кн. для учителей и родителей. –М.: Просвещ. Учебная литеретура, 2006. -136 с.
6. Лейтес Н.С. Об умственной одаренности. –М., 1990. -214 с.

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ ОДАРЕННЫХ УЧАЩИХСЯ

Егенисова А.Қ. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Нурсултанова А. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В данной статье дается анализ научных трудов ученых, изучавших проблему одаренных школьников, рассказывается о психологических особенностях одаренных детей. Кроме того, дается характеристика особенностей обучения одаренных детей и принципов содержания обучения одаренности, видов программ их обучения, способов и методов стимулирования творческой одаренности.

Ключевые слова: талант, одаренность, творчество, метод, подход, способности, интеллект.

DEVELOPMENT OF CREATIVE ABILITIES OF GIFTED STUDENTS

Yegenissova A.K. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Nursultanova A. - - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. This article analyzes the scientific works of scientists who have studied the problem of gifted schoolchildren, tells about the psychological characteristics of gifted children. In addition, the characteristics of the features of teaching gifted children and the principles of the content of teaching giftedness, the types of programs of their training, methods and methods of stimulating creative giftedness are given.

Key words: talent, giftedness, creativity, method, approach, ability, intelligence.

ӘОЖ 821.512.122

ТӨЛЕН ӘБДІКОВТІҢ «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ» ПОВЕСІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Қамарова Н.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Қазақстан, Ақтау қ.
e-mail: nagbdu@mail.ru
Атшыбаева Ф.Қ.
магистрант
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Қазақстан, Ақтау қ.
e-mail: Fatshybayeva@mail.ru.

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы Төлен Әбдіковтің «Парасат майданы» повесіндегі жаңашылдық сөз болады. Аталмыш шығарма адамзатқа арналған жанайқайға арналған десе де болады. Адамның ішкі әлеміне бойлап, қазіргі заманның өзекті мәселелерін алға тартқан бұл туынды оқыраман қауымның сұранысын қамтамасыз етеді. Шығармадағы авторлық идеялар, тұлғаның екіге айрылуы – психологиялық болмыс, әрі заманды айшықтайтын рухани өлшем.

Бинарлық оппозицияларға негізделген «мәңгілік» тақырыптарды осы шығармадан таба алатынымыз дәлелденеді. Жалғыздық пен жатсыну, рухани құлдырау мен оны шешу жолы да шығармадан табылады. Автор-оқырман-мәтін трилогиялық концепциясы да сәтті бағыт ретінде танылатындығы дәлелденеді. Қай шығарма болмасын өзіндік ерекшелігімен, қызығымен қатар оқырманға белгілі бір қарсылықпен бірге келуі түсінікті жайт. Оқырман автор ойымен бірде бірігіп, бірде ажырап кетеді. Өз ойын оқырманға анық жеткізіп, оқырманның жанын тебірентіп, көңілінен шығу – автордың айырықша таланты.

Шығарманың идеялық, әрі стильдік ерекшеліктері осы мақалада ашылады. Қоғамдағы дертті сөзбен емдеген Т.Әбдіков тұлғаның екіге айрылуы, мифтік иллюзия, модернистік әрі постмодернистік ой үлгілері, бинарлық оппозицияларға негізделген «мәңгілік» тақырыптар, жалғыздық, рухани құлдырау сияқты өзекті мәселелерді көтерген шығарма сәті талданады.

Түйінді сөздер: қазіргі қазақ прозасы, Төлен Әбдіков, шеберлік, жаңашылдық, тұлғаның екіге айрылуы, автор-оқырман-мәтін

Жиырмасыншы ғасырдың соңғы жылдары қазақ әдебиетінің даму тарихындағы күрделі кезеңдердің бірі болып табылады. Жаңа тарихи кезең, жаңа қоғамдық дәуір Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізген 1991 жылғы атаулы күннен басталды. Еліміз егемендік алған тұста бірқатар саяси- әлеуметтік реформалардың еңгізілуі мен қоғамдық сананың өзгеруі бұрыннан қалыптасқан эстетикалық идеалдар мен рухани мәдениетіміздегі құндылықтардың қайта бағалануымен байланысты.

Бұл тұста қазақ әдебиетінің даму ерекшеліктері жаңаша көзқараспен, яғни ешқандай идеологиясыз, таза әдеби, рухани мұра ретінде зерттелді. Сонымен қатар, жаңа заман лебі ұлттық әдебиет тарихына да жаңа тақырыптар алып келді. Қазіргі қазақ проза ағыны қарқынды дамуымен және сан алуандығымен ерекшелене бастады. Жаңа мазмұндық, пішіндік ізденістерге ұмтылған қаламгерлер ендігі кезекте адамның ішкі әлеміне бойлады. Басты қаһарманның қоршаған ортамен, болмыспен қарым-қатынасын көрсету олардың басты нысанына айналды. Прозалық шығармаларда адамгершілік

жады,руханият, инсаният, жалғыздық, жатсыну сынды мәселелер алдыңғы қатарға шықты. [2, 1]

Қазіргі проза контекстінде екі жақты оппозицияға негізделген жалғыздық, жатсыну, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық сынды «мәңгілік» тақырыптар алдыңғы қатарға шығып, олардың драмалық кернеуі ұлғайды. Осыған «Парасат майданы» повесі – бірден бір дәлел. Қазақ әдебиетінің қарымды қаламгері Төлен Әбдіковтің бұл туындысы адамзатқа арналған жанайқайы. Адамның ішкі әлеміне бойлап, қазіргі заманның өзекті мәселелерін алға тартқан бұл туынды оқыраман қауымның сұранысын қамтамасыз етеді.

«Өмірдің мәні неде?». «Жақсылық пен жамандық, ізгілік пен қатігездік сынды ұғымдар бір-біріне қерағар ма, жоқ әлде сабақтас, өзектес құбылыс па?» деген секілді сұрақтар бәлкім әрбір адамның санасынан өтеді, бірақ әрбір адам оған жауап таба бермейді. Асылында, осындай сұрақтарға бүкіл адамзатты қанағаттандырарлықтай жауап табу бек мүмкін бе? Адам заты – тілсіз тас, жансыз пұт емес, керісінше бұлақ іспетті, әрдайым өзгеріс үстінде болатын жеке дара динамикалық құбылыс. Сондықтан, осындай сұрақтарды ой желісінен өткізіп, ішкі әлемінің ұңғыл-шұңғылына үңгілгенде, адам ойы да өзіндік парасат майданына айналуы ғажап емес.

Қазіргі қазақ повесінің үздік мысалы Т.Әбдіковтің «Парасат майданы» атты шығарманың идеялық, әрі стильдік ерекшеліктерін зерттеп, ашып көрсету – бұл жұмыстың басты мақсаты. Талдау шығармадағы авторлық идеялар (тұлғаның екіге айрылуы, мифтік иллюзия, модернистік әрі постмодернистік ой үлгілері, бинарлық оппозицияларға негізделген «мәңгілік» тақырыптар, жалғыздық, рухани құлдырау) мен автор-оқырман-көркем мәтін трилогиялық концепциясы сияқты бағыттар бойынша жүргізіледі.

Басты кейіпкердің аты-жөні, жасы, алдыңғы өмірі шығарманың басында қалай белгісіз болса, соңында да беймәлім болып қалады. Бұл адамның күнделігі ретінде жазылған шығарманың сюжет желісі алғашқы беттерден-ақ оқырманды баурап алады. Бәлкім басты назардың жеке дара детальдарға ауып кетпеуі үшін, повесьтің баяндалуы бірінші жақтан, яғни емханада жатқан кейіпкердің атынан жүргізіледі. Көбінесе үшінші жақтан баяндалып, кейіпкерлердің ойлары монолог ретінде жеткізілген классикалық қазақ прозасына қарағанда, бұл шығарма стильдік тұрғыдан алғашынан-ақ ерекшеленеді.

Басты қаһарман адамзаттың жан түршігерлік рухани құлдарауына үңіліп, жаратылысымызға ізгі, әрі таза деген сезімдер жайлы ойларын күнделік беттеріне түсіреді. Қалың ойдың шырмауына түскен кезде бейтаныс біреу оның күнделігін оқиды.Алайда, оқып қана қоймай, басты кейіпкерге кенеттен оның пайымдауына жат, ақыл-ойдың азаттығын, рухани шексіз бостандықты дәріптеген «бейтаныс құрбы» жауап жазады. Хат арқылы жеткізген жауабында мейірімділік, ізгілік, сыйластық атаулыны жоққа шығарып, тығырыққа тірейді. Бұл – санадағы соғыс майданының басталуы.

Кейіннен белгілі болғандай, басты кейіпкер – «тұлғаның екіге жарылуы» сынды психикалық аурудың құрбаны. Медицина тілінде «тұлғаның екіге бөлінуі» деп білінетін құбылыс әдебиеттануда «адам ішіндегі адам» сынды тәсіл арқылы көрініс табады. Дәлірек айтқанда, «күнделік иесі» мен оның хат арқылы диалог құрған «бейтаныс құрбысы» шынтуайтында бір тұлға болып шығады. Осындай мифтік иллюзия – бұл шығарманың тың жаңалығы.

Бұл психологиялық құбылыс автордың 2002 жылы шыққан «Парасат майданы» повесімен қатар 1970 жылдары жазылған «Оң қол» шығармасында да пайдаланылған. Екі шығарманың сәйкестігін сөз етіп, автордың шығармашылығы туралы оң бағасын беріп, Г.Орда да мынадай пікір қалдырған екен: …«Оң қол» әңгімесі алпысыншы жылдардағы қазақ прозасының үлкен табысы болса, соңғы жазылған «Парасат майданының» өзі де соның заңды жалғасы ретінде көрініп отыр. Т.Әбдікұлы шығармалары оқырман қауымын оятып, тың ой салып, шығармашылық сүйсіндіргені анық». [4] Екі түрлі ойдың бір майданда қақтығысуы – жазушының бізге тарту еткен идеялық ерекшелік.

Т.Әбдіков бұл туындысын негізінен өмір ағысының тереңіне үңіліп, ондағы шындықты философияның қыр-сырларымен баяндайды. Адам тағдыры қоғамдағы жағдайлардың көрінісін бейнелейді. Сондықтан, кейіпкердің күйзелісі психологиялық болмыс қана емес, заманды айшықтайтын рухани өлшем ретінде сипатталады.

Қазіргі көркем проза контекстінде бинарлық оппозицияларға құрылған «мәңгілік» тақырыптар алдыңғы қатарға шықты. Латын тілінен аударғанда “binarius”- қос дегенді білдіреді. Бинарлық оппозиция қоршаған әлемді алдымен физиологиялық себептермен екіжақты тану, яғни әртүрлі қызмет атқаратын қос жарты шарлардан тұратын адам миы, екі көз, екі құлақ сынды болмыстармен айқындалады. Сонымен қатар, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, жауыздық пен мейірімділік, бақыт пен бақытсыздық сияқты әрдайым өзекті, «мәңгілік» тақырыптар арқылы әлем суретін сипаттағанда бинарлық оппозиция – ұтымды танымдық құрал [7, 72]. Берілген шығарма да бұл концепция негізінде өрбиді.

Тұлғаның екіге бөлінуі негізінде модернистік әрі постмодернистік ойлардың үлгілері ұсынылады. Санадағы соғыс майданында бір жақ руханият пен инсанияттың ізгілігін жақтаса, екінші жақ бұрыннан қалыптасқан құрылымдық пайымдауларға қарсы шығып, күдіктену позициясын ұстанады. Бір жақ Сократ, Периандр Коринфский, Достоевский сынды атақты философтардың ар-ұят, адамгершілік, нәпсінің тізгінінде кету жайындығы цитаталарын, қанатты сөздерін қолданса, екінші жақ Ф.Ницше, Акутагава Рюнеско, Ш. Бодлердің “тек рухани шексіз бостандық қана адамзатты бақытты ете алады” деген ойын негізге алып, жақсылық пен жамандықтың салыстырмалы түсінік екенін көрсетеді. Осындай “мәңгілік” тақырыптардың бірі, әрі басты қаһарман үшін орны ерекше жалғыздық пен жатсыну мәселесіне төменде тереңірек талқыланатын болады.

Сюжет желісі көбінесе басты кейіпкердің ауруханадағы өзінің бөлмесінде орын алады. Ем алу мақсатында басқа палаталарға, өзге бөлмелерге баруы болмаса, басты кейіпкердің далаға шығып серуендеуі суреттелмейді, яғни табиғатпен байланысы шектеулі. Асылында, бұның астарында да үлкен мән жатыр. Себебін түсіну үшін шығармадағы мына үзіндіні қарастырайық: «...Төңіректе болып жатқан оқиғалардың әсері жоқ – күннің нұрын, табиғат көркін, көктемнің жұпар самалын бұрынғыдай сезбейтін секілдімін. Бәлкім, өзімнің ішкі әлеміме көп үңілгеннен болар» [1, 4]. Шынымен, өмірдің тылсым сырына терең үңілген жанның жалғыздыққа бой алдыруы бек мүмкін. Осыдан байқайтынымыз Т.Әбдіковтің повесінде табиғат пен адам көңілінің арасындағы байланыс, яғни әдебиетте жиі кездесетін психологиялық параллелизм қолданылмаған.

Жалғыздықты ғалам кеңістігіндегі өз бойына бәрін сорып алатын құрдымға, қара тесікке ұқсатады. Бұл өте дәл теңеу. Себебі, жалғыздық та қара тесік іспетті адам бойындағы бар күш-қуатты, үміт пен жігерді, сәуле мен сенімді жұтып алатын алапат құбылыс. Осындай жалғыздықтан зардап шеккен басты кейіпкер оның азапты ойларын қабыл алуға дайын болған дәрігер қызды кездестіреді. Дегенмен басты қаһарман ой азабынан құтылуға толыққанды дайын болмағандықтан оған да ашыла алмады. Ендігі кезекте оның жалғыз серігі – ойдан шығарылған бейтаныс құрбысы. Бұдан күнделік иесінің бойындағы жатсыну байқалады. Күнделіктің бірінші көкектен бастап “Эдуард Мунктің «Айқай картинасы» деп аталуы да бекер емес шығар. Өйткені, картинада да жалғыздық пен жатсынудан шыққан жанайқай бейнеленген іспетті.

Шығармада көтерілетін өзекті проблема бұл – адамзаттың рухани құлдырауға ұшырауы.

“Өзінің анасын зорлаған немесе өлтірген...

Өзінің балиғаға толмаған қызын зорлаған не өлтірген...

Сәбиін өлтіріп, қоқысқа тастаған келіншек...

Өз ұлына тұрмысқа шыққан миллионер әйел...

Адам етін жеген маньяктар...

Еркекке үйленген еркектер... ”[1, 4] сияқты шығармада көрсетілген жан түршігерлік рухани күйзелудің нышандары – қазіргі қоғам індетінің айқын көрінісі. Бұдан сорапылы, әрі қорқыныштысы – адамдардың еттері осыған тітіркенбестен үйреніп кетуі.

Бұл алапат зұлымдықтың түп-тамыры шығармада былай баяндалады: “Ядролық қатер немесе космос апаты әшейін аңыз ғана. Адам құрыса шегіне жеткен рухани азғындықтан ғана құриды. Ал сонда рухани күйреудің басты себебі не? Меніңше, әуелде жан иесінің тіршілігіне тұтқа болып басталған, одан шегіне шыға шарықтап, енді парасатты өмір тұсында аяққа тұсау болып отырған Өзімшілдік ауруы. Оның ұраны – “Мен” [1, 22]. Осылайша “менменшілік” – адамдардың рухани түлеп, биікке көтерілуіне басты кедергі болып, астамшылдық, қатыгездік, қызғаншақтық, күншілдік, ақшақұмарлық, атаққұмарлық тәрізді кесапат қасиеттердің белең алуына бірден-бір себеп.

Рухани құлдыраудың басты себебін көрсетумен қатар, оның шешу жолын да автор шығармасында меңзеп кетпей қоймады: “Егер бүкіл “Мендер” қосылып парасатты “Бізге” айналса, адамгершілік қағидаларын іске асыру, әрине, әлеқайда жеңілдер еді.” [1, 23] Парасатты “Бізге” айналу тек қара басының қамын ойламай, өзгелердің де мүддесін жоғары қою арқылы адамның рухани жанаруына алып келуі бек мүмкін. Бұл шығарма арқылы автор адамдарды жөндеудің жолын айқыштап, адамның адам боп қалу тәсілдері қашан да болса өзекті екендігін дәлелдейді.

Қай шығарма болмасын өзіндік ерекшелігімен, қызығымен қатар оқырманға белгілі бір қарсылықпен бірге келуі түсінікті жайт. Оқырман автор ойымен бірде бірігіп, бірде ажырап кетеді. Өз ойын оқырманға анық жеткізіп, оқырманның жанын тебірентіп, көңілінен шығу – автордың айырықша таланты. Жазушының шығармадағы позициясын төменгі жолдармен сипаттауға болады: «Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін, мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды, екінші ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды.» [5, 407] Бұдан автор, оқырман, әрі көркем мәтін арасындағы байланысты көре аламыз. Т.Әбдіковтің “Парасат майданы” повесі де осындай трилогиялық концепциясының бірден-бір айқын көрінісі.

Т.Әбдіковтің оқырманға өз ойын жеткізе білуі Ә.Кекілбай, Ә. Нұрпейісов сынды әдебиеттің белгілі тұлғаларың критикалық көзқарасымен аңғарылады. Мәселен Ә.Кекілбайдың повеске берілген оқырман пікірі: “«Парасат майданы» қайталап айта беруге, тіпті жіліктеп талдап беруге келмейтін зұлмат хикая. Оны оқып отырып, ойын оң саққа жүгіртіп, ойланасың, тебіренесің. Ойлаған сайын ойсырап, құлазып, тебіренген сайын теңселе күйзелесің. Нағыз өнердегі «шок терапиясы».” [3, 56] Бұдан оқырманның қатты әсер алғандығы білінеді. Ә. Нұрпейісов болса: «Ағымнан жарылып айтайын, өткен жылы Т.Әбдіковтің «Парасат майданы» повесін оқып шығып ай бойы әлде бір сиқырлы әлемге арбалғандай күйде жүрдім. «Қазақ әдебиеті тіршілігін тоқтатты деп кім айтты? Жоқ, ол тірі, мұндай ғажап туындыны дүниеге әкелген әдебиет өмір сүре береді» деген жүрекжарды лебізімді дүркін-дүркін қайталаумен болғаным есімде қалыпты», - деп, шығармаға оң баға беріп қана қоймай, қаламгердің айырықша стилін тілге тиек етті. [6, 34].

Т.Әбдіқұлы шығармашылығы жайлы Г.Орда да төмендегідей баға берген: “Өткен ғасырдың 60-жылдарындағы әдебиет, ол – адамның жан дүниесіне үңіліп, талдау жасау жағынан ерекшеленетін. Төлен ағамызды шығармашылығы адам бойындағы ерекше құбылыстарға және сонымен бірге психологиялық талдау жасау арқылы оқырманға, замандастарына үлкен ой салған, жекелеген кейіпкерлердің өмірлері арқылы үлкен философиялық ойларға жетелеген қаламгер қатарына жатқызуға болады.”[4] Бұл туындыда айырықша, әрі өзекті тақырыптар қозғалатындықтан, оқырманның Т.Әбдіковтің «Парасат майданы» повесіне қайтып келетіні ықтимал. Сондықтан да автордың оқырманды басты қаһарманмен бірге қуантып, бірге жылатып оқытатын туындысы автор -оқырман- мәтін үштігімен көркем айқындалады.

Жаңа тарихи кезең, жаңа қоғамдық дәуір қазақ әдебиетінің дамуына да жаңа заман лебін әкелген. Осы тұста қарқынды дамуымен және сан алуандығымен ерекшелене бастаған қазіргі қазақ прозасында да жаңа такырыптар көтерілді. Қазіргі қазақ повесінің үздік мысалы Т.Әбдіковтің «Парасат майданы» атты туындысы осыны барынша айшықтайды.

У.Шекспирдің Гамлет монологінің үзіндісі «Парасат майданы» повесінің эпиграфы болып алынған. Т.Әбдіковтің бұл айырықша туындысы «күнделік иесі» мен оның «бейтаныс құрбысы» арасындағы психология мен өмір философиясы жайындағы сұрақ-жауаптардан құралғандығы таңдалған эпиграфтың шым-шытырық өмір туралы болуын айшықтайды. Алайда, эпиграф шығарманы ашып тұрудың орнына, керісінше жалғастырып тұрған іспетті. Повесь соңының жауабы Роберт Пенн Уоренннің «Сен жақсылықты жамандықтан жасауың керек, үйткені оны жасайтын басқа ештеңе жоқ» деген сөздерінде тұрған сияқты.

Шығарманың идеялық, әрі стильдік ерекшеліктері зерттеліп, жұмыс барысында ашылып көрсетілді. Талдау шығармадағы авторлық идеялар мен автор-оқырман-көркем мәтін трилогиялық концепциясы сынды бағыттар бойынша жүргізілген. Қоғамдағы дертті сөзбен емдеген Т.Әбдіков тұлғаның екіге айрылуы, мифтік иллюция, модернистік әрі постмодернистік ой үлгілері, бинарлық оппозицияларға негізделген «мәңгілік» тақырыптар, жалғыздық, рухани құлдырау сияқты өзекті мәселелерді көтерген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбдіқұлы Т. Парасат майданы. https://abai.kz/post/10905
2. http://ramazanuli.blogcn.com/
3. Трубецкой Н. С. Классификация оппозиций / Основы фонологии / пер. с нем. А. А. Холодовича. – М.: Аспект Пресс, 2000. – С. 72-88
4. Әбдіқұлы Т. Парасат майданы. Abai.kz сайт
5. Оразбек М. Көркем прозадағы шығармашылық тұлға мен авторлық позицияның арақатынасы. Ф.ғ.к. дисс. – Алматы, 2007. – 86 б.
6. Мауленов А.А. Т.Әбдіковтің «Парасат майданы» повесіндегі модернистік бағыттағы көркемдік ерекшеліктер. Қазақстанның ғылыми әлемі, 2010. №5 (33).
7. Нұрпейісов Ә. Қаламгер дидары. Алматы: Жалын, 2003. № 1.

НОВАТОРСТВО В ПОВЕСТИ ТОЛЕНА АБДИКОВА «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ»

Камарова Н.С. - Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Казахстан, г.Актау, e-mail: nagbdu@mail.ru.

Атшыбаева Ф.К. - Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Казахстан, г.Актау, e-mail: Fatshybayeva@mail.ru.

Аннотация. В этой статье речь пойдет о новатровстве в повести выдающегося писателя казахской литературы Толена Абдикова «Парасат майданы». Можно сказать, что данное сочинение на крик душа. Это произведение, проникающее во внутренний мир человека и выдвигающее актуальные проблемы современности, обеспечивает востребованность читательской аудитории. Авторские идеи в произведении, разделение личности на две части – это психологическое бытие, духовное измерение, отражающее современность.

Доказано, что «вечные» темы, основанные на бинарных оппозициях, мы можем найти в этом произведении. - Я не хочу, чтобы ты знала, что я хочу, чтобы ты знала, что я хочу, чтобы ты знала, что я хочу, чтобы ты знала, что я хочу. Доказывается, что трилогическая концепция автор-читатель-текст также признана удачным направлением. Понятно, что какое бы произведение ни было, оно должно сопровождаться

оригинальностью, любопытством и определенным сопротивлением читателю. Читатель однажды сливается с мыслью автора и однажды разъединяется. Это особый талант автора – четко донести свою мысль до читателя, поразить и порадовать его душу.

Идейные и стилевые особенности произведения раскрываются в данной статье. Анализируется момент произведения, в котором Т.Абдиков поднял такие актуальные вопросы, как разделение личности на две части, мифические иллюзии, модели модернистской и постмодернистской мысли, «вечные» темы, основанные на бинарных оппозициях, одиночество, духовный спад.

Ключевые слова: современная казахская проза, Толен Абдиков, мастерство, новаторство, разделение личности на две части, автор-читатель-текст.

INNOVATION IN THE STORY OF TOLEN ABDIKOV "PARASAT MAIDANY"

Kamarova N.S. – Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: nagbdu@mail.ru.

Atchybaeva F.K. – Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: Fatshybayeva@mail.ru.

Abstract. This article will focus on innovation in the story of the outstanding writer of Kazakh literature Tolen Abdikov "Parasat of the Maidan". We can say that this composition is for the cry of the soul. This work, penetrating into the inner world of a person and putting forward urgent problems of our time, provides a demand for the readership. The author's ideas in the work, the division of personality into two parts - this is a psychological being, a spiritual dimension that reflects modernity.

It is proved that "eternal" themes based on binary oppositions can be found in this work. “I don’t want you to know that I want you to know that I want you to know that I want you to know what I want. It is proved that the trilogical concept of author-reader-text is also recognized as a good direction. It is clear that whatever work may be, it must be accompanied by originality, curiosity and a certain resistance to the reader. The reader once merges with the author's thought and once disconnects. This is a special talent of the author - to clearly convey his idea to the reader, to amaze and please his soul.

Ideological and stylistic features of the work are revealed in this article. The moment of the work is analyzed, in which T. Abdikov raised such topical issues as the division of personality into two parts, mythical illusions, models of modernist and postmodernist thought, “eternal” themes based on binary oppositions, loneliness, spiritual decline.

Keywords: modern Kazakh prose, Tolen Abdikov, skill, innovation, dividing the personality into two parts, author-reader-text

ХҒТАР 15.21.85

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІНІҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЕгенисоваА.Қ.
Едилова Н.И.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: almazhai66@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп мұғалімдерінің коммуникативті құзіреттілігінің психолингвистикалық ерекшеліктерін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынып, «кәсіби құзыреттілік», «құзыреттілік» терминдеріне сипаттама беріледі. Кәсіби құзыреттіліктің құрамды бөліктері:а) кәсіби педагогикалық және психологиялық білімдері; ә) кәсіби – педагогикалық іскерліктері; б) мамандығына қажет ететін мұғалімнің кәсіби психологиялық позициясы, ұстанымдары; в) мұғалімнің кәсіби білім мен біліктерді меңгеруін қамтамасыз ететін тұлғалық ерекшеліктері туралы сөз болады.

Сонымен қатар, кәсіби құзыреттіліктің түрлері: практикалық (арнайы) құзыреттілік; әлеуметтік құзыреттілік; психологиялық құзыреттілік; ақпараттық құзыреттілік; коммуникативтік құзыреттілік; экологиялық құзыреттілік; валеологиялық құзыреттілік туралы да айтылады.

Кәсіби құзыреттіліктің іскерліктері: педагогтың танымдық (гностикалық) іскерлігі; педагогтың конструктивтік (құрастыра білу) іскерлігі; педагогтың қарым-қатынас (коммуникативтік) іскерлігі; педагогтың хабарлау (информациялық) іскерлігі; педагогтың ұйымдастырушылық іскерлігі; педагогтың зерттеушілік іскерлігі; педагогтың проективтік іскерлігі; педагогтың рефлексивтік іскерлігі сияқты түрлері сипатталынған.

Түйінді сөздер: құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, құзырет, іскерлік, педагог, мұғалім, психолингвистика, мектеп.

Бүгінгі жас ұрпқты тәрбиелеуші педагог қауым, ал қазіргі таңда жас ұрпақты тәрбиелеуші педагог тұлғасына қойылатын талаптарда орасан зор. «Қазақстан Республикасы жаңа формация педагогы» үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасында «жаңа формация педагогы – бұл рухани-адамгершілік, белсенді – саналы, өздігінен дамуға және өздігінен жүзеге асыруға қабілеттті, әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік-тұлғалық, коммуникативті құзыреттілігі қалыптасқан жоғарғы деңгейдегі шығармашыл тұлға» деп педагогикалық жоғары оқу орындарына болашақ педагогтарды дайындауда бұл талаптарды ескеруді міндеттейді [1]. Олай болса жас ұрпақты тәрбиелеуші жаңашыл идеяларға сай жаңа ғасыр мұғалімі бәсекелестікке қабілетті, өзін-өзі іс-әрекетте табысты жүзеге асыра алатын, өзін-өзі жан-жақты дамытуға дайын, шығармашыл, кәсіби құзыретті тұлға болып сипатталуда. Осындай маңызды құзырлықтардың бірі – коммуникативті құзыреттілік. Оқу тәрбие процесі екі жақты, мұғалім мен оқушының қарым-қатынасын ұйымдастыру – педагог мамандардың кәсіби коммуникативті құзыреттілігі. Тұлғаға бағдарлы тұғырдың аясында тұлғаны дамыту қазіргі таңда құзыреттілік ұғымымен байланысты болғандықтан, құзыреттілік тұғыр тұрғысынан мәнін ашуды қажет етеді.

«Құзыреттілік тұғыр – мұғалімдердің кәсіби – педагогикалық іс-әрекетінің нәтижелілігі және жоғары деңгейде кепілдік болуы арнаулы, жалпы және негізгі құзыретті белгілеу негізінде білім алушыларды дайындау үдерісінің мақсатын белгілеу, мазмұнын таңдау, ұйымдастырушылық және технологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету» [2].

Дегенмен, қазіргі таңда мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі сөз болса, мұғалім шеберлігі мен қатар заман талабына сай қажетті көптілді тұлға және тілдік қатынастағы ерекшеліктерді де талап етеді. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды, яғни, психолигвистикалық ерекшеліктерді. Тіл ғылымының қазіргі даму кезеңіндегі тілдік жүйені, тілдің коммуникативті қызметі, тіл мен адам факторы арасындағы, тіл мен қоғам арасындағы байланыс аспектісінде зерттеуге айрықша назар аударылып отыр. Тілдік жүйені тілдің коммуникативті қызметіне негіздей зерттеу психолингвистика, когнитивті лингвистика, функционалдық лингвистика, прагматикалық лингвистика саласында қарастыратыны белгілі.

Қазақстанда психолингвистикалық зерттеулер ХХғ. 60-жылдарынан бастап қолға алынды. Бұл жерде М.М.Мұқанов, А.А.Залевская, М.М.Копыленко, Б.С.Мунчик т.б. еңбектерін атап өткен жөн. Нақтылап атап айтқанда, қазақстандық психолингвистика мынадай бағыттар бойынша дамып келеді: екінші тілді меңгерудің психолингвистикалық қыры (Л.В.Екшембеева, И.Г.Жоламанова, Ж.А.Нұршайықова, Г.Е.Утебалиева), билингвизм жағдайында балалар тілінің даму ерекшеліктері (А.К.Шаяхметова, И.Винницкая), сөйлеу қатынасының және этнопсихолингвистиканың, тілдік сананың ұлттық-мәдени ерекшелігі (Г.Б.Мәдиева, Б.А.Ахатова, А.М.Ерімбетова, Ш.К.Жарқынбекова, Ж.Қ.Ибраева, Ұ.Е.Мұсабекова, А.Д.Сейсенова, М.П.Ешімова, Р.С.Әмренова), психолингвистиканың бұрын зерттелмеген – сөйлеу патологиясы, сөйлеудегі қателер және т.б. секілді қырлары бойынша әртүрлі зерттеулер жүргізілуде [3].Сонымен қатар қазіргі қоғамда коммуникация әртүрлі сапада көрінетіндігі белгілі: бұл ақпаратты жеткізу, эмоциялармен өзара алмасу, тәжірибе, оқу, әлеуметтену трансляциясы. Коммуникацияның маңызды ерекшелігі оның әлеуметтік-реттеуші және әлеуметтік-құрастырушы фактор болып табылады.

Алайда қазіргі уақытта өз шешімін таппай отырған бірнеше мәселелер бар. Тілдік тұлға өзінің айқын көрінісін тұлғааралық қарым-қатынаста табады. Тілдік құзырет, яғни қайсыбір тілдік кодты білу, оның көмегімен коммуникаттар ақпарат алмасады. Тілдік құзыретті және тілдік ерекшеліктерге бай тұлғаны қалыптастыру қазіргі педагог мамандардың қолында, сол себептен мектеп мұғалімдерінің коммуникативті құзыреттілігінің психолингвистикалық ерекшеліктерін ізгілендіру міндеті қойылып отыр.

Қазақстандағы білім алушыларды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтинглердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен Қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығының арттыру үшін ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойынша мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтардың еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілуі керек. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаналықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық.

Олай болса жаңашыл идеяларға сай жаңа ғасыр мұғалімі бәсекелестікке қабілетті, өзін-өзі іс-әрекетте табысты жүзеге асыра алатын, өзін жан-жақты дамытуға дайын, шығармашыл, кәсіби құзыретті тұлға болып сипатталуда. Ал енді «кәсіби құзыреттілік ұғымы дегеніміз не?» деген сұраққа жауап іздер болсақ.

Бүгінгі күні «кәсіби құзыреттілік» ұғымы жеке тұлғаның кәсіби деңгейімен, жеке қабілеттерімен, өз ісіне деген шығармашылығымен, жауапкершілігімен, теориялық білімдерімен, практикада тиімді қолдана алуымен анықталады. Дегенменде «құзыреттілік» ұғымы ғылыми айналымға жаңадан енген, терең зерттелу үстіндегі

ұғымдар болғандықтан, олардың анықтамасы да әр зерттеушілермен әр-түрлі берілуде. Ең алдымен «құзыреттілік» сөзінің мағнасын қарастырайық.

«Құзыреттілік» терминін XX ғасырдың ортасында американдық ғалым Н.Хомский енгізген, бастапқыда ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттер деген түсінік берді. «Құзыреттілік» ұғымы белгілі бір салада білгір, білікті, өзінің білімімен қандай да бір нәрсені шешуге немесе жасауға құқылы деп көрсетілген [4].

Біздің Отандық білім беру саласындағы құзыреттілік бағыт Қазақстандық Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында және мемлекеттік бағдарламасында кеңінен талқыланған. Қазақстанның Ұлттық энциклопедиясында құзырет ұғымы (лат.competentia-жетемін,лайықпын) екі мағынада түсіндіріледі:

- заңмен, жарғымен немесе өзге құжатпен берілген өкілеттіліктер шеңбері.
- белгілі бір саладағы білім, тәжірибе, біліктілік [5].

Сонымен қатар ғалым Ғ.Ғ.Мұсабаевтың орысша-қазақша сөздігінде «компетентность - хабардарлық, жеке білушілік; компетентный – хабардар, жетік, терең білетін» дей келіп, автор «құзырет» түсінігінің екі мағынасы бар екеніне назар аударады: оның біріншісі – хабардарлық, екеншісі – заң саласының термині ретінде міндет, қызмет бабы дегенді білдіреді. «Құзырет» ұғымының қазақ тілінде басқа да аудармалары орын алуда. Мысалы, Р.Г.Сыздықова, К.Ш.Құсайыновтың қазақша-орысша сөздігінде «құзыр – подчинение, непосредственное ведение, құзырет; құзырлық- ведение, руководство» деп аударылса, қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде «құзыр, білік - құзырет» деп аударылады. Көптеген әдебиеттерде құзырет-нақты пәнге қатысты белгілі бір іс-әрекеттің жиынтығын меңгеруді білім беру нәтижесі ретінде М.Ж.Жадрина, Г.З.Байжасарова, С.Д.Мұқанова, К.С.Құдайбергенева, С.Т.Мұхамбетжанова, М.А.Ғалымжанова сияқты Қазақстан ғалымдарының араласуымен белсенді түрде талқыланды [6].

Ал орыс ғалымдары В.А.Адольф, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, Э.Ф.Зеер, В.А.Сластенин, Т.Ф.Лошакова т.б. еңбектеріне сүйенсек «Құзыреттілік – бұл білімді, іскерлікті қолдану қабілеті, оқу міндеттерін шешуде тәжірибе негізінде стандарттан тыс жағдайда адамның табысты нәтижелі әрекет ету қабілеті» деп басшылыққа алады [7]. А.С.Белкин құзреттілік деп, «құзыреттілікті тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, жеке тұлға сапаларының жиынтығы» ретінде түсіндіреді [8]. К.Ж.Аганина құзыретті болашақ маман дайындауға қатысты «өзінің ішкі және сыртқы ресурсын іс-әрекетінде табысқа жетуде іске асыра алуы» деген. Осы тұста құзыреттілік мәселесімен айналысып жүрген ғалым М.Ж.Жадринаның пікірінше, білім жүйесінің соңғы нәтижесі – білім алушының жеке пәндер бойынша алған білім, білік, дағдылары ғана емес, оларды пайдалану арқылы қалыптасып, дамытылатын өмірлік дағдылар, құзыреттіліктер деген пікір білдірген [9]. Сонымен, авторлар бұл ұғымдарды қолдануда оларды былайша ажыратады: құзырет – тұлғаның біліми дайындығына алдын-ала қойылатын талап, ал құзыреттілік – оның қалыптасқан тұлғалық сапасының қасиеттер жиынтығы.

«Құзырет», «құзыреттілік» ұғымы мен анықтамасын нақтылап жүйелеп алсақ, ендігі педагогтың кәсіби құзыреттілігінің мәнін қарастырайық. Педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін анықтауда көптеген зерттеушілердің көзқарастары мұғалім іс-әрекетінің бір қырымен байланыстырылып қарастырылады. Мысалы, Н.В.Кузьмина педагогикалық іс-әрекет негізінде құзыреттілікті «тұлғалық қасиет» деп қарастырса, Л.А.Петровская коммуникативтік құзырттілік мәселесіне, М.В.Прохорова басқарушылық құзыреттілікке көп көңіл аударған. Ал А.К.Маркованың еңбектерінде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі арнайы жан-жақты зерттеу пәніне айналған. Ол мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрамында төмендегідей 4 бөлікті ажыратып қарастырады:

а) кәсіби педагогикалық және психологиялық білімдері;

ә) кәсіби – педагогикалық іскерліктері;

б) мамандығына қажет ететін мұғалімнің кәсіби психологиялық позициясы, ұстанымдары;

в) мұғалімнің кәсіби білім мен біліктерді меңгеруін қамтамасыз ететін тұлғалық ерекшеліктері [10].

Құзыреттілік тұрғыдан оқыту барысында басты назар білім беру нәтижесіне, оның тұрақтылығына, оның өлшемдеріне аударылады. Бұл бағытта тұлғаның дербестігі, өз беттерінше жұмыс істей алулары ескеріледі. Көптеген ғалымдардың пікірінше мамандардың кәсіби құзыреттілігі мынандай түрлерге бөлінеді:

- практикалық (арнайы) құзыреттілік;
- әлеуметтік құзыреттілік;
- психологиялық құзыреттілік;
- ақпараттық құзыреттілік;
- коммуникативтік құзыреттілік;
- экологиялық құзыреттілік;
- валеологиялық құзыреттілік [11].

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі ішкі және сыртқы имиджін толықтырып, қалыптастырады. Бұл жерде талқыланып өткен құзыреттілік түрлерінен толық аңғарамыз. Мұғалім жас ұрпақта оқыту, тәрбиелеу ісінде кәсіптік деңгейі жоғары болуы үшін педагог мамандығына тән іскерлік пен дағдыларды қалыптастыруы тиіс. Педагогтың кәсіби құзыреттілігің құрлымы оның негізгі іскерліктері арқылы қарастырылады.

Ендігі жерде кәсіби құзыреттілікпен ұштастырылып отырған педагог маманының іскерлігін қарастып өткен жөн.

Педагогтың танымдық (гностикалық) іскерлігі. Бұл компонент мұғалімнің танымдық қабілеттерін, интеллектуалдық мүмкіндігін, өз пәнін терең білуін, өзін-өзі танып білуін қамтиды және маман еңбегінің негізі болып саналады. Танымдық іскерлікті қалыптастыру үшін адамның қабылдау, зейін, ойлау, елес, ес, т.б психикалық қасиеттерінің бірлікте дамуы қажет.

Мысалы, адамның байқағыштығы, өзін-өзі бақылауы, кез келген жағдайда жол таба білуі, ойлау процесінің дамуы үшін талдау жасау, салыстыру, сәйкестігін ажырату, нақтылай білу, жинақтау, қорытынды жасау сияқты дағдылардың болуы қажет. Бұл сапалар адамның үнемі жаттығу, өзін-өзі тәрбиелеу, оқу, білім алу, еңбек ету процестері барысында тұтас қалыптасады.

Педагогтың конструктивтік (құрастыра білу) іскерлігі. Бұл іскерлік оқу-тәрбие жұмысын модельдеу, жоспарлау, композициялық материалдарды іріктей алумен, оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сай оқу-тәрбие процесінің материалдық базасына сәйкес жұмысты ретімен ұйымдастыра білумен сипатталады. Бұл іскерлікті меңгеру үшін инттелектуалдық іскерлік қажет. Алдағы жұмысты жоспарлау, жобалау, алын-ала ойластыру, салыстыру, болжау қабілеттерімен тікелей байланысты. Сондықтан конструктивтік іскерлік танымдық іскерлікпен ұштасып жататын қасиет.

Педагогтың қарым-қатынас (коммуникативтік) іскерлігі. Бұл іскерлік мұғалімінің адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренуі. Қарым-қатынас тәсілдері ол алдымен, сөз сөйлеу техникасы, қимыл, бет құбылысын игере білуден басталады. Бұл іскерлікті қалыптастыру үшін алдымен адам басқа адамды түсіне білуі, тани білуі және өзіне де таныта білуі керек. Екіншіден, өзінің ой-пікірін, көңіл-күйін көзқарасын, мақсатын сөйлескен адамға, тыңдаушылар ұжымына түсіндіре білуге және оларды да түсіне білуге үйренуі қажет. Үшіншіден, адамдармен қарым-қатынас барысында толеранттылыққа негізделіп оң шешім таба білу маңызды. Осылардың нәтижесінде мұғалімде қарым-қатынас жасауға бейімділігі және ептілігі бар, адамдармен оңай тіл табыса алатын, басқалармен тез араласа алатын жеке тұлғалық қасиеті қалыптасады.

Педагогтың хабарлау (информациялық) іскерлігі. Бұл іскерлік аса маңызды педагогикалық іскерлік болып бөлінеді және көбінесе қатынас құралы ретінде

қабылданады. Себебі қарым-қатынас хабарлау материалынсыз іске асуы мүмкін емес. Хабарлау іскерлігінде мұғалімнің дауысты үйлестіре білуі, көңіл-күй сезіммен сөйлеуі, сөздің құдіретті күшін және дауыс үнін, бет қимылдар ерекшеліктерін меңгере білуі талап етіледі. Оқу-тәрбие процесінің негізгі міндеттерін тиімді шешудегі мұғалімнің сауатты сөйлеуі, қызықтыра әңгімелесуі, көрнекіліктерді қарастыра отырып түсіндіруі, ашық пікірлесуі, оқушыны тыңдай алуы, сұрақ-жауап тәсілдерін қолдану арқылы тыңдаушының зейінін өзіне аударта алуы әсіресе жас мұғалімдер үшін өте маңызды қасиеттер. Жас мамандарға бұндай қасиеттерді қалыптастыру үшін арнайы жаттығу қажет.

Педагогтың ұйымдастырушылық іскерлігі. Бұл іскерлік мұғалім еңбегінен ажырамайтын, бөлінбейтін, үнемі қатар жүретін тұтас педагогикалық процесті басқарудың негізгі шарты. Бұл іскерліктің өзіндік ерекшеліктері бар: жұмысты анықтау, мақсатын белгілеу, жұмыстың орындалуын талап ету, тапсырма беру, тапсырылған жұмысты қортындылау, бағалау, есеп беру, іске қызығушылықпен кірісу, басқаларға жағымды ықпал жасау, басқаларды бір іске жұмылдыра алу іс-әрекеттерінен құралады.

Педагогтың зерттеушілік іскерлігі. Зерттеушілік іскерлік мұғалімнің әрбір әлеуметтік-педагогикалық құбылысқа ғылыми тұрғыдан қарауын, ғылыми болжам жасай алуын, жобалау және эксперимент жүргізе алуын, жоспарлауды, сонымен қатар озық тәжірибені де, өзінің тәжірибесін де жинақтай білуін, оларға теориялық, практикалық талдау жасай алуын және мектеп өміріне енгізе білуін қамтиды.

Педагогтың проективтік іскерлігі – оқыту және тәрбие процестерінің перспективалық міндеттерін түсіне отырып оған жетудің страгеялары мен тәсілдерін меңгергендігі. Мұғалімнің оқыту және тәрбиелеу процесінің жаңа жобасын құрастырып, оны іске асырудың тәсілдерін негіздеуі, бұл жобаның орындалуында ата-аналардың, оқушылардың қатысуын қарастыруы, қоғаммен байланыстылығын, әлеуметтік маңыздылығын түсінуі маңызды болып есептеледі.

Педагогтың рефлексивтік іскерлігі. «Рефлексия» деген сөз адамның өз іс-әрекеттерін, психикалық жағдайларын талдап, ой елегінен өткізу деген мағынаны білдіреді. Педагогтың өз іс-әрекеттерін бақылап бағалауы, өзіне сырт көзбен қарап іс-әрекет нәтижелерінің тиімділігін талдауы, өзін басқалармен салыстыра отырып нені өзгертудің қажеттілігін түсінуі.

Аталмыш іскерліктер педагог маманның күнделікті жұмыс барысында қолданып отыратын шеберлігі. Бұл шеберліктер педагогтың білім, біліктілігімен тығыз байланыста. Демек педагогтың кәсіби құзыреттілігін оның іскерлігімен де анықталатындығын байқаймыз [12].

Жаңа педагогикалық парадигма бойынша қазіргі стандарттардың өзінде «білім, білік, дағды» ретінде қарастырылған білім беру нәтижелерінің орнына құзыреттілікті қалыптастыру өмір талабына сай тұлғаның әлеуметтенуін, өзін-өзі іске асыруын қамтамасыз ететін білім беруден күтілетін нәтиже ретінде қарастырылуда.

Сонда құзыреттілікті білім мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, жеке тұлғаның өзіндік дамуын жүзеге асырып, өмір сүруге қажетті өзіндік бағдарын айқындауға мүмкіндік еретін, құзырлыққа жеткізуде күтілетін түрлі нәтиже деп қарастыруға болады.

Жоғарғы қәсіби білім берудің мемлекеттік стандарттарының құзыреттілік форматында жасалуын зертту барысында құзыреттілік ұғымының мазмұнын ашуда оның үш түсініктемесін атап көрсетілді.

Өзінің ішкі әлеуетін іске асыруға қабілетті (даралығы) мен ынталылығы (мотивациялық аспкет);

Табысты шығармашылық іс-әрекет үшін практика жүзінде байқалған өзінің білім, іскерлік, тәжірбиесін іске асыра алу қабілеті (когнитивтік аспект);

Өз іс-әрекет нәтижелерінің әлеуметтік маңыздылығын және жеке жауапкершілігін түсінігі, оны үнемі жетілдіріп отыру қажеттігін ұғынуы (құндылық аспект) [13].

Сонымен, осы түсініктемелердің негізінде құзыреттілік деп әлеуметтену және оқыту үрдісінде қалыптасқан және өздігінен іс-әрекетке табысты қатысуына бағытталған білім мен тәжірибеге негізделген жеке тұлғаның іс-әрекетке даярлығы мен жалпы қабілеттеріне байқалатын интегралды қасиетін түсіндіреді.

Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» Мұғалімнің ізденісі, жан-жақтылығы айтылып кеткен құзыреттілік арқылы айқындалады. Құзыреттіліктің мазмұны жеке кәсіптік, интегралдық сипаттама ретінде төмендегі қызметтерді жүзеге асырумен анықталады.

Мұғалім мамандығының тұлғалық сапасы оның кәсібилігінен алшақтанбайды. Кәсіби дайындық процесінде білім, дағды, ойлау қабілеті, іісәрекет әдістерін арнайы алумен байланысты жүре пайда болған құзіреттіліктерді де есепке алады. Оның ішінде: пәнді оқыту, пәнді оқыту әдістемесі, психологиялық шеберлікті меңгеру, педагогикалық техниканы игеру, қарым-қатынас технологиясын, шешендік өнер және басқа да қасиеттерді меңгеру керек.

Өзінің кәсіби еңбегіне деген сүйіспеншілік сапасын меңгеруде мұғалім келесі ұстанымдарды басшылыққа алу керек:

- өз-өзіне сенім-бұл өмірдің негізі;
- педагогтың әсері саналы стратегиялық мақсатқа бағынуы тиіс;
- кәсіби рефлексия, өзін-өзі тану және өзін өзі дамытуға қабілеті;
- балалардың өзін өзі көрсетулерінің алуан түрлілігіне дене және сөз реакцияларының вареативтілігімен жауап беру қабілеті;
- психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгеруді, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру;
- жарқындылық және балалармен қарым-қатынас жасаудың табиғи дарыны, жан жүрегімен қызмет етуге дайындылығы [14].

Осындай педагогикалық қабілеттіліктер әр педагогтың тұлғалық әлеуеті мен мүмкіндіктеріне сай қалыптасып, кәсіптік іс-әрекет барысында өзін өзі жетілдіру жолдарын анықтайды. Сондықтан әр мұғалімнің бейімі мен икеміне қарай қалыптасатын, педагогикалық, әлеуметтік аспектілер тұрғысынан қарастыру мұғалім бойында қалыптасатын кәсіби құзіреттіліктерді жетілдіруге ықпал етеді.

Көптеген анықтамаларды салыстырып талдау негізінде «кәсіби құзыреттілік» ұғымына байланысты зерттеушілердің көзқарастарында бір ортақ пікірлер байқаладығын атап өткен болатынбыз. Салыстырмалы түрде талданған тағы басқа анықтамалар негізінде кәсіби құзыреттіліктің екі тұрғыдан қарастырылуын аңғарамыз:

біріншіден, көптеген зерттеушілер кәсіби құзыреттілікті мамандардың даярлық деңгейлерімен байланыстырады;

екіншіден, ғалымдар кәсіби құзыреттілік маманың тұлғалық қасиеттерімен байланыстырып зерттейді.

Осыдан келіп, педагогтың кәсіби құзыреттілігің маман үшін маңызы зор екендігін және оның тұлғалық қасиеттерімен қатар іскерлігінің қалыптасуын қазіргі заман талабы қажет ететіндігін аңғардық. Жоғарыда аталып өтілген педагог үшін қажет тұлғалық қасиеттер мен іскерліктер түрлі ғалымдармен зерттеліп, іріктеліп өтілді. Зерттеу барысында бұл бөлімде «құзырет, құзыреттілік» ұғымымен қатар «педагогтың кәсіби құзыреттілігі» ұғымының мәні ашылып жүйеленді. Ендігі қарастырып өтетін мәселеміз педагог қауымы үшін қажет деп табылатын коммуникативті құзыретті тұлғаның психолингвистика нысаны ретінде. Бұл туралы біздің зерттеулеріміздің келесі сұрағында баяндалады.

Кәсіби педагогикалық құзыреттілікті үнемі жетілдіріп отыруда, мұғалім өз білімін дамытуда әрі шеберлігін шыңдауды, білімнің жаңалықтарын тез меңгеріп, оны өз

қызметінде іске асыруды қажет етеді. Кәсіби құзыреттілікті дамыту ақпараттық қамтамасыз етілумен байланысты, яғни, жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеттілігімен анықталады. Яғни, мұғалім сөзі – ақпарат таратушы құралы ретінде жүзеге асады. Бір сөзбен айтқанда, оқушыға да, ата-анаға да мұғалім сөзі – екі жақты ортақ тәрбие мәселесінде негізгі әсер етуші құрал. Психолинвистикалық ерекшеліктер туралы сөз болғанда ең алдымен маңызды құрал – сөз болып табылады. Мұғалімнің сөзі өткір, жалынды, бейнелі, жарқын интонациялы, көркем эмоциялы, дауыс (дикция) ырғағы жағымды, стилистикалық, грамматикалық, фонетикалық ақаулардан таза болуы шарт. Мұғалімдік құзырлықтың маңызды элементі – сөйлеу қабілеті дегенбіз. Педагог сөзі – тәрбиеленушінің жан-дүниесіне әсер етудің ешкім де, ештеңе де алмастыра алмайтын құрал. Тәрбие беру өнері ең алдымен сөйлей білу өнерін қамтиды.

Жоғарыда сөз болып отырған психолингвистикалық ерекшеліктерді мұғалім тұлғасында қалыптастыру, ол мұғалімнің шеберлігі мен техникасының жемісті болуына әкеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының жаңа формация педагогы үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы.
2. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Кәсіби құзыретті ұстаздарды даярлау негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 188 б.
3. Қожахметова К.Ж. Базовые компетенции личности как цели образования на национальном уровне (осмысление в контексте концепции «Образование, ориентированное на результат») //Материалы по проблемам реформирования системы среднего общего образования в контексте концепции развития образования в РК до 2015 года / под ред. Қ.Т. Арынов. – 2014. – 35-42 б.
4. Бұлақбаева М.К. Педагог мамандығына кіріспе. Оқу құралы. – Алматы. – 205 б.
5. Зимняя И.А. Ключевые компентенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003. - №5. – 34-42 б.
6. Мұханбетжанова Ә.М. Компетенции в профессиональном образовании //Бастауыш мектеп. - №4. – 65-68 б.
7. Құдайбергенева К.С. Құзырлылық табиғаты – тұлғаның өздік дамуында: Әдістемелік құрал. – 2006. – 264 б.
8. Мұқанбетова Ш.Т. Тұлғалық-бағдарлы білім беру негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары //Ұлт тағылымы. – 2008. – 15-20 б.
9. Ғалымжанова М.А. Мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... автореф.: 13.00.01. – Атырау, 2008. – 29 б.
10. Кенжебеков Б.Т. Педагогтың кәсіби құзыреттілігінің теориялық-әдіснамалық негіздері //Мектепте құзыреттілік білім беруді енгізу жағдайында педагог кадрларды дайындау: халықаралық ғылыми-прак. конференциясының еңбектері. – Тараз, 2006. – 56-59 б.
11. Жиенбаева С.Н, Бұзаубақова К.Ж. Мектепке дейінгі ұйым әдіскері жұмысы. – Алматы, 2016 - 62б.
12. Дүйсенбаева А.К. Педагогика және психологиядан анықтамалық сөздік. – Алматы, 2015 - 112б.
13. Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2002. – 36 б.
14. Петрова Е.А. Жесты в педагогическом процессе. Учебное пособие. – М:. 1998. – 29 б.

ПСИХОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ УЧИТЕЛЕЙ ШКОЛЫ

Егенисова А.Қ. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Едилова Н.И. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В данной статье дается анализ работ ученых, изучивших психолингвистические особенности коммуникативной компетенции учителей школы, дается характеристика терминов» профессиональная компетентность«,» компетентность". Составными частями профессиональной компетенции являются: а) профессиональные педагогические и психологические знания; б) профессионально – педагогические умения; в) профессионально-психологическая позиция, позиции учителя, требующие профессии; в) личностные особенности, обеспечивающие овладение учителем профессиональными знаниями и умениями.

Также речь идет о видах профессиональной компетентности: практическая (специальная) компетентность; социальная компетентность; психологическая компетентность; информационная компетентность; коммуникативная компетентность; экологическая компетентность; валеологическая компетентность.

Охарактеризованы такие виды профессиональной компетентности, как: познавательные (гностические) умения педагога; конструктивные (умение конструировать) умения педагога; коммуникативные (коммуникативные) умения педагога; коммуникативные (информационные) умения педагога; организационные умения педагога; исследовательские умения педагога; проективные умения педагога; рефлексивные умения педагога.

Ключевые слова: компетентность, профессиональная компетентность, умение, педагог, психолингвистика, школа.

PSYCHOLINGUISTIC FEATURES OF THE COMMUNICATIVE COMPETENCE OF SCHOOL TEACHERS

Yegenissova A.K. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Edilova N.I. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. This article analyzes the works of scientists who have studied the psycholinguistic features of the communicative competence of school teachers, describes the terms "professional competence", "competence". The components of professional competence are: a) professional pedagogical and psychological knowledge; b) professional and pedagogical skills; c) professional and psychological position, positions of a teacher that require a profession; c) personal characteristics that ensure the teacher's mastery of professional knowledge and skills.

We are also talking about the types of professional competence: practical (special) competence; social competence; psychological competence; information competence; communicative competence; environmental competence; valeological competence.

The article describes such types of professional competence as: cognitive (gnostic) skills of a teacher; constructive (ability to design) skills of a teacher; communicative (communicative) skills of a teacher; communicative (informational) skills of a teacher; organizational skills of a teacher; research skills of a teacher; projective skills of a teacher; reflexive skills of a teacher.

Key words: competence, professional competence, skill, teacher, psycholinguistics, school.

ӘОЖ 82.09 (574)

КҮЙШІ ТАҒДЫРЫ

Каримсакова Б.А.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: baktigul.karimsakova@yu.edu.kz

Аңдатпа. Бұл мақалада Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесі қарастырылады. «Күй» повесін автор Абыл күйші аруағына ескерткіш дейді. Шығарманың негізгі идеясы – бейбітшілік пен адамгершілік үшін күрес. Әбіш оны күй өнерінің құдіретімен шеше білген.

«Күй» әңгімесінде «мәңгүрт» ұғымы алғаш рет қолданылып, жадынан айрылған жанның қайғылы күйінің белгісі ретінде қызмет етеді. Кейіннен ол әлемдік деңгейге көтерілген көркем образға айналды және адамның өткенінен, оның шығу тегінен, тарихпен және қоғаммен байланысынан үзілген үмітсіздігінің бұлтартпас дәлелі болды.

Ол өз шығармаларында қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен ұлттық руханияттың эстетикалық сұлулығының ерекше үйлесімін ұсынады. Автор тарихты оның барлық қырлары мен қайшылықтарын жеткізе отырып, көркемдік сана парадигмасы арқылы түсінеді.

Түйінді сөздер: ақын, сыншы, прозаик, күй, Абыл, домбыра, кейіпкер, қазақ әдебиеті, повесть.

Әдебиет тарихында өнерге байланысты, күйге қатысты желілерді көбірек пайдаланады. Әдебиет тарихында күйге байланысты аңыздарды өз шығармаларында сюжеттік желілерде қолданатын қазақ жазушыларын көптеп кездестіреміз. Ал, М. Әуезов өзінің “Қазақ халқының эпосы мен фольклоры” атты зерттеуінде аңыз-әңгімелерге ерекше назар аударады.

Қазақ аңыздарын екі үлкен топқа бөледі. Екінші топқа – “күй-аңыз” деп анықтама береді. Автор бұл аңыздар әдетте домбырада, қобызда немесе сыбызғыда орындалатын күйлердің тарихы, шығу себептері жайындағы әңгімелер желісіне құралады дейді. Ары қарай ойын жалғастыра отырып, қазақ халқының арасында кең жайылған жүздеген күйлердің барлығының міндетті түрде өзіне тән прозалық үлгідегі деректі аңыз тарихы бар екендігін айтады [2, 182-184б.].

Күй өнерінің, күйші өнерінің өнегесін, ғибратын, өмірлік маңызы мен мәнін танытуда – Ә. Кекілбаевтың “Күй” повесінің орны бөлек. Шығармада ерекше дараланып көрінетін шындық құбылыстардың қатары күйшінің күйшілік өнері арнасында суреттеледі.

“Күй” повесінде негізінен жеті жұртты ел қылған, “жеті жұртты жер қаптырған” – Маңғыстаудың атадан балаға кететін талай өшпенділік оқиғасы сөз болады. Қазақ пен түрікпенге татулық жетпей, иен далаға таласқан кер заманның бейнесін көресің.

Қазақ күйшісінің түрікпендердің қолына тұтқын болып түсуі, одан өрбіген оқиғалар желісі, тұтқын болған күйшінің күйінен төгілген күйдің құдіреті, өмір шындығына негізделген оқиғалар өзегі арқылы терең ашылады.

Повесте геодезиялық барлау жұмыстарын жүргізіп жатқан топпен бірге болған Құрбан қарттың сол жердің тасын да, құмын да тіпті, керек десеңіз қабірдің де тарихын жетік білетін қария ретінде танылады. Жасы жетпістен асса да, қимылы ширақ, сөзі жүйелі, терең, оның үстіне асқан күйші.

Повестің басты оқиға, желісі осы Құрбан қарттың дутарда ойнаған күйінің сарынында жатқан тарихқа негізделген. Күй сарынынан қазақ пен түрікпен батырларының

арасындағы тартыс пен талас байқалады. “Бәрін де көріп, бәрінен де торығып, бәрінен де сырт айналып, іргеге қарап бүк түсіп жатып алған кәрі дананың үй ішінде өзінен басқа адам қалмаған бір сәтте көкірегін кеулеп, жүрегін сыздатқан мұң-наланы бір лықсытып оңаша күрсінгендей, өткен мен кеткенді, дәл қазір қасында кәрі жүрегін тілімдеп жатқан пәтуасыз көн күйбеңде, не күлдіретіні белгісіз, не бүлдіретіні белгісіз беймәлім ертеңді ойлап күрсінгеніндей, ыңылы баяу, лебі ыстық күй сазы шымыр-шымыр әнін, бірте-бірте ширығып барады. Күй көкірегі өрепкіген сайын түрі жоқ, тілі жоқ мынау мақау дала бетінде әдемі әшекейі болмаған соң ешкім көзіне ілмей, оқып та көрмей, бір шетке ысыра салған көнетөз сұңғыла кітап сияқтана түсті. Сиқыр күй мелшиіп жатқан меңіреу даладан таң атқалы бұның қиялын әр саққа сабылтып жүрген көмескі елестерді қайта тірілтті” [3, 211 б.].

Күйді тербеле тыңдаған барлау экспедициясының маманы Сырымның көз алдына иен далада арпалысып, көк сүңгісін көтеріп, жер түбінен айбат шегіп келе жатқан қалың қол елесі көрініс бергендей болады.

Бірі түрікмен, бірі қазақ – екі батырдың өзара егесін, бірінің аулына бірінің шабуыл жасауы, ашық далада бетпе-бет кездесуі, оның жекпе-жек шайқасқа ұласуы, онда қазақ батыры Дүйімқараның түрікмен Көкбөрі батырды жеңін, тірідей көрге көміп кетуі ыза мен кекті жандандыра түседі.

Бұл оқиға көрші отырған екі ауылдың арасын өршіте түседі. Қарымта қайтаруға шыққан түрікмен иесі сайлауыт қолға өзінің күйші баласын басшы етіп қосады. Сол жолғы жорықта күйші батыр мерт болады. Осыдан түрікмендердің қайғысы да, кегі де күшейе түседі. Тұтқынға түскен қазақтардың басына түйенің терісін қаптап, естен тандырады, мәңгүрт етеді, тұтқынға түскен ару қыздарды күнге айналдырады. Дегенмен де түрікмендерге орны толмас қаза, жанды жеген жаза көңілдерін баса береді. Баласының өлімі ауыл иесін қатты қайғыға, азаға салып кетті. Өлген ұлдың өтеуіне тұтқынға алынған қазақ жігіті де күйші болып шықты. Өлеріне көзі жеткен күйші айналасына айтарын күймен жеткізгісі келеді. Домбыраның шанағынан күйшінің тұтқында отырып көрген қорлығы, азабы мен мазағы, ащы ызасы мен айыбы, өкініші, күйініші сеңдей соғылысып шығуда.

Күйшінің көңілі де, домбыраның сазы да қырық құбылып құйқылжиды. Ақырында көңіл де, күйде бір арнаға түсті. “Күй тынды. Күйші домбырасын сылқ еткізіп тізесіне тастай берді. Тәкаппар батыр көзінен ыршып кеткен түйжек жасты сүртуге арланды. Екі айғыз жас мұртының шалғайына ілігіп, одан тамшылап сақалына құйылды.

Қаршығадай шүйліккен күйші де еңсесін түсірген жоқ. Маңдайына шып-шып шыққан терін сүртпеді” [3, 251 б.].

Жазушы күй сазының мазмұны арқылы ашылатын өмір туралы, өмірдің мәні туралы ұсынып отырған ойына үлкен тереңдік, теңдессіз жасампаз күш сыйғызады. Бұған дейін өмірдің, жалпы тіршіліктің мәнін күштеп, өзгеден айбынын асырудан, мерейінің үстемділігін сол арқылы жүргізуден тауып келген, өзінен кейінгі ұрпағына да осыны ғибрат, өсиет етіп келген, өмірінің саналы кезеңін түгел осы мақсатқа жұмсап келген Жөнейіт күй сарынында айтылған сыр мен мұннан басқа көзқарасты ұғады. Күй сазы Жөнейіттің көз алдына өзінің батырлық намысқа шапқан тоңмойындығынан өнер жолын тастап, батырлық жолға түскен, сөйтіп сол жолда мерт болған жалғыз баласының қазасын, сол қазадан көкірегін шаншып, тұмшалап алған азасын, баласымен қатар күй жарыстырып келген күйшінің өз жарлығы бойынша көрге тірідей көмілуінен, жан түршігерлік өлімінен алған әсерінің күй сарынымен тереңдеп, мұның бүкіл жан-дүниесін, жұлын-жүйкесін тұтас баурап, билеп алған бебеулеген наласын санасына терең сіңіреді.

Күй сазы мұның көз алдында тірі елеске, бейнеге айналып, санасын сарылтады, ұйқысын қашырады, еңсесін езеді. Ақыры, өмірінің, ісінің таным тұрғысының баянсыз, алдамшы, өткінші дақпыртқа бола құрбандыққа шалғанын кеш ұққан жайына күйінулі күйде ол көз жұмады.

Жазушы өнер жолын түрлі деңгейде танытады. Оқиға желісінде білектің күшіне өнердің күші қарсы қойылады. Білектің күші жеңе алмаған құдіреттің өнердің күшіне бас иген жайы неше алуан сырға жетелейді. Өнер жолының баяндылығы арқылы билік жолының баянсыздығы, жалғандығы туралы үлкен ой түйінделеді.

Ә. Кекілбаев қазақ әдебиетінде күй мен күйші тақырыбын жаңа шығармашылық биікке көтеріп, соны бір белеске шықты. Жазушы өзінің қай шығармасында болсын кейіпкерінің болмысынан адамшылық сәулесін іздеп, басын жауға да, тасқа да ұрып дегендей титтей тапқанын насихаттауынан мұрат етіп, марапаттауға жанын салады, адам бойынан асыл қасиеттерді аз ба, көп не таба білсем деп таусылатын қаламгер.

Автор адамдар арасындағы алауыздықтың ру, ұлттардың ғана емес, тұтас халықтардың тарих бетінен із-түзсіз жойылып кетуіне әкеп соғатынын көркемдік тұрғыдан шебер де шешен, сенімді суреттейді. Шығармада Дүйімқараның Көкбөріні қазулы көрге лақтыруы, зорлыққа ұшыраған түрікпен бойжеткендері, қайда тұрып, қайда келе жатқанын сезбей, алда да не боларын түсінбей келе жатқан қазақ балаларының тағдыры – адам жаны түршігерлік оқиғалар. Повесте тұңғыш рет мәңгүрттердің пайда болуы туралы көркемдік негізде баяндалады. “Кенет тұтқын балалардың бірі артындағы тұтқынның кеудесіне екі шекесін алма кезек ұрғылап шыңғырып жіберді. Ақ тайлақтың терісі күнге күйіп тырысып барады. Қаудырлап кеуіп жатқан түйенің көні бас сүйекті сытырлатып шаға түсті. Қазір ақ ұн қылып уатып жіберетіндей” деп суреттелетен түрікпендердің қолға түскен қазақ балаларын қинай отырып мәңгүрт ету жолдары да оқырманды бей-жай қалдырмайды.

Туынды табиғатынан, әрине өнер мұратын, көне жәдігерлерді жаңғыртушылар мен күй-шежіре сипаты танылады. Күй-құдірет көңілді тербейді. Жан-жүрекке әсер етіп, санаға сілкіністер жасайды. Күй күмбірімен бірге туған жердің суреті бар бояуымен ашылады, перзентінің жан жылауымен тербеледі. Ата қоныс, құт мекеннің тағдыры күйші өміріндегі желілі сарын.

“Күй” повесі туралы ойларын сараптай отырып көрнекті әдебиет сыншысы, ғалым-зерттеуші З.Серікқалиев былай деп түйеді: “Мұнда Абылдың өзі емес, күйі сөйлейді”. Түркімен Жөнейттің Абыл күйшіні тірідей жерге көмуі де – бұрын-соңды ел естімеген қаталдық. Жөнейт кезінде өз баласы Дәулетті қазақ ауылына түркімен жігіттерімен бірге атқа қондырып, өліміне себепші болған. Дәулет – Абыл күйшімен күй тартысып, тең тарасқан. Өнер құдіретін терең сезінген екеуі елді бітімге шақырмақ болған. Ол арман адыра қалған. Оған себепші де Жөнейттің өзі. “Кек қайтарам” деген қанды тілегі өз жүрегін қан жылатты.

Енді міне, сол баласымен балбырата күй тартысқан тарлан күйші – тұтқында. “Аға-ау, күпсініп, көкірегіңізбен жер айырып барғанда көп болса бес-алты қазақты өлтірерсіз, бір үйір жылқыны үркітерсіз. Сол бес-алты бейкүнә пенденің жайбарақат өз тіршілігімен жүргенінен, сол бір үйір жылқының өз өрісінде жайылғанынан сіздің намысыңызға шоқ түсетіндей не бар?” деген іні сөзін де қабыл алмаған.

Повесте Абылдың тірідей жерге көмілуі – жауыздықтың шарықтау шегі. Алайда, Жөнейт күйшіні көмгенмен, өнер рухын өшіре алмайды. “Өнердің өлмес рухын оның мәңгілікке кетер жалғасынан тапқандай боламыз. Өнердің ол жалғасын Құрбан күйшінің дутарынан тапқандай боламыз. Керегенің басындағы қылышқа жүгірмей, жас бала Құрбан дутарға қызығуынан табамыз. Құрбан ағасы Дәулеттің күй тартқанын көрген, өлер шағында қазақ күйшісінің күй тартқанын, тыңдаушысын сілтідей тындырғанын естіген…”.

“Күй” – өнер құдіретінің, қуатының, адам еңбегінің, ақыл-ой мүмкіндігінің айнасы. Автор өнер құдіреті арқылы адамзатқа – азаттық, теңдік пен туысқандықты жырлайды. Тарих пен тағдырды көрсету негізінде адам тағылым алуды мұрат етеді.

Шығарманың түпкі түйіні де, айтар ойы да осы – өлімді өнер ғана жеңеді. Өнер, өнерді бағалау – мәңгілік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейдімбеков А. Күй-шежіре. Алматы: Ғылым.
2. Әуезов М. Таңдамалы. “Қазақ энциклопедиясы”, А., 1997, 182-184 б.
3. Кекілбаев Ә. Ханша Дария хикаясы. – Алматы: Жазушы, 2007. – 233-245 бб.

СУДЬБА КЮЙШИ

Каримсакова Б.А. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В данной статье рассматриваются повесть «Кюй» А. Кекилбаева. Автор свою повесть «Кюй» посвящает памяти известного кюйши Абыла. Основная идея произведения – борьба за гуманизм и мир. Автор решает проблему могуществом искусства кюи.

В повести «Кюй» впервые используется понятие «манкурт», выступающее символом трагического состояния души, лишившейся памяти. Впоследствии оно превратилось в художественный образ, поднявшийся на мировой уровень и ставший неопровержимым доказательством безысходности человека, оторванного от своего прошлого, своих истоков, связей с историей и общество.

В своих произведениях он передает необычайное сочетание традиционной культуры казахского народа и эстетической красоты национальной духовности. Автор осмысляет историю сквозь парадигму художественного сознания, передавая все ее грани и противоречия.

Ключевые слова: поэт, критик, прозаик, кюй, Абыл, домбра, герой, казахская литература, рассказ.

THE FATE OF KYUSHI

Karimsakova B.A. - - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. This article examines the story "Kui" by A. Kekilbaev. The author of his story "Kui" is dedicated to the memory of the famous kuishi Abyl. The main idea of the work is the struggle for humanism and peace. The author solves the problem with the power of the Cui art.

In the story "Kui" the concept of "mankurt" is used for the first time, serving as a symbol of the tragic state of the soul that has lost its memory. Subsequently, it turned into an artistic image that rose to the world level and became an irrefutable proof of the hopelessness of a person cut off from his past, his origins, ties with history and society.

In his works, he conveys an extraordinary combination of the traditional culture of the Kazakh people and the aesthetic beauty of national spirituality. The author comprehends history through the paradigm of artistic consciousness, conveying all its facets and contradictions.

Key words: poet, critic, prose writer, kyui, Abyl, dombra, hero, Kazakh literature, story.

ХҒТАР 15.81.99

COVID -19 ПАНДЕМИЯ УАҚЫТЫНДА ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ПСИХОЭМОЦИОНАЛЬДЫ САПАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЕгенисоваА.Қ.
Семирханова Д.К.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: almazhai66@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада COVID -19 пандемия уақытында тұрғындардың психикалық денсаулығы мен психоэмоциональды жағдайын зерттеген ғалымдар ғылыми еңбектеріне талдау жасалынып, карантин уақытында тұрғындардың психологиялық проблемалардың туындағандарын, стрестік жағдайлар, дау жанжалдардың адам психологиясына әсер етуін, физикалық, психикалық денсаулықтың бұзылулары туралы баяндалады.

Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылық және елеулі кедейшілік сияқты психикалық денсаулыққа зиян келтіретіні белгілі пандемиямен байланысты проблемалардың өткірлігін төмендету бойынша алдын алу шаралары туралы сөз болады.

COVID -19 пандемиясы адамдардың психикалық денсаулығы мен психоэмоциональды сапасы, рухани денсаулығы да ықпалын тигізетіндігі, психикалық аурулардың, тұлға фрустрациясының, мазасызданулардың, стресстердің таралу көрсеткіштерінің өсу тенденциялары, әр түрлі суицидтердің, тұлғаішілік келіспеушіліктердің, тәуелділіктердің (нашақорлық, ішімділік, токсикомания, ойын құмарлық және т.б.) орын алғандылығы да баяндалады

Түйінді сөздер: COVID -19, пандемия, карантин, психикалық денсаулық, психоэмоционалды сапа, стресс, күйзеліс, ауру, төтенше жағдай.

Соңғы жылдары әлемнің көптеген елдерінде психикалық денсаулықтың бұзылуы жоғары көрсеткішпен сипатталады. Психикалық аурулардың, тұлға фрустрациясының, мазасызданулардың, стресстердің таралу көрсеткіштерінің өсу тенденциясы, әр түрлі суицидтердің, тұлғаішілік келіспеушіліктердің, тәуелділіктердің (нашақорлық, ішімділік, токсикомания, ойын құмарлық және т.б.) орын алуы байқалады. Енді бұл жағдайға қазіргі уақытта COVID -19 пандемия және төтенше жағдай яғни, 5-6 айға созылған карантин уақыты мемлекетімізге де, тұрғындардың психикалық денсаулығы мен психоэмоциональды жағдайына да үлкен әсерін тигізді.

Психикалық денсаулық – бұл адам өзінің қабілеттерін жүзеге асыратын, қарапайым өмірлік күйзелістерге төтеп бере алатын, нәтижелі жұмыс істейтін және қоғамдастыққа үлес қосатын әл-ауқат жағдайы. Бұл оң мағынада психикалық денсаулық адамның әл-ауқатының және қоғамның тиімді жұмыс істеуінің негізі болып табылады. Психикалық денсаулық біздің ұжымдық және жеке қабілеттеріміз үшін ақылға қонымды тіршілік иелері ретінде ойлау, эмоциялар көрсету, бір-бірімен қарым-қатынас жасау, тамақ табу және өмірден ләззат алу үшін өте маңызды. Осы фактіні ескере отырып, психикалық денсаулықты нығайту, қорғау және қалпына келтіруді бүкіл әлемдегі жеке адамдар, және қауымдастықтардың өмірлік маңызы бар іс-шаралар ретінде қабылдай алады.

– COVID-19 пайда болғанға дейін статистикалық көрсеткіштер психикалық аурулар (неврологиялық ауруларды қоса алғанда статистика заттарды қолданумен

байланысты бұзылулар мен өзіне-өзі қол жұмсау қаупі, психоәлеуметтік және зияткерлік бұзылулар) қазірдің өзінде басым болды:

– депрессия мен мазасыздықтың салдарынан әлемдік экономика жыл сайын 1 трлн доллардан АҚШ аса ақша жоғалтады.

– депрессиядан бүкіл әлемде 264 миллион адам зардап шегеді.

– психикалық денсаулықтың барлық бұзылыстарының жартысына жуығы 14 жасқа дейін басталады, ал суицид-15-29 жас аралығындағы жастар арасындағы өлімнің екінші себебі.

– жанжалға ұшыраған аудандарда бес адамның біреуі психикалық бұзылулардан зардап шегеді.

– ауыр психикалық аурулары бар адамдар жалпы халыққа қарағанда 10-20 жыл бұрын қайтыс болады.

– елдердің жартысынан азы олардың психикалық денсаулық саясаты адам құқықтары туралы конвенциялармен келісілгенін хабарлайды [3]

– табысы төмен және орташа елдерде психикалық ауытқулары бар адамдардың 76-дан 85 пайызға дейін, олардың жағдайы туралы дәлелдерге қарамастан, емделмейді тиімді шараларды кез-келген ресурстар болған кезде жүзеге асыруға болады [4]

COVID-19 дағдарысы ең алдымен физикалық денсаулыққа қауіп төндірсе де, егер тиісті шаралар қолданылмаса, ол психикалық денсаулығына елеулі проблемалар тудыруы мүмкін. Тіпті ең жақсы уақытта да мықты психикалық денсаулық қоғамның жұмыс істеуі үшін үлкен маңызға ие. Психикалық денсаулықты сақтау әр елдің COVID-19 пандемиясымен күресу және одан әрі қалпына келтіру бойынша күш-жігерін бірінші орынға қою керек. Осы дағдарыстың салдарынан бүкіл қауымдастықтардың психикалық денсаулығы мен әл-ауқатына қатты әсер етті және оларға қамқорлық шұғыл шешуді қажет ететін басым міндеттердің бірі болып табылады. Психологиялық стресс халық арасында кең таралған құбылысқа айналды. Көптеген адамдар вирустың денсаулығына және физикалық оқшаулану әсеріне тікелей байланысты.

Көбісі инфекциядан, өлімнен және отбасы мүшелерінің жоғалуынан қорқады. Адамдар жақындары мен әріптестерінен оқшауланған. Миллиондаған адамдар өздерінің табыстары мен өмір сүру көздерін жоғалту немесе жоғалту қаупі бар экономикалық проблемаларға тап болады. Мазасыздықтың жиі кездесетін себептері, вирус туралы жалған ақпарат пен қауесет, сондай-ақ болашаққа деген сенімсіздік. Ұзақ мерзімді перспективада психикалық бұзылулардың саны мен ауырлығының күрт артуы мүмкін.

Сонымен қатар, халықтың белгілі бір топтары COVID-19 бен байланысты психологиялық стресстің жоғары деңгейіне ие. Пандемиямен күресудің алдыңғы шебіндегі медицина қызметкерлері мен жедел әрекет ету қызметкерлері көптеген стресстік факторларға ұшырайды, ал медицина қызметкерлерінің психикалық денсаулығын сақтау COVID-19 -ға дайындықтың, әрекет етудің және пандемиядан қалпына келтірудің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Әр қоғамдастықта көптеген қарт адамдар және созылмалы аурулары бар адамдар қорқады және жалғыз қалады. Балалар мен жасөспірімдердегі эмоционалды қиындықтар отбасылық стресстен және әлеуметтік оқшауланудан туындайды, ал кейбіреулері жиі қатыгездікке ұшырайды, оқу процесін үзуге мәжбүр болады және болашаққа деген сенімсіздік сезімін сезінеді, мұның бәрі олардың эмоционалды дамуының шешуші сәттерінде болады. Отбасындағы стресстің негізгі ауырлығын әйелдер көтереді және олар пандемиядан басқаларға қарағанда көп зардап шегеді. Гуманитарлық дағдарыстың тұрақсыз жағдайларында және қақтығыс жағдайында адамдар психикалық денсаулығына деген қажеттіліктері мүлдем ескерусіз қалатын жағдайға тап болу қаупі бар.

Психикалық денсаулық – бұл психикалық бұзылулардың болмауы ғана емес. Психикалық денсаулық денсаулықтың ажырамас бөлігі болып табылады, шынында да, психикалық денсаулықсыз – денсаулық жоқ. Психикалық денсаулық бірқатар

әлеуметтік-экономикалық, биологиялық және қоршаған ортаға қатысты факторлармен анықталады. Психикалық денсаулықты нығайту үшін тиімді секторараралық стратегиялар мен қоғамдық денсаулық сақтау шаралары бар.

Адамдардың денсаулығы соның ішінде психикалық денсаулығы неге байланысты болады деген сауалға келетін болсақ, денсаулықты шартсыз түрде 100 пайыз етіп алсақ, оның 20% тектік факторларға, 20% айналаны қоршаған сыртқы орта жағдайларына, экологиялық факторлардың әсеріне, 10%; – денсаулық сақтау жүйелерінің әлсіздігіне байланысты болатыны анықталып отыр. Адамның психикалық, рухани денсаулығы мықты болса, қорқыныштарға салынбаса, неше түрлі жұқпалы дерттерге адам ағзасы қарсы тұра алады. Ал адамдардың психикалық денсаулығы төмен болып, үнемі күйзеліс жағдайында жүрсе, имунитеті төмендеп, адам ағзасы ауруға төтеп бере алмайды

Осы COVID -19 пандемиясы адамдардың психикалық денсаулығы мен психоэмоциональды сапасы, рухани денсаулығы да ықпалын тигізеді. Рухани денсаулық – ол адамдардың қоғамдағы әр түрлі оң, теріс ақпаратты қабылдау қабілеттілігі мен мотивациялық іс-әрекетінің арасындағы қарым-қатынастардың сипаттамасын көрсетеді.

Соңғы жылдары әлемнің көптеген елдерінде психикалық денсаулықтың бұзылуы жоғары көрсеткішпен сипатталады. Психикалық аурулардың, тұлға фрустрациясының, мазасызданулардың, стресстердің таралу көрсеткіштерінің өсу тенденциясы, әр түрлі суицидтердің, тұлғаішілік келіспеушіліктердің, тәуелділіктердің (нашақорлық, ішімділік, токсикомания, ойын құмарлық және т.б.) орын алуы байқалады. Енді бұл жағдайға қазіргі уақытта COVID -19 пандемия және төтенше жағдай яғни, 5-6 айға созылған карантин уақыты мемлекетімізге де, тұрғындардың психикалық денсаулығы мен психоэмоциональды сапасына да үлкен әсерін тигізуде.

Төтенше жағдайдың халыққа тигізетін психологиялық әсері әртүрлі. Мұның аз қамтылған отбасылар мен тұрақты табыс көзі жоқ адамдарға ғана емес, бизнесі жүріп тұрған адамдарға да әсері бар. Бәрі ситуацияны адамның қалай қабылдауына байланысты. Әдеттегі өмір сүру салтымыз өзгергенде, әсіресе, жеке таңдауымыз болмаған жағдайларда, біз шағын дағдарысты бастан өткереміз.

Карантиндік жағдайдың көктем мезгіліне сәйкес келуі кейбір адамдарға әсер етуі мүмкін. Қыстан кейін организмде физиологиялық және психологиялық өзгерістер болады. Ағзада витаминдік жетіспеушілік туындайды. Созылмалы аурулардың асқынуы да кездеседі. Бұл жағдайларды жағымсыз әсер деп атауға болады. Сонымен қатар, көктемнің келуімен адамда гармоналдық өзгерістер болады

Әсіресе үлкен қалалардың беймаза тіршілігінен шаршаған адамдардың біршамасы карантинді жақсы қабылдады. Бірақ, оның экономикалық, әлеуметтік, психологиялық жағдайымызға қалай әсер ететінін біраз оқшауланғаннан кейін сезе бастағандай болды. Аз болса да тұрақты табыс көзі бар адамдар үшін жеңіл болуы мүмкін. Бизнесте жүрген адамдар үшін бұл стресс. Әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға елімізде әртүрлі ұйымдар тарапынан қолдаулар көрсетіліп жатыр. Бұл ол адамдардың сенімсіздігін жоюға және рухани қолдауға бағытталған. Ал, экстремалдық жағдайда өзінің эмоциясын реттей алмайтын адамдарға қиын болады [1]. Әлемдік деңгейдегі экономикалық дағдарыс бизнестегі адамдар үшін қайта серпіліс туындатады. Өзінің кәсібін, іс-әрекетін сұраныска бейімдеуге икемдейді. Кез келген дағдарыс жаңа идеялардың, жаңа жоспарлардың туындауына алып келеді. Сондықтан да, бұл жерде жеке тұлғаның экстремалдық ситуациядан шығу әрекетін ұтымды пайдаланып, ішкі психологиялық резустарын қолдана алу керек. Адамдардың көңіл күй жағдайы олардың бизнесіне тікелей әсер етеді, толқиды, уайымдайды. Бірақ, ең бастысы, тұрғындар өзін-өзі сабырға келтіріп және бойыңызда эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыру керек. Әрине стресс жағдайы кезінде адам өзінің шынайылығын жоғалтады.

Жалпы адамзаттың алдында көптеген жағдайлар, экологиялық, әлеуметтік, экономикалық, жас ұрпаққа білім беру, тәрбиелеу сияқты көптеген мәселелер тұрды.Соның ішінде адами фактор, адам өмірі, адам денсаулығы, атап айтқанда физиологиялық, психикалық, әлеуметтік денсаулығы, психоэмоциональды жағдайы, стреске төзімділігі, эмоциональды жану проблемалары, осы жағдайлардың алдын алу, шешу проблемалары болып отыр. Жалпы жоғарыда аталған проблемаларды зерттеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Адамдардағы стресс, қорқыныш проблемасын зерттеген шетелдік, кеңестік ғалымдар З.Фрейд, К.Г.Юнг, А.М.Прихожан және т.б. еңбектерімен ғылыми зерттеулерін талдадық [2,3,4]. Үрей стрестің дамуына жеткен кезеңі, ауыр психологиялық жарақат. А.И.Захаровтың айтуынша қауіпті ситуациялардағы жағымсыз сезімнен адамға стресс туындайды [5]. Адам стрессті сезінгенде тағатсызданады. Стресс туындағанда адамға эмоционалды қолдау беріп психологиялық шынайы көмек жасау керек. Шектен тыс стресс адамның психикалық іс-әрекетіне әсер етіп, өзінің мінез-құлқына бақылауын жоғалтып, дүниені тек «қара көзілдірікпен» көреді [6]. Үнемі үрейдің, стрестің, қорқыныш құрсауында жүру адама өміріне, денсаулығына үлкен зардабын тигізетіндігін байқадық. Бірақ та, жоғарыдағы аталып өткен ғалымдардың зерттеулерінен байқағанымыздай қазіргі біздің зерттегелі отырған ғылыми жобамызда көтеріліп отырған проблемалар COVID -19 пандемия уақытында тұрғындардың психикалық денсаулығы мен психоэмоциональды жағдайын зерттеу, одан шығу жолдарын ұсыну толықтай зерттелінбегендігі, бұрын соңды әдіс-тәсілдер мен әдістемелер жүргізіліп, зерттеулер жүргізілмегендігі осы проблеманың өте өзекті екендігін байқатады.

Тұрғындардың психоэмоциональды сапасын жақсарту мақсатында қабылданған құжаттар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды [7]. Бұл бағдарлама ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласы [8]; ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауы [9]; ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 21 қарашадағы "Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаласы [10]; ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы [11] , т.б. құжаттарды атап айтуға болады.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 21 қарашадағы"Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаласында «Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – жай ғана әдемі афоризм емес» деп айтып өткендей біздің қазіргі қоғамда, уақытта, кеңістікте болып жатқан жағдайларға, ұлтымыздың, халқымыздың басына түскен пандемияға сабырлылықпен, төзімділікпен қарап, әр бір адам өз өмірі, денсаулығы, айналасындағылардың, отбасы мүшелерінің, мемлекетіміздегі өмір сүріп жатқан адамдардың өмірі, денсаулығы үшін де жауапкершілікпен қарауы тиіс деп айтуға болады [10].

Сондықтан, жұмыстың маңызды міндеттеріне тұрғындарды карантин, дағдарыс жағдайында психикалық денсаулығы мен күйзеліске төзімділігін, психоэмоциональды сапасын, отбасылық қарым –қатынасын нығайту болып табылады.

Осыған дәлел ретінде COVID -19 пандемиясы туралы ҚР Президентінің 2020 жылғы 11 мамырдағы Төтенше жағдай режимі жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорытынды отырысында сөйлеген сөзінде: «Енді біздің өміріміз, жұмысымыз, қарым-қатынасымыз бұдан әрі қалай жүретіні туралы абайлап қорытынды жасауға болады»,- деген болатын. Бірақ, сөзсіз, бір нәрсе, осы қиын кезеңде біздің мемлекетіміздің басшысы ретінде Президент К.Тоқаевтың Қазақстандықтарды осы пандемия мен вирустың

салдарынан болатын зардаптардан қорғау үшін бұрын-соңды болмаған шараларды қабылдады және жүргізуде. Мемлекет басшысы Президент К.Тоқаевтың төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорытынды отырысында сөйлеген сөзімен дәлелденді. COVID -19 пандемия жағдайында және бұрынғыданда жаңа экономикалық құрылым құру қажет екендігі айтылды. Қасым-Жомарт Тоқаев сонымен қатар біздің отандастарымыздың әлеуметтік тұрақтылығына тоқталды [12].

ҚР Президенті Қ.Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында «Еңбек ету –өмір сүру салтына айналып, басты міндет саналуы тиіс. Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір –ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің дәуірі» деген болатын [13].

Яғни, халқымыздың басына небір ауыр күндер, зұлматтар түссе де, байсалды, салмақты, қиындыққа төтеп бере алатын, текті халық екенімізді білдіреді. Сондықтан халқымыздың басына түскен аз ғана қиыншылықтан, күйзелістен шығуға болатындығын, психоэмоциональды сапасын дамытудың маңызды екендігін байқауға болады.

Соңғы бірнеше айда стресстік жағдайға тап болған адамдарға қолдау көрсету, психикалық ауытқулары бар адамдарға күтім жасау үшін күш салынды. Психикалық денсаулық саласында қызмет көрсетудің инновациялық тәсілдері енгізіліп, психоәлеуметтік қолдауды нығайту бойынша бастамалар пайда болды. Осыған қарамастан, проблеманың ауқымына байланысты психикалық денсаулыққа қажеттіліктердің басым көпшілігі қанағаттандырылмай қалады. Тиісті шараларды қабылдау пандемияға дейінгі кезеңде психикалық денсаулықты нығайтуға және қорғауға және психикалық аурулардың алдын алуға жеткілікті қаражат салынбағандығымен қиындайды. Жүздеген миллион адамның қайғы-қасіретін жеңілдету және қоғам үшін ұзақ мерзімді әлеуметтік және экономикалық шығындарды азайту үшін созылмалы психикалық денсаулық сақтау инвестицияларының жетіспеушілігін шұғыл түрде толтыру қажет. Пандемияның психикалық денсаулығына әсерін азайту үшін төменде көрсетілген үш шараны шұғыл түрде қарастырған жөн.

1. Бүкіл қоғамның қатысуын көздейтін психикалық денсаулықты нығайту мен қорғауға және психологиялық көмек көрсетуге көзқарас қолдану.

Психикалық денсаулықты сақтау шаралары COVID-19-ға қарсы ұлттық күш-жігердің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы керек. Бүкіл қоғамның қатысуына негізделген COVID-19 жағдайында психикалық денсаулықты сақтау тәсілі мыналарды қамтиды:

– барлық тиісті салалардағы ұлттық жауап жоспарларындағы психикалық денсаулық пен психоәлеуметтік аспектілердің есебін қамтамасыз ету, мысалы, үйде оқшауланған балалар мен жастарды тәрбиелеу және тәрбиелеу үшін жағдай жасауға көмектесу;

– тұрмыстық зорлық-зомбылық және елеулі кедейшілік сияқты психикалық денсаулыққа зиян келтіретіні белгілі пандемиямен байланысты проблемалардың өткірлігін төмендету бойынша алдын алу шараларын қабылдау;

– адамдардың психикалық денсаулығына ықтимал әсерін ескере отырып, барлық ақпараттық хабарламаларды әзірлеу, соның ішінде адамдардың психикалық тәжірибесіне жанашырлық білдіру және олардың эмоционалды жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар беру.

2. Шұғыл психологиялық көмек пен психоәлеуметтік қолдаудың кең қолжетімділігін қамтамасыз ету. Психологиялық және психоәлеуметтік қолдау кез-келген төтенше жағдайда қол жетімді болуы керек. Бұл мақсатқа жету үшін COVID-19 пандемиясында қажет:

– әлеуметтік келісімді нығайтуға және жалғыздықты жеңілдетуге бағытталған қоғамдық деңгейдегі күш-жігерді насихаттау, мысалы, жалғыз тұратын қарт адамдарға бір-бірімен байланыста болуға көмектесетін іс-шараларды ынталандыру;

– пандемиямен күресудің алдыңғы шебіндегі медицина қызметкерлеріне, сондай-ақ үйде депрессия мен мазасыздық жағдайында адамдарға сапалы қашықтықтан кеңес беру қызметтері сияқты қашықтықтан жүргізілуі мүмкін психикалық денсаулық бағдарламаларына қаражат салыңыз;

– психикасының ауыр бұзылуынан зардап шегетін адамдарға үздіксіз күндізгі күтімді қамтамасыз ету, мұндай күтімді пандемия кезінде жалғасуы керек өмірлік маңызды қызмет ретінде ресми тануға қол жеткізу;

– ауыр психикалық аурулары бар және психоәлеуметтік бұзылулары бар адамдардың адам құқықтарын қорғау және көтермелеу, мысалы, олардың COVID-19-ға байланысты медициналық көмекке тең қол жетімділігі бар-жоғын бақылау.

3. Болашаққа үмітпен психикалық денсаулық қызметтерін құру арқылы COVID-19 - дан кейін қалпына келтіруге жәрдемдесу.Барлық зардап шеккен қауымдастықтарға COVID-19-дан кейін қоғамды қалпына келтіруге көмектесу үшін сапалы психикалық денсаулық қызметтері қажет болады және бұл келесі салаларда инвестицияны қажет етеді:

– психикалық денсаулық саласындағы реформаларды жеделдету үшін психикалық денсаулыққа деген қызығушылықтың қазіргі өсуін пайдалану, мысалы, мамандандырылған мекемелердегі емдеуден қауымдастықтар негізіндегі күтімге ауысуға ықпал ететін осы қызметтерді ұсыну бойынша ұлттық қызметтерді қайта құру стратегиясын әзірлеу және қаржыландыру;

– психикалық денсаулықты сақтау қызметтері жалпы медициналық көмектің бір бөлігі болуын қамтамасыз ету, мысалы, неврологиялық және психикалық бұзылуларды, сондай-ақ заттарды қолданумен байланысты бұзылуларды медициналық жәрдемақыларға және сақтандыру бағдарламаларына қосу;

– мұқтаж адамдарға қолдау көрсету үшін психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету үшін кадрлық әлеуетті, атап айтқанда әлеуметтік қызметкерлерді ұлғайту;

– адам құқықтарын қорғауға және көтермелеуге бағытталған жергілікті деңгейде қызмет көрсетуді ұйымдастыру, мысалы, психикалық денсаулықтың бұзылуының көріністерін жеке тәжірибе арқылы білетін адамдарды осы қызметтерді жоспарлау, ұсыну және бақылау қызметіне тарту арқылы.

Осы ұсынылған шараларды жедел жүзеге асыру адамдар мен қауымдастықтардың COVID-19 психикалық денсаулығына тигізетін әсерінен жақсы қорғалуын қамтамасыз ету үшін өте маңызды болады.

Ғалымдар COVID-19 вирусы бұрын психикалық бұзылулар болмаған пациенттердің психикалық денсаулығына теріс әсер ететіндігін айтты:

– пациенттердің 82%-ында COVID-19 кезінде неврологиялық жағдайлар байқалды. Сонымен қатар, олардың пайда болу қаупі аурудың ауыр түрі немесе жас кезеңі болды;

– вирустық аурудан кейін науқастарда психикалық бұзылулар, деменция, депрессия және ұйқысыздық деңгейі жоғарылады. Сонымен қатар, соңғы екі бұзушылық жас пациенттерде жиі кездеседі (зерттеуге қатысушылардың жас мөлшері 18 – ден 87 жасқа дейін), ал әйелдер ерлерге қарағанда мазасыздық пен депрессиядан көбірек зардап шекті;

– қызба, гипоксия және жөтел сияқты инфекцияның айқын белгілері, сондай - ақ кортикостероидтардан туындаған ұйқысыздық сияқты емдеудің жанама әсерлері мазасыздықтың жоғарылауына және нәтижесінде психикалық бұзылуға әкелуі мүмкін;

– осы жылдың мамыр айында жарияланған зерттеуде SARS-COV-2 жедел сатысында пациенттердің едәуір бөлігінде делирий (шатасу) немесе қозу тудыруы мүмкін деген тұжырымдар бар. COVID-19 ауыр ағымы бар әрбір үшінші пациентте дисрегуляциялық синдром белгілі бір дәрежеде диагноз қойылды, оның ішінде байланыс проблемалары (сөйлеу немесе жазу проблемалары нәтижесінде), танымдық және мінез-құлық жетіспеушілігі (есте сақтау және ойлау, эмоцияны реттеу қиындықтары болған кезде), назар аудармау және дезориентация), ұйқы режиміндегі өзгерістер т.б. [14]

Қорыта айтқанда, коронавирустық пандемия біздің күнделікті өміріміздің барлық салаларына әсер етті. Оқшаулау, жақын адамдарын жоғалту, белгісіздік және одан қорқу-мұның бәрі психикалық аурудың даму қаупінің факторларына айналды немесе бұрыннан бар бұзылуларды күшейтті. Мысалы, Қытайда карантиннен кейін ажырасу көбейіп кетті. Неге? Себебі олар өз үйінен қашып, өмір сүрген. Бізде де ондай адамдар аз емес. Көп уақытын жұмыста өткізеді, одан кейін тағы шаруамен шапқылайды. Сөйтіп, өзі білмейтін отбасын құрып қойған, оны танымайды да. Ішіндегі адам нені қалайды? Жаны не нәрсеге жақын? Былайша айтқанда, байланыс үзіліп кеткен, адами қарым-қатынас жоқ. Міне, осыны ойланумыз керек. Соған уақыт беріліп отыр", - дейді зерттеуші ғалымдар

Олардың ойынша, қазіргі мүмкіндікті пайдаланып, отбасының жаңа бір формасын құру қажет. Себебі отбасы құндылықтары әбден ұмытылған. Үйіңде бала-шағаңмен, жан жарыңмен, ата-анаңмен отырып, сырлас, рухани әңгіме айт. Осылайша, бөтен ешкімді кіргізбей, жеке отбасы жүйесін құру қажет, бұрынғы қателіктерді түзету керек. Бұған дейін не үшін арпалыстық? Не үшін жанталастық? Осыны ойланайық. Бұрын бұны тыңдайтын құлақ жоқ еді, қазір пайда болды. Пандемия бізді бір-бірімізді тыңдауға, бір-бірімізді құрметтеуге, бір-бірімізбен қарым-қатынас жасауға үйретеді. Ал ол далада емес, өз үйіңде басталуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жігітбекова Б.Д. «Мұқтаждық масылдыққа үйретпеуі керек»,Заң газеті, 13.04.2020ж
2. Юнг К.Г. Символы трансформации, 2008г. Издательство:АСТ, 330 ст.
3. Фрейд 3. Психология бессознательного. - М., 1989. -223с.
4. Прихожан А.М. Тревожность у детей и подростков: психологическая природа и возрстная динамика. - М.: 2000. – 304 с.
5. Захаров А.И., Неврозы у детей и психотерапия. -СПб., 1998.250с.
6. Егенисова А.Қ. Денсаулық психологиясы: Оқу құралы: А.Қ.Егенисова. – Ақтау: Ш.Есенов атындағы КТИУ, 2019.- 189 б.
7. Қазақстан Республикасында білім беруді ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы
8. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласы;
9. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауы;
10. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 21 қарашадағы"Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаласы;
11. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы
12. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 11 мамырдағы Төтенше жағдай режимі жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорытынды отырысында сөйлеген сөзі.
13. Қ.К. Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбаты , 25 - Маусым, 2020 ж.
14. https://www.thelancet.com/journals/lanpsy/article/PIIS2215-0366(20)30203-0/fulltext

ОСОБЕННОСТИ ПСИХИЧЕСКОГО ЗДОРОВЬЯ И ПСИХОЭМОЦИОНАЛЬНОГО КАЧЕСТВА НАСЕЛЕНИЯ ВО ВРЕМЯ ПАНДЕМИИ COVID-19

Егенисова А.Қ. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Семирханова Д.К. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В данной статье проведен анализ научных трудов ученых, изучавших психическое здоровье и психоэмоциональное состояние населения во время пандемии COVID-19, рассказано о возникновении у населения психологических проблем во время карантина, стрессовых ситуациях, влиянии конфликтов на психологию человека, расстройствах физического, психического здоровья.

Кроме того, речь пойдет о профилактических мерах по снижению остроты проблем, связанных с пандемией, которая, как известно, наносит вред психическому здоровью, таким как бытовое насилие и значительная бедность.

Отмечается также, что пандемия COVID -19 оказывает влияние на психическое здоровье и психоэмоциональное качество людей, духовное здоровье, имеют место тенденции роста показателей распространения психических заболеваний, фрустрации личности, тревожности, стрессов, имеют место различные суициды, внутриличностные разногласия, зависимости (наркомания, алкоголизм, токсикомания, азартные игры и др.)

Ключевые слова: COVID-19, пандемия, карантин, психическое здоровье, психоэмоциональное качество, стресс, болезнь, чрезвычайная ситуация.

FEATURES OF MENTAL HEALTH AND PSYCHOEMOTIONAL QUALITY OF THE POPULATION DURING THE COVID-19 PANDEMIC

Yegenissova A.K. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Semirkhanova D.K. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. This article analyzes the scientific works of scientists who studied the mental health and psycho-emotional state of the population during the COVID-19 pandemic, describes the occurrence of psychological problems in the population during quarantine, stressful situations, the impact of conflicts on human psychology, physical and mental health disorders.

In addition, it will focus on preventive measures to reduce the severity of problems associated with the pandemic, which is known to harm mental health, such as domestic violence and significant poverty.

It is also noted that the COVID-19 pandemic has an impact on the mental health and psycho-emotional quality of people, spiritual health, there are trends in the growth of indicators of the spread of mental diseases, personal frustration, anxiety, stress, various suicides, intrapersonal differences, addictions (drug addiction, alcoholism, substance abuse, gambling, etc.)

Key words: COVID-19, pandemic, quarantine, mental health, psychoemotional quality, stress, illness, emergency.

ӘОЖ 378

ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ЗАМАННАУИ ТӘСІЛДЕРІМЕН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Конаршаева А.А.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: ainash.konarshayeva@yu.edu.kz

Андатпа. Мақалада шетел тілін арнайы мақсатта оқытудың шығармашылық тәсілдерінің бірі - «кейс әдісі» қарастырылады, оның мәні студенттердің жасанды түрде құрылған кәсіби ортадағы дербес шет тілі қызметі. Кейстер мазмұнға өте бай және студенттің мамандық тілін үйрену және басқару дағдыларын дамыту үшін алған білімдерін ескеру мүмкіндігі бар екендігі атап өтілген. Авторлар жүргізген қолданбалы зерттеулердің нәтижелері бойынша бұл әдісті кәсіби шет тілін оқыту және мәдениетаралық бейімдеу мақсаттарына жету үшін өте тиімді әдіс ретінде қолдануға болатындығы анықталды.

Түйінді сөздер: шет тілдерін оқыту әдісі, кейс әдісі, кейс-стади.

Қазіргі кезеңдегі көп деңгейлі оқыту жүйесіне көшу білім беру үдерісінің мазмұнына көзқарастарды өзгерту, оны әдістемелік қолдаудың жаңа формаларын құру, сонымен қатар оқушының инновациялық парадигмасындағы мұғалімнің рөлін түсіну қажеттілігін талап ететін құрал - орталықтандырылған, шығармашылықпен оқыту.

Жоғары оқу орнында шетел тілін меңгеру әдістері мен тәсілдерінің алуан түрлілігі олардың біреуін ұтымды таңдау немесе бірін-бірі толықтыратын әдістер мен технологияларды оңтайлы үйлестіру қажеттілігіне әкеледі. Осыған орай әдістемелер туралы білімді жалпылау қажеттілігі шет тілдік қатынасты ұйымдастыру әдістемесі туындайды. Қазіргі кезде шет тілдерін қарқынды оқыту әр түрлі дамушы үшін, жаңадан құрылған және жұмыс істейтін әдістемелік жүйелерде жүзеге асырылуда. Бұл студенттердің басқа контингенті үшін шет тілін оқытудың нақты мақсаттарының әртүрлілігімен, сондай-ақ оқыту жағдайларының алуан түрлілігімен байланысты.

Лингвистикалық-әлеуметтік-мәдени тәсілдердің барлығы дерлік шетел тілді мектептер үшін тән. Коммуникативті тәсілді британдық және американдық тілдік мектептер Bell International, OISE, St. Джилес Интернешнл, Реннерт екі тілді, NESE. Қарқынды әдіс қысқа уақыт ішінде белгілі бір тілдік дағдыларды игеремін деп ойлайтын іскер адамдарға арналған. Көбіне қарқынды курс тілді кәсіби салада қолдану үшін жеткілікті олар: іскери хат алмасу кезінде, презентация кезінде және телефонмен сөйлесу кезінде және коммерциялық ұсыныстар жасау кезінде жүргізіледі. «Тікелей» әдіс Берлиц әдісі деп аталады, Бұл әдістің басты ұстанымы - оқушының ана тілін оқу процесінен толығымен алып тастау, мақсаты оқушыны шет тілінде ойлауға үйрету. Іскерлік (белсенділік) тәсілі шет тілін кәсіби саладағы қарым-қатынас практикасымен ұштастыра оқытуды көздейді. Бұл мүмкіндікті Нью-Йорк, Лондон, Сан-Франциско, Торонто тілдік мектептері және басқа да әлемдік іскери орталықтар ұсынады.

Шетелдік кәсіптік коммуникативті құзыреттіліктің белгілі бір деңгейінің қалыптасуы университет түлектерінің шетел тілімен одан әрі кәсіби бағытталған байланысының нақты әрі тиімді негізі болып табылады. Алайда, кәсіби шетел тілін оқытуда сөйлеудің әр түрлі функциялары мен оны қолдану тәсілдері бірдей мәнге ие бола алмайтынын ескеру қажет. Аналитикалық анықтамалық; инструменталды (ақпаратты қарапайым беру), реттеушілік (қызметті реттеу), жеке-эмоционалды және көркемдік

(рөлдік ойындар, сөйлеу бейнесі), эвристикалық (өз түсінігін білдіру), әлеуметтік (тар шеңберден тыс қарым-қатынас) және ақпараттық-ғылыми.

Шетелдерде оқудың заманауи тәжірибесінде жетекші позицияларға ие болған кейс-стади әдісі осы сөйлеу функцияларын меңгеруді дамыту арқылы мамандық бойынша шетел тілінде білімді игеруге, өзінің кәсіби құзыреттілігі мен өзіндік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге әдістемеде бұрын анықталған оқытудың мақсаттары: коммуникативті қатынас, тілдік мақсат, ақыл-ой және білім беру мақсаттары және т.б. Әдістің теориялық дамуындағы және оны тәжірибеде қолданудағы жетекші рөл П.Дафф, К.Фалтис Дж.Хапқа тиесілі [1; 2; 3].

Ресейдің білім беру практикасында XX ғасыр, 90-шы жылдары ғана, барлық пәндердің мазмұны жедел жаңарған кезде, оқытудың интерактивті әдістерін және кейс әдісін қолдану үшін қолайлы алғышарттар жасалды. Касеологтар - теоретиктер мен практиктердің арасында отандық мамандар Г.Багиев, Г.Конищенко, В.Наумов, А.Сидоренко, Ю.Сурмин, П.Шеремет туралы айту керек. А.Р. Галустованың жүйесінде «эксперименттік оқытуда студенттерді дайындауға бағытталған белсенді әдістердің (дидактикалық және іскерлік ойындар, оқу пікірталастары және эвристикалық әңгімелер, ғылыми семинарлар, білім беру конференциялары, постерлік презентациялар, кітаптар мен мақалаларға аналитикалық түсініктеме беру) рөлі едәуір күшейтілді» [4. , б. 17].

«Кейс әдісі»(ағылшынша case method, case method, case study, case study, method нақты жағдайлар), бұл нақты (экономикалық, әлеуметтік және іскери) жағдайларды сипаттауды қолданатын оқыту әдістемесі.

М.Долгоруков «кейс-стади» әдісін «озық» белсенді оқыту әдісі ретінде жіктейді [5]. Студенттің «багажында» талданатын жағдайлардың көбеюі қазіргі жағдайды шешудің дайын схемасын қолдану ықтималдығын арттырады, күрделі мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастырады. Ситуациялық оқыту ойлау икемділігін дамыта отырып, білімді динамикалық жағдайда іздеу мен пайдалануға үйретеді.

Е.Н. Захарова «құзыреттілікке негізделген кәсіптік білім білімге, кәсіби және өмірлік тәжірибеге, құндылықтарға және басқа да ішкі және сыртқы ресурстарға негізделген мәселелер мен міндеттерді шешуге дайын болуды қамтамасыз ететін іс-әрекеттерді игеруге бағытталған» деп санайды [6, б. 33].

Кәсіби ортада ағылшын тіліндегі сабақтарда кейс әдісін қолдану бірін-бірі толықтыратын екі мақсатты көздейді, атап айтқанда: коммуникативті құзыреттілікті одан әрі жетілдіру (лингвистикалық және әлеуметтік-мәдени) және студенттердің кәсіби қасиеттерін қалыптастыру. Іспен танысу (мамандық бойынша тапсырма тұжырымдалған кәсіби бағытталған мәтінді оқу, түпнұсқада немесе кішігірім қысқартулармен және кішігірім бейімделуімен, кейіннен аудару), шешімін өз бетінше іздеу (ағылшын тіліндегі ішкі монологтық сөйлеу), сабақ барысында жағдайды талдау процесі (монологтық және диалогтық сөйлеу, дайындалған және стихиялы, сонымен қатар ағылшын тілінде) - бұл коммуникативті тапсырмалардың мысалдары.

Тілдік қатынас: дау, пікірталас, дәлелдеу, сипаттау, салыстыру, сендіру және басқа да сөйлеу әрекеттерімен сипатталатын іс бойынша жұмыспен байланысты сыныптағы қарым-қатынас сөйлеу әрекетінің дұрыс стратегиясын құру дағдыларын, ағылшын тілінің ережелері мен ережелерін сақтауды жаттықтырады. Студенттердің іс мазмұны бойынша пікірлерін мұғалім келесі дағдылары бойынша бағалайды: аналитикалық, басқарушылық, шешім қабылдау шеберлігі, тұлға аралық коммуникативті дағды, шығармашылық, ағылшын тілінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдылары (лексикалық және грамматикалық аспект). Сондықтан кейс әдісі оқу материалының ерекше түрін де, оны ағылшын тілінің білім беру практикасында қолданудың арнайы тәсілдерін де қамтиды.

Біздің қолданбалы зерттеулеріміздің нәтижелері бойынша кейс әдісі кәсіби шет тілін оқыту ретінде және мәдениетаралық бейімделу мақсаттарына жету үшін өте тиімді қолданыла алатындығы анықталды. Алайда, бұл әдісті шет тілін оқытуда қолдану

әдістемелік негізделіп, қамтамасыз етілуі керек. Бұл жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқу процесін ұйымдастыру деңгейінде де, оның жеке мұғалімінің жоспарлау деңгейінде де қажет. Оқытуды ұйымдастырудың осы әдісін қолданудың кемшіліктеріне жекелеген студенттер жағдайында барлық міндеттердің тәуелсіздігіне кепілдік беру қиын екендігі ескеріледі.

Шетел тілі сабақтарындағы кейс әдісін мамандық бойынша белгілі бір қоры бар және шет тілін жеткілікті деңгейде меңгерген топтарда қолдану ұсынылады. Сонымен қатар, оқытудың күрделі және тиімді әдісі бола отырып, кейс әдісі әмбебап емес және тек шет тілдерін оқытудың басқа әдістерімен ұштастыра отыру тиімді болады, өйткені өздігінен тілдің міндетті нормативтік білімін салмайды. Соған қарамастан шет тілін үйренуде кейс әдісін қолдану жалпы шет тілін білу деңгейін жоғарылатады.

Әдіс шығармашылық ойлауды дамытады; презентация дағдыларын дамытады; пікірталас жүргізу, жауаптарын дәлелдеу қабілеттерін дамытады; шетел тілінде кәсіби оқу және ақпаратты өңдеу дағдыларын жетілдіреді; топта қалай жұмыс істеуге және ұжымдық шешімді дамытуға үйретеді. Интерактивті оқыту жағдайында студенттер оқу үдерісіне жеке қатысу сезімін дамытады және өздерінің білім беру нәтижелері үшін жауапкершілікті қалыптастырады. Талқылау,нақты жағдайларды талдау, ой қозғау, іскерлік ойын, жобалық тапсырма аудиторияда қолайлы психологиялық ахуал құруға, оқушылардың сөйлеу қабілеті мен интеллектуалды белсенділігін арттыруға, өзіне деген сенімділік сезімін арттырып, семантикалық контекст құруға байланыс әкеледі.

Кейс әдісінің педагогикалық әлеуеті дәстүрлі оқыту әдістерінің педагогикалық әлеуетінен әлдеқайда көп. Кейс әдісі - теориялық білімді практикалық мәселелерді шешуде қолдануға өте тиімді құрал. Кейс әдісін жоғары кәсіби білім беру практикасына енгізу мәселесі қазіргі кезде өте өзекті болып отыр. Бұл білім беруді дамытудың жалпы бағыттылығымен, нақты білімді алуға емес, кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуымен байланысты, ақыл-ой әрекетінің дағдылары мен тұлғаның қабілеттерін дамыту дағдылары.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Патриция А. Дафф. Қолданбалы лингвистикадағы жағдайлық зерттеу. N. Y.: Лоуренс Эрлбаум, 2008. П. 233.

2. Faltis C. Тіл мен білім беруді зерттеудегі кейс-стади әдістері // Тіл энциклопедиясы және білім беру. Том. 8: Тіл мен білім берудегі зерттеу әдістері / Н.Х. Хорнбергер, Д.Корсон (Ред.). Дордрехт; Бостон; Лондон: Kluwer Academic Publishers, 1997. P. 125-127.

3. Heap J. Тіл мен білім беруді зерттеудегі сұхбатты талдау әдістері // Тіл және білім энциклопедиясы. Том. 8: Тіл мен білім берудегі зерттеу әдістері / Н.Х. Хорнбергер, Д.Корсон (Ред.). Дордрехт; Бостон; Лондон: Kluwer Academic Publishers, 1997. P. 217-225.

4. Галустов А.Р. Студенттерді мектеп оқушыларының өзін-өзі тәрбиелеу қызметін ұйымдастыруға үйрету // Хабаршы мемлекеттік университетінің хабаршысы. Сер. Педагогика және психология. Майкоп, 2012. Шығарылым. 1. S. 17-23.

5. Қашықтағы технологияларға негізделген ашық білім беру жүйесінің тәрбиешісіне арналған практикалық нұсқаулық / ред. А.М. Долгоруков. М.: Білім берудің қарқынды технологияларыорталығы, 2002. S. 21-44. URL: http://www.gdenet.ru/bibl/education/process/7.2.html

6. Захарова Е.Н. Білім беру қызметіндегі құзыреттілік тәсілі туралы // Адыгей мемлекеттік университетінің хабаршысы. Сер. Педагогика және психология. Майкоп, 2011. Шығарылым. 4. P. 32-40.

СОВРЕМЕННЫЕ ИНОСТРАННЫЕ ЯЗЫКИ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ ПО МЕТОДАМ

Конаршаева А.А. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: ainash.konarshayeva@yu.edu.kz.

Аннотация. В статье рассматривается один из творческих подходов к преподаванию иностранного языка для специальных целей – «метод кейсов», суть которого заключается в самостоятельной иноязычной деятельности обучаемых в искусственно созданной профессиональной среде. Отмечается, что кейсы чрезвычайно богаты по содержанию и обладают потенциалом, позволяющим учитывать уже приобретенные студентом знания для изучения языка специальности и развития управленческих навыков. Согласно результатам проведенных авторами прикладных исследований установлено, что данный метод может использоваться как исключительно эффективный для достижения целей обучения профессиональному иностранному языку и межкультурной адаптации.

Ключевые слова: методика преподавания иностранных языков, кейс-метод, кейс-стади.

MODERN FOREIGN LANGUAGES METHODS OF TEACHING BY METHODS

Konarshaeva A.A. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: ainash.konarshayeva@yu.edu.kz.

Abstract. This paper discusses one of the creative approaches to teaching foreign Languages for Special Purposes (LSP), the case - study method. The main point of this method is an independent foreign language activity of trainees arranged in artificially created professional environment. Case studies are extremely rich in content and can provide the learner with the potential to consolidate already acquired knowledge and train specific language and managerial skills. According to the results of the authors' applied research, the case - study method proved to be invaluable one to meet the desired professional foreign language learning outcomes and intercultural adaptation.

Keywords: methods of teaching foreign languages, case-method, case-study.

ХҒТАР 15.41.59

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЕгенисоваА.Қ.
Едилова Н.И.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: almazhai66@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада қарым-қатынастың психолингвистикалық ерекшеліктерін зерттеген зерттеушілердің еңбектері сараланып, қарым-қатынас, коммуникацияның бейвербалдық компоненттері, паралингвистикалық құралдар, сөйлеу этикеті, мәдениаралық қарым-қатынастағы ым-ишара, фонация (дауыс, дыбыстың жоғарлығы, дыбыс күші, тембр, сөйлеу қарқыны, интонация) туралы баяндалады.

Сонымен қатар, педагогика ғылымында психолингвистикалық ерекшеліктерге негізделген коммуникативтік міндеттерді шешудің негізгі кезеңдеріне де сипаттама беріледі.

Түйінді сөздер: қарым-қатынас, психолингвистика, сөйлеу этикеті, дауыс, интонация, тембр, сөз, вербальды қатынас.

Қазіргі психолингвистикада зерттелініп жатырған мәселелелердің бірі қарым-қатынастың психолингвистикалық ерекшеліктері. Қарым-қатынас бір адамнан екінші бір адамға ақппаратты жеткізуі. Адамдардың басым көпшілігі ғылымда дәлелденгендей сергек күйінде уақытының 75%-дан астамын басқа адамдармен үздіксіз білім, ой-пікір, идея алмасуға жұмсайды. Оның үстіне көп адамдар осы уақыттың айтарлықтай бөлігі қарым-қатынастың тілдік емес формасына: бет-әлпеттің өзгеруіне, визуалды қарым-қатынасқа, дауыс тембрі және тоны, әртүрлі ым-ишара белгілеріне кетендігін аңғармайды да. Осы орайда ақпарат алмасу барысында қолданылатын психолингвисткалық ерекшеліктердің алатын орнының зор екендігі байқалады. Психолингвистикалық ерекшеліктері деп сөйлеу процесі барысында қолданылатын ақпарттың берілу амалдары. Оған сөйлеу әрекетіндегі мәтін, коммуникацияның бейвербалдық компоненттері, шешендік өнер және паралингвистикалық құралдар, сөйлеу этикеті, адамның коммникативтік әдебі, мәдениаралық қарым-қатынастағы ым-ишара, сөйлеудің жасалу үдерістері, фонация (дауыс, дыбыстың жоғарлығы, дыбыс күші, тембр, сөйлеу қарқыны, интонация) және т.б.

Бірінші мәселеміз сөйлеу қарым-қатынасының көріну формасы әңгімелесушінің сөйлеу әдебі, ал – мазмұны сөйлеу әрекеті ретінде қарастырамыз. Яғни сөйлеу әрекеті мен сөйлеу әдебі бір-бірінен өзінің нәтижелерімен ерекшеленеді. Сөйлеу әрекетінің нәтижелері ой және мәтін болып табылады, ал сөйлеу әдебінің нәтижелері әңгімелесушілердің қандай да бір сөйлеу әдебіне байланысты адамдар арасындағы қатынастар (адал ниетті, теріс ниетті және т.б.) және эмоциялар. Демек, тілдік тұлғаның қалыптасуы (әлеуметтік-белсенді) сөйлеу қарым-қатынасының диалектикалық бірлігіндегі оның екі жағының дамуын болжайды: сөйлеу әрекеті және сөйлеу әдебі. Лингводидактикада бұл үдеріс коммуникативтік құзыреттің қалыптасуы деп аталады, бұл тек қана тілдік материалды білуді ғана емес, сөйлеу қарым-қатынасының, сөйлеу әдебі ережелерінің әлеуметтік нормаларын қадағалауды қамтиды.

Коммуникация үдерісі қалай өтуі тиіс? Тұлғааралық коммуникация заңдары қандай? Қарым-қатынасқа қатысушының әр қайсысы қандай рөл атқарады?

Сөйлеуді түсіну табиғатын қарастыра келіп, біз екі адам нақты шындық туралы ақпарат беру керектігін айттық. Бұл білім тілдік тұлғаның әлеуметтік тәжірибесімен түсіндіріледі. Қарым-қатынасқа қатысушылардың әлеуметтік тәжірибесі неғұрлым сәйкес болса, соғұрлым олардың арасындағы түсіністік дәрежесі де үлкен болады. Осы жерде И.Н.Гореловтың, К.Ф.Седовтің өзара түсінісу және әлеуметтік тәжірибе айырмашылғы дәрежесін ашу үшін келтірген сәтті мысалын беруді орынды деп есептейміз.

Алты жасар бала алма жеп отырып, әкесінен:

Әке, алманы тістегенде, неге ол қоңыр болып кетеді? – деп сұрайды.

Алмада әртүрлі химиялық заттар бар. Сонымен қатар – темір. Темір оттегімен химиялық реакцияға түскенде, қышқылданады. Нәтижесінде алманы қоңыр түске бояйтын зат пайда болады, - деп жауап береді әкесі.

Біраз уақыт үндемей отырып, бала:

Әке, сен жаңа кіммен сөйлестің? – деп сұрайды [1].

Осы контекст арқылы сөйлеушілердің әлеуметтік тәжірибесінің сәйкес келмейтіндігін көрсетуге болады. Психолингвистердің айтуы бойынша әлеуметтік тәжірибе неғұрлым жақын болса, адам бір-бірін оңай түсінеді. Көп жағдайда жақсы қарым-қатынас бір-бірін жақсы түсінетін, бұрыннан танитын достар арасында, көп жыл бірге тұрып, тұрмыс құрған жұбайлар арасында, егіз балаларда байқалады.

Сонымен қатар сөйлеу қарым-қатынасы барысында сөйлеу этикетінің де алатын орны зор. Сөйлеу этикеті – сөйлеушілердің сөз қатынасын орнатуға және олардың әлеуметтік жағдайына сәйкес сыпайы қатынас құруға арналған белгілі бір коммуникативтік стереотиптердің жиынтығы [2]. Сонымен қатар сөйлеу этикеті коммуниканттардың қатынас орнату, қолдау және доғару қызметтеріне тән, әлеуметтік белгілермен анықталған ұлттық-мәдени ерекшеліктердің жиынтығы. Басқа сөзбен айтқанда, сөйлеу этикеті – нақты бір қоғамда, ортада, этноста қабылданған ресми не бейресми жағдайда әңгіме құрушылардың әлеуметтік рөліне сай болатын сұхбаттасу ережелерінің тұрақты жүйесі.

Сөйлеу әдебі коммуниканттардың жасы, жынысы, қоғам мен отбасындағы орны, лауазымы, мамандығы, тұратын жері т.б. белгілер бойынша реттеуші қызметін атқарады. Қарым-қатынаста тұлғалар әлеуметтік белгілер бойынша «жоғары-тең-төмен» болып жіктеледі. Қазақ этносындағы қарым-қатынас үдерісінде әлеуметтік белгілердің ішінде ең негізгісі жас мөлшері, бұл қағида бойынша коммуниканттарды бірнеше топқа бөліп, әрқайсысының сөйлеу дағдысын қарастыруға болады. Мысалы, жас мөлшеріне қарай «жасы үлкен-қатарлас-кіші» деп бөлеміз. Жас ерекшелігіне байланысты балалар, жастар, орта буын өкілдері мен үлкен кісілер деп топтастырамыз.

Күнделікті сөйлеу қарым-қатынасында тілдік тұлға рөлдік әдептің бір стереотипінен екіншісіне ауысады. Сөйлеу әдебінің ауысуының тұлғааралық қарым-қатынаста үлкен маңызы бар, себебі коммуникацияның табысы айтарлықтай дәрежеде осы жағдаятқа сәйкес келетін тіл формаларын сөйлеуші мен тыңдаушы қаншалықты меңгергендігіне байланысты.

Рөлдік қарым-қатынастардың психолингвистикалық ерекшелігі американдық психолог Эрик Берн қарасытарған траснактілі талдауды жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында Э.Берн өзінің «Игры, в которые играют люди. Психология человеческих отношений; люди, которые играют в игры. Психология человеческой судьбы» кітабына адамдардың мәртебелік-рөлдік өзара әрекетінің моделін жасады, оны ол эго-күйі (мен-күйі) деп айтады. Осы модельге сәйкес «адам әлеуметтік топта уақыттың әрбір сәтінде Мен- Ата-ана, Ересек адам немесе Бала күйінің біреуінен табылады. Адамдар әртүрлі оңайлылық дәрежесімен бір күйден екіншісіне ауыса алады» [3].

Ал транс күрделі сөздердің бірінші құрамды бөлігі ретінде «қандай да бір кеңістік арқылы қозғалыс, бір нәрсе арқылы жеткізу» дегенді білдіреді, ал акт – іс-әрекет, сөйтіп трансакт Э.Берн бойынша кем дегенде екі адамның кез келген вербалдық және бейвербалдық қарым-қатынасы. Психологтың айтуынша, әрбір адам үштіктің бірі, оның тұлғасының үш құрамдас бөлігінің иесі болып табылады.

Психолингвистикада сөйлеу қарым-қатынасының мұндай ерекшеліктері коммуникативтік сәттілік және коммуникативтік сәтсіздік, коммуникативтік қақтығыс және т.б, аспектіде қарастырылады. Сондықтан тұлғааралық қарым-қатынаста психолингвистикада коммуниканттарда олардың көмегімен дұрыс емес және қажет емес ой барысы бекітілетін сөйлемдер мен сөз тіркестерін таңдау ретінде түсінілетін коммуникантқа бейімделген құралдарды таңдау маңызды рөл атқарады. Коммуникациядағы сәттілік үш анықтаушы категорияларды тиімді игере білуге байланысты: логика, психология және сөйлеу. О.Я.Гойхман мен Т.М.Найдинаның пікірінше, сөйлеу айрықша маңызды, себебі барлық ақпарат тыңдаушыға сөйлеу арқылы жеткізіледі [4].

Қарым-қатынас стратегиясы сөйлеу тактикаларында жүзеге асырылады, сөйлеу тактикасы ретінде нақты жағдаятта алға қойылған мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін сөйлеу тәсілдері түсініледі. Сөйлеу тактикаларын таңдау қарым-қатынас саласы мен ортасына байланысты

Бүгінгі таңда психология, психотерапия, психолингвистика және қарым-қатынас негіздері бойынша ғылыми әдебиеттерде сәтті коммуникацияға арналған сөйлеу стратегиялары мен тактикаларының саналуан таңдауы ұсынлған.

Көне тактикалардың бірі «Иә-иә-иә» тактикасы болып табылады. Оны ұлы көне грек философы Сократ ойлап тапты. Тактика техникасы өте қарапайым, бірақ өте тиімді. Серіктеске міндетті түрде «иә» деп жауап беруі тиіс үш-төрт сұрақ қойылады. Сонда, Сократтың пікірінше, керек, негізгі сұраққа да ол оң жауап береді.

Келесі кезекте біз коммуникацияның бейвербалдық компоненттерін қарастырған жөн деп шештік. Қазіргі таңда психолингвистикада сөйлеуді қарым-қатынастың әмбебап құралы ретінде қарастырады, яғни тілдік сөйленісті қалыптастыратын және оны қабылдайтын екі субьект қатысатын саналы іс-әрекеттің күрделі және арнайы ұйымдастырылған формасы. Қазіргі лингвистикада сөйлеу актісін зерттеуге арналған бірқатар отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері бар, олар Д.А.Әлкенбаева, В.В.Богданова, Л.М.Шәйкенова. Сөйлеу актілерінің жиынтығы сөйлеу әрекетін құрайды [5].

Бейвербалдық қарым-қатынас деп лингвистикада вербалдық қарым-қатынас құралдарына көмектесетін мағыналы ым-ишаралар, бет-әлпет, дене қозғалыстарын түсіну қабылданған. Г.В.Колшанскийдің пікірінше, паралингвистикалық құралдар «тілдік қарым-қатынастың көмекші тәсілдері...» болып табылады, ал тілге қатысты «тілдік жүйенің негізіне тимейтін, таза үстіртін жүйе» [5].

Қазіргі зерттеулерде коммуникацияның бейвербалды құралдары ерекшелігінің сипаттамасы лингвистикада, психология, мәдениеттану мен іскери қатынас әдебінің басым бағыттары қатарына жатады. Алайда бірқатар ғалымдардың (Т.М. Николаева, Г.В.Колшанский, Г.Г.Почепцов, Р.К.Потапова, В.В.Богданов) айтарлықтай үлесіне қарамастан, тіл білімінің бұл саласы ұлттық мәденитке қатысты әлі де жеткілікті дәрежеде зерттелмей отыр. Қазақстандық ғылымда аталмыш мәселеге М.М.Копыленко, Б.Қ.Момынова, М.М.Мұқанов, А.Н.Нұрманов, А.Д.Сейсенова, М.Ешімов және т.б. ғалымдар назар аударды [6].

Сонымен қатар маңызды сөйлеу элементі интонация – өз құрамына әуен, логикалық екпін, дауыс қаттылығы, лебіз ырғағы және кідіріс секілді бірнеше коспоненттерді біріктіретін тілдің кешенді құралы. Интонация деп сөйленістің дыбыстық формасы, өзгерістер жүйесінің жоғарылығы, қарқын, ырғақ пен кідіріс арқылы

ұйымдасып, сөйлеушінің коммуникативтік ниетімен, оның өзіне және тыңдаушыға қарым-қатынасын, сонымен қатар сөйлеу жүзеге асатын жағдаят пен лебіз мазмұнына қатысын білдіретін дауыс қаттылығы мен ырғағын айтамыз. Осы компоненттердің әрқайсысын жекелей алып қарастырайық. Сөйлеу үдерісі – белгілі бір ырғақпен, яғни сөйлеу ағынының (дыбыстар, буындар, сөздер, ұзақтық, ырғақтық ерекшеліктер) дыбысталатын элементтерінің алмасу жылдамдығының дәрежесі.

Сөйлеу үдерісі белгілі бір қарқынмен (темп) яғни сөйлеу ағынының дыбысталатын элементтерінің алмасу жылдамдығының дәрежесімен сипатталады.

Өзінің бірегейлігі мен қайталанбастығы бойынша тек саусақ таңбаларымен салыстырылатын, адамның жеке қасиеті ретінде дауыс сөйлеу үшін үлкен мәнге ие. Г.К. Крейдлин сөйлеу коммуникациясын ұйымдастыратын және анықтайтын маңызды факторлар тобына дауыс пен үнді толықтай негізбен жатқызып, дәлел ретінде дауыс мағыналарының жіктелісін (менталды, мәдени, қарқынды, табиғи, әуенді) жатқызады. Расында да, күнделікті коммуникацияда өзекті дыбысталған дауыстың көмегімен тек ойдың берілуі ғана емес, сондай-ақ оның бейнесінің де берілуі жүзеге асады. Дауыс қасиеттерінің көмегімен сөйлеу маңызды коммуникативтік сипатқа (жұмсақ, қанық, қоңыр, қатты дауыс және т.б.) болады.

Ал қазақ тілінде адам даусын сипаттау үшін көркем мәтіндерде қоңыр дауыс, ашы дауыс және т.б. секілді тіркестер жиі қолданылады:

Қоңыр қаздың қаңқылдаған даусы қайта-қайта «қош сау бол» деп қақсады. Ә.Кекілбаева.

Олар биік жар үстінде тұрып айғай салды. Айнабектің ашы дауысы құлақ жарады. Ғ. Мүсірепов [7].

Дауыстың құрамдас бөліктерінің бірі тембр болып табылады, тембр лингвистикада факторлардың жиынтығымен (модуляциялық үдерістермен, дауыс сигналының шабуылымен және өшуімен, спектрдің форманттық құрлымымен, шуыл компоненттерінің айқындылық дәрежесімен, гармониялық емес обертондармен) айқындалған дауыстың психоакустикалық сипаттамасы ретінде түсініледі. Дауыс тембрі синтетикалық тұрғыдан адамдарды даусы бойынша (оларды көрмей) ажыратуға мүмкіндік беретін, маңызды коммуникативтік мағынасы бар дауыстың арнайы реңкі ретінде қабылданатындығын, дауыс қаттылығы дәрежесімен, артикуляциялық дәлдікпен, акцентпен және т.б. ерекшеленетіндігін айта кету маңызды.

«Сөйлей білу өнері дегеніміз бұл – кідірісті қоя білу» деген жапонның мақалы бар, шындығында да кідіріс сөйлемнің мағыналық мүшеленуінің айрықша құралы болып саналады. Кідірістің орналасу орнына қарай сөйленістің мәні түгелімен өзгеріп кетуі де мүмкін. Кідіріс деп акустикалық тұрғыдан әдетте дыбыстың болмауы, физиологиялық тұрғыдан сөйлеу органдарының жұмыстарында аялдауы сәйкес келетін сөйлеудегі үзіліс түсініледі. Кідірістің педагогикалық маңызы да бар екендігі белгілі.

Мамандардың айтуынша, дененің қандай да бір қозғалыстары әртүрлі уақытта түрлі адамдар үшін бірдей мәнге ие болмайды. Сондықтан адам жүріс-тұрысын қандай да бір ортақ түрге (айталық, авторитарлық, демократиялық және т.б.) жатқызуға талпынудың орнына, оның кинезисі үлгісінің түрлі сипаттамалары мен бағаларының жүйесін құруға талпыну керек. Мысалы, бұл адам (жетекші, көшбасшы, қызметкер және т.б.) әркез ұқсас жағдайларға түскен кезде қандай да бір айрықша әрекеттер мен ишараттардың құрамын, бет әлпеті мен дене тұрқы қозғалыстарын пайдаланатынын бақылау. Егер ол солай болса, олардың беретін мәндерін және сол адамның мінез-құлқының ерекшеліктерін талдау қажет. Бұл мұндай жағдайларда оның мінез-құлқын болжап, есептеуге көмектеседі.

Коммуникативтік диалогте анағұрлым маңыздылары – реципиенттердің қабылдауына есептелген және эмоционалдық, зияткерлік ақпараттарды жеткізуге арналған, әлеуметтік-белгілеушілік қызметке ие маңызды дене қимылдары мен дене тұрқы орындайтын ым-ишаралар. Әрине, ақпарат әрбір ым-ишара мен қимылдардың

көмегімен берілмейді. Алайда адам оның жүрыс-тұрысындағы азғана өзгешеліктерге назар салып, өзімен тілдік қарым-қатынасқа түсетін адамдардың бақылауынан қашып құтыла алмайды және мұның бәрі ақпараттар легін береді. Анағұрлым жиі қайталанып, алайда ақпараттық мазмұн тұрғысынан түсінікті бола бермейтін ым-ишаралар – бұл қол қимылдары. Адамдардың көпшілігі сөйлеу барысында өздеріне көмектесіп, қолдарын өздігінше пайдаланады, дегенмен кейбір қол қимылдары әмбебаптық мәнге ие.

Қазіргі лингвистикада базалық ретінде зерттеушілер мынадай коммуникативтік категорияларды бөліп көрсетеді: дөрекілік, қарым-қатынасшыл, коммуникативтік дербес құқықтық, коммуникативтік жауапкершілік, эмоционалдылық, коммуникативтік бағалау, коммуникативтік сенім, коммуникативтік қысым, ерегіс, қақтығыс, коммуникативтік салмақтылық, коммуникативтік тиімділік, үнсіздік, коммуникативтік оптимизм/ пессимизм, бет-әлпетті сақтау категориялары, қарым-қатынас категориясы, коммуникативтік идеал категориясы (И.А. Стернин, В.М. Топорова, М.Е. Новочихина, Н.И. Лежнева) [8].

Сонымен қатар тұлғаға әсер етуші факторлардың бірі – ықпал ету психолингвистикасы. Сөйлеу ықпалы дегеніміз не? Тұлға өзін қарым-қатынаста қалай көрсетеді? Коммуникацияның сәтті болуы үшін дұрыс стратегияны қалай таңдау керек? Ең алдымен бұл жерде біз терминдерге назар аударамыз. Сөйлеу ықпалы жеке адамның немесе ұжымның санасына және мінез-құлқына табиғи тілдің құралдары арқылы жүзеге асырылатын ықпал. Кез келген сөйлеу актісі сөйлеу ықпалын жасауға қабілетті, алайда сөйлеу ықпалының тиімділігі бірнеше факторларға байланысты. Бұндай факторларды сөйлеу ықпалы теориясы зерттейді; мысалы, үгіт-насихат жұмысында, жарнамада, сөйлеу науқанында қолданылатын біріңғай шоғырландырылатын қайталау, эмоциялы қысым; әсер ету техникалары, логикалық тұзақ, эстетикалық амал-айла, риторикалық тәсілдер және дәлелдемелер теориясы және т.б. сөйлеу ықпалының ең күшті жағдайы – тіл арқылы ептілік, айла – шарғы жасау, бұл ретте ықпалдың нысаны өзіне жасалатын әсерді сезіне алмайды және өзіне нұқсан келтіретіндей әрекеттерге баруы мүмкін. Алдыңғы бөлімдерде тұлғааралық қарым-қатынастағы тілдік тұлғаның сөйлеу және бейсөйлеу, әдеп ерекшеліктерін қарастырдық.

Бұл тұлғаға қатысты ықпал етуші немесе әсер етуші психолингвистикалық ерекшеліктердің барлығы оқу – тәрбие ісінеде тікелей әсірі бар. Барылық ерекшеліктер педагогикалық қарым-қатынаста, оқу процесінде ықпал ету мен мағұлмат беру құралы. Қазіргі таңда қарым-қатынас мәселесі көп ғалымдардың зерттеу пәніне айналды. Яғни, қарым-қатынас үнемі әлеуметтік, ұжымдық сипатта. Жалпы ойланып қарасақ қарым-қатынасты орнату өнерін жақсы меңгерген адам өмірде де көп жетістіктерге жете алады, жұмысында да беделі, абыройы жоғары болып қоршаған адамдардың сый-құрметіне бөленеді. Бұл қасиет педагог жұртшылығына өте маңызды. Шығыстың Жүсіп Баласағұнның тәлім-тәрбиелік ойларға толы «Құтадғу білік (құтты білік)» атты дастанында адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, сөз өнері, сөйлеу шеберлігі туралы өте әсерлі баяндалды [9]. Мысалы, осы дастанында жазылған: «Сөзді ізгі сөйле, өлсең де өлгісіз», «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі - сөз», «Қадірлісі – тіліне ұят сіңгендер, жүрек сөзін жүрегімен біліндер!» т.б. даналық сөздердің тәрибелік мәні қандай адамның болмасын жағымды, санасына сіңімді екені анық.

Мақсатына қарай тиімді және тиімсіз қарым-қатынасты ажыратуға болады. Адамдардың мақсаттары сәйкес келген жағдайда қарым-қатынас нәтижелі болмақ. Осы үдерісті психологтар кооперация деп атайды. А. Құдиярованың айтуы бойынша, ең ұтымсыз уәжделер – индивидуализм және агрессия, ортақтасу қызығушылығ мүлдем назарға алынбағандықтан, оның да қорғану стратегиялары қоздырылады. Зерттеуші тұлғааралық өзара әрекет стратегияларының сипаттамасын бергенде, негізгі бес түрін ажыратады: қарсыласу стратегиясы, қашу стратегиясы, жол беру стратегиясы, ымыра стратегиясы, ынтымақтастық стратегиясы.

Демек, біздің пайымдаумызша педагог мамандығына байланысты кәсіби – педагогикалық қарым-қатынас ұғымы қолданылады және де жәй қарапайым күнделікті тұрмыстық қарым-қатынас пен кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың айырмашылығы өте көп. Осыған орай белгілі педагог В.А.Сластенин педагогикалық қарым-қатынас деп педагог пен оқушылардың арасындағы өзара әрекетінің мақсаты мен мазмұнынан туындайтын қатынастарды орнатып дамытуды, өзара түсінушілік пен әрекеттестікті ұйымдастырудың күрделі процесін айтады [10].Педагогикалық қарым-қатынасқа қойылатын міндеттер психолингвистикалық ерекшеліктерге негізделді.

Педагогика ғылымында психолингвистикалық ерекшеліктерге негізделген коммуникативтік міндеттерді шешудің негізгі кезеңдері анықталған:

- қарым-қатынас жағдайын бағдарлау кезеңі (мұғалім сыныптың қандай екенін, олармен қандай стильде сөйлесу керек екенін, қандай оқушыларға сөйлеудің қандай әдістерін қолдану керек екенін анықтайды);
- өзіне көңіл аударту кезеңі (пауза, сөз арқылы көңіл аударту, қимыл арқылы – кесте көрсету, көрнекілік құралдар көрсету т.б.);
- тыңдаушылардың қарым-қатынасқа даярлығын анықтау кезеңі (тыңдаушылардың аудиториясындағы қарым-қатынаста жағымды психологиялық ахуалдың барын не жоғын анықтайды);
- вербальдық қатынасты орнату кезеңі (ақпаратты ең тиімді жолмен ұғынықты, логикалық жүйелі түрде сөйлеу);
- мазмұнды және эмоционалды, әсерлі ұйымдастыру кезеңі (тіл құралын дұрыс қолдану, ақпаратты баяндаудың логикалылығы, монологтың орнына диалогтық қатынас орнату, сұрақтар қою арқылы аудиторияның зейінін тақырып көлемінен алшақтатпау, оқушылардың түсінген не түсінбегенін, қабылдау деңгейлерін анықтау) [11].

Ал В.А. Сухомлинский: «Сөз – ең маңызды педагогикалық құрал, оның еш нәрсемен ауыстыра алмайсың...» - деп оның маңызына ерекше назар аударады. Мұғалімнің сөзі әсерлі, тартымды, сенімді, сондай-ақ дауыс ырғағы мен мимикасы мәнерлі және бай болғаны қажет. Бұл ойымызды дәлелді болу үшін Ы.Алтынсаринның пікірін келтірейік: «Мұғалім балалармен істес болады: егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кінәләмай, оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін-өзі кінәләуі керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, саырлықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздермен керексіз терминдерді қолданбастан әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіру керек» [8].

Сөзге деген бүгінгі көзқарас бұрынғы тарихи – дидактикалық дәстүрде де бар. Я. Коменский өзінің «Ұлы дидактикасында» жалпы өнер ішіндегі барлығына бәрін үйрететін тіл туралы «негізгі заттардың өзіндік табиғатынан алынатынын, оның шынайылығы механикалық өнерден алынған мысалдармен де дәлелденетінін» атап көрсетсе, ал одан ары дамып, қалыптасуында ол нормативті табиғи үрдісінде қалып қоймай, түсіндіру міндетін де атқаратындығы айтылады [12]. Мұғалім сөзі оқулық мазмұнын тек түсіндіріп қана қоймай, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне, оқып – білгенін терең түсінуге және психикалық – зерделік жағдайына әсер етуі тиіс. Өйткені сөз, анығырақ айтқанда, сезінуден ойлануға, жалқыдан жалпыға, нақтылықтан шынайлылыққа алмасу үдерісіндегі аралық буын болып табылады. Бұл жөнінде А. Лосев мына фактіні атап көрсетеді: адам сөзі өзінің жеке тар шеңберінен шығып, әлемге үн қатады. Демек, ол субьект пен обьект арасындағы көпір, қабылдау мен қабылдатудың өзара кездесу айнасы және бірлігі.

Педагогтың сөйлей білу, дауыс ырғағы педагог қауымына бірнеше жетістіктерді әкеледі. Педагогтың сөйлей білуі мен сөздердің дұрыс қолдана білу шеберлігі көп ретте тек білім алушылардың назарын аудара білуден тұрмайды, одан зор маңызға жаңаны дамытатын, жалғастыра алатын, үздіксіздікте болатын сипатқа ие болады. Педагогтың әрбір айтылған сөзі қабылдауды жақсартады, шығармашылық ізденісті бағыттайды, білім

алушылармен қарым-қатынастың белгілі бір деңгейін орнықтырады. Кейде сабақты ұйымдастыру мен өткізудің әдістемелік принциптерін меңгере отырып, педагог оны сөздік рәсімдеу тұрғысынан мүлдем әлсіз болуы да мүмкін.

Қазір көптеген кәсіби педагогтар өз жетістіктері үшін дауысқа тәуелді. Сыртқы көрініс сияқты адамдар дауыс ырғағы туралы да бірнеше секунд уақыттан киін өз пікірлерін айтады. Дауыс дыбыс естілуі, адам өз дауысын байланыстары арқылы шығарады. Мұндай дыбыс педагог сөзінің техникалық көрінісі. Педагог даусының маңызы зор, ол педагог сөзінің маңыздылығын көрсететін құрал, кей кезде оны өзгерту арқылы жағымды және жағымсыздықты көрсету құралы да бола алады.

Дауыс сыңғырлаған, әдемі, күшті, ауыспалы, әуенді, жұмсақ, толғантатын бола алады. Сонымен қатар дауыс қатаң, үзілген, әлсіз, күнгірт, қоздыратын да болуы мүмкін. Дауыс көңіл күй маркері, көбінесе өзін көрсетудің басты құралы болып есептеледі. Сөздің психологиялық сипаттамасы адам мінезінің ерекшелігін көрсетеді, әр жағдайдағы оның күйін, әңгімелесушіге деген қарым-қатынасын көрсетеді. Дауыс бейнені қалыптастыруда өте маңызды.

Біз қарастырған қарым-қатынастың психолингвистикалық ерекшеліктері көптеген ғалымдардың пайымдауынша, мамандардың коммуникативтік құзреттілігімен және оның педагогика ғылымында алатын орны ерекше екендігін атап өткен.

Ал педагогтың коммуникативтік құзыреттілігі мұғалімнің адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренуі. Қарым-қатынас тәсілдері ол алдымен, сөз сөйлеу техникасы, қимыл, бет құбылысын игере білуден басталады. Бұл құзыреттілікті қалыптастыру үшін алдымен адам басқа адамды түсіне білуі, тани білуі және өзін де таныта білуі керек. Екіншіден, өзінің ой-пікірін, көңіл-күйін көзқарасын, мақсатын сөйлескен адамға, тыңдаушылар ұжымына түсіндіре білуге және оларды да түсіне білуге үйренуі қажет. Үшіншіден, адамдармен қарым-қатынас барысында толеранттылыққа негізделіп оң шешім таба білу маңызды.Осылардың нәтижесінде мұғалімде қарым-қатынас жасауға бейімділігі және ептілігі бар, адамдармен оңай тіл табыса алатын, басқалармен тез араласа алатын жеке тұлғалық қасиеті қалыптасады .

Сонымен қортындылай келсе, психолингвистикалық ерекшеліктердің қарым-қатынаста алатын орны айрықша. Жоғарыда айтылған психолингвистикалық ерекшеліктер (сөйлеу тактикасы, қарым-қатынастағы әлеуметтік рөл мен мәртебе, стратегия, әдеп, коммуникативтік сәттілік, сәтсіздік т.б.) маңызы мынада: қарым-қатынаста ақпараттың сөйлеушіден тыңдаушыға жетуі, адамдардың бірін бірі түсінуі, тұлғааралық тиімді және тұлғаның коммуникативтік әрекет саласында қалыптасуы, сонымен қатар педагогтың коммуникативтік құзыреттілігі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбенбаев С. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру //Қазақстан Жоғары мектебі. - 2008. – 142 б.

2. Жұмаш А. Дауысты дамытудағы дем алудың маңызы // Білім - Образование. - 2009. - 21-22 б.

3. Елканов С.Б. Болашық мұғалімнің өзін - өзі тәрбиелеу негіздері, Алматы: 2011, -123б.

4. Асылов Ұ.Ж. Әдеп. Инабаттылық дәрістері. – 2007. – 45-46 б.

5. Тоқсанбаева Н.Қ.Педагогикалық ұжымдағы қарым–қатынастың психологиялық негіздері, Алматы, 2011, -156б.

6. Уәли Н. Сөз мәдениетінің ғылыми – теориялық негіздері. Филология ғылымдары докторы атағын алу үшін дайындалған диссертация. – 2007.

7. Дуйсембекова Ш.Д. Педагогикалық шеберлік. -Семей 2013,-95б

8. Егенисова А.Қ. Педагогикалық шеберлік – Ақтау:Ш.Есенов ат. КМТИУ, 2018,– 184б.

9. Барменқұлова Б.Болашақ мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін педагогикалық практика үрдісінде қалыптастыру.// Бастауыш мектеп. – 2005. – 19 б.

10. Ошақбаева Г. Жаңашылдық шеберлікті арттырады.//Қазақстан мектебі. – 2014. -8-10б

11. Рыжов В.В. Психологические основы коммуникативной подготовки педагога. – 1994. – 24 б.

12. Дуйсембекова Ш. Педагогика Оқу құрал. Семей.-2012.-246 б.

ПСИХОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ОБЩЕНИЯ

Егенисова А.Қ. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Едилова Н.И. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В данной статье проанализированы работы исследователей, изучавших психолингвистические особенности общения, рассказывается о общении, невербальных компонентах коммуникации, паралингвистических средствах, речевом этикете, жестах в межкультурном общении, фонации (голос, громкость, сила звука, тембр, темп речи, интонация). Кроме того, в педагогической науке дается характеристика и основных этапов решения коммуникативных задач, основанных на психолингвистических особенностях.

Ключевые слова: общение, психолингвистика, речевой этикет, голос, интонация, тембр, слово, вербальное общение.

PSYCHOLINGUISTIC FEATURES OF COMMUNICATION

Yegenissova A.K. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Edilova N.I. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. This article analyzes the work of researchers who have studied the psycholinguistic features of communication, tells about communication, nonverbal components of communication, paralinguistic means, speech etiquette, gestures in intercultural communication, phonation (voice, volume, sound power, timbre, speech tempo, intonation). In addition, pedagogical science describes the main stages of solving communicative tasks based on psycholinguistic features.

Key words: communication, psycholinguistics, speech etiquette, voice, intonation, timbre, word, verbal communication.

ӘОЖ 82.09 (574)

АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ» РОМАНЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ, РОМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Каримсакова Б.А.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: baktigul.karimsakova@yu.edu.kz

Аңдатпа. Бұл мақалада Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романында халық жадында сақталған ескі аңыздарды жаңғыртып, мифтік-фольклорлық сарын көрініс табады. Ә.Кекілбаев туындылары көбінесе бүтіндей мифтік-фольклорлық сюжетке құрылады. Жазушы аңыз әңгімелер арқылы өткенге, тарихи оқиғалар сілеміне көз жібере отырып, мәңгілік мәселелерді шешуге ұмтылыс жасаған. Романда Әмірші, кіші ханша мен шебердің арасындағы шарпысқан ішкі психологиялық сезім-күйлері мен жан дүниесіндегі толғанысы, ой арпалысы шеберлікпен суреттеледі.

Түйінді сөздер: Әдебиет, жазушы, тарихи роман, аңыз әңгімелер, Әмірші, ханша, шебер, махаббат пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, мейірім мен қатыгездік.

Әдебиет халықтың сана-сезімін, көркемдік ойлау қабілетін дамытатын рухани дүние бола отырып, адамзат өркениетімен, адам тағдырымен байланысты сан-салалы мәселелерден құрылады. Солардың бір арнасы – екі адамның арасындағы ғашықтық сезім. Әр тағдыр иесінің көзімен көріп, көңілімен түйсінетін бұл қасиетті ұғым адам баласымен бірге жасап келеді. Адам ата мен Хауа анадан бастап бірде қуантып, бірде жылатып келе жатқан махаббат құдіреті терең. Батыс философиясы тарихында Эмпедокл өзінің космологиялық ілімінде махаббат бүкіл әлемді ұйымдастырып тұрған басты күш деп білді. Ертедегі грек, Рим қолжазбаларында махаббат құдайлар кейпінде көрсетіліп, дүниенің кілті солардың қолында делініп, құдайдың өзі махаббат мәнінде ұғынылған.

Платон махаббатты алғаш рет сезімдік және рухани деп екіге жіктеп, сезімдік махаббат - сұлулықты сырттай ғана қызықтайтын төменгі форма, ал рухани махаббат адамның белсенді танымдық қызметінің қайнар бұлағы дейді. Бұл екеуінің арасындағы тығыз байланысты, сезімдік махаббаттың рухани махаббатқа ауысуын философ махаббаттың кемелденуі деп қараған [1,164]. Осыған сүйене отырып, Фома Аквинский: «Нағыз махаббат – құдайды сүю» деген [2,140]. Махаббатты адам бойындағы құмарлық сезімдердің ең күштісі деп бағалаған француздың ұлы ойшылы Вольтердің тұжырымын Бальзак та мойындаған. Ол сүйіспеншілік мәселесіндегі шешуші рөлді жүрекке береді.

Ал, шығыс жұлдыздары Хафиз бен Сағди шынайы махаббаттың ешқашан ізсіз кетпейтінін, адам ғұмырында бұл сезімнің бірге жасайтынын айтқан. Орта ғасырларда махаббат ұғымы көркем туындылардың ғана нышаны емес, дүниетаным, дін, философия, эстетика салаларының бастау алатын бұлағы болып саналады. Ортағасырлық мұсылман және христиан теологиясында, діни әдебиетте, сондай-ақ шығыс поэзиясында да басты тақырып махаббат болды. Көптеген онтологиялық, аксиологиялық, гносеологиялық мәселелердің шешуін табар түйіні осы махаббат категориясы еді.

Қазақтың ғашықтық жырлары, лиро-эпикалақ дастандары ғасырлар бойы халықтың інжу-маржандары санатында сақталып, бағаланып келеді. Түп тамыры шығыстан тартылған Ләйлі-Мәжнүн, Жүсіп-Зылиқа сияқты қиссалармен бірге, қазақ топырағында туған «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» тәрізді жырлар халық жадында берік орнықты. Халық аңыздарының үлгісінде жазылған С.Мұқановтың «Сұлушаш», И.Байзақовтың «Құралай сұлу», «Ақбөпе» поэмаларындағы

басты сюжеттік арна ғашықтық сезімнен бастау алады. Жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегінде әдебиетте бой көрсеткен қазақ прозалық шығармаларындағы басты тақырып сүйіспеншілік, махаббат сезіміне, осы жолдағы күрес-әрекеттерге арналғаны белгілі. Бұл тақырып одан кейінде түрлі жанрдағы шығармаларда көтеріліп, осы кезге дейін жырланып келеді.

Тарихилық – дәуірдің бет-бейнесін, нақты оқиғалар мен адам тағдырлары арқылы көрсететін ұғым. Қазіргі қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпқа жазылған романдардың маңызы жоғары. Қазақ тарихи романы қай кезеңге арналса да ол суреттеліп отырған дәуірдің халық тағдырында атқарған роліне жан-жақты талдау жасап, өткен мен бүгіннің арасына дәнекер болады.

Ұлттық әдебиетімізде тарихи тақырыпты арқау ету кеңінен қанат жайған келелі дәстүр десе де болғандай. Бұл, әсіресе, XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан кейін кең етек алғаны белгілі. Осы кезеңде өмірге келген І.Есенберлиннің «Қаһар», «Жанталас», «Алмас қылыш», Д.Әбіловтің «Ақын арманы», З.Ақышевтың «Жаяу Мұса», Ә.Әлімжановтың «Жаушы», С.Жүнісовтің «Ақан сері», Ә.Кекілбаевтің «Үркер», «Елаң-алаң», М.Мағауиннің «Аласапыран», Д.Досжановтың «Жібек жолы», С.Сматаевтың «Елім-ай» т.б. тарихи, тарихи-ғұмырнамалық романдары соның дәлелі.

Кеудеде жан тұрғанда адам баласынан сезім күйі, құштарлығы өлмек емес. Өртеніп, күйіп-жану, махаббат оты – жан беріп, жан алысқан соғыстарда да, халық басындағы небір зұлмат күндерде де өз орнын тапқан, екі аяқты пендеге қуат, дем берген, келер күндерге деген үмітін кеудесінде маздатып отырған.

Тарихи шығарма – тек халықтың тарихын, шежіресін, кескілескен шайқастарды ғана суреттеумен шектелсе көремдік сапасына нұсқан келер еді. Белгілі зерттеуші Герольд Бельгер: «Ә.Кекілбаевтың көркемдік палитрасының қуаты мен қасиеті де осында — ол ежелгі аңыз-әңгімелерді бүгінгі күннің елегінен өткізіп, тарихи-философиялық тұрғыдан екшеп отырады, сол аңыз-әңгімелерден күллі адам баласына ортақ адамшылық тамырларды тауып отырады. Өткен күндер шындығына бүгінгі күннің жарық сәулесін түсіреді. Кекілбаевтың суреткер ретіндегі ерекшелігінің бір парасын осы төңіректен іздеуіміз керек» [3,27].

Ә.Кекілбаев өз шығармаларында халық жадында сақталған ескі аңыздарды жаңғыртып, көне сюжеттерді көбірек бағдар тұтады. Ә.Кекілбаев романтизмінің көркемдік жүйесін толықтыратын сипат шығармаларында мифтік-фольклорлық сарынның, аңыз-әңгімелердің жиі көрініс беруі болып табылады. Ә.Кекілбаев туындылары көбінесе бүтіндей мифтік-фольклорлық сюжетке құрылады. Жазушы аңыз әңгімелер арқылы өткенге, тарихи оқиғалар сілеміне көз жібере отырып, мәңгілік мәселелерді шешуге ұмтылыс жасаған. Осы сипаттағы шығармаларының бірі – «Аңыздың ақыры» романы.

Тарихи дәуірлер мен оқиғаларды, тарихи адамдардың өмірін көркем бейнелеп елестеткен, дүниетанымдық ізденістері жоғары шығармалардың қатарына Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романын жатқызуға болады.

«Аңыздың ақыры» романы Әбіш Кекілбаевтың бұрыннан жазғандарынан сыры да, сипаты да мүлде бөлек, жазушының шығармашылық тың табысы, өсу, іздену эволюциясының жаңа қыры дерлік, өзіндік концепциясы бар дүние. Жазушы мұнда өзінің ойшылдығы мен парасатты суреткерлігін көрсеткен десек асыра айтқандық емес [4,42].

«Аңыздың ақыры» романы тарихи тақырыпқа жазылып, тарихта болған Ақсақ Темір өмірінің бір сәті көрініс бергенімен, бұл – үйреншікті мағынадағы дерекке негізделген тарихи туынды емес. Жазушы тарихи аңыз шеңберінен шығып, қаламгерлік қиялын қоса отырып, дербес психологиялық шығарма тудырған. Мұнда тарих – фон, кезең колориті ғана. Сыншы С.Әшімбаев романның тарихи негізін баса айта отырып: «шартты түрде болса да оқиға қай ғасырда, қай жерде болып еді, Әмірші деп

отырғанымыз кім, қай елдің ханы деген сұрақтың бетін ашу керек сияқты» [5,12] – деген пікір білдіреді.

Ә.Кекілбаев үшін романда оқиғаның қай ғасырда, қай жерде болғаны маңызды емес. Мәселе, оқиғаның қашан және қалай болғанында емес, болған оқиғаның адамгершілік-философиялық мәнінде. Сюжетке өткен дәуір оқиғасы арқау болғанымен, ішкі мазмұны махаббат пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, мейірім мен қатыгездік, бақ пен тақ, бақыт сияқты жалпыадамзаттық мәні бар мәңгілік мәселелерді қозғайды.

Романның негізгі сюжеті шығыс елдерінің ежелгі аңыздарының негізінде алынған. Тарихта болған дерек пен шығармашылық қиял, фольклорлық бастау мен реалистік баяндау осы шығармада ерекше жымдасып кетеді де, халықтың әр қилы аңыз әңгімелерін өзінше қызғылықты түсіндіретін автордың көркемдік философиялық концепциясы барынша толық, айқын танылады.

«Аңыздың ақыры» романының лирикалық, романтикалық сипаты мол. Романның сюжеті үш кейіпкердің (Әмірші, ханша, шебер) төңірегінде өрбитін тарихи аңыз-әңгімеге құрылған. Жазушы өзіне таныс аңыз-әңгімені жалаң баяндаушы емес, ол аңыздық желіні жаңаша түсіндіріп, жаңғыртып, сол арқылы адам жанының терең иірімдерін ашқан композициясы күрделі, психологиялық салмағы бар дербес туынды жасайды. Әмірші, кіші ханша мен шебердің арасындағы шарпысқан ішкі психологиялық сезім-күйлері мен жан дүниесіндегі толғанысы, ой арпалысы шеберлікпен суреттеледі.

Романның бас кейіпкері – Алмас хан. Шығармада Алмас хан өмірінің соңғы айларында болған оқиға баяндалады. Ол өз халқын толық бағындыруда да, оны басқаруда да, оған жаңа жетістіктер қосуда да табысқа жеткен әмірші. Бірақ ол халқына өз философиясын уағыздауда жеңіліске ұшырайды. Сондықтан автор кейіпкердің ой жүйесін, сезіну, түйсіну өрісін, оның құбылыстарын, суреттеуге ерекше көңіл бөледі. Әміршінің мінез-құлқы – романның негізгі желісі.

Хан кезекті жорығынан оралғанда, кіші ханшаның өзінің құрметіне салдырған биік мұнарасын алыстан көзі шалады. Мұнараны салушы жас шебер ханшаға ғашық болып, оған деген құмарлығы мен іңкәр сезімін, махаббатын өз өнері арқылы бейнелейді. Ханға суық хабар өзегін құрт жеген алма арқылы беріледі. Қызғанышы оянған Хан шебер мен ханшаға қаһарланып, жас жігіттің көзін ойып, тілін кесіп, қатал жазалайды. Ханша мен шеберді қатаң жазалағанымен, хан олардың жүрегіне әмір ете алмайды. Өйткені байлық пен биліктен тыс, оларға бағынбайтын махаббат, сезім құдіреті бар. Нағыз өнер туындысына тән сұлулық пен нәзіктік тек шынайы махаббаттың әсерінен туындайды.

Әміршінің бейнесін жасағанда Ә.Кекілбаев тарихи материалдарға сүйеніп, қазіргі болмысқа сәйкес әлеуметтік-психологиялық модель жасаған. Эгоцентризм мен өзін ғана сүюдің жалғыздыққа, рухани азушылыққа ұшырататынын көрсеткен. Жазушы шеберлігі Жаппардың өзімен өзі сөйлескен монологын беруде ерекше көзге түседі. Жасынан сәулетшілік өнер бойына дарыған Жаппарға (әкеден берілген қабілеттілік) дүние жүзінде теңдесі жоқ мұнара салу ісі тапсырылады.

Кіші ханшаға ерекше ықылас, құмарлық сезінген сәулетші мұнараны салудың жаңа түрін ойлайды. Оның ойынша мұнара ендігі жерде өзінің ұлылығымен емес, адамдарда басқа адамдарға деген сенім, сүйіспеншілік сезімін туғызуы керек. Осы ойын іске асыру үшін сәулетші аса көп жұмыс істейді. Алғашқыда сәулетші хан бақшасының ішінде жас сұлуды жиі көру мүмкіндігі бар ккетікті бекітпеді. Енді сәулетші қалайда жас сұлуды өзіне қарату үшін, оның өзіне деген сүйіспеншілік сезімін туғызу үшін мұнараны ерекше ықыласпен әшекейлеп сала бастайды.

Жер бетіне өзінің әмірлігін, үстемдігін жүргізіп, ашса алақанында – жұмса жұдырығында ұстай білген Әмірші «мұнара бейнелеген асқақ махаббаттың иесі кім, ол кімге деген ақ сезім» деп іздеумен болады.

Романда мұнара – шебер махаббатының символындай. Шығармада мұнараның атқаратын қызметі ерекше. Ол үш кейіпкерді, ханды, ханшаны және шеберді өзара

байланыстыратын, бір қазыққа байлайтын ортақ желі. Романдағы романтикалық сарын да осы мұнара бейнесімен байланысты. Ол жанданған кейіпке еніп, адам әрекетіне, адамға тән мінезге, қылыққа ие. «Мұнара күніне бір мінез шығарады. Бір күні жас майсадай үлбіреп, жас сәбидей мөлдіреп тұрса, ертеңіне-ақ жан-жағына ойнақы нұр таратып, жайнақтап шыға келеді. Бірде терезенің алдынан ет жүрегіңді елжіретіп, үн-түнсіз телміріп түрып алса, артынша-ақ төбесімен көк тіреп аспандап шыға келеді» [4,134].

Мұнара бірде «күледі», бірде «мұңаяды», бірде «сұстанады», бірде «алыстан ым қаққандай» болса, бірде «жалбарынады». Шығарманы мұқият оқып шықсаңыз, мұнараның мұндай «мінезінің» сан қырына куә боласыз. Шығармада мұнара романтикалық бояумен бейнеленген. Оның қасиетін суреттеуде әсірелеу де басым. Мұнараға қараған жанның барлығы қайран қалады. Ол шаһардағы басқа мұнараларға атымен ұқсамайтын ерекше бір сипаты бар, сиқырлы мұнара. «Әмірші сан-сапат жорықтарында талай мұнаралар мен сарайларды көре-жүре, тап мынадай сиқыр сұлулықты бұрын-соңды ешқайдан жолықтырған емес. Бірақ көзін жібермей, көңілін тұзақтап, тұсап-матап тастаған өзгеше көріктің сиқырына түсіне алмай келеді» [4,40]. Романда мұнараның қасиетін айқындауда «сиқыр» сөзі онымен жиі қатар айтылады. Мұнараның сиқыры – шебердің ханшаға деген махаббатын бейнелеуінде, тіпті сол махаббаттың өзіне айналуында.

Кіші ханша әміршінің алдында жалғыз-ақ күнә істепті. Онда да өңінде емес, түсінде күйеуінің көзіне шөп салыпты. Бірақ сол жалғыз қылмысының өзін әміршінің қырағы көзі қалт жібермепті. Әміршінің мына монологына көңіл бөлейік: «Ханымның сол жолғы түсінде құшқан еркегі басқа ешкім де емес, әнеу күнгі монтаны жігіт. Ханым онымен өңінде болмағанымен түсінде табысты. Ендеше сол бір жайнақ көз жігітпен өмірінде болмағанмен, көңілінде әлдеқашан қауышқан. Көңілінде ол ханымға бұдан гөрі әлдеқайда жақынырақ...» [4,172].

Шығармада жазушы тек Әміршінің ғана қатыгездігін орынсыз кінәлай бермейді, оның іс-әрекеттерін төтелеп даттай да бермейді, автор адамшылық қасиетті, адамның жеке басын аяққа таптайтын зорлық пен зұлымдықтың, билік құмарлықтың шірік философиясын әшкерелеуге назар аударады. Қаншалық қаһарлы, қайратты болғанмен, Әміршінің өзі де, шынтуайтқа келгенде көрсоқыр, қатыгез. Ол өзгелерді қайғы-қасыретке ұшыратумен бірге, өзі де шектеусіз биліктің құрбаны болады.

Ә.Кекілбаев тарихи шығармаларында ежелгі аңыз-әңгімелерді шебер пайдалана отырып, өткен күннің жарқын да қаһарлы бейнесін, моральдық бейнесін жасады. Әбдіжәміл Нұрпейісов өзінің бір сөзінде: «Ол өзінің шығармаларында атақты тарихи тұлғалар есімін саудаға салмайды. Ол өз халқының өткен тұрмысын әспеттеу, әйтпесе мансұқ ету секілді мінезден де аулақ. Адам өмірінің әлеуметтік сыр-сипаттарын философиялық, психологиялық тұрғыдан терең көрсетуі бұл повестердің шыншылдық қасиетін ерекше көтере түскен», - деген болатын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. Антикалық философия.- Алматы: Жазушы, 2005. Т.2. – 568 б.
2. Орта ғасырлық діни философия. Жиырма томдық. – Алматы: Жазушы, 2005. Т.5 – 568 б.
3. Герольд Бельгер «Казахское слово.» Астана, 2001
4. Кекілбаев Ә. 2 томдық таңдамалы шығармалары.– Алматы: Жазушы, 1989. Т.1. – 400 б.
5. Сыншы С.Әшімбаев «Шындыққа сүйіспеншілік». Әдеби-сын мақалалар, портреттер, эссе. «Жазушы», 1993;

ЛИРИЧЕСКИЕ, РОМАНТИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ РОМАНА «КОНЕЦ ЛЕГЕНДЫ»

Каримсакова Б.А. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В этой статье рассматривается совершенствование старых легенд, сохранённых в душе народа, и фольклорно-мифический мотив в романе А.Кекильбаева «Конец легенды». Произведения А.Кекильбаева в основном состоят из фольклорно-мифических сюжетов. Писатель через легенды-рассказы, опираясь на исторические свидетельства, стремится решить вечные проблемы. В романе мастерский описывается психологические чувства и душевные переживания между Повелителем, Младшей Ханши и Зодчий.

Ключевые слова: литература, писатель, исторический роман, легенды, правитель, принцесса, повелитель, любовь и зло, добро и зло, добро и жестокость.

LYRICAL, ROMANTIC CHARACTERISTICS OF THE NOVEL "END OF LEGEND"

Karimsakova B.A. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. This article discusses the improvement of old legends, preserved in the soul of the people, and the folklore-mythical motif in the novel “The End of Legend” by A. Kekilbaev. The works of A. Kekilbaev consist mainly of folklore and mythical scenes. The writer, through the legends-stories, based on historical evidence, seeks to solve the eternal problems. In the masterful novel, psychological feelings and emotional experiences are described between the Lord, the Younger Hanshi and the Architect.

Keywords: literature, writer, historical novel, legends, ruler, princess, overlord, love and evil, good and evil, good and cruelty.

Yessenov Science Journal
КӨЛІК, ҚҰРЫЛЫС, АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ
ТРАНСПОРТ, СТРОИТЕЛЬСТВО, ИНФОРМАЦИОННЫЕ СИСТЕМЫ И ЭНЕРГЕТИКА

МРНТИ 44 .00.00

МОРСКАЯ ЭНЕРГЕТИЧЕСКАЯ УСТАНОВКА

Касаева А.Ж.
Каспийский университет технологий
и инжиниринга им. Ш.Есенова
г. Актау, Казахстан
e-mail: kasaeva.asyl@mail.ru

Аннотация. Энергия морских волн, можно сказать, безгранична, и на сегодняшний день задача видится таковой, как наиболее эффективно отобрать и преобразовать эту энергию. Сделать ее приемлемой к использованию и поставить ее на службу человечеству. Как раз об этом и будет идти речь в данной статье, где будет рассмотрен способ отбора мощности у морских волн.

Предлагаемая морская энергетическая установка представляет собой устройство преобразующее энергию морских волн в энергию электричества. Данное преобразование осуществляется мощным насосом, являющимся одновременно и гидропрессом, обеспечивающим гидротурбину необходимым расходом воды и необходимым давлением.

При погружении насосной секции в водоем в водоводе сразу же возникает поток воды. При этом, запорная арматура на основной линии закрыта, а на технологической линии открыта и по ней происходит сброс всей закачиваемой воды.

Данная замкнутая конструкция позволяет использовать большие приложенные силы, где сила, умноженная на перемещение, есть работа, следовательно, и энергия. Огромные силы, в виде веса подвижной конструкции и силы Архимеда извлекают энергию гораздо больше, чем в любом аналоге в пересчете на затратную стоимость на один киловатт.

Ключевые слова: Энергия, морские волны, станция, платформа, преобразователь.

Введение.

Актуальность работы: Моря и океаны составляют две трети поверхности земли. Большинство стран мира, являются морскими державами, и потому этот экологически чистый метод получения электроэнергии может стать весьма актуальным для них, и значительно сократить использование углеводородов во всем мире.

Постановка задачи: Мощные, электрические, морские станции могут быть построены на морских платформах, аналогично уже действующим нефтедобывающим платформам. Строятся они на берегу, а затем монтируются в открытом море. Подобные технологии в нефтедобыче уже хорошо отработаны и не представляют никакой трудности. Известно, что морские волны, значительно теряют свою энергию вблизи береговой линии. И потому, целесообразно устанавливать такие платформы на глубине

60-80 м, или на более мелких глубинах, но близко расположенных к резко понижающемуся рельефу дна.

Новизной является то, что энергию волн, мощные, поршневые гидронасосы преобразуют в потенциальную энергию воды, а затем по водоводам доставляют ее к лопастям гидротурбин. Данные гидронасосы используют принцип работы двух диаметрально направленных сил, силы тяжести и силы выталкивания воды, которая определяется водоизмещением понтонной части данного гидронасоса. И чем больше эти силы, тем более мощной будет энергоустановка. Эти силы, накладываясь на гребни и впадины морских волн, производят работу в мощных поршневых насосах.

Отличие от традиционной гидроэнергетики состоит в том, что нет необходимости строить плотины, накапливать воду, затапливать территории, и тем самым изменять и нарушать экосистему земли.

Методы исследования: Основной рабочий орган таких установок находится на поверхности моря и совершает вертикальные колебания согласно изменяющемуся в фиксированной точке уровню моря под воздействием ветровых волн. Вертикальные перемещения поплавка с помощью различных приспособлений переводятся во вращательное движение вала генератора. Волновые установки не требуют изъятия земельных угодий, что свойственно всем существующим электростанциям и другим установкам, использующим возобновляемые энергоресурсы. ВЭС, располагаемые в береговых зонах морей, в результате отбора ими энергии волн будут снижать их размывающую способность и тем самым заменят дорогостоящие гидротехнические сооружения, предназначенные для берегозащитных целей. Волновая электростанция сочетает в себе 3 в 1 – комбинированное использование источников солнечной, ветровой и волновой энергии в едином комплексе с традиционной генерирующей станцией.

Морская гидроэлектростанция, схема которой показана на рисунке 1, представляет многоярусное сооружение.



Рисунок 1 - Схема морской электростанции

Данная конструкция, базируется на морском, опорном основании 1, хотя возможны и варианты, когда гидротурбины и гидрогенераторы могут располагаться на отдельном основании, что позволит уменьшить высоту подъема воды до гидроагрегатов, и тем самым увеличить давление воды на лопатки гидротурбины на 3 - 4 атм.

2- трубопровод сброса воды, после отработки в гидротурбине.

3- гидротурбина.

4-гидрогенератор.

5- высоковольтный кабель транспортировки выработанной электроэнергии.

6- трансформаторы.

7- площадка для фотоэлемента.

8- бытовые помещения.

9- РУ «распредустройства».

10- кабель передачи выработанной электроэнергии от генераторов в распредустройства.

11-генераторное отделение.

12- турбинное отделение.

13- компенсационная колонна.

14-водовод.

15- насосное отделение.

16- неподвижные поршни насосной секции.

17- насосная секция.

18- направляющая клетка.

Если мощность гидроэлектростанции, на какой-либо реке обусловлена возможностью водосбора, то в случае строительства морской гидроэлектростанции, количество необходимой воды, всегда будет в достатке, так как площадь размещения гидроагрегатов всегда позволит разместить необходимое количество высокопроизводительных насосных секций. Иными словами, можно строить электростанции абсолютно любой требуемой мощности. А избыток воды и возможность добиваться довольно большого давления позволит в будущем проектировать турбины с гораздо меньшими габаритами.

Кроме того, неограниченная мощность данных станций позволит строить опреснительные установки в прибрежных засушливых районах земли. А в перспективе размещать в море энергоемкие заводы. В частности, заводы по производству водорода, который в свою очередь является наиболее экологически чистым автомобильным топливом.

Каспийское море относится к морям с бурным волнением. Развитию волн большой высоты способствуют сильные штормовые ветры северных и южных направлений и большая меридиональная протяженность водоема.

На Каспийском море штормовые ветры северных, средних направлений, обладают большим разгоном и генерируют в глубоководных частях моря волны больших размеров. Особенно интенсивны штормовые процессы осенью и зимой в Северном Каспии, на котором в связи с мелководностью, волнение полностью развивается уже при ветрах 15-20 м/с. Дальнейшее усиление ветра не приводит к увеличению высот и других элементов волн. Скорость потока воды при приливе и отливе в котором может превышать четыре метра в секунду. Ее мощность 1,2 МВт.

Каспий и вся береговая зона моря почти не имеют чисто ветровых течений. Все береговые течения можно считать ветроволновыми. Ветровые течения, характерные для глубоководной части моря, можно наблюдать только в Среднем и Северном Каспии, что является наиболее выгодным для выработки волновой электроэнергии.



Рисунок 2 - Прогноз параметров ветрового волнения

В результате можно сделать выводы о том, что энергия волн является неисчерпаемым источником энергии, а значит, ее можно использовать в сколь угодно количествах.

Таблица 1 - Высота волн по годам

Годы	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
Высота волн, (-м)	26,5	26	27	27,5	28	28,2	28,5	28	28,5	28,7	29	31

Результаты исследования: В результате выполнения научного исследования будет создан экспериментальный – опытный образец волновой электростанции с мощностью 2,5 МВт имеющий практическое применение в электроснабжении частных домов, коттеджей, а также целого села и.т.д.

Патент на экспериментальную станцию получен за номером № 5026 от 12.06.2020

Источник финансирования исследований: ТОО «Темир-Д»

Вывод: В результате можно сделать выводы о том, что энергия волн является неисчерпаемым источником энергии, а значит, ее можно использовать в сколь угодно количествах. Преобразователями механической энергии волн в электроэнергию чаще всего являются волновые электростанции или волновые ГЭС. В основе функционирования волновых Электростанций лежит воздействие на их механизмы. Среди них можно выделить поплавки, маятники, лопасти, оболочки и т.д. Механическая энергия в них преобразуется при помощи электрогенераторов в электрическую.

Волновая энергетика среди всех альтернативных источников энергии считается наиболее эффективной. Специалисты утверждают, что удельная мощность водных масс мирового океана намного превышает потенциал солнечной и ветровой энергии. Несмотря на этот факт, основа волновой энергетики – волновые электростанции значительно уступают по численности своим «альтернативным» конкурентам — ветровым и солнечным.

Волновая энергетика имеет меньший спрос из-за дороговизны строительства станций на воде, хотя обслуживание волновых электростанций может быть достаточно приемлемым. С этой же проблемой в начале своего пути сталкивалась и ветряная, и геотермальная, и солнечная энергетика. Однако с течением времени эти отрасли претерпели изменения, а появление новых технологий и методов позволило сократить суммы начальных вложений и, как следствие, стоимость единицы энергии. Учитывая тенденции, с которыми происходит развитие альтернативных источников энергии, можно ждать увеличения популяции волновых электростанций.

ЛИТЕРАТУРА

1. Алексеев Б.А. Возобновляемые источники энергии за рубежом // Энергетика за рубежом. Приложение к журналу «Энергетик». – 2015. – Вып. 2. – С. 33–42.

2. Аршеневский Н.Н. и др. Гидроэлектрические станции. – М.: Энергоатомиздат, 2007.

3. Атлас енергетичного потенціалу нетрадиційних та відновлюваних джерел енергії. – К., 2018. – 54 с.Белосельский Б.С. Технология топлива и энергетических масел: Учебник для вузов. – М.: Изд-во МЭИ. – 2005. – 346 с.

4. Бернштейн Л.Б. и др. Приливные электростанции. – М.: Энергоатомиздат, 2017.

5. Возобновляемая энергия в России: от возможности к реальности. – М.: ОЭСР/МЭА, 2014.

6. Клавдиенко В.П., Тарасов А.П. Нетрадиционная энергетика в странах ЕС: экономическое стимулирование развития. – М.: Наука, 2016. – С. 42–46.

7. Кривцов В.С., Олейников А.М., Яковлев А.И. Неисчерпаемая энергия. – Кн. 3. – Харьков: ХАИ., 2006. – С. 642.Кудря С., Тучинський Б. «Бізнесопридатність» вітроенергетики України // Докл. II Междунар. конф. «Нетрадиционная энергетика в XXI веке». – Ялта, 2019. – С.89–91.

8. Ландау Ю.А. и др. Гидроэнергетика и окружающая среда. – Киев: Либра, 2004.

9. Ольховский Г.Г. Глобальные проблемы энергетики // Электрические станции. – 2015. – № 3

10. Павлов Н.В. Флора Казахстана. – Алма-Ата: Академия наук Каз ССР, 1961. – Т2. – С.85.

ЭНЕРГЕТИҚАЛЫҚ ТЕҢІЗ ҚОНДЫРҒЫСЫ

Касаева А.Ж. - Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университет», Актау қ. Казақстан.

Аңдатпа. Теңіз толқындарының энергиясы шексіз деп айтуға болады, ал қазіргі таңда осы энергияны қалай тиімді таңдау және түрлендіру керек деген мәселе туындайды. Оны қолдануға жарамды етіп, адамзаттың қызметіне қалай қолдануға болады. Дәл осы туралы осы мақалада талқыланатын болады, мұнда теңіз толқындарынан қуат алу әдісі қарастырылады. Теңіз электр станциясы - бұл теңіз толқындарының энергиясын электр энергиясына айналдыратын құрылғы. Бұл трансформацияны қуатты сорғы жүзеге асырады, ол гидравликалық пресс болып табылады, ол турбинаны қажетті су ағынымен және қажетті қысыммен қамтамасыз етеді. Сорғы бөлімі су қоймасына батырылған кезде, су құбырында бірден су ағыны пайда болады. Бұл кезде магистральдық желідегі өшіру клапандары жабық, бірақ технологиялық желіде олар ашық және барлық айдалған су ол арқылы шығарылады. Бұл тұйық құрылым үлкен қолданылатын күштерді қолдануға мүмкіндік береді, мұнда орын ауыстыруға көбейтілген күш жұмыс істейді, демек энергия. Үлкен күштер жылжымалы құрылымның салмағы мен Архимедтің күші түрінде энергияны кез-келген аналогқа қарағанда киловатт құны бойынша әлдеқайда көп алады.

Түйінді сөздер: Энергия, теңіз толқыны, станция, платформа, айналдырушы.

MARINE POWER PLANT

Kasaeva A.Zh. - Caspian University of Technology and Engineering named after Sh.Esenov, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. The energy of sea waves, one might say, is limitless, and today the task is seen as such, how to most effectively select and transform this energy. Make it usable and put it at the service of humanity. This is exactly what will be discussed in this article, where the method of taking power from sea waves will be considered.

An offshore power plant is a device that converts the energy of sea waves into electricity. This transformation is carried out by a powerful pump, which is also a hydraulic press, which provides the turbine with the required water flow and the required pressure.

Key words: Energy, sea waves, station, platform, converter.

ХҒТАР 14.35.09

ФИЗИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ТҮСІНДІРУДЕ ВИРТУАЛДЫ МОДЕЛЬДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

ТУРКМЕНБАЕВ А.Б.
АБДЫКЕРИМОВА Э.А.
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
e-mail: Abdykerimova_el@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада физика пәнін оқу үдерісінде виртуалды зертхананы қолдану ерекшеліктері, электромагниттік тербеліс тақырыбындағы электр өрісі энергиясының магнит өрісі энергиясына және керісінше айналу процесінің виртуалды моделі қарастырылады. Виртуалды оқытуды нақты жағдайларда қолданудың артықшылықтары мен мүмкіндіктері көрсетілген.

Түйінді сөздер: физикалық құбылыстар, виртуалды модельдер, цифровизация, бағдарлама, электромагниттік тербеліс.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңі – адам қызметінің барлық жақтарынан дер кезінде және толық мәлімет алып отыруға, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге, білім беру мазмұнын ізгілендіруге мүмкіндік беретін цифровизациялаудың маңыздылығымен ерекшеленеді.

Білім беруді жетілдірудің ең негізгі бағыттарының бірі – оқыту үдерісін жан-жақты және жүйелі түрде цифровизациялау.

Оқыту үдерісін цифровизациялаудың, соның ішінде жоғары оқу орнында жалпы физика курсына қатынасын атап көрсетуге болады. Физиканы оқыту үдерісін цифровизациялаудың түрлі жолдарымен жүзеге асыруға болады. Соның бірі қазіргі телекоммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін физикалық құбылыстар мен процестерді виртуалды модельдеуді кеңінен пайдалану.

ЖОО жалпы физика курсында қарастырылатын құбылыстар мен процестерді модельдеуде телекоммуникациялық технологияны пайдаланудың маңыздылығы туралы пікір педагогика ғылымында берік орнықты. Л.Г. Касенова «Оқу үдерісіне ақпараттық технологияны енгізуде көптеген ғылыми дүниетаным әдістерінің, әсіресе виртуалды модельдеу әдісінің мүмкіншіліктері бірден артады, виртуалды модельдеу кезінде құбылыстың мәні ерекше айрықшаланып, олардың бірлігі нақтылана түсетіндіктен, бұл оқыту тиімділігін күрт көтеруге мүмкіндік туғызады» деп көрсетеді [1].

Физикалық құбылыстардың виртуалды модельдерін пайдаланып оқыту оқытушыға оқу үдерісінде физикалық ұғымдардың мағынасын тереңірек ашуға, білім алушыларды физиканың қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, физикалық құбылыстар мен процестерді зерттеу әдістерін толық түсіндіруге, білім алушыларға білім беру жүйесі мен ғылыми, зерттеу әдістері арасындағы тығыз байланыстардан хабардар етуге мүмкіндік береді. Яғни, виртуалды модельдердің жалпы физика курсын оқытуға берер көмегі көп. Осы ойымызды дәлелдеу үшін жаңа теориялық материалды (физикалық құбылыстарды) түсіндіру барысында виртуалды модельдерді қолдану арқылы «Физика» білім беру бағдарламасы бойынша 2-ші курста оқитын білім алушылармен өткізілген кезекті дәріс барысынан мысал келтірейік. Дәрістің тақырыбы: Электромагниттік тербеліс. Электромагниттік тербеліс тақырыбындағы электр өрісі энергиясының магнит өрісі энергиясына және керісінше айналу процесінің виртуалды моделін қарастырайық. Бұл

процестің механизмін тек қана динамикалық модель арқылы көрсетуге болады. Оқытушы құбылысты ауызша баяндауын динамикалық модельмен байланыстырса өте ыңғайлы болады [2].

Бұл тақырыпты түсіндіру үшін «Физика в школе - HTML5» виртуалды бағдарламасын пайдаланамыз.

«Физика в школе - HTML5» виртуалды бағдарламасын ашамыз, сол кезде компьютер мониторында индуктивті L катушкадан, сыйымдылық C конденсатордан және кедергісі R резистордан тұратын электр тізбегі «тербелмелі контур» пайда болады (сурет 1).



Сурет 1 - L катушкадан, сыйымдылығы C конденсатордан және кедергісі R резистордан тұратын электр тізбегі

« R » батырмасын басып, кедергінің шамасын нөлге келтіріп, кедергіні есепке алмасақ, онда тербелмелі контурды катушка мен конденсатордан тұрады деп қарастырамыз. $t = 0$ болған кезде конденсатор зарядталған делік. Бұл кезде электр өрісінің энергиясы бар $E_C = \frac{CU^2}{2}$, ал магнит өрісінің энергиясы жоқ $E_L = \frac{L \cdot I^2}{2} = 0$ (сурет 2).



Сурет 2 - Магнит өрісі энергиясы

$$\varepsilon_i = -L\frac{dI}{dt}, \quad -L\frac{dI}{dt} + I \cdot R = U_c, \quad U_C = \frac{q}{C}, \text{ ал } IR = U_R$$

$$-\frac{d^2q}{dt^2} = \frac{1}{L}\cdot\frac{1}{C}\cdot\frac{dq}{dt}; \quad \frac{d^2q}{dt^2} = -\left(\frac{1}{L\cdot C}\right)\cdot q \quad \frac{d^2q}{dt^2} + \frac{1}{L\cdot C}\cdot q = 0$$

Енді тізбекті токқа қоссақ, конденсатордан катушкаға қарай ток жүре бастайды, конденсатор разрядталады (сурет 3).



Сурет 3 - Конденсатордың разрядталуы

Бұл разряд тоғы біртіндеп катушканың айналасында магнит өрісін туғызады. $t = \frac{1}{4}T$ болған кезде конденсатор түгелімен разрядталады. Электр өрісі энергиясы түгелімен магнит өрісі энергиясына түрленеді (сурет 4).



Сурет 4 - Электр өрісі энергиясының магнит өрісінің энергиясына айналуы

Зарядтардың сағат тілі бағытына қарсы бағытта қозғалуы нәтижесінде конденсатордың үстіңгі пластинкасы теріс зарядталады да, астыңғы пластинкасы оң зарядталады (сурет 5).



Сурет 5 - Конденсатордың зарядталуы

Магнит өрісі біртіндеп азая береді. Осы процестің соңында, яғни $t = \frac{1}{2}T$ болғанда, магни өрісі энергиясы түгелімен электр өрісінің энегиясына айналады (сурет 6):

$$\frac{L \cdot I^2}{2} = \frac{C \cdot U^2}{2}$$



Сурет 6 - Магнит өрісі энергиясының электр өрісінің энергиясына айналуы

Конденсатор қайта зарядталады, бірақ пластинкаларының зарядталуы біріншіге қарағанда қарама-қарсы болады. Сонан кейін ток сағат тілі бағытымен жүре бастайды. Электр өрісінің энергиясы біртіндеп магнит өрісі энергиясына айнала береді. $t = \frac{3}{4}T$ болғанда магнит өрісі энергиясы өзінің ең үлкен мәнге жетеді де, электр өрісі энергиясы нөлге тең. Ал $t = T$ болғанда конденсатор алғашқы қалпына қайтып келеді.

Бұл қарастырылған тербеліс, электр өрісі энергиясының магнит өрісі энергиясына және керісінше айналуы электромагниттік тербелістер деп аталады [3, 4].

Электромагниттік тербелістер механикалық тербелістер тәрізді синус, косинус заңымен өзгереді. Электромагниттік тербелістердің периоды Томсон формуласымен анықталады:

$$\omega_0 = \sqrt{\frac{1}{L \cdot C}}, \quad \mathrm{T}_0 = \frac{2\pi}{\omega_0} = 2\pi\sqrt{L \cdot C}, \; . \quad \nu = \frac{1}{2\pi\sqrt{L \cdot C}}.$$

ЖОО-да жалпы физика курсы оқытудың дәстүрлі әдістемесінде оқытушы осы құбылысты түсіндіру үшін тек тербелмелі контурдың оқулықтағы схемасын ғана пайдаланады. Ал оқытудың жаңа әдістемесінде виртуалды модельді қолдана отырып, электр өрісі энергиясының магнит өрісі энергиясына және керісінше айналу механизмін баяндау электромагниттік тербелістер құбылысын көрнекі, әрі түсінікті етеді.

Осы виртуалды модельдің көмегімен білім алушылар электромагниттік тербелістерде орын тебетін физикалық құбылыстардың жасырын сырларына қанығып, оларды виртуалды модель арқылы байқап көреді.

Компьютерге енгізілген виртуалды бағдарламаның көмегімен тақырыптың мазмұнымен танысуға болады. Білім алушылар монитордағы мәтінді оқып қана қоймай, сонымен бірге, мәтінді ести де алады. Сонымен қатар, осы теорияларды енгізген ғалымдардың әрқайсысының өмірбаяны мен еңбегі туралы толық мағлұмат алуға болады.

Қорыта келе, физикалық құбылыстардың виртуалды модельдерін оқыту үдерісіне пайдалану кез келген пәндерді оқу тиімділігін арттырады; өтілетін материалдың көрнекілігін қамтамасыз етеді, білім алушылардың білім сапасы мен іскерліктерін, танымдық қызығушылығы мен ой-өрісін жетілдіреді; олардың ғылыми таным әдісі ретіндегі модельдеу туралы түсініктерін кеңейтеді. Сөзіміздің дәлелі ретінде, А.Н. Кушеккалиев, Д. Бибасарова [5] виртуалды модельдерді пайдалану төмендегідей жағымды нәтиже береді деп көрсетеді:

1) практикалық сабақтарда шешілетін есептер санын арттыруға болады, есепті шынайы шарттармен, яғни, техникадан алынған параметрлермен шешуге мүмкіндік туады; әрбір білім алушы үшін даралық қасиетіне қарай есепті тез шешу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі; күрделі есептер шығаруды талап ететін есептер мен есеп шартын ауыстыру кезінде тез есептеуді шешу мүмкіндігі пайда болады;

2) физикалық экспериментті жобалау мүмкіндігі ашылады; эксперименттік мәліметтерді өңдеу уақыты қысқарады; өлшем саны артады; физикалық, техникалық және тұрмыстық мазмұндағы жобалық-конструкторлық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік ашылады;

3) өзіндік психологиялық көтеріңкі күй байқалады: білім алушылардың шаршап-шалдығуы төмендеп, эмоциялық көтеріңкі көңіл-күй пайда болады; реакцияның шапшаңдығы артады; зерде тұрақтанып, материалдың физикалық мәні оңай меңгеріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Касенова Л.Г. Виртуальный лабораторный практикум по физике для дистанционной формы обучения студентов // Вестник Карагандинского университета. Серия «Физика». №3(87). 2017. – С. 76-81

2. Туркменбаев А.Б., Абдыкеримова Э.А. Жалпы физика курсын оқыту үдерісінде виртуалды зертханалық жұмыстарды қолданудың маңыздылығы // ПМУ Хабаршысы. Педагогикалық сериясы. № 3 (2020). - Б. 517-529.

3. Нуркасымова С.Н., Ашуров А.Е. Физиканы оқытудың компьютерлік әдістері. – А., 2016. – 174 б.

4. Рамазанов Т.С., Қоданова С.Қ. Физикалық процестерді компьютерлік модельдеу: оқу әдістемелік құрал. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 132 б.

5. Кушеккалиев А.Н., Бибасарова Д. Виртуалды зертханалық жұмыстарды қолдану // Физика-математика ғылымдарының докторы, академик А.Д. Таймановтың 100 жылдығына арналған «Тайманов оқулары - 2017» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. 25 қазан 2017 ж. – Б. 89-92.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВИРТУАЛЬНЫХ МОДЕЛЕЙ В ОБЪЯСНЕНИИ ФИЗИЧЕСКИХ ЯВЛЕНИЙ

Туркменбаев А.Б., Абдыкеримова Э.А. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: Abdykerimova_el@mail.ru).

Аннотация. В статье рассматриваются особенности применения виртуальной лаборатории в процессе изучения физики, виртуальная модель процесса преобразования энергии электрического поля в энергию магнитного поля и наоборот по теме электромагнитные колебания. Показаны преимущества и возможности применения виртуального обучения в реальных условиях.

Ключевые слова: физические явления, виртуальные модели, цифровизация, программа, электромагнитные колебания.

USING VIRTUAL MODELS TO EXPLAIN PHYSICAL PHENOMENA

Turkmenbayev A.B., Abdykerimova E.A. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. The article discusses the features of using a virtual laboratory in the process of studying physics, a virtual model of the process of converting the energy of an electric field into the energy of a magnetic field and vice versa on the topic of electromagnetic oscillations. The advantages and possibilities of using virtual learning in real conditions are shown.

Keywords: physical phenomena, virtual models, digitalization, program, electromagnetic oscillations.

ХҒТАР 14.35.09

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОНЛАЙН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

АБДЫКЕРИМОВА Э.А.
ТУРКМЕНБАЕВ А.Б.
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
e-mail: Abdykerimova_el@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада нақты уақыт режимінде өзара әрекеттесу арқылы оқу үдерісін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін цифрлық технологияларды қолдана отырып, білім беру үдерісінде онлайн-платформалардың және онлайн режиміндегі оқу сабақтарының мүмкіндіктері қарастырылған. Білім беру платформаларын пайдалану білім алушылардың ынтасын, білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Оқу үдерісіндегі онлайн-сервистердің түрлері мен қолданылуы, сондай-ақ оларды пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылған.

Түйінді сөздер: қашықтықтан білім беру, онлайн қызметтер, цифрлық технология, платформа, интерактивтілік.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесіне қашықтықтан оқыту режиміне тез және тиімді көшу міндеті туындады. Заманауи технологияларды белсенді қолдану қоғамның білім беру және ақпараттық мәдениетінде айтарлықтай өзгерістерге әкелді, әлем елдерінің көпшілігінде оқыту әдістері түбегейлі өзгерді. Қысқа мерзім ішінде интернет-ресурстар мен вебинарлардың арқасында көптеген оқытушылар оқу үдерісін ұйымдастыру үшін әр түрлі білім беру платформалары мен бағдарламаларын өз тәжірибесінде пайдалану мүмкіндіктерімен танысып, игерді. Бүгінгі күні қазақстандық педагогтың компьютерлік сауаттылығы алға үлкен қадам жасады деп айтуға болады.

Қазіргі таңда біздер компьютерсіз және Интернетсіз білім беруді елестете алмаймыз. Компьютерлер мен ақпараттық технологияларды пайдаланбайтын заманауи оқушыны елестету қиын. Осы орайда, онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы [1].

Оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін Microsoft Teams, Google, Zoom және т.б. әр түрлі платформалар қолданылады. Мысал ретінде кейбір онлайн платформалардың мүмкіндіктерін қарастырайық.

Zoom онлайн-платформасы бейнеконференцияларды, онлайн кездесулерді өткізуге және топтық чаттар құруға арналған қызмет. Конференцияны есептік жазба құра алған кез-келген адам ұйымдастыра алады. Мұнда тегін видеоконференция ұзақтығы – 40 минут. Уақытты әрі қарай соза түсу үшін төлем жасауға тура келеді. Алайда 40 минут біткеннен кейін, қайтадан жаңа конференция ашып жалғастыруға да болады. Сервис қай жағынан да өте ыңғайлы. Оны жекелеген адамдар да қолдана береді, топпен сабақ та өткізіледі. Қосымшаға компьютер, ноутбук, планшет және смартфоннан да кіруге мүмкіндік бар. Видеоконференцияға сілтеме алған немесе конференцияға идентификатор болған кез-келген адам қосыла алады. Мұнда іс-шараны алдын-ала жоспарлап қоюға болады және белгілі бір уақытта әдеттегі сабақты бастау үшін қайталанбалы сілтеме орнатуға мүмкіндік қарастырылған.

Сервис артықшылықтары: байланыс сапасы жақсы, кез-келген қатысушымен видео және аудио байланыс орнатуға болады, қатысушы өз бейнесін көрсетпей де отыра алады, микрофонды қосып қою, өшіріп қою режимі бар, платформада интербелсенді тақта бар. Яғни, экраннан жылдам тақтаға айналдыруға болады. Белгілі бір білім алушыға немесе арнайы топқа файл, хабарлама жіберуге арналған чат та бар [2].

ZOOM конференц-қосымшасы HD сапасындағы бейне ағынын қолдайды және бір уақытта жүзге дейін қатысушы пікірлесуге қосылады, бірақ деректерді ақырына дейін шифрлауды қолдамайды және қауіпсіздік жүйесінде басқа да маңызды кемшіліктерге ие.

Microsoft Teams платформасы жұмыс кеңістігінде чатты, кездесулерді, жазбалар мен тіркемелерді біріктіреді, өзінің жеке корпоративті поштасын өзінің есептік жазбаларымен пайдаланатын оқу орындары үшін ыңғайлы. Бұл бағдарламаны жеке және корпоративті пайдалануға болады. Әр оқытушыға және әр білім алушыға жеке логин, пароль берілген, сол бойынша кіріп, бір-бірімен байланыса алады. Бағдарламаның артықшылығы - әр қолданушы жеке топ аша алады, оқытушылар сабақ беретін топқа команда ашып қоюға болады. Команданың ішінде өзара пікір алмасуға, видеоқоңырау шалуға, экранды демонстрация, трансляция жасауға, білім алушыларға тапсырма беруге, ортақ папка ашып бір уақытта өзгертуге, сол сияқты тест құрастырып, білім алушылардың жетістігін көруге мүмкіндік бар. Білім алушыларға сабақ түсіндіру кезінде осы бағдарламаның ішінде One Note қосымшасын пайдалануға болады. Оның артықшылығы, барлығы бір уақытта экранға жаза алады және білім алушыларға материалдарды слайд түрінде көрсетіп, орындалған үй жұмысына осы қосымша арқылы пікір жазуға болады. Тестті де осы бағдарламаның ішіндегі MS Forms қосымшасында жасауға болады. Мұнда математикалық формулаларды енгізу және сурет енгізу мүмкіндігі де қарастырылған және тест нәтижесін сырттай бақылауға болады. Өзіміз өткізген сабақтарды осы бағдарламаның ішінде видео түрінде сақтауға болады, сабаққа қосыла алмай қалған білім алушылар кейін видеосын қарап түсініп алуына болады.

Google платформасы жеке Google аккаунты бар кез-келген адамға қолжетімді. Google платформасы Google құжаты арқылы оқу материалын жасауға және білім алушыларға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Олардың әрқайсысы өздері үшін көшірме жасайды, оқытушыға тапсырмаға байланысты өзінің түсініктемелерін беруге және жеке немесе біреумен бірге жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Оқу үдерісін, білім алушылардың жұмысын бақылауға және оларды бағыттауға ыңғайлы. Google формаларын қолдана отырып, сіз викторина (сұрақтарға жауап беру), кері байланыс немесе тест жасай аласыз, өйткені ол әр түрлі типтегі сұрақтарды қосуға мүмкіндік береді: ашық сұрақ; бір дұрыс жауап нұсқасын таңдау; бірнеше дұрыс жауап нұсқасын таңдау; сурет немесе бейне сұрақ; сандық жауап.

Google қосымшасының барлық құралдарын қолдана отырып және бейне (видео) арқылы бірлесіп оқыту үшін Hangout Meet кездесуін пайдалануға болады. Бұл білім алушыларды білім беру үдерісіне тартуға және сабақты интербелсенді етуге мүмкіндік беретін виртуалды сынып [3].

Оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін көптеген ақылы және ақысыз қызметтер бар, олардың бірі - Nearpod. Nearpod оқытушыларға кез-келген сабақты интербелсенді етуге көмектеседі, сонымен қатар ZOOM интеграциясымен ZOOM жиналысын тікелей бағдарламадан тез құруға болады. Оқытушы сөзжұмбақтар, сауалнамалар, бейнелер, ынтымақтастық туралы кеңестер және басқаларын қамтитын интербелсенді презентациялар жасай алады.

Nearpod платформасында сабақ жасауда сізде бар оқу ресурстарын пайдалануға болады. Сіз png, ppt, jpeg, pdf файлдарды, Google презентацияларын немесе ZIP-архивтерді жүктей аласыз. Google Drive, Dropbox немесе OneDrive сияқты кез-келген жергілікті көздерден файлдарды жүктеу мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, файлдарды жұмыс үстелінен Nearpod сабағына апаруға болады. Бұл бірнеше минутты алады.

Презентация, тапсырма немесе викторина ашу үшін білім алушыларға сайтқа тіркелудің қажеті жоқ, тек сессия кодын енгізу жеткілікті.

Тапсырманы уақыт шеңберімен жеке және топтық түрде баптауға болады. Тиісінше, құрылған сабақтар, викториналар және басқа ресурстардың кітапханасын пайдалануға болады [4].

Google Hangouts - хабарламалар алмасуға арналған платформа. Бұл жерде SMS-жазбалар және видео түсірілімдермен бөлісуге болады. Hangouts екіден жүз адамға дейінгі топ құруға мүмкіндік береді. Android пен iOS жүйелеріне арналған мобильді нұсқасы бар.

ClickMeeting - онлайн-мәжіліс пен вебинар өткізуге арналған сервис. Жеке парақша құрып, сол арқылы топтық жұмысқа қосылуға болады. Бір топқа тек 4 адам қосыла алады. Аудио, видео құжаттарды барлық қатысушы еш қиындықсыз жүктей алады.

Learnis және Edpuzzle платформаларын бейне роликтерді қарау кезінде енжарлықтың алдын алу үшін оқу тапсырмаларын, викториналарды, онлайн ойындар мен интербелсенді бейнелерді жасау үшін пайдалану ұсынылады. Ол үшін қарау кезінде сұрақтар қосу керек.

- ашық сұрақ - бұл білім алушылардың қолмен жазатын жауабы бар сұрақ.
- жалғыз таңдау - бұл бірнеше жауап нұсқасы бар сұрақ, бірақ тек біреуі дұрыс.
- бірнеше таңдау - бұл бірнеше дұрыс жауап нұсқалары бар сұрақ.

Genial - түрлі-түсті презентациялар, инфографика, портфолио, сабаққа материалдарды орналастыруға, бейне-фрагменттерді, географиялық карталарды құруға арналған көпфункционалды платформа.

learningapps.org - интерактивті модульдер көмегімен оқытуға арналған бірегей платформа. Құралдардың кең таңдауы: классификация, хронологиялық кесте, суреттерді сұрыптау, викториналар, пазлдар, аудио-бейне контент, сөзжұмбақ, карталармен жұмыс және басқалары сабаққа әртүрлілік пен креативтілікті қосады. Бұнда интербелсенді тренажерлерді тексеру автоматты түрде жүзеге асырылады, бұл оқытушылардың қызметін айтарлықтай жеңілдетеді.

Kahoot - бұл жаңа білімдерді меңгеруге арналған үйлесімді ойын платформасы. Оқытушы kahoot.com сайтында онлайн-сауалнама жүргізеді, білім алушылар жеке кодты пайдалана отырып қатысады. Ойындар меңгерілмеген материалды анықтауға ғана емес, сонымен бірге рейтингтік бәсекелестік оқыту ортасын құруға мүмкіндік береді. Бұл ресурс сабақта барлық білім алушыларды бағалау процесіне қатыстыру мүмкіндігі болмаған жағдайда қолданылады. Білім алушы кез-келген ыңғайлы уақытта тестілеуден, сауалнамадан өте алады [5].

CORE - бұл білім беру материалдарын жобалауға және пайдаланушыларға жеке ұсыныстар әзірлеуге арналған аналитикалық жүйемен білімді тексеруге арналған қарапайым онлайн платформа. Енді CORE платформасында қалай жұмыс жасауға болатындығын толығырақ қарастырайық.

CORE-мен жұмысты бастау үшін сізге тіркелу керек. Тіркеу терезесінде сіз өзіңіздің электрондық поштаңызды көрсетіп, пароль ойлап тауып, тегіңіз бен атыңызды енгізуіңіз керек. Пайдаланушы келісімін оқығаннан кейін «Тіркелу» батырмасын басыңыз. Поштаңызды растау үшін сізге пошта жәшігіңізге баруыңыз керек. Онда нұсқаулық жазылған хат күтіледі. Осыдан кейін сіз мұғалімнің жеке кабинетіне кіресіз және сабақ құруға кірісе аласыз.

Егер сізде бұрыннан есептік жазба болса, мысалы, сіз CORE-де курс өткізген немесе құрған болсаңыз, «Кіру» қойындысын таңдап, деректеріңізді (пошта және пароль) енгізіңіз.

Егер сіз пароліңізді ұмытып қалған болсаңыз, бұл маңызды емес - «Құпия сөзді ұмыттыңыз» батырмасын басыңыз. Электрондық пошта мекен-жайын мәтін енгізу жолына енгізіп, «Құпия сөзді қалпына келтіру» батырмасын басыңыз, сонда сіздің поштаңызға нұсқаулықпен электрондық хат жіберіледі.

Тіркеу кезінде көрсетілген тегіңіз бен атыңызды өзгерткіңіз келсе, «Личный кабинет» қойындысынан «Профиль және қауіпсіздік» қойындысын таңдаңыз.

Тіркеуден кейін әр пайдаланушы автоматты түрде екі кабинетті алады:

«Мұғалімнің» жеке кабинеті - сабақтар (курстар) құруға арналған орын. Мұғалімнің жеке кабинетінде сіз сабақтар құрып, оларды бумаларға салуға болады. Студенттің жеке кабинеті - сабақ (курстарды) сақтауға арналған орын. Ауыстырғыш кабинеттің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан.

